

**Гүлдархан СМАҒҰЛОВА**

**ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЯСЫ**  
**лингвистикалық парадигмаларда**  
*монография*

«Елтаным баспасы»

Алматы

2020

ӘОЖ 811.512.122(035.3)

КБЖ 81.2 Қаз

С 52

**Пікір жазғандар:**

**А.О. ТЫМБОЛОВА,**

*филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ  
ұлттық университетінің профессоры*

**С.К. СӘТЕНОВА,**

*филология ғылымдарының докторы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің профессоры*

**Смағұлова Г.**

**С 52 Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда:**  
монография. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2020. – 256 бет.

ISBN 978-601-332-718-1

Кітапта лингвистикалық парадигмалар негізінде қазақ фразеологиясының қазіргі даму бағыттары жан-жақты қарастырылады. Когнитивтік фразеологияның құрылымдары, фразеологизмдерді фреймдік талдау, дискурстық сипаты сөз етіледі. Сондай-ақ, фразеологизмдердің когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен қоса, фразеологизмдердегі лингвоконцептология, этнолингвистика және ұлттық интеллект талданып, фразеологизмдердің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары жүйелі түрде беріледі. Әлемнің фразеологиялық бейнесін көрсететін тақырыптық-семантикалық топтарымен қатар, түркі фразеологиясына қатысты талдаулар және аудармадағы ерекшеліктер баяндалған.

Бұл еңбек бейнелі ойлау мен сөйлеуге қызығатын лингвист-зерттеушілерге, ЖОО оқытушылары мен студенттерге, магистранттар және докторанттарға арналған.

ӘОЖ 811.512.122(035.3)

КБЖ 81.2 Қаз

«Елтаным баспасы»-ның баспаханасында басылды.

050052 Алматы қ-сы, Садовый бульвар к-сі, 1 үй.

E-mail: eltanyum@mail.ru.

Тел.: +7 701 698 25 49

Басуға 28.06.2020 ж. қол қойылды.

Көлемі 16 б.т. Офсетті қағаз. Пішімі 60x84/16.

Таралымы 500 дана.

ISBN 978-601-332-718-1

© Смағұлова Г., 2020

## М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз .....	5
Кіріспе .....	8
1. Фразеологиядағы жарыспалы терминдер және олардың бірізділігі .....	8
2. Қазақ фразеологиясы пәнінің тарихы мен даму бағыттары .....	15
3. Фразеологияның қазіргі жағдайы мен әлемдік ғылымдағы даму тенденциясы .....	23

### 1 тарау

#### Фразеологияның когнитивтік-семантикалық аспектілері

1.1 Фразеологизмдердің тұрақталу ерекшеліктері .....	29
2.1. Фразеологизмдердің еркін тіркестер негізінде қалыптасуы.....	36

### 2 тарау

#### Когнитивтік фразеология

2.1 Когнитивтік фразеологияның пәні, мақсаты мен әдіс-тәсілдері ...	47
2.2 Фразеологиялық концептілер .....	50
2.3 Когнитивтік фразеологияның құрылымдары .....	58
2.4 Фразеологиялық семантика және фрейм .....	60
2.5 Фразеологизмдердегі концептілік құрылымдар.....	68
2.6 Фразеологизмдердің ішкі формасы .....	75
2.7 Фразеологизмдерді лингвокогнитивтік талдау мәселелері .....	79
2.8 Фразеологизмдерді фреймдік талдау әдістері.....	86

### 3 тарау

#### Қазақ фразеологиясының дискурстық сипаты

3.1 Фразеологиялық неология.....	91
3.2 Фразеологиялық деривация .....	94
3.4 Қазіргі қазақ фразеологизмдерінің мәдени-қатысымдық дискурсы .....	106
3.5 Фразеологизмдер және мақал-мәтелдердің дискурстық ерекшеліктері .....	113

## 4 тарау

### Фразеологизмдердің когнитивтік- мәдениетанымдық пардигмалары

4.1 Тарихи фразеологизмдер – тіл арқылы мәдениеттанудың құрамды бөлігі .....	117
4.2 Этнос тарихына қатысты фразеологизм компоненттері .....	126
4.3 Фразеологизмдерде мәдени-тілдік семантиканың калыптасу факторлары .....	131
4.4 Фразеологизмдердегі ұлттық мәдениет негіздері .....	140
4.5 Лингвоконцептология және лингвомәдениеттану .....	148
4.6. Тіл арқылы мәдениеттануда этнолингвистиканың рөлі .....	155
4.7. Ұлттық интеллект және қазақ фразеологизмдері .....	162

## 5 тарау

### Фразеологизмдердің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары

5.1 Фразеологизмдердің варианттылығы.....	171
Фразеологизмдердің лексика-грамматикалық варианттары .....	175
5.2 Мағыналас фразеологизмдер .....	176
5.3 Қарсы мәнді фразеологизмдер.....	179
5.4 Фразеологизмдердегі көпмағыналылық.....	184
5.5 Омоним фразеологизмдер .....	191
5.6 Қазақ фразеологиясындағы синтагматикалық қатынастар.....	193
5.7 Диалектілік фразеологизмдер .....	201

## 6 тарау

### Әлемнің фразеологиялық бейнесіндегі ұлттық ерекшеліктер

6.1.Фразеологизмдердің тақырыптық-семантикалық топтары, тірек сөздер .....	206
6.2 Түркі фразеологиясының мәселелері.....	216
6.3 Жаһандану және түркі фразеологиясы .....	224
6.4 Түркі тілдері фразеологизмдерінің лингвомәдени ерекшеліктері.....	228
6.5 Фразеологизмдерді аударудағы екі мәдениет диалогы.....	236
<b>Қорытынды</b> .....	245
<b>ӘДЕБИЕТ</b> .....	247

**Осы еңбегімді аялуы анам  
БӘТИМАХАННЫҢ  
рухына арнаймын**

**АЛҒЫ СӨЗ**

Монографияның осы екінші басылымына автордың соңғы жылдары фразеологияға қатысты жазған мақалаларымен біраз толықтырулар енгізілді.

Тіл мен мәдениет байланысындағы пәнаралық «мәңгі» мәселелердің қайта жандануы ғасырлар тоғысында қазақ фразеологиясына жаңа ғылыми парадигмаларды алып келді: этно-мәдени – тілдік зерттеулер бейнелі тіркестерді нысан етті. Соның нәтижесінде қазіргі тілтанымда лингвомәдениеттанудың сипаттары мен ерекшеліктеріне қарай сезімдік-эмоциялық әсер беретін коммуникативтік-прагматикалық аспектіде когнитивтік фразеология белең алды.

Қазақ фразеологиясының тілдік деректері – фразеологизмдер, паремиялар арқылы фразеологиялық лингвомәдениеттанымның ғылыми өрісі когнитивтік зерттеулерге ұласты. Қазіргі гуманитарлық зерттеулерде когнитивизм ұстанымдарының берік орнауы лингвомәдениеттану, психолингвистика, прагмалингвистика және когнитивтік лингвистика пәндерінің өзара іштей байланыстары арқылы фразеологияда кешенді пәнаралық жаңа бағыттарды қажет ететін саланы қалыптастырды. Адамның күрделі таным әрекетінің нәтижесі - тіл болғандықтан, бұл бағыттардың барлығы антропоцентрлік зерттеу нысанына айналды.

Когнитивтік фразеологияның жеке пән ретінде оның мақсаты мен зерттеу әдіс-тәсілдері сараланып келеді. Қазақ фразеологизмдері «әмбебап концептілер» мен «ерекше» концептілерді құрайтын тілдік мәртебеге ие болған бірліктер деп танылады. Фразеологиялық мағынадағы концептінің ең басты өлшемдері: *бейнелілік*, *ұғымдық* (концептінің құрылымдық белгілері) және *құндылықтар*.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді когнитивтік-семантикалық талдаудың алгоритмін қалыптастыру күн тәртібіндегі мәселе екендігін айтқан жөн. Когнитивтік құрылымдардың маңызы туралы барлығы мақұлдаған ортақ түсінік әлі жүйеге түскен жоқ. Дегенмен де, бұл жұмыста когнитивтік-семантикалық талдаудың үлгілерін көрсетуге талпыныс жасалды. Бұл ретте фразеологизмдерді когнитивтік талдау әдістері қалыптасу кезеңінде деуге болады.

Қазақ фразеологиясының дискурстық сипатының ерекшеліктері фразеологиялық неологиямен, деривациямен және фразеологизмдердің пайда болуында тілдік тұлғаның рөлімен байланысты. Өйткені бұлар үнемі динамикалық қалыпта көрінетін тілдік құбылыстар.

Ал қазіргі қазақ фразеологизмдерінің мәдени-қатысымдық дискурсы күрмеуі көп жайттарды аңғартады. Фразеологизмдер – «бейнелі формулалар». Оны түсіну мен «шешу» шағып тастайтын жаңғақ емес. Бұл арада тіл жұтандығы – тіл экологиясына барып тіреледі. Талдау барысында тілді тұтынушыларға берілген сауалнама нәтижелері пайдаланылды.

Концептілік ақпараттар тарихи фразеологизмдердің қойнауларынан алынады. Олай болса, тарихи фразеологизмдер ұлт тарихына қатысты дерек көздері ретінде бағаланып, танымдық қасиетке ие болады. Этнос тарихына қатысты фразеологизм компоненттерінде де ақпараттар сақталған. Бұлардың бәрі – лингвоконцептология қарастыратын тілдік-құжатты мәліметтер деп саналады.

Фразеологиядағы парадигматикалық қатынастар автордың көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде (осы салада кандидаттық қорғаған шәкірттер ізденісі бар) семантикалық категориялар ретінде фразеологизмдердің варианттылығы, мағыналаслығы, қарсы мәнділігі, көпмағыналылығы, омонимділігі деп жүйеленген-ді. Кітапқа фразеологизмдердің синтагматикалық қатынастары туралы көкейде жүрген ойлары енгізілді.

Түркі фразеологиясы туралы әр кезде айтылып жүрген ой-пікірлерімізді мақсатты түрде әлемнің фразеологиялық бейнесіндегі ұлттық ерекшеліктерді талдау барысында пайдаландық.

Сонымен, бұл монографияда қазақ фразеологиясын қазіргі лингвистикалық парадигмалардың ғылыми өлшем талаптары бойынша талдау көзделген. Атап айтқанда:

- фразеология пәні туралы және оның жарыспалы терминдерінің бірізділігі және жаңа терминдердің қалыптасу үрдістері
  - қазақ фразеологиясының зерттелу тарихы мен даму бағыттары
  - фразеологияның қазіргі жағдайы мен әлемдік ғылымдағы даму тенденциясы
    - фразеологияның когнитивтік-семантикалық аспектілері
    - фразеологиялық мағынаның когнитивтік семасиологиядағы орны: еркін сөз тіркестерінен тұрақты тіркеске – фразеологизмдерге өту жолдары
      - когнитивтік фразеологияның құрылымы, концептілер
      - фразеологизмдерді когнитивтік талдау тәсілі және фреймдік модельдеу тәсілдері
      - фразеологияның дискурстық сипаты: фразеологиялық неология, деривация, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің ара қатынасы, байланысы
      - фразеологияның когнитивтік мәдени парадигмалары: фразеологизмдердің қалыптасуындағы ұлттық ұғым-түсініктер, фразеологиялық менталдық бірліктер, ұлттық интеллект
      - фразеологизмдердің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары
      - әлемнің фразеологиялық бейнесі, түркі фразеологиясы, аударма мәселелері, мәдениеттер диалог

## КІРІСПЕ

### 1. Фразеологиядағы жарыспалы терминдер және олардың бірізділігі

Фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән. Сондай-ақ тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің дербес саласы.

Тіл білімінде (көбінесе еуропа, славян зерттеушілері) фразеологизмдерді түрлі топтастырулары бойынша қазіргі бөліп қарастырғанына қарай, қазақ тіліндегі мысалдарымен көрсетсек:

**идиомдар** (*ит мініп ирек қамшылау, мұрнынан есек құрты түсу, ит арқасы қиянда, түкіргі жерге түспеу, түйе үстінде сирақ ұйту*);  
**мақалдар** (*еңбегіне қарай өнбегі, орамал тон болмайды, жол болады, ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі*);

**мәтелдер** (*тегін адам таз болмайды, бір тауда бір киік, итке мылтық не керек, әркім өз ботасын үкілейді*);

Бұларға қосымша дәстүрлі топтастыруда **қанатты сөздер** (*еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей, сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады*);

**коллокациялар** (*жанды сөз, су мұрын, шикі өкпе, құдайы қонақ т.б. – дәстүрлі фразеологиялық тізбектерге қоса шешім қабылдау, билік коридоры, ақпараттық соғыс т.б. мысалдар*); деп бөледі.

Қазіргі фразеологиялық концепцияларда басқа топтары да, мәселен, орыс тіл білімінде **грамматикалық фразеологизмдер** (біз **қайталамалы (тавтологиялық) тіркестер** деп атағанбыз) – *айтып айтпай не керек, өзім өз болғалы, ашықтан ашық, күндердің күнінде*);

**Қатысымдық жағдаятта кездесетін сұраулы фразеологизмдер** – *не әкесінің құны бар?, не бәлесі бар? әкеңді өлтірдім бе?*); сөз етіліп жүр. (Орыс тілінде келтірілген тіркестерге салыстырыла қазақ тіліндегі фразеологизмдердің мысалдары беріліп отыр). Жоғарыдағы фразеологизмдердің типтерінде **идиома** термині фразеологизмнің үш түрінің (фразеологиялық **тұтастық, бірлік, тізбек**) жалпы атауы ретінде алынған. Мақал-мәтелдердің фразеологияға қатысы тіл білімінде үнемі айтылып келе жатқан мәселе. (Осы кітапта да бұл мәселе жан-жақты



талданады). Ал коллакцияларда тұрақтылық пен тиянақтылық болғандықтан фразеологиялық мағына бар деп есептейді. (Телия: 1996).

Орыс фразеологиясында бұл аталымдардан басқа, **фразеосхемалар** немесе **синтаксистік фразеологизмдер** (*кеше де сол, бүгінде сол*) аталатын типтері бар [Баранов, Добровольский: 2008].

Шетел зерттеушілері қазіргі кезде фразеологизмдерді нақты мәселелер бойынша, атап айтқанда, фразеологизмдердің синтаксистік, семантикалық ерекшеліктерін, дискурсивтік сипатын, прагматикалық, әсіресе, олардың психологиялық қабылдану ерекшеліктерін қарастыруға ден қойған. Бұл ретте соңғы бағыт – психолингвистикалық және когнитивтік психология қатты назарда.

Орыс фразеологиясында дәл қазіргі кезде лексико-фразеологиялық жұмыстар қатты белең алды. Тек соңғы он жылдықта *тақырыптық, түсіндірмелі, мәдени-танымдық* бағыттағы т.б. көптеген сөздіктер жарық көрді. Бұл ретте қазақ фразеологиясы көш кейін қалғаны рас.

**Қазақ фразеологиясында фразеологизмдерге қатысты ең басты терминдерінің өзінде бірізділік болмай, қазақ тіл білімінде түрліше аталып жүр. Бұл жайт жан-жақты талдауды қажет етеді.**

Тіл білімінің қай саласында болмасын қолданылатын терминдер ішінара ортақтығымен қатар, өзіндік зерттеу нысанына қарай ерекшеленіп, атаулары да басқа болып келетіні заңдылық. Лингвистикалық терминдер бір тамырдан сөз немесе атау ретінде таралса да, ол өсу, даму, толығу ба-рысында жаңа бағыт, мағыналық сипат алып, салалық терминологиядағы қызмет аясымен ерекшеленеді. Мәселен, лексикологияның барлық терминдерін түгелімен фразеологияға телуге болмайды. Әрине, фразеологияның түрлі зерттеу бағыттарында жалпы аталымдар өзге де терминдер сияқты бірдей болып жатады. Мысалы, фразеологиялық синонимдер, варианттар, антонимдер, компоненттер, этимология т.б. сол сияқты бірсыпыра аталымдар ортақ ғылым салаларда қиысатыны белгілі.

Егер қазақ фразеологиясының зерттелу тарихына көз жіберсек, әрине, көптеген терминдер орыс тілінен ешбір өзгеріссіз алынған. Сондай-ақ, аударылғандары және калькаланғандары немесе балама түрі тәрізді қалыптасқандары бар .

Алдымен ғылым саласының атауы *фразеология* деген не сұрағына келсек, бұрынғы анықтамалар бойынша мұнда пән атының екі қызметі

бар болып шығады. Бірі – фразеологизмдерді зерттейтін ғылым саласының аты, екіншісі – фразеологизмдердің тұтас жиынтығының аты. Осы арада логикалық қайшылық бар сияқты. Фразеология ғылым саласының аты бола тұра, неге фразеологизмдердің тұтас жиынтық аты болуы керек? *Logos* грек тілінде ілім (ғылым) деген мағынаны білдіретіндіктен, бұл арада пәнді зерттейтін ғылым саласының атында көрінуі тиіс. Өйткені лексикологияда сөздердің тұтас жиынтығы *лексика*, оны зерттейтін, тексеретін ғылым – *лексикология*. Мұнда ешкім лексика мен лексикологияны шатыстырмайды.

Фразеология пәні туралы қазақ тілшілерінің анықтамалары мына тұрғыда: «...сөз байлығын тексеретін тіл білім саласын *лексикология* дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы *фразеология* деп атау орынды, – деп жазады І.Кеңесбаев. [Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі 1977, 589 б.]. М.Балақаев: «Қазақ тілі сөздік қорының аса маңызды бөлшегінің бірі – фразалар мен идиомалар. Ол екеуін қосып *фразеологизмдер* деп атаймыз [Қазақ әдеби тілі және тілдік норма. 1984, 170 б.].

Осыған орай, керісінше тілдегі *фразеологизмдер* (орыс тілінде фразеологиялық единица немесе фразема деп те атайды) деген жиынтық ат болу керек те, ал *фразеология* тек пәнді зерттейтін ғылым саласы деп қана қолданылуы керек. *Фразеологизм* терминінің өзі қазақ тіліндегі ғылыми айналымда жарыспалы варианттармен аталып жүр.

«Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы бір тұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік единица, әдетте, *фразеологиялық оралым* деп аталады деген анықтама К.Ахановтың Тіл білімінің негіздері оқулығында бар [1993, 166 б.].

Ал *фразема* терминінің о баста шығу төркіні туралы түсінік былай. Орыс тіл білімінде фразеология туралы зерттеушілер, мәселен, В.Л. Архангельский *фразема* немесе *тұрақты фразалар* деп, олардың өзгермелі компоненттеріне қарай, сөз тіркестеріне ұқсас тіркестерді *фразеологиялық бірліктерден* бөліп қарастырады. Н.Н. Амосова да фразеологиялық бірліктердің бір түрі деп, ағылшын тіліндегі: *бақытты күн, ақ өлең* т.б. фразеологиялық байлаулы мағынасы бар, алайда идиомдарға қарағанда компоненттері өзгермелі болып, басқа сөздермен тіркесімділіктері болады дей келе, оларды *фраземалар* деп атайды [Проблемы фразеологии. С. 104. С. 131].

**Фразема** мен **тұрақты фразалар** деп бөлгенде, фразеологизмдердің құрылымына назар аударған. Тұрақты фраза – бұл сөйлем құрылымдас фразеологиялық бірліктер деп, жалпы фразеологизмдерге тән құбылыстарды таниды. Н.Ф.Алефиренко бұл терминді алғаш ұсынбаған. Ол «**фразема термині** фонема, морфема, лексема сияқты жалпы тілдік бірліктер жүйесіне өте үйлесімді» деп құптайды. [Фразеологический словарь, 2008. С. 3].

Бұлардан басқа да қазақ тілінде **тұрақты тіркестер**, **тұрақты сөз тіркестері**, **тұрақты сөз орамдары**, **фразеологиялық тіркестер**, **фразеологиялық единица**, **фразеологиялық бірліктер** деген терминдік қолданыс ретінде ғылыми аталымдар бар. Бұлардың барлығы жарыспалы қолданылып жүрген терминдер. Қазақ тілінде осы аталғандардың ең жиі қолданылатын екі түрі ғана:

**фразеологизмдер** немесе **фразеологиялық тіркестер** деп қалуы тиіс.

Ал **тұрақты тіркес** деген атаудың мағынасы кең. Тек тұрақты айтылу үлгісі бар тіркестер, атаулық тіркестер, шектеулі тіркестер осы мағынада қолданылады.

**Фразеологиялық единицаны фразеологиялық бірліктер** деп атауға болмайтын себебі: бұл термин орыс тіліндегі **фразеологические единстваның** аудармасы, яғни фразеологизмдердің үш түрінің бірі – фразеологиялық бірлік, демек, бұл тіркеспен омонимдес етіп атау келіңкіремейді. Кезінде біз **фразеологиялық тұлғалар (ФТ)** деп қолданғанбыз [Қараңыз: Фразеологизмдердің варианттылығы. 1996].

**Фразеологиялық оралым** деген **фразеологическое окружениенің** аудармасы болып шығады. Сондықтан бұл арада термин мүлдем басқа мағынаға ойысады. І.Кеңесбаев бұл жөнінде ...фразеологизмнің контекстегі көрінісін білу үшін оған (ФЕ-ге) арқа сүйер оралымның (еркін тіркестердің) типтерін табу қажет- дейді. [ҚТФС, 621 б.]. Өйткені **фразеологиялық оралымдар** дегеніміз – тұрақты тіркестердің алдынан немесе соңынан келетін жай тіркестердің фразеологизмдермен оралымға, яғни мағыналық және синтаксистік байланысқа түсуі. Оралымға түсетін сөздер **оралым мүшелері** деп аталады. Сонымен фразеологиялық оралым деу де қате қолданыс.

Тілдік терминдер арасында **тұрақты сөз тіркестері** деген термин көпке дейін дұрыс қолданыста жүрген сияқты болды. («Фразеологизмд

ердің варианттылығы» (1996) деген оқу құралымызда осы терминді біз де пайдаланғанбыз). Бірақ сөз тіркесін зерттеуші мамандардың тілде сөз тіркесінің *еркін сөз тіркесі* және *тұрақты тіркес* дейтін екі түрі ғана бар деген ғылыми дәлелдерінен кейін мұның да соңғы жылдары қате қолданыс екені байқалды.

Сөз тіркесі синтаксистік бірліктің атауы ретінде тұрақты тіркес ұғымынан бөлек нәрсе. Дұрысында *сөз тіркесі* деген синтаксистік ұғым тек синтаксистік тіркес немесе еркін тіркес деген атауларды білдіреді. *«Демек фразеологиялық сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркесі, терминдік (терминологиялық) сөз тіркесі, т.б. сияқты қолданыста дұрыс емес, бұлар сөз тіркесінің түрлері емес және сөз тіркесі шеңберіне енбейді де. Сондықтан олар синтаксистік құбылыс емес, әр түрлі тілдік құбылыс ретінде сөз дегенсіз фразеологиялық тіркес, тұрақты тіркес, терминдік тіркес болып аталуы керек»*, – деген С.Исаев пікірі біраз мәселенің бетін ашты [Қазақ тілі жайлы ойлар. 1997, 209 б.].

Ендігі бір мәселе фразеологизмдер түрлерінің атаулары жөнінде. В.В.Виноградовтың фразеологизм түрлерін топтастыруына қарай: *фразеологические сращения – фразеологиялық тұтастық; фразеологические единства – фразеологиялық бірліктер; фразеологические сочетания – фразеологиялық тізбектер*; деп 1966 ж. аударылғанды [С.Кенесбаев, Т.Жанузаков. «Русско-казахский словарь лингвистических терминов». 1966, 176 б.].

Ғылым саласы жан-жақты, терең зерттелген сайын тілде жаңа концепт пайда болады. Оған жаңа тұжырым жасалады. Бұл ретте тілде жаңа атау қажеттігі қарастырылатыны белгілі. Демек қазақ фразеологиясының зерттелу нәтижесі бойынша соңғы жылдары басылып шыққан жаңа еңбектерге қарай, оларда қандай терминдер жасалды қалай қалыптасып келе жатқанынын түгендеп, саралап, талдап беру осы фразеология ғылым саласына да міндетті жайт екендігін ескеру керек. Соңғы жылдардағы ғылыми ізденістерде, жарық көрген монографияларда фразеологияға еніп жатқан терминдер туралы пікір, көзқарастар бар.

І.Кенесбаев қазақ тіліндегі барлық фразеологизмдерді екі үлкен арнаға бөлген. Олар:

**фразеологиялық түйдектер**  
**фразеологиялық тіркестер**

Автор фразеологиялық түйдектерді идиом сөзінің қазақшасы ретінде ұсынады. Ал фразеологиялық тіркестерді өз ішінде екіге бөліп: *түйіс тіркес* (бұл бұрынғы фразеологиялық бірліктер болатын), *түйін тіркес* (бұл бұрынғы фразеологиялық тізбек болатын) деп атайды.

1993 ж. шыққан «**Фразеология және тілдік норма**» деген кітапта Н.Уәлиұлы қолданған **фразеологиялық түйдек** те идиом мағынасында жұмсалады. Ал **фразеологиялық шоғыр** деген термині І.Кеңесбаев айтқан фразеологиялық түйіс тіркеске жақын, яғни тұрақты тіркестің ішкі формасы аса тасаланбаған, бұрынғы фразеологиялық бірліктің орнына қолданған. Сондай-ақ, Н.Уәлиұлы **фразеологиялық тіркестер** деген жалпы атауды бұрынғы **фразеологиялық тізбектердің** орнына жұмсайды. Ал **фразеологиялық тізбектерді** Н.М.Шанскийдің **фразеологические выражения** деген **фразеологиялық сөйлемшелердің** орнына қолданады. Сонымен фразеологизмдердің түрлеріне байланысты да осындай бірізділігі жоқ терминдер кездеседі.

Аталған термин түрлеріне келтірілетін мысалдардың семантикалық құрылымынан

### **түйіс тіркес, түйін тіркес, шоғыр тіркес**

дейтін терминдердің өзіндік аталу уәжділігі шықпайды. Демек лингвистикалық сөздіктегі бұрын аударылған терминдер өз орнында қалғаны дұрыс.

Тіл-тілде фразеологизмдерді танып, білуде, оның аномалиялық құбылыстарын саралап түсіндіруде зерттеуші ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Сондай пікірлердің ішінде басты назар аударатын нәрсе – қандай тұрақты тіркес формаларын фразеологизмдер деп танимыз деген сұрақтар.

Фразеологизмдерге тән өзіндік белгілер арқылы ғана оларды тұрақты тіркестер деп тануға болады. Ал фразеологияның теориялық тұжырымы бойынша тіркестерді фразеологизм деп тану үшін қалыптасқан үш белгісін атайды. Олар:

**мағына тұтастығы** (фразеологизмдер құрамындағы жеке сөздердің бірігіп бір мағынаны білдіруі), **тіркес тиянақтылығы** (фразеологиялық мағынаны құрайтын сөздерді өзгертуге немесе орнын

ауыстырып қолдануға болмайтындығы) және *қолдану тұрақтылығы* (фразеологизмдердің үнемі даяр қалпында қолданылуы).

Фразеологизмдердің аталған белгілері туралы да қате қолданыстар бар.

Аталған үш белгі Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінің 690-бетінде *мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы* деп, екі рет *тиянақтылығы* сөзі қайталанып кеткен. (Бұл негізінде корректор қатесі болу керек). Дәл осы беттің үшінші абзацында *тұтастық, тұрақтылық, тиянақтылық ФЕ-нің басты, негізгі белгісі дегенде ...* деген сөйлемнен бастап дұрыс қолданылған. Аталған кемшілік І.Кеңесбаевтың **Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер** (1987) деген еңбегінің 204 бетінде сол күйінде тағы да қайталанып басылып кеткен. Өкінішке орай, көптеген фразеолог зерттеушілер қате қолданған белгілердің түрлерін оқу құралдары мен монографиялық сияқты біраз еңбектерде, жазып жіберген [Қ.Қалыбаева, С.Сәтенова, Н.Уәлиұлы, Г.Смағұлова].

Қазақ тіл білімінде фразеологияның зерттеу нысанының тақырып аясы кеңіп, жан-жақты, терең ізденістердің нәтижесінде жаңадан жасалған терминдер қалыптаса бастады. Бұлар ғылыми айналымға еніп, тұрақтала бастады.

Мәселен, фразеологизмдердің сырт тұлғасы жағынан жарыспалы екі қатардан тұратын: *ұзында өшті //қысқада кекті, ақ дегені алғыс // қара дегені қарғыс, отырса опақ // тұрса сопақ* т.б. тіркестерді І.Кеңесбаев «*өзгеше бір копуляция жолымен салаласа тіркескен параллельді фразеологизмдер*» деп атаған. [Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. 1977, 617 б.].

Мұндай фразеологизмдердің түрлерін тұлғалық бірлік, дыбыстық сәйкестік және мағыналық үйлесімдік жағынан кешенді зерттеу нәтижесінде оларды С.Сәтенова *қос тағанды фразеологизмдер* деп атауды ұсынады. «Қос таған деп отырғанымыз, шынында да қос сөздердің қос сыңарына тым ұқсас, фразеологиялық оралымдардың тіркес түріндегі табан тірер, арқа сүйер екі тірегі – тағаны. Фразеологиялық тіркес олардың екеуіне бірдей сүйенгенде ғана тіркес болып, белгілі бір фразалық тұтас мағына беріп, басын құрай алады. Таған құрап тұрған мүшелерді *таған компоненттері, таған мүшесі* деп атадық, – дейді автор. [Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. 1997, 22 б.].

Фразеологизмдердің сөйлем ішінде мағынасының толық түсінікті болуына қызмет ететін сөздер болады. Мысалы, *жел аяқ, табаны жерге тимейтін, алдына жан салмайтын* деген тікестер соңынан *жүйрік* сөзі тұрады. Мәтін ішінде кейде түсіріліп қолданылса да мәнмәтінде жүйрік адам туралы екендігі түсінікті болады. Мұндай сөздерді *сүйемел сөздер* (орыс тіліндегі нұсқасы «слова сопроводители») деп атадық. (Фразеологизмдердің синтагматикалық қатынастары туралы осы кітапта арнайы сөз етіледі).

Фразеологизмдерге әдетте эмоциялылық пен экспрессивтілік тән. Дегенмен де адамның түрлі сезімдік әрекеттерін бейнелеуде, әсіресе күрделі эмоцияны білдіретін, ашулану, ұрсу, ұру, қорқу т.б. ерекше эмоциялық реңкті фразеологизмдер тобы бар. Тұрақты тіркестердің мағыналық топтарының арасында бұлар *жоғары эмоциялы фразеологизмдер* деп аталады. Аталған терминдер «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» монографиясынан алынды [Смағұлова, 1998, 41 б.].

Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық танымдық сипаттарының ерекшеліктері соңғы жылдары фразеологизмдердің лингвомәдени ремалары, фреймдері, схемалары т.б. с.с. орыс тілі арқылы енген сөздермен талданып жүр. Зерттеу бағыттарына байланысты мұндай сөздер әрі қарай да молая түсуі мүмкін. Оларды да сұрыптап, ең жиі қолданылатындарын елеп, екшеп отыру қажет. Фразеология дербес ғылым саласы ретінде әлі де зерттеле беретіндіктен, басқа да көптеген терминдердің енуі, қалыптасуы заңдылық.

## 2. Қазақ фразеологиясы пәнінің тарихы мен даму бағыттары

Бұл еңбектің мақсаты – қазақ ұлтының баға жетпес рухани құндылықтарының бірі тұрақты тіркестер – фразеологизмдердің қазіргі ғылыми зерттеу нысанындағы парадигмаларын анықтау және ғылыми нәтижелерін талдау.

«Ғылыми парадигма» ұғымының семантикалық диапазоны лингвистикалық зерттеулер мен қазіргі тілдің ғылыми сипатын да қамтиды. «Ғылыми парадигма» ұғымын ғылыми айналымға американдық тарихшы Томас Кун енгізген. Ол өзінің «Ғылыми революция құрылымы» [The Structure of Scientific Refolutions.1962.Chicago., ауд. И.Налетов.

М., 1975, 2009] деген еңбегінде ғылым мен қоғамның тарихи дамуындағы өзара терең байланысын қарастырады. Т.Кун «ғылыми бірлестік» деген түсінікті ғылыми қызметтің логикалық субъектісі деп тұжырым жасаған. Т.Кун айтқан «ғылыми бірлестік» зерттеуші дәлелсіз қабылдайтын *бірыңғай стандарттар жүйесі – парадигмалардан* тұрады.

**Парадигма дегеніміз – ғылыми бірлестіктердің мүшелері мақұлдаған ғылыми жетістіктері және ғылыми проблеманың қойылуы мен оларды шешудің жолдары.** Парадигмаларға заңдар, теориялар, қолдану тәсілдері, қажетті жабдықтар жатады. Ғылыми бірлестіктің белгілеріне концептуалды модельдер, жалпы тұжырымдар, құнды мақсаттар, шешімдер, белгілі бір проблемалар мен міндеттерді шешудің үлгілері енеді. Кунның айтуы бойынша, «бұл – дәстүр ретінде ғылымға келудің, меңгерудің ғылымның өмір сүруі және ғалымдардың бір арнадағы парадигмада жұмыс істеуі. Олар бұрынғы білімді кеңейтіп, тереңдетеді, жаңа теорияларды жасамайды» [Кун, 1977: 31]. Сондықтан болар, гуманитарлық ғылым саласында кейде, «бұл бұрын да айтылған мәселе еді ғой, мұның несі жаңалық» деген ойлар ара-тұра айтылып жатады. Алайда «бұрынғы білімді кеңейтіп, тереңдету» қазақ тіл білімінде соншалықты маңызды екендігін айта кету керек. Бұл ретте қазақ фразеологиясы туралы, оның *қазіргі ғылыми парадигмалары* қандай деген сауалға жауап ғылыми өзектілігі жоғары тақырыптардың бірі.

**Қазақ фразеологиясы пәнінің тарихы мен даму бағыттары** туралы сөз болғанда қазақ фразеологиясының зерттелу тарихы орыс тіл білімі мен түркітанудың бұрынғы кеңестік дәуірдегі ғылыми жетістіктеріне байланысты.

Фразеологизмдер туралы әлемдік зерттеулер туралы сөз болғанда алдымен швейцарлық лингвист ғалым Ш.Баллидің есімі аталады. Оның «Precis de stylistique» [Geneve, 1905] деген еңбегінде алғаш рет тұрақты қолданылатын тіркестердің семантикалық қосынды (біріккен) мағынасы туралы сөз болады. (Кейін бұл еңбек «Traite de stylistique francaize» деген атпен қайта толықтырылып, орысша аудармасы «Французская стилистика» деген атпен М., 1961 жылы басылып шықты).

Ал орыс тіл білімінде жалпы тұрақты тіркестерге XVIII ғасырда М.В.Ломоносовтың кезінен бастап-ақ, орыс әдеби тілінің сөздігін жасауда назар аударылған. Одан кейін тұрақты тіркестердің аясында мақал-



мәтелдер мен нақыл сөздерге қатысты, оның кейбір ерекшеліктері туралы, мәселен:

➤ фразеологизмнің ішкі формасы туралы – А.А.Потебняның (Из лекции по теории словесности: Басня. Пословица.Поговорка. Харьков, 1894);

➤ фразеологияның сөзжасаммен байланысы туралы – И.И.Срезневскийдің [Замечания об образовании слов и выражений. – Изв. Отд. Рус.яз. и словесности, 1873].

➤ Е.Д.Поливановтың фразеологияны тіл ғылымының ерекше бөлімі ретінде жеке қарастыру керек деген – (За марксистское языкознание. М.,1931) пікірлер болған.

Осы ретте Ф.Ф.Фортуатов, А.А.Шахматов, И.М.Вульвист, С.И.Абакумов т.б. ғалымдардың фразеологизмдердің түрлерін анықтауға деген талпыныстарын айтқан жөн.

XX ғасырдың 40 жылдарынан бастап, фразеологияның лингвистикалық пән ретінде қалыптасуына В.В.Виноградовтың сіңірген еңбегі айырықша еді. Оның *«Из истории русских слов и выражений»*. //Русск. яз. в школе, 1940, №2; *«Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины»*. Тез. докл. Л.,1944. (Научная сессия, посвященная 125-летию Ленинградского университета). т.б. мақалалары фразеологизмдерді синхронды жіктеуге негіз болды. Арнайы зерттеу нәтижесінде тұрақты тіркестердің жалпы классификациясы жасалып, ғылыми терминмен аталып, тұрақты тіркестердің түрлері мен белгілері анықталды. В.В.Виноградов орыс тіліндегі тұрақты тіркестердің ерекшеліктерін саралай келіп, олардың үш түрін анықтайды. Олар:

- 1. фразеологиялық тұтастық**
- 2. фразеологиялық бірлік**
- 3. фразеологиялық тізбек**

Ш.Баллидің анықтауында аталған үш типтің тек **фразеологиялық тұтастық** деген түрі ғана айтылады.

Орыс тіл білімінде фразеологияға деген қызығушылық оның жан-жақты зерттелуіне, көптеген жаңа теориялық мәселелерді шешуге ықпал

жасаған құнды зерттеу еңбектердің қосылуына түрткі болды. Соның нәтижесінде фразеологизмдердің аталған үшінші түріне төртінші етіп, Н.М. Шанский **фразеологиялық сөйлемше** деген түрін қосады. [Лексика и фразеология современного русского языка М.,1957, с. 121]

Фразеологияның жеке лингвистикалық пән болып қалыптасуы мен дамуына В.В.Виноградовтан соң орыс тіл білімінің біраз тілші ғалымдары ғылыми ой-пайымы жоғары, ізденіс салаларының өзектілігі терең әрі жан-жақты өз зерттеулері арқылы үлес қосты. Мәселен, өткен ғасырдың екінші жартысында В.А.Архангельский, В.П.Жуков, А.И.Молотков, Н.Шанский, А.М.Бабкин т.б. ал соңғы ширегінде А.М.Мелерович, В.М.Мокиенко, В.Н.Телия, Н.Ф.Алефиренко т.б. еңбектерінің нәтижесі тек орыс фразеологиясының теориясы мен практикасына ғана пайдалы болған жоқ, басқа да тілдердің фразеологиясына алдымен оның ғылым ретінде қалыптасуына және пән ретінде жеке сала болып зерттелуіне игі әсері болды. Ал орыс фразеологиясының соңғы ғылыми бағыттары ұлт мәдениетіне тікелей қатысты бірнеше ғылым тоғысында орындалатын жаңа зерттеулерді қамтиды.

**Қазақ фразеологиясының** ғылыми пән ретінде қалыптасуы мен дамуы алдымен ұлт тілінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілі аса көркем поэтикалық бейнелілігі және синонимдердің молдығымен назар аудартады. Қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөз өнерінің алтын тұғыры болған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер, бейнелі тұрақты метафоралар қай кезде болмасын басқа жұртты таң қалдырған.

В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб.,1899), Л.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (СПб.,1869) еңбектерінде қазақ тілінен жиналған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тобы кездеседі.

Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалауыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады.

Фразеологизмдердің мұндай ерекше қасиетіне қазақ тіл білімінде І.Кеңесбаев назар аударған. Алғаш рет «Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары». (Халық мұғалімі, 1946, №1-2, 39-42 б., №3-4, 42-50 б. және орыс тілінде жарық көрген «О некоторых фразеологизмах в

казахском языке») – Изв. АН. Каз.ССР, №135, сер. филолог. и искусствовед., вып.1-2, Алма-Ата, 1954, с. 6-27) деген мақалаларынан басталған ғылыми зерттеулер қазақ фразеологиясының бастапқы теориялық дiңгектері деуге болады.

I.Кеңесбаев мақалаларынан кейiн жарық көрген басқа да зерттеулер – қазақ фразеологиясының теориялық және қолданбалы жақтарына өзiндiк үлес қосқан еңбектер.

Фразеологизмдердiң зерттелу тарихын хронологиялық тәртiппен жүйелесек, онда 70-жылдарға дейiн де қазақ тiл бiлiмiнде фразеологизмдер жекелеген ғылыми iзденiстердiң зерттеу нысаны болды. Мәселен, көркем әдебиеттегi фразеологизмдер (Х.Қожахметованың «Ғ.Мұстафин шығармаларындағы фразеологиялық оралымдар» деген кандидаттық диссертациясы. Алматы, 1967), аудармадағы фразеологиялық құбылыс туралы (Ө.Айтбаевтың «М.Горький шығармаларындағы фразеологизмдердiң қазақ тiлiнде берiлу жолдары» – кандидаттық диссертациясы. Алматы, 1971). ғылыми iзденiстердi атауға болады.

Фразеологиялық мысалдарды жинау – таза шығармашылық еңбек. Бiр есептен бұл тура ауыз әдебиетiнiң үлгiлерiн жинаумен бара бар. Тұрақты тiркес мысалдарын ауызекi сөйлеу тiлiнен, көркем әдебиеттен жинауға сандаған жылдар кетедi. Мұның нәтижесi – түрктiтануда алғаш рет 1977 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан I.Кеңесбаевтың «**Қазақ тiлiнiң фразеологиялық сөздiгi**». Автор сөздiкке 11 мыңға жуық фразеологиялық тiркестердi енгiзген.

Әрине, бұл сөздiкте қазақ тiлiнiң барлық тұрақты тiркестерi толық камтылды деуге болмайды. Фразеологиялық тұтастық, бiрлiк, тiзбек деп аталған түрлерiне мысалдар жинақталған. Қазақ фразеологиясы үшiн бұл сөздiк өте қажеттi және күнi бүгiнге дейiн сұранысықа ие құнды еңбек болды.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан былай қарай қазақ фразеологиясының зерттелу барысында алдымен фразеологияны жеке лингвистикалық пән ретiнде анықтау үшiн көптеген еңбектер жазылды. Осы кезде фразеологизмдердiң тақырыптық-мағыналық топтары анықталды. (Ө.Қайдар, Р.Жайсақова). Қазақ фразеологиясының жалпы корпусы анықталған соң, ендi оның тiлдiк ерекшелiктерiмен қоса, ұлттық мәдени аспектiлерiндегi прагматикалық жақтары, фразеологизмдердi жасаған халықтың этнос ретiнде тiл арқылы әлемдi қалай таныды, өзiн

өзгелерге ұқсамайтындығын қандай салт, дәстүрмен көрсеткендігін тілдегі қалыптасқан тұрақты тіркестер айтып бере алатындығын ғалымдар ұсынған этнолингвистика саласы да фразеологиямен қатар сөз етілді. Бұл ретте фразеологизмдердегі этнос мәдениеті, яғни этнолингвистикалық зерттеулер (Ә.Қайдар, М.М.Копыленко) қалыптаса бастады.

Ұлт тілінің өзіне ғана тән поэтикалық ерекшелігі фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасу кезеңі мен тұрақтылыққа жету кезеңіне игі әсерін тигізеді. Мәселен, параллель фразеологизмдер деп аталған (І.Кеңесбаев) «айрандай аптап, күбідей күптеп», «ұзын арқау, кең тұсау» т.б. «жарыса жұп құрайтын» тіркестер тобы фразеологиялық қордың ішінде бір төбе. Ғылыми үрдіс бойынша мұндай тіркестер тілдік терминмен дәйектеліп, **қос тағанды фразеологизмдер** деп ғылыми айналымға енгізілді. («Қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты» С.Сәтенова, 1997). Сөйтіп қазақ фразеологиясының тұлғалық ерекшеліктерінің тағы бір түрі айқындалды.

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде фразеологизмдер менталдық бірліктер деп аталады. Өйткені ұлт мәдениетін танытудағы рөлі айырықша назар аудартып, ерекше бағаланады. Бұл ұлт тіршілігінен және ұлттың менталдық өрісінен хабардар ететін фразеологизмдердің мағыналас түрлерінен анық байқалады. Соған орай, фразеологизмдердің семантикалық категориялары талданып жаңа ізденістермен толықтырылды. («Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» (Г.Смағұлова, 1998).

Ал қазақ фразеологиясының семантикасы және тұрақты тіркес мағыналарының ішкі формасы туралы арнайы зерттеу монографиялық еңбекте қарастырылды. («Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы». Р.Авакова, 2003).

Сондай-ақ, тұрақты тіркестерді салыстырмалы және салғастырмалы-типологиялық бағыттағы зерттеулер («Түркі фразеологиясы». А.Нұрмаханов, 1998., «Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны». Қазақ және монғол тілдерінің материалдары бойынша. Г.Сағидолдақызы, 2003. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. Қ.Қалыбаева. 2009) және құрылымы жағынан сөз тіркестері (номинатив мәнде) мен сөйлемге (коммуникатив мәнде) ұқсас болып келетін фразеологизмдер арнайы бөліп қарастырылып, олардың тілдік және қолданыстық табиғаты талданған (А.Байтелиев. «Қазақ тіліндегі номинативтік және коммуникативтік

фразеологизмдердің тілдік табиғаты мен контексте қолданысы» 2009) т.б. еңбектер қазақ фразеологиясының теориялық мәселелеріне өзіндік үлес қосқан ғылыми еңбектер болып саналады.

Бұл ретте фразеология саласының көш басында тұрған акад. І.Кеңесбаевтың еңбектерінен бастап, күні бүгінге дейін фразеологиялық зерттеулерді жеке-жеке сөз етсек, онда хронологиялық тәртіп бойынша анықтама да түзуге болады.

Ең бастысы өткен ХХ ғасырдың екінші жартысы қазақ фразеологиясының тақырыптық және лексика-семантикалық ерекшеліктерінің сипатталуымен құнды. Бұл қазақ фразеологизмінің корпусын қалыптастыруға негіз болған ізденіс нәтижелері деп бағалаймыз. Сондай-ақ, бұл бағыт жалпы лингвистикалық зерттеулердің оның ішінде фразеология да бар, *лингвистикалық компаративизм* деген ғылыми парадигмаға жатады. Оның басты принципі салыстыру арқылы тарихи зерттеу болды. Фразеологизмдерді таксономдық және классификациялық үлгіде деңгейлік модельдерін анықтады. (Ә.Қайдар, Р.Жайсақова, С.Сәтенова т.б.)

Өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап, жаңа лингвистикалық таным фразеологизмдерді зерттеудің *құрылымдық жүйе парадигмасын* қалыптастырды. Мұндағы басты принцип тұтастық пен жүйелілікке негізделді. Тілдік құрылымдағы оппозиция – «тіл-сөйлеу», «пардигма-синтагматика», «синхрония-диахрония» әдіснамасы қазақ фразеологиясында жемісті ғылыми нәтижелерді берді. (Ә.Қайдар, М.Копыленко, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, Р.Авақова Қ.Қалыбаева, Б.Жұбатова т.б.)

Өзіндік ерекшеліктері бар тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің тұлғалық және мағыналық сипаты лингвистикалық ғылыми зерттеулердің түрлі нысандарына тақырып болды. Әсіресе, кейінгі зерттеулер ішінде ұлт мәдениетіне қатысы әр түрлі ғылымдар түйісінде: тарих, этнология, психология, когнитология, әлеуметтік лингвистика, қолданбалы лингвистика, философия, аударматану, стилистика, прагмастилистика және тіл мәдениетінде т.б. жан-жақты қарастырылып, жалпы қазақ фразеологиясының теориялық және практикалық қолданбалы жақтары терең сараланып келеді. Бұл ретте, тілді адаммен, оның болмысымен бірге қарастыру антропоцентрлік зерттеулерге өзек болды. Жан-жақты дами келе, *коммуникативтік-прагматикалық парадигмаға* ұласты. Мұның басты принципі номинация және референция теориялары мен сөйлеу әрекетінің ерекшеліктеріне негізделеді.

Сондықтан да қазақ тіліндегі фразеологизмдердің басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста бұлай жан-жақты қарастырылуы фразеологияның пән ретінде зерттеу аясының тереңдеуін көрсетеді, әрі тілдік талдаулармен нақтылануы жалпы фразеологияның зерттеу нысанының күрделенгенін және бүгінгі тілтаным тұрғысынан алғанда, бұған дейінгі қалыптасқан кейбір ой-пікірлерді басқа қырынан, басқаша қарауда талап етеді.

Қазіргі кезде түрлі мәдениеттер диалогы әр ұлттың өзіндік ерекшеліктерін тек тілдік бірліктер арқылы жай сипаттауды ғана емес, олардың этномәдени танымын нақты адамдық фактор арқылы «сөйлеуін» қажет етеді.

Бұл ретте когнитивтік фразеологияның рөлі ерекше болмақ.

XX ғасырда қалыптасқан дәстүрлі құрылымдық иманентті тіл біліміне когнитивтік лингвистиканың бірінші орынға адамдық факторды шығаруы, ендігі жерде адам танымын аттап өте алмайтын «тілді адаммен бірге» қарастыруды басты ғылыми бағыт етіп қойды.

Кезінде «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» туралы зерттеуімізде (1998) біз өз тарапымыздан бұл мәселеге азды-көпті пікір білдіргеміз. Мәселен, халық рухы қашанда өз ұлтының тілінен көрініс табады. Ал этнотілдік ерекшеліктердің басты көрсеткіші – фразеологизмдер. Себебі мұнда ұлттың тұрмыс тіршілігі, тұтастай өмір сүру мәдениеті сипатталады. Фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалаушылық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын менталдық бірліктер ретінде танылады деген тұжырым жасалған.[Смағұлова, 1998]. Сондай-ақ, монография авторы қазақ фразеологиясын жеке лингвистикалық пән ретінде қалыптастыру мақсатында оқыту үдерісіне бірнеше, атап айтқанда: бакалавриатқа – «Фразеологизмдердің семантикалық категориялары», «Мағыналас фразеологизмдер», «Фразеологизмдердің стильдік ерекшеліктері», магистратураға – «Фразеологизмдердің лингвомәдени сипаты», докторантураға – «Тұрақты тіркестердің антропоцентрлік когнициясы» атты электив курстарын енгізді.

Қазақ фразеологиясы – өзіндік зерттеу нысаны мен ғылыми проблемаларының бағыты және аумағы айқындалып қалыптасқан

пән. Сондықтан тіл білімінде фразеологияны зерттеу аспектісі лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика тұрғысынан жаңа қырлары талданып, фразеологияның қазіргі лингвистикалық пардигмалары таныла бастады.

Бұл шолулар өткен ғасырдың екінші жартысынан бері қазақ фразеологиясының жеке ғылыми пән болып қалыптасуына қазақ тіл білімінде біраз арнаулы зерттеу еңбектері жазылғандығының дәлелі. Осыларды сараптай келе, қазақ фразеологиясының зерттелу тарихы мен бағыттарын мынадай деп бөлуге болады.

➤ Қазақ фразеологиясының жеке лингвистикалық пән ретінде қалыптасуы.

➤ Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің мағыналық-тақырыптық топтары мен грамматикалық, стильдік ерекшеліктерінің арнайы қарастырылуы.

➤ Тұрақты тіркестердің лингвомәдени бірліктер ретінде фразеологизмдердің прагматикалық аспектілерінің ғылымдар түйісіндегі жаңа ғылыми бағытта зерттелуі.

➤ Фразеологиядағы әлем суретінің антропоцентрлік ерекшеліктері, фразеологизмдердің концепт бөліктерін құрайтын мәртебесі бойынша, когнитивтік фразеологияның ғылыми аренаға шығуы.

Тілдік бірлік ретінде фразеологизмдер қазақ тіл білімінде ерекше зерттеу нысаны екендігі әр жылдары жазылған ғылыми талдаулардан байқалады.

### **3. Фразеологияның қазіргі жағдайы мен әлемдік ғылымдағы даму тенденциясы**

XX ғасыр лингвистикасында фразеологиялық тұлғаларды дәстүрлі зерттеудің екі түрі қалыптасты деуге болады. Соның бірі континенталды еуропалық, екіншісі англо американдық. Десек те бұлай бөлу шартты. Себебі ғылымның дамуында географиялық шектеулі шекара жоқ. Аталған дәстүрлі зерттеулердің екі түрі де өзара байланысты және жалпы сипаттары ұқсас, алайда өзара ерекшеліктері де жоқ емес.

Континенталды еуропалық дәстүрдің арғы түп тамыры Ш.Балли [Bally 1905]; орысша аудармасы [Балли 1961] есімінен басталады. Ал Ресей ғалымдарының «тұтасқан сөздер» мәселелері туралы В.К.Поржезинский

[1910]; А.А.Шахматов [1941]; Ф.Ф.Фортунатов [1956] еңбектерінен бастау алады. Бұл бастама ары қарай француз, орыс, неміс тіл білімінде жалғасын тапты.

Зерттеу дәстүрінің қалыптасуына негізгі үлес қосқандар – орыс лингвистері. Фразеологиялық зерттеулердің Ресейлік дәстүрі 1940 жылдары В.В.Виноградов есімімен байланысты болды. Ол швейцарлық лингвист Ш.Балли концепциясына сүйеніп, фразеологизмдердің классификациясын ұсынды. В.В.Виноградов ұсынған фразеологиялық тұлғалардың: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік және фразеологиялық тізбек деген үш түрі барлық фразеологиялық зерттеулердің тұғырлы концепциясы болып, ұзақ жылдар бойы орыс тілтанымында кеңестік фразеологияның дамуын айқындады. Сондай ақ, бұл үрдіс те шетелдік зерттеушілердің және ресейліктердің еңбектерінде дамытылып, толықтырылып отырды. Мәселен, Н.М.Шанский В.В.Виноградовтың классификациясына фразеологиялық сөйлемше (өз ішінде коммуникативтік сипаттағы фразеологиялық сөйлемше және номинативтік сипаттағы фразеологиялық сөйлемше) деген түрін қосады.

Басқа тілдердегі фразеология туралы айтқанда негізінен өзге принциптерге сүйенген классификациялар ұсынылды. Мәселен, фразеология теориясын зерттеген Н.Н.Амосова, А.А.Кунин, И.И.Чернышева т.б. бар.

И.Е. Анчиков В.В.Виноградовқа қарсы ашық пікір талас ретінде өзіндік, әрі еркеше фразеология теориясын ұсынады. Ол өз зерттеулерінде фразеологияны лингвистикалық пән ретінде сөздердің тіркесімділігін – сөз формаларының тіркесімділігіне синтаксиске қарама қарсы қояды. «Идиом» терминін И.Е. Анчиков еркін тіркестерден бастап, мақал мәтелдер және идиомдардың мағынасына қарай кез келген сөз тіркесіне қолданады.

И.Е. Анчиковтың басты идеяларының бірі құрамына қарай кез келген тіркес байлаулы болып келеді дейді.

Өз классификациясын ұсынғанда В.В.Виноградовтан И.Е. Анчиковтың ерекшелігі ол фразеологизмдердің уәжділігінен гөрі олардың құрылымдық параметрлеріне көбірек назар аударады. Соның нәтижесінде сөз тіркесінің үш типін бөліп көрсетеді:

- бір сыңары толық, екінші сыңары жартылай мағыналы
- екі сыңары да толық мағыналы



➤ үш немесе одан да көп сөйлем құрылымдас толық мағыналы және бірнеше сөйлемнен тұратын [Анчиков. 1997 а: 105].

Бұл топтаулардың соңғы түрінде тұтас мәтін фрагменттері де енетіні белгілі. Былай қарағанда, И.Е. Анчиковтың пайымдауы бойынша, фразеологизмдер лексикон көлемінен шығып, мүлдем басқа сипат алып, мәтін лингвистикасының қатарына енеді.

Негізінен қалыптаспаған өлшемдер бола тұра, бұл классификацияның басқа да екі түрін көрсетеді: 1) коллокациялар (В.В.Виноградов бойынша фразеологиялық бірліктер) және 2) идиом, мақал мәтелдер қазіргі түсінік бойынша сөйлеу формулалары. И.Е. Анчиковтың көп идеялары өз уақытынан бұрын ерте айтылған дейді Ю.Д. Апресян. [1989]. Шын мәнінде И.Е. Анчиков лексикалық функциянының басымдығын көрсеткендіктен, әрине, фразеологизмге қойылатын шарттардан тыс кеткен.

Жоғарыда талданған пікірлерді түйіндей келе, мынаны айтуға болады. Орыс тіл біліміндегі фразеологияның кеңестік кезі мен соңғы жылдардағы ресей лингвистикасының даму бағыты мен зерттеу нәтижелерін сараласақ, В.В.Виноградов классификациясын модификацияланған түрлері деуге болады. Тек кейбір орыс зертеушілерінің роман, герман тілдерінің материалдарымен жұмыс істегенде соны теориялық концепциялары пайда болғанын айту керек. Мәселен, И.И.Чернышева неміс тілі фразеологиясын қарастырғандағы ғылыми тұжырымдары әрі ресейлік, әрі шетел фразеологиясына ортақ жетістік деп бағалауға болады.

Кеңестік фразеология 50-70 жылдары бұл пәннің шетелге қарағанда дамуы жағынан жақсы жетістіктерге жеткенімен ерекшеленеді. Сол кезде айтылған көптеген идея, пікірлерді ағылшын тілділер, әсіресе, неміс тілділер барынша пайдаланған. Бұл ретте, неміс фразеологиясының қарқынды зерттелуінде (бірінші кезекте Германия мен Швейцария) кеңес зерттеушілерінің іс тәжірибесіне көп сүйенген.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында фразеологизмдердің классификациясына деген қызығушылық кеми түсті. Фразеологизмдердің түрлері туралы айту тек оқулықтарға тиесілі болды.

Енді фразеологизмдердің ары қарай зерттелуі нақты синтаксистік, фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері туралы, олардың дискурстық көрінісі, прагматика және олардың психологиялық қабылдау ерекшеліктері туралы болды. Соңғы бағыттар алдымен американдық,

итальяндық психолінгвистикада, когнитивтік психологиядан көрініс тапты.

Қазіргі кезеңде фразеологияны зерттеу орталығы Ресейден в Батыс Еуропаға ойысты, ал АҚШ та фразеология әлі экзотикалық пән ретінде қалып отыр. Бұл жөнінде «Об этом свидетельствует проведение регулярных европейских международных конференции, находящаяся в печати энциклопедия «Фразеология» и планируемый издательством Mouton de Grueter ежегодник «Phraseology». Интересно англосаксонская лингвистика традиционно не уделяла и до сих пор не уделяет должного внимания фразеологии» дейді Баранов [2008, 20]

Орыс фразеологиясында қазір сөздік жасау ісі басымдыққа ие болды. Соңғы он жыл көлемінде В.Н.Телия, А.И.Федоров, В.М.Мокиенко, Н.Ф.Алефиренко т.б. фразеологиялық сөздіктері жарыққа шықты. Лексикографиялық бағыттағы жұмыстар ішінде С.И.Лубенскаяның [2004] сөздігін ерекше атайды. Себебі бұл сөздік орыс фразеологиясын ағылшын тіліндегі тіркестермен жан жақты, мейілінше толық салыстырылып жасалғандығымен құнды.

Фразеологияға қатысты шетел және ресей еңбектермен таныса келе, байқалатыны зерттеушілердің шектеулі мәселелермен шұғылданғаны байқалады. Атап айтқанда:

- фразеологизмдердің классификациясы (типологиясы)
- фразеологизмдердің варианттылығы
- фразеологизмдердің семантикасы және сөздіктегі сипаттамалары (лексикология мен фразеологизмдердің лексикографиясы)
- фразеологизмдердің синтаксистік ерекшеліктері – американдық дәстүр бойынша «поражающая грамматика»
- авторлық фразеология
- фразеологияның дискурстық аспектісі
- фразеологизмдерді ұғынудың психолінгвистикалық аспектісі

Ресей фразеологтарының зертеулері арасында А.Н.Баранов пен Д.О.Добровольскийдің «Фразеология теориясының аспектілері» [2008] ерекше атауға болады. Бұл зерттеуде фразеологияның іргелі категориясы идиомалылық пен идиома, фразеологизмдердің лексикондағы өзіндік ерекшеліктері, фразеологизмдердің типологиясы, фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері және мағына модельдерінің ұғымдары, ішкі формамен фразеологизм мағыналарының өзектіленуі, фразеологизмдердің

дискурсивтік және синтаксистік сипаты, авторлық фразеологизмдер, фразеологизмдердің ұлт мәдениетімен байланысы қарастырылады.

Кітапта зерттеудің теориялық негізі ретінде лингвистикалық семантиканың қазіргі талаптары, лексикографияның және дискурс теориялары басшылыққа алынған. Сондай ақ, тілдің заманауи даму кезеңін тек когнитивтік ғылым мен когнитивтік лингвистиканың категорияларына қарай жаңа мәселелерді көтерген.

Авторлар бұл еңбекте фразеологизмдерді тілдік ерекшелік қана емес, тіпті бейнелілігімен ерекшеленетін тіркестер мағынаның өзектіленуіне соншалықты әсер етпесе де, мазмұн өресінің бір бөлігі ретінде когнитивтік феномен (құбылыс) деп атайды. Бұл ретте, фразеологизмдерің ішкі формасының ақиқат семантикасы фразеология туралы тың аспектілерді таратып айтуға болады дейді.

А.Везбицкаяның және басқалардың зерттеулерінен кейін әлемнің тілдік категоризациясы негізінен мәдениетке байланысты екендігі байқалды.

Жалпы алғанда ресейлік зерттеушілердің кейінгі толқынындағы бір ерекшелік, көптеген авторлар фразеология туралы көпке мәлім теорияға түрлі толықтырулар мен жаңа бағыт, жаңа ой әкелуімен өзгешеленеді. Мәселен, В.М. Савицкий «Основы общей теории идиоматики» [2006] деген еңбегінде идиомдарды (фразеологиялық тұтастық) құрылымдық, логикалық және семиотикалық тұрғыдан қарастырады. Идиомдарды қолданбалы бағытта түрлі мәдениет өкілдерінің өзара мәдениеттер тоғысында (кросс культура) түсіністік пен коммуникативтік деңгей әсерін қалыптастыру және жетілдіру мақсатында тілдік тұлғаның әлеуметтік және этномәдени ерекшеліктеріне назар аударады. Сөйлеуде көрінетін жеке тұлғаның қолданыстағы сөзі (продуцент) сөйлеу идиолектизмі, ал сөйлеуде байқалған этникалық ерекшелігі – сөйлеу идиоэтноизмі деп аталады дей келе, автор «Идиоэтноизм речи – это специфика формы выражения мысли речью на данном языке, определяемая этнокультурным и этноязыковыми факторами» деп нақтылайды. [13]

Әдетте ойдың қалыптасуы мен жарыққа шығуын сөйлеу қамтамсыз етеді. Тіл өкілдерінің ұжымдық интеллектісі ойды жеткізудегі сөйлеуді електен өткізе отырып, қажеттісін қалдырып, ұтымды жақтарын сақтап қалады. Сәтті қолданған атаулар мен ой тұжырымдарының ұжымдық интеллектінің күшінің нәтижесінде сақталып қалуы сөйлеу идиоэтноизмі ретінде әрі табиғи және аутентикалығы болып қабылданады.

Сөйлеу шығармашылығы бойынша тілдік тұлғаның жеке ерекшелігі, мысалы, сөйлеушінің әлеуметтік мәртебесі, сондай ақ, этномәдени сипаттары аңғарылып тұрады. Сөйлеу ойдың жарыққа шығуы. Ойдың қалыптасып, сөйлеу арқылы жеткізілуінде этномәдени фактордың ықпалы бар. Тіпті түрлі ереже, нұсқаулықтардың жазылып, жеткізілуінде, мәселен орыс мәдениетіне тән сипат тура әрі қатаңдық байқалса, ал ағылшындарда жағдаятқа қатысты солай етуге тиісті екендігі жанама, биязы түрде жеткізіледі.

Мысалы:

Орыс тілінде Посторонним вход воспрещен (Вход только для персонала)	Ағылшын тілінде Personal only
Не стучать, закрыто (Приходите после перерыва)	Welcom after break
Не сорить (Пользуйтесь урнами)	Use bins

Мысалдарды салыстыра келгенде байқалатын нәрсе, әр ұлттың логикалық ойлау формасы түрліше екендігі байқалады.

Қазақ тіліне қатысты айтсақ, орыс тіліндегі нұсқалары тікелей калькаланып беріліп жүр.

Фразеологияны зерттейтін ресейлік лингвистер көбіне роман герман тілдеріндегі фразеологизмдерді қарастырады. Сондай ақ, қазіргі бағыттарында орыс роман герман тілдік фактілері салыстырылады. Бұл қазақ тілшілеріне қарағанда, олардың бірнеше шеттілін меңгерулерінің арқасында мәдениеттер тоғысындағы коммуникация әсері маңыздылыққа ие болып тұр. Әр ұлттың тіліндегі қалыптасқан тұрақты тіркестер арқылы сол ұлттың тұрмыс тіршілігінен, мәдени өмірінен хабар аламыз. Десек те барлық фразеологизмдерде ұлттық мәдени ерекшеліктер кездесе бермейді. Бұл пікір де жоғарыда талданған зерттеулер нәтижесіне саяды. Демек, фразеологияның семантикасы мен прагматикасын зерттеудің кейінгі болашағы нақтылы дискурсты талдау болып табылады. Дискурсқа қатысатын коммуникаттардың екі жақты әрекеттерінде фразеологизмдер идиоэтноизм факторларын айқындайды.

## 1 ТАРАУ

### Фразеологияның когнитивтік-семантикалық аспектілері

---

#### 1.1 Фразеологизмдердің тұрақталу ерекшеліктері

Қазіргі қазақ тілінде фразеология мәселесіне қатысты **тұрақты тіркестер және фразеологизмдер** деген тілдік термин бар дедік. Бұл екі термин параллель қолданыста жүргенімен, кей ретте *тұрақты тіркестер* кең мағынада, ал *фразеологизмдер* тек идиомдар, яғни нағыз фразеологизмдер ұғымында қабылданатын тұстары бар.

Қазақ фразеологиясы да басқа ұлт тілдеріндегідей өзінің зерттелу тарихында классикалық дәуірін бастан өткізді. Осы тұста қазақ тіліндегі фразеологизмдер зерттелу дәрежесіне қарай, тілдік бірлік ретінде анықталып, тақырыптық семантикалық топтарға бөлінді, стильдік ерекшеліктері біршама сөз етілді. Тілдегі фразеологиялық фактілер күні бүгінге дейін көптеген ғылыми еңбектердің ізденіс нысаны болып келеді. Алайда бұрынғы кеңестік дәуірден басталған фразеологизмдерді тар және кең мағынада түсіну, яғни мақал-мәтелдердің «дауы» – бұларды фразеологияда қарастыру керек пе, жоқ па деген пікірлер қазақ фразеологиясында да аракідік бас көтеріп қояды. Бірақ оған пәлендей маңыз беріп, нүкте қою екінші кезектегі мәселе ретінде қалып отыр. Демек қазақ фразеологиясының даму деңгейіне кейінгі ғылыми ізденістер көрсеткіш болғанымен, бұдан басқа да кейбір түпкілікті айтылатын ойтұжырымдар әлі айтылмай келеді.

Фразеологияның зерттеу объектісі не деген сұрақ В.В. Виноградов жазған еңбектерде айқындалды. Фразеологизмдерді топтастырудың В.В.Виноградов ұсынған үлгісі тек орыс тіліндегі фразеологизмдерді жүйелеп, сипатын анықтау ғана болған жоқ, келе-келе ол бұрынғы Одақ көлеміндегі ұлт тілдеріндегі тұрақты тіркестерді анықтап, жүйелеуге көш басы, үлгі ретінде пайдаланылды. Қазақ фразеологиясының негізін салған І.Кеңесбаевтың да өзі айтқандай «табан тіреген» тұсы осындай ұстанымдар еді.

Тілші ғалымдардың ден қойған әрі талассыз аксиомаға айналған, фразеологизмдерге қатысты айтылатын *үш түрі* мен *үш белгісі* қазірге дейін ғылым тұғырынан түспей келеді. Олар: **фразеологиялық тұтастық**,

**(идиом сипатындағылар) фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек** деген **түрлері** болса, **белгілері**: *мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, даяр қалпында қолданылу тұрақтылығы*. Бұлар семантикалық топтастырудың ұстанымдарынан туындайды.

Алайда мұндай топтастыруды пайдаланудың тиімділігі барынша пәрменді болу үшін фразеологиялық жүйенің өзіндік ерекшеліктеріндегі кейбір басы ашылмаған тұстарын анықтау қажет. Сөйтіп осы белгілеріне қарап қана тілдегі фразеологиялық материалдар толық қамтыла ма деген заңды сұрақ туады. Сонда аталған түрлері мен белгілеріне сай келетін тіркестер ғана фразеология аясында қарастырылу керек пе? Олай болса, фразеологизмдердің түрлерін еріксіз шектеуге әкелмейміз бе деген ой келеді. Тіпті талас туғызып келген мақал-мәтелдер қай салада қарастырылуы тиіс, штамп сөздер мен нақыл сөздер т.б. толып жатқан тұрақты қолданыстағы тұрақты тіркестер түрлері қандай зерттеу нысанынан көрінуі тиіс.

Фразеология лексикологияның аясында қарастырылып, оқытылып келе жатқандықтан, көп жағдайда бұл пәннің фразеологиялық бірлік деген терминінің аты өз затына сай түсіндірілмей келеді. Бұл ретте лексикалық бірлік қандай тілдік теориялық зерттеуге лайық және қажет болса, фразеологиялық бірлік те сондай ғылыми зерттеуге лайық және тұлғалық, мағыналық ерекшеліктеріне қарай тың тұжырымдарға сұранып тұрады. Өйткені тілдегі парадигматика мен синтагматикалық жүйемен қатар **э п и д и г м а т и к а л ы қ**, яғни тілдегі туынды, ауыспалы мағына туралы үшінші жүйені, фразеологизмдерге қатысты етіп, қазіргі заман лингвистикасы үшінші өлшем ретінде қарастыруды ұсынады. Олай болса, фразеологизмдердің зерттеу нысаны бұрынғы қалыптасқан қасаң деңгейлерден жоғарылағаны лазым.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы ерекше мәртебе алатын тұрақты тіркестер тобы мен идиомдар жоғарыда аталған үш белгінің аясынан шығып кететініне тілдік фактілер куә. Демек фразеологизмдерді семантикалық белгісіне қарай топтастырсақ, онда кейбір тұрақты тіркестерде семантикалық белгі байқалмайтын мысалы, *халық әні, Батыс Қазақстан т.с.с.* тіркестер қай түріне қосылу керек.

Біздіңше, **фразеологизмдер үшін ең басты анықтама олардың тұрақты және даяр қалпында қолданылуы**. Тұрақтылық пен даяр қалпында дегендер бірін-бірі толықтыратын әрі бірінен-бірі туындай-

тын ұғымдар. Фразеологизмдерді танып білуде осы **даяр қалпында қолданылу, тұрақтылық** деген белгілері басқа да «еркін» сөз тіркестерінен бірден бөліп қарап, тануға жәрдемдеседі. Зерттеушілер де фразеологизмдердің осы ерекшелігіне баса назар аударады. Сонымен лингвистикалық пән ретінде қазақ фразеологиясының алдында **тұрақты және даяр қалпында жұмсалыу белгісі** делінетін ең басты маңызды көрсеткішке апаратын бірнеше себептерді атауға болады. Олар:

- ◆ Тіркестердің тұрақталу құбылысының мәнін ашу;
- ◆ Дағдылы, жалпы қолданыстағы тіркестердің даяр қалпында жұмсалатын тұрақтылыққа айналу себепін анықтау;
- ◆ Фразеологиялық тіркестерді тұрақтылығына қарай жүйелеу сияқты сұрақтарды шешу.

Бұл ретте тілдік таным үдерістеріне қарай және тілдік тұлғаға, яғни тілдің иесі адам арқылы анықтау басым бағытқа ие. Антропоцентрлік парадигма аясында ең алдымен адамның **қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету** сияқты адамдар санасының когнитивтік құрылымына назар аударылады.

Адамдардың іс-әрекетін сипаттайтын сөздердің мағынасын түсіну үшін, сол іс-әрекетке себепші болған нысандардың (объект) мақсатын, қызметін білу керек. Ол үшін:

- ✓ Алдымен ақпаратты (естіген сөз тіркесін) адам есте сақтап қалады. Табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін ақпараттар арқылы білім жинайды.
- ✓ Содан соң тіркес мазмұнына қарай санада ситуацияға (жағдаят) қарай «сценарийді немесе фреймді» елестетеді.
- ✓ Одан кейін естіген тіркесті жадында қайта жаңғыртады.

Ең алдымен сөз тіркесі қайтадан жаңғырылып, еске түсіріліп, даяр қалпында қолданылатын дәрежеге жету үшін айтушының (адам) өзі осы кезеңдерден өтуі керек. Әлде бір сөз тіркесінің тұрақтануында сол тілде сөйлеуші (айтушы) көрген, немесе естіген тіркеске қатты назары ауып, не қызығып, не қажет болып, соны еске сақтап қалуға тырысады. Мұны индивидтің «назары түскен лингвомәдени көрініс» деуге болады.

Адам миында есте сақтау құбылысы ең алғашында **ұғу, менгеру** сатыларын өткізеді. Оның санасында тіркес арқылы қабылданған мазмұн **ассоциацияланады**. Бұл – адамның бұрын жинаған тәжірибесі негізінде құралып, зат, құбылыстың сипаты, бейнеленуі туралы ой тұжырымының қалыптасуы. Жалпы ұғымды толық тану үшін, жан-жақты түсіну үшін адам санасында алғаш пайда болатын менталдық белгілер – ассоциациялар. Бұл – білім жинаудың амалы десек, ассоциациялар арқылы тану, түсіну бұрынғы тәжірибелер мен жаңа қабылданған түсініктер арасындағы байланыс деген сөз. Содан соң санада белгілі бір сүзгіден өтеді, яғни апперцепция жасалады, бұрынғы көрген-білгеніне қарай санада қайта талданады.

Тұрақтанудың алғашы сатысында тіркесті жадыда қалдыру кезінде сөздің сыртқы дыбысталу жағы да есте сақталады. Есте сақтау процесі баяу күйде тұрып қалмайды. Адам өз ішкі интеллектілік мүмкіндігіне қарай, есінде қалған тіркеске менталдық кеністік арқылы жаңа ассоциация іздеуі мүмкін. Оны сол ассоциациялар арқылы ұзағырақ есте қалдырғысы келеді. Түпкілікті есте қалдыру үшін апперцепцияны байытады, яғни бұрынғы көрген-білген, тәжірибесіне сүйеніп, таным-түсінігін, қабылдауын тереңдетеді. Соңғы қайта жаңғырту процесі кезінде естіген тіркестің мазмұн және түсінік жағын ұдайы жетілдірумен болады. (Бұл арада метафора, метонимияның орны ерекше). Демек болашақ концептінің жаңа белгілері уәждеделу белгілеріне қызмет етеді, концептуалдану үдерісі қалыптасады.

**Концептуалдану** – жинақталған білім, тәжірибе, бір сөзбен айтқанда санада қабылданған **акпараттарды** қалыптастыру және ұйымдастыру. Ал **категоризациялау** – жинақталған білім, тәжірибелерді сақтау, жапылау, оларды бір жүйеге топтастыру сияқты таным әрекетіне негізделген үдеріс.

Лингвистикалық тұрғыда грамматикалық формаларсыз сөздерді есте сақтау қиын. Сөз – материал болса, оның өкілі даяр тіркестер. Фразеологияның теориясында аса қажетті факторлар:

1. тіркестерде тұрақты лексемалардың болуы;
2. тұрақты грамматикалық формалардың сақталуы;
3. ассоциацияның болуы;



Енді фразеологиялық құрамдағы тіркестер қандай жағдайда, қандай негізде тұрақталады – фразеологияланады, қандай тіркестер қазақ тілінде тұрақты тіркестер құрайды.

Тіліміздегі мыңдаған, сансыз сөздердің бірі емес, тек таңдаулылары ғана тұрақтану үшін есте қалады. Басқаша айтқанда, сөз тіркестерінің тұрақты тіркестерге айналу себептері не. Қазақ тілінде қолданыста жүрген фразеологиялық қордағы тұрақты тіркестерді талдау барысында мынадай ерекшеліктер байқалады.

✓ Жалпы қолданыстағы тіркескен сөздердің ойды жеткізуде бейнелілігі мен мәнерлілігінің назар аудартатындай естуші мен айтушы үшін құндылығы болу керек.

✓ Жалпы қолданыстағы тіркестердің сөйлеу, айту мәнерінде қысқа айтылуға бейімділігі болады.

✓ Тіркестердің терминологиялылығы кездеседі.

✓ Жалпы қолданыстағы тіркестердің ішінде жинақталған ой қорытындысының болуы.

✓ Сөз тіркестеріндегі фразеологиялық шектелушілерінің кездесуі.

✓ Жалпы қолданыс ыңғайындағы тіркестердің ішкі мағыналарының жойылып кетуі.

✓ Номинативтік элементі бар тіркестер.

Бұл көрсетілген белгілер барлық тұрақты тіркестерге тән және осы аталған белгілердің біреуіне ғана ие болса да, (кейде бірнешеуі) тұрақтанудың себептері осылар деуге болады.

Мысалы, образды – мәнерлі тұлғаларға троптың түрлері арқылқы жасалған тіркестер жатады.

✓ Метафоралық тіркестерге: *тау толғатып тышқан тапты, мұрнынан шаншылу, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығу; көңіліне шайтан ұялау; от кешіп, мұз төсену; ішкені – ірің, жегені желім.*

✓ Тұрақты теңеулерге: *бес биенің сабасындай, тайға таңба басқандай; шақшадай басы шарадай; жаяу құғандай; қасқалдақтың қанындай; соқырға таяқ ұстатқандай.*

✓ Эвфемизмдерге: *қайтпас сапар шегу; қатты кету (ұрсу); қолды болу; аяғы ауыр;*

◆ Тұрақты гипербола мен литота: *темір етіктен теңгедей, темір инеден тебендей қалу, астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп;* қайталамалы (тавтологиялық) тіркестер: *айтып айтпай не керек, өзім өз болғалы, ашықтан ашық;*

Мұндай тіркестер эмоционалды-экспрессивті боп келеді. Образды-мәнерлі тұлғаларға дәстүрлі топтастырудағы фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тізбектер енеді. Бұлардың барлығы халық жадында қайта-қайта жаңғырығып, өзіндік көркемдік ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Көрсетілген тіркестердің әрқайсысысы әншейін сөздерді жай таңдап алып, тіркесімділігін қолдан жасаған жоқ, керісінше сөздердің ауыспалы мағыналарында қиялмен елестету, салыстыру, теңеу тұр. Егер бұларды қолданыс ыңғайында әлдеқандай бұзып айтса, ол тіркестердің мәнерлілігі мен бейнелілігі жойылып, эмоционалдық бояуына нұқсан келеді.

Ал тілдік қолданыста қысқа айтуға бейім тіркестерге о бастан жасалу, айтылу мәнері тән. Мысалы:

*айттым – бітті, кестім – үзілді; өзі – би, өзі – қожа; ісіп- кебу; а дегенше; іле-шала т.б.*

Мұндай тұрақты тіркестер сөйлеу тілінде есте жақсы сақталады. Қысқа да нұсқа, әрі ойды тез аяқтайды. Қазақ тілінде мұндай тіркестердің өзі ішкі семантикасы жағынан әр түрлі.

Терминдік фразеологиялық тіркестерге әр ғылым саласының құранды терминдері жатады. Мұндай терминді тіркестер екі есе тұрақты боп келеді. Себебі тіркестерде терминдік қатынас болғандықтан, олардың бір компонентін басқа сөздермен алмастырсаңыз, онда мүлде жаңа тіркестерге тап боласыз. Мысалы: *нарықтық қатынас – адамдық қатынас, электрон бұлты – аспан бұлты;*

Фразеологизмдер ұғым мен заттың атын атап, түсін түстемейді. Бағалаушылық қасиетімен шындық болмысты бағалайды. Алайда даяр қалпында жұмсалып белгісі кейбір атаулық элементі бар тіркестерге тән. Мысалы: *халық әні, Нұротан партиясы, Тіл департаменті т.б.*

Сонымен аталған фразеологиялық тіркестердің түрлерін қарасақ, олардың әрқайсысының тілімізде орасан зор қызметі бары айқындалады. Сөйлеу тіліндегі адамның ішкі эмоциясы, ойының экспрессиясы, айтушының сөзіндегі образдылық пен мәнерлілік болу керек десек,

онда фразеологиялық тұлғаларға жоғарыдағы аталған түрлері түгелдей қызмет етеді. Әдетте айтушы ойын қысқа, нақты жеткізсе, онда тұрақты тіркес тобының эллипсисті, яғни қысқа түрлері қолданылады.

Ал терминологиялық тіркестер арқылы адамдар жаңа игерілген білімін танымдық ұғымды кеңейтудің құралы ретінде жарыққа шығарады, өз сөздерінде нақтылықты көрсетеді.

Қорытылған ой-тұжырымдар – афористік тіркестер арқылы айтушы өз ойын халық даналық пікірлерімен түйіндеп отырады. Мәнмәтінде В.Виноградов топтастыруындағы тұрақты тіркестер түрлерінің барлығы байлаулы мағыналарына қарай, айтушының түрлі ситуацияларда ойын бейнелі, мәнерлі, әсерлі етіп жеткізудегі ең қолайлы, қажетті фразеологизмдер ретінде қолданылады.

Қазақ тілінде фразеологизмдерді функционалдық аспектісіне қарай жүйелеуде олардың пәрменді қолданыс фактісіне қарамастан, тұрақты тіркестер түрлері толық қамтылмай жүр деуге болады.

Демек, фразеологияның, яғни тұрақты тіркестер аясында өзіндік ерекшеліктерімен **терминдік тіркестер**: *сөз түбірі, магнит өрісі;*

**штамп, клишелер**: *қайта құру, еңбек озаттары, ішкі және сыртқы саясат;*

**нақыл сөздер**: *еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей;*

**мақал-мәтелдер**: **өнерлінің өрісі кең, даяр асқа тік қасық** т.б. топтастырылуы керек. Бұлардың барлығына тән критерий – олардың даяр күйінде қолданылу белгісінде көрінуі. Соңғы жылдары фразеологизмдерді машиналық аударма сәтінде сөзбе-сөз аударуға келмейтін тіркестерді де тілшілердің фразеологиялық тіркес деп қарастыруы тұрақты тіркестердің тағы бір белгісін қалыптастыруының шарты болмақ.

Әр ұлттың өзіне тән сөйлеу әрекеті қалыптасқан. Адамзатқа тән ойлаудың ортақтығы сөйлеу әрекетінің типтік жалпыланған түрін көрсетеді. Мәселен, қазақтың ұлттық дүниетаным ерекшеліктері оның тілінде көрініс тапқан ұлттық құндылықтарынан байқалады. Ал ұлттық құндылықтар арасында прагматикаға негізделген афористік ойлау үлгілері бар. Мұнда менталдық қасиеттер барынша мен мұндалап тұрады.

Мәселен, сөйлеген кезде «аттыға сөз, аяқтыға жол бермейтін», «қара сөзді қамшы қылған», «сөзі мірдің оғындай», «қызыл тілден май тамызған», «орақ ауыз от тілді», «тілге жүйрік» болу үшін айтушының

көркем ойының кемелдігі афоризмнен бастау алады. Афоризмдерде ой тиянақтылығы басым болғандықтан және ықшамдылығы мен бейнелілігі арқасында тұрақты тіркеске айналуға бейім тұрады. Тұрақталған афоризмдер тындаушыға белгілі жағдайда ой тастайды әрі ассоциация туғызады. Фразеологизмдерде субъективизм басым болатынындай, афоризмдер тілдік тұлғаның прагматикалық ұстанымына қарай, жеке адамның дүниетанымының көрінісі ретінде жарыққа шығады. Бұған дәлел ретінде Абайдың афоризмдерін айтуға болады. Мысалы: *Құйрығы – шаян, беті адам; Досыңа достық – қарыз іс; Қайғы көрсең қарсы тұр, құлай берме.*

Афористік тіркес арқылы – өзіндік тұжырым мен ой қорытындысын жасау: *сананы тұрмыс билейді*, Бұлардың адам санасында толық меңгеріліп, сіңірілуі ұзақ уақытты қажет етеді. Мұндай ұзақ уақытты қажет ететін күрделі ой қорытындысын жасау оңай емес.

## 2.1. Фразеологизмдердің еркін тіркестер негізінде қалыптасуы

Фразеологизмдердің қалыптасу үдерісі мынадай когнитивтік үлгіде жүзеге асырылады: **денотат** (құбылыс, оқиға, дерек және т.б) → **мазмұн** → **бейне** → **сигнификат** (басты белгілері мен сипаттарының жиынтығы) → **сөз тіркесі** → **фразеологизм**. Аталған когнитивтік үлгі жан-жақты кеңінен түсінікті етіп талдауды қажет етеді.

Фразеологиялық тұлғалардың қалыптасу негізі еркін сөз тіркесіне тіреледі, басқаша айтқанда, еркін тіркестер көптеген тұрақты тіркестердің жасалуына ұйытқы болады. Мұны бірқатар тұрақты тіркестердің еркін сөз тіркестері модельдері негізінде жасалғанын, әрі ондай құбылыстар осы кезге дейін сақталғандығынан көруге болады.

Мысалы: *етпетінен жату – етпетінен түсу, зат көру – қол көру (ойын), жіп жалғау – жүрек жалғау*. Осылардың алдыңғылары еркін сөз тіркестері де, ал кейінгі сыңарлары – еркін сөз тіркестерінің құрылымдық үлгілері негізінде жасалған тұрақты тіркестер [Қараңыз: Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. А., Санат. 1997, 17].

Тұрақты тіркестер диахронды зерттелмейінше олардың синхрондық жағдайы толық ашылмайды. Фразеологиядағы тарихи принцип о бастағы

еркін сөз тіркестерінің фразеологизмдерге айналу процесін тұтастай толық талдау жасауды қажет етеді. Алдымен тіркестің алғашқы тура номинация – денотаттың әлде бір оқиға мен құбылыстың атауы болған кезін, содан кейін айналадағы шындық болмысқа, яғни референтке қатысын айқындау керек.

Мысалы, қазақ тілінде **қамшы болды** деген фразеологизм бар. Оның мағынасы: *бір нәрсеге қозғау салды, түрткі болды, итермеледі*.

**Қамшы** – ұлттық мәдени лексика, құралдың атауы. Ұлттық мәдени сөздерге жататын себебі қазақтардың бұрынғы тұрмыс тіршілігінде қамшының орны мен рөлі ерекше. Оның қайыс таспадан өрілген түрлері, жасалу жолдары, сабының сапасы сияқты өзгешеліктері тек қазақ мәдениетіне ғана қатысты. Құрал ретінде малды айдайды, атты қамшылау үшін пайдаланылады. Демек малды әрдайым қозғалуға, тез жүруге итермелейтін, түртетін нәрсе, зат атауы – қамшы. Ал қимылдың аты – қамшы салу, қамшы болу. Келе-келе затты немесе құбылысты танудың қорытындысы салыстырмалы түрде ұқсас құбылыстың атауына көшкен. Қазақ тілінде **қамшы болды**: *бір нәрсеге қозғау салды, түрткі болды, итермеледі* деген ауыспалы мағынаға ие болып, фразеологизмге айналған.

**Қамшы** сөзі ұйытқы болған мынадай фразеологизмдер бар:

- қамшы боп тию – *жанына бату*
- қамшы болу – *түрткі болу итермелеу*
- қамшыдай қатты – *арықтау, жүдеу*
- қамшы жеу /көру/ – *таяқ жеу, соққы жеу*
- қамшы жұмсау – *ұру, соғу*
- қамшының астына алу – *соғу, сабау*
- қамшы ойнату – *ұру, зорлық жасау*
- қамшы кесті шабан – *аяғын баспау*
- қамшылар жақ – *оң жағы деген мағынада*
- қамшы салдырмау – *қамшы тигізбей жүріп отыру*
- қамшы салым жер – *өте жақын жер*
- қамшысын алып кенлуге /беруге/ жарамау – *болбыр, бос, қолынан ешенәрсе келмейтін адам*
- қамшысына қан сорғалаған – *қаныпезер, жауыз, билігі жүріп тұрған адам*

• қамшысын үйіріп отыру – *ақырып отыратын озбыр, ұрысқақ адам*

• қамшы сілтесіп жүру / келу / – *ерегесіп, кіжінісіп жүру*

• қамшы тигізбеу – *қамшы салдырмайтын жүйрік ат*

• қамшы үйіру – *күш көрсету, қорқыту*

(ҚТФС 312-313 б.)

Мысалдардағы **қамшы** сөзі мен оған қатысты тіркестер ұқсастық пен ассоциация негізінде екіншілік номинативтік аспектіге ауысты.

Фразеологизмдердің семантикалық-бағалауыштық ерекшеліктері осындай мәдени коннотацияның ықпалынан байқалады. Коннотация – әлем туралы ассоциативті білімді ілестіре жүретін (адамдар зат пен құбылыс арасындағы ұқсастықтан, оларды бір-біріне салыстыру, ұқсату арқылы жаңа білім жинайды) сөз немесе тіркес туралы жасырын (имплицитті) түсініктердің тарихи дамуының нәтижесі. Шын мәнінде фразеологизмдерде ұлттық-мәдени дәстүрлер, стереотиптер мен эталондар басымдық танытады. Адамдар зат пен құбылыс арасындағы ұқсастықтан, оларды бір-біріне салыстыру, ұқсату арқылы жаңа білім жинайды. Фразеологиялық тұлға негізіндегі ассоциативті-бейнелі генетикалық байланысты білдіретін бұл ақпарат коннотацияда өзектіленеді.

Коннотация туралы: В.И.Говердовский: «Коннотация – душа языка. И это не метафора, если рассматривать денотацию как рациональное, а коннотацию как эмоциональное содержание языка. При денотативном обмене происходит сближение умов говорящих; при коннотативном взаимопонимании совершается слияние душ. Смотря, как двуликий Янус, одновременно в разные стороны, коннотация вносит в нейтральную литературную речь легкую стилистическую пестроту, а в сознание говорящих – приятное оживление» деп жазады. [1989: с. 95].

Фразеологиялық тұлғалардың бұлай тұрақталып қалыптасуын тілдік тұрғыда зерттеудегі басты назар аударатын тұс – олардың еркін тіркес негізінде пайда болуы. Қазір тұрақты тіркестердің еркін тіркес түріндегі бастапқы уәждері (мотивтері) бұрынғы салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, өнермен бірге көмескіленіп кеткен. Солардың мағыналарын ұлттық мәдени негіздерге сүйене отырып, фразеологиялық мағына болып қалыптасуын талдап көрсетуге болады.

Е.А.Диброва орыс тіліндегі фразеологиялық тіркестердің шығу те-

гін еркін сөз тіркестерімен байланыстыра қарап, еркін сөз тіркестерінің тұрақты тіркестерге ауысуының бес кезеңін көрсетеді (1979, с. 37).

I – сөздердің еркін тіркес кезеңі.

II-III – еркін тіркестің тұрақты тіркеске ауысу кезеңі.

IV-V – тұрақты тіркестің қалыптасу кезеңі.

Фразеологиялық тіркестер өз-өзінен пайда болмайды, олардың белгілі бір дәуір, уақыттың мәдени және қоғамдық тұрмыс-тіршілігінің тарихи көрінісі болып табылады және халық түсінігіне байланысты сенімдер тілдегі тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болады, сол сияқты қазақ халқының ертегілері қазақ фразеологиясының мағыналық динамикасын бейнелейтін бастапқы мәндерін білдіретін сюжет, фреймдер бар.

Фразеологизмдердің көпшілігінің қалыптасуы қандай да бір сюжетке, тарихи немесе мәдени дерекке келіп тіреледі. Еркін тіркестер тұрақты тіркестерге айналуына дейін өте күрделі жолдан өтеді. Егер сөз тіркесі сыңарларының бірі сапа-белгіні немесе іс-әрекетті білдіру қасиеттерінен айырылса, басқаша айтқанда, лексикаланып, мағыналық тұрғыдан өзгеріске түссе, ондай тіркестер сөз тіркесі болудан қалып, фразеологиялық тіркестердің немесе атаулық тіркестердің қатарына көшеді. Демек, бұл аталған тіркестердің түпкі тегі еркін сөз тіркестері деген сөз. Осыған байланысты фразеологиялық тұлғалардың қалыптасуында тілдің ұлттық психологиямен, тарихпен, мәдениет және тұрмыс тіршілікпен байланыстарына ерекше назар аудару қажет.

Фразеологиялық мағынаның өзі нақты айқын мағынасы бар еркін тіркестің метафоралануынан пайда болады. Бірақ бұл фразеологиялық тіркестің жасалуының жалпы көрінісі ғана. Фразеологиялық мағынаның пайда болуына осы сияқты тілдік факторлармен қатар, тілді тұтынушы халықтың өзіне ғана тән түрлі мәдени өмірі ерекше ықпал етеді.

Яғни тұрақты тіркестердің о бастағы еркін тіркестегі мағынасын айқындауда біз тарихи деректерге, халықтың тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге сүйенеміз.

Академик Ә.Қайдардың фразеологизмдерді зерттеуде этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – олардың ауыс мағынада қолданылу мотивтерін түсіндіру екенін айтқан. Расында, көптеген тұрақты тіркестер белгілі бір іс-әрекеттің, оқиғаның, наным-сенімнің, салт-дәстүр немесе дүниетанымның негізінде пайда болады. Олар даяр қалпында қолданылғанымен, оның қалыптасуына бір негіз болуға тиіс. Сондықтан

тіліміздегі тұрақты тіркестерді ұлттық мәдениеттің негізінде қарастыруда басты назар аударатын тұс – фразеологиялық тіркестердің еркін тіркес негізінде пайда болуы. Осыған орай олардың еркін тіркес түріндегі алғашқы мотивтерін ашу үшін, ең алдымен ұлттық мәдени деректерге сүйенеріміз анық, себебі тек ұлттық мәдениетімізде ғана халықтың бүкіл бұрынғы өмірінің көрінісі сақталады. Яғни қазіргі даяр қалпында қолданылатын тұрақты тіркестер халқымыздың бұрынғы өмірі мен тыныс тіршілігінен хабардар етеді. Бұған дәлел жоғарыда «қамшы» лексемасына қатысты талдауды айтуға болады.

Зерттеушілердің пікірінше, еркін тіркестің тұрақты тіркеске ауысуының басты себебі, еркін тіркестің құрамында бір немесе бірнеше фразеологиялық байлаулы мағынадағы немесе қолданысы шектелген сөздердің пайда болуы әсер етеді, яғни еркін тіркес құрамындағы жеке кейбір сөздерде олардың ескірген семантикалық негізінде фразеологиялық байлаулы мағына қалыптасады.

Жалпы, тұрақты тіркестің қалыптасуы – адамның белгілі бір түсінікті одан әрі жарқын, нақты бейнелі етіп жеткізуге, әңгімелеушінің тыңдаушыға ойын өте әсерлі етуге тырысуының нәтижесі.

Заттық мәдени лексика негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестерге (көнектей болу, сабасына түсу, киіт кигізу) тарихи тұрғыдан талдау жасаған Ж.Манкеева тұрақты тіркестердің алғашқы бетте бейнелеп айту мақсатында еркін тіркестерден жасалатынын айта келіп: «Уақыт ұзаған сайын еркін тіркестердің құрамындағы сөздердің мағына жағынан берік, табиғи бірлігі нығая келіп, тұтас бір мағына қалыптастырған. Оларды құрайтын компоненттердің тілімізде жеке қолданылу жиілігі азайып, ылғи бейнелеу мағынасында айтылуы оны белгілі бір тіркес шеңберімен шектеп, ауыспалы мағынасын дамытады да, тура мағынасын көмескілендіреді. Сондықтан тарихи – салыстырмалы зерттеу барысында фразеологизмдерді бұрыннан бар сөздерді семантикалық өзгерту (трансформация) жолымен жасалған екінші дәрежелі номинация нәтижесі деп анықтауға болады», – дейді [2008: 208 б.].

Сондықтан тұрақты тіркестердің қалыптасу мотивін әр ұлттың тарихынан, мәдениетінен, оның көзқарасы мен дүниетанымынан іздеген жөн. Осылардың бәрі тұрақты тіркестердің бейнелі – фондық негізін құрайды.

Ә.Қайдардың сөзімен айтқанда: «Образно-фоновой основой словес-



ных выражений чаще всего выступают такие факторы, которые характеризуют социально-экономический уклад жизни данного народа, его духовный мир и материальную культуру, быт и нравы религиозно-мифологические представления и верования и т.д.» [1998: с. 59].

Енді төменде қазіргі қазақ тілінде жиі қолданыста жүрген кейбір фразеологизмдердің алғашқы еркін тіркес түрінде айтылған бұрынғы формаларының мазмұнына жан-жақты талдау жасап көрсепк.

Тілімізде **қыр көрсету** тіркесінің мағынасы – айбат қылу, доң жасау (ҚТФС,376). Мысалы:

*• Кенесары қырғыз манаптары Орман-Жантайдың әлеуметтік менмендігі, билікке таласушылығы, мәмілеге келе алмай, бір-біріне, **қыр көрсетіп** күш сынасуының аяғы нағыз орта ғасырлық феодалдық жанжалға айналып кетеді. (Хан Кене. 249 б.).*

Бұл тіркестің де фразеологиялық ауыспалы мағынаға ие болуына себеп – о бастағы еркін сөз тіркесі.

**Қыр көрсету** тұрақты тіркесіне негіз болған қыр сөзінің тілдік қолданысы өте кең. М.Қашқари сөздігінде «қырдың» төрт мағынасы кездеседі.

- қыр 1 – қыр. қыр жағы; – қыр жауы – кекті жау.
- қыр 2 – боз: қыр түсті, қыр ағ; – боз ат
- қыр 3 – бөген, тоған
- қыр 4 – төбе, дөң; тау қыраты (1 том, 383).

Қазір де қазақ тілінде **қыр** сөзінің зат есімдік төрт мағынасы бар:

1. Созылып жатқан биік жер, жал.
2. Ауылдан сырт жер.
3. Бір нәрсенің сырт жағы.
4. Киімге үтік басқанда пайда болатын қатпар.

Сонымен қатар, мынадай ауыспалы мағынада қолданылады:

• Адамның жеке басының жай көзге байқала бермейтін жасырын сыры, қалтарысы.

- Біреуге көрсетілген жағымсыз қылық, мінез, сес.
- Бір нәрсеге деген икем, еп.

«**Қыр көрсету**» тұрақты тіркесінің қалыптасуына осының ішіндегі біреуге көрсетілген жағымсыз қылық, мінез, сес түріндегі ауыспалы мағынасы негіз болған. Сонымен қатар, осы **қыр** зат есіміне қатысты мынадай фразеологиялық тіркестер де бар:

- *Алты қырдың астынан* – Алыс жерден, қашықтан
- *Көз қырын салу* – 1. назар аудару, қарау. 2. бас –көз болу, көмектесу.
- *Қыр астында* – Алыс емес, жақын
- *Қыр баласы* – қырда, кең жерде өскен бала
- *Қыр мұрын* – қырланып келген мұрын
- *Қыр соңынан қалмау* – соңына түсу, қудалау
- *Қыры кетті* – ісі оңға баспады, қырсыққа шалынды.
- *Қырына алды* – біреудің соңына түсті, ерегісті.
- *Қыры сынды* – тауы шағылды, беті қайтты.
- *Қыры тайды* – күйі кетті, нашарлайды

[ҚТТС. 6-т.: 610 б.]

Тәжік тілінде **қыр** сөзінің 3 түрлі мағынасы кездеседі.

**Қир** I. Возвышенность; холм, выступы и возвышенные места в горах.

**Қир** II. Смола; вар. перен. черный.

**Қир** III уничтожение, поголовное истребление.

[Таджикско-русский словарь. М., 1954, с. 789].

Мұндағы бірінші мағынасы қазақ тіліндегі мағынасымен сәйкес келеді.

Адам бейнесіне қатысты **қыр мұрын** тіркесі М.Қашқари сөздігінде **қывал** (қыбал) – түзу, қыр мұрын түрінде қолданылған.

Мысалы:

Арды seni қыз  
Воды аның tal

Жайлығ апың artушы  
Вигны тақы қывал

\* \* \*

Арбады сені қыз;  
Оның бойы – тал;  
Солқылдап оның аршасы,  
Мұрыны да қыр мұрын

[1 т., 473 б.]

К.К.Юдахиннің сөздігінде осы **қыр** сөзімен байланысты мынадай тіркестер де кездеседі:

**Жумыртқадан қыр таап** – придираясь к мелочам, копясь в подноготной: придирчиво (буквально: отыскивая грань у яйца).

**Қырына чык** – сесть кому-л на шею; анын алдында уяңдық кылсаң, ал қырына чыгып алат (если ты его будешь стесняться, то он тебе на шею сядет).

Мага **қыр көрсөтойун** дедиңби? Ты намерен меня запугать (493 с.).

Тағы бір мысал:

**Құйрығын сыртқа салу** – тайқып шыға келу, дүрдараздық білдіріп, томсару мағынасында [ҚТФС,1977: 359]. Бұрынғы еркін тіркестегі мағынасы – жылқыны үйірден бөліп алардағы жылқы жануарының үйірден бөлініп, құрық салдырмай, ұстатпай құйрығын сыртқа салып өз бетімен қаша беруі. Мұны жылқышылар **құйрығын сыртқа салу** деп атаған. Жағдаяттардың ұқсастығына қарай жоғарыдағы еркін тіркестер тұрақты тіркеске ауысу кезеңінде метафораланып, фразеологизм болып қалыптасқан. Қазақ тіліндегі фразеологиялық мағынасын мына мысалдардан көруге болады:

• Тобықтының биі **құйрығын сыртқа саларда**, майталманым деп, сенің қаншалықты жұмсарғаныңды біз де көрерміз. (М.Әуезов)

• Достардың, бірақ көбі келмей қалған  
Қырын қарап, **құйрықты сыртқа салған**  
Келген достың бәрінің жүні жығық  
Баяғы күріл де жоқ дүниені алған.

(С.Торайғыров)

Қырғыз тілінде басқа елден қашып кеткен адамдарды да осы тіркеспен сипаттаған. Мысалы:

Алтайдан келген қалмақтар

*Куйругун сыртка салбайбы? /Манас/.*

**Жібін //тамырын// тартып көру** – байқау, сынау мағынасында. [ҚТФС, 1977, 224]. Сөздікте берілген түсінікке дұрысы **сыр тартып байқау** деп қосса, оң болар еді. Тамырын сөзі бұл арада лексикалық вариант ретінде көрінгенімен, фразеологиялық нормаға сай емес. Ал **тамырын басып көру** деген мағыналас түрі жұмсалы нормасына сай келеді. Әдетте тамырды тартып көрмейді, басып көретіні шындыққа лайық. Сондықтан сөздіктегі вариант түрі (тамыры) басы артық сөз.

Бұл тіркестің тура мағынасын былай таратуға болады. Кездеменің (матаның) қатты немесе бос тоқылған түрлері болады. Бос әрі сирек тоқылған түрінің жіптері саусақ ұшы тиген сайын селдіреп, жіптері тарқатыла береді. Ширақ қатты тоқылған матаның жібі оңайшылықпен суырылмайды. Адамға қатысты ауыспалы мағынаға айналуы ұқсастық заңына негізделген. Сонымен қатар, тілімізде **суыртпақтап сұрау** – ақырындап сыр тарту дегенге саяды. Баяғыда кесте тігуге лайық түрлі-түсті дайын жіптер тапшы болғанда, бояуы қанық маталардан (қызыл т.б.) жіңішке жіптерді суыртпақтап кесте тігетін. Жіп суыруға арналған матаны *суыртпақ* деп атаған.

Бұл арада **Жібін тартып көру; тамырын басып көру; суыртпақтап сұрау** – мағыналас фразеологизмдер қатарын құрайды.

**Талқыға салу** – көпшілік сынына түсіру [ҚТФС, 1977, 490]. Талқы негізінде тері илейтін ағаштан жасалған құралдың аты. Малдың терісін түрлі киім-кешек т.б. заттар пайдаланғанда теріні жұмсарту үшін талқыға салып илеген. Қазіргі тілдік қолданыста адамдардың ой-пікір таластарын ортаға салған кезде **талқыға салу** тіркесі айтылады.

Сол сияқты, **құйысқаны берік, құлағы елең ету, мойнын бұру, жарасы жеңіл** т.б. толып жатқан фразеологизмдердің алғашқы мағынасы еркін сөз тіркестерінен құралған.

Фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктері мен прагматикалық-дискурстық сипатын жаңа бағыт когнитивтік фразеологияның тереңдете қарастыруға мүмкіндігі мол.

Әр ұлт тілінде өзіндік кумулятивтік ерекшелігімен байқалатын сырт тұлғасы сөз тіркестеріне ұқсас, бірақ құрылымы мен мазмұндық жағынан өзгеше болып келетін тіркестер кездеседі.

Әдетте сөз тіркесінің құрамы толық мағыналы екі сөзден тұрып, бір-бірімен сабақтаса мағыналық және синтаксистік байланыста болады. Мысалы, *алтын уақыт, көреген адам, орынсыз сөйлеу, жүріп кетті т.б.* Мұндай тіркестер үнемі синтаксистік топ құрайды. Тек өзара мағыналық байланыста ғана айтылатындықтан сөз тіркесі деп танылады. Кез келген сөздер бір-бірімен тіркесе бермейді.

*Сұлу қыз* тіркесіндегі *сұлу* сөзінің тіркесімділігі кең. Бірақ *сұлу терезе, сұлу құмырысқа* деп айтпайды. Ал осы тіркестерге ұқсас: *еркек кіндікті, басы ашық, жүз шайысу, қыпша бел, жел аяқ, аузын алу* жоғарыда талдаған сөз тіркестерінен мүлдем басқа. Бұлар құрамындағы сөздер арқылы бір мағына жасайды. Мағыналары: *Еркек кіндікті* – ер адам, *басы ашық/нәрсе/* – даусыз, айқын, *жүз шайысу* – ренжісу, *қыпша бел* – жіңішке бел, *жел аяқ* – жүйрік, *аузын алу* – пара беру; Көрсетілген мысалдар сөз тіркестеріне емес, фразеологизмдерге – тұрақты тіркестерге жатады. Бұлардың құрамын өзгертіп айтуға болмайды, әрі барлық сөздер бірігіп фразеологиялық мағына тудырады. Сондай-ақ, тек екі сөзден ғана емес, компоненттер құрамы әртүрлі болып келетін де тіркестер бар.

Мысалы, емін-еркін билеп төстейтін адамның әрекетін – *айрандай антап, күбідей күнмен /nicin/* деп бейнелі жеткізеді. Мұнда көсемше тұлғалы тіркестің соңынан қимыл қозғалыс етістігі тұруы шарт. Ал молшылықты білдіретін – *ит басына іркіт төгілу* тіркесінің грамматикалық түрленуі болады: *ит басына іркіт төгілген заман, ит басына іркіт төгілгендей* т.б.

Тез, жылдам мағынасын – *қас пен көздің арасында* – үстеу; Ескерту мәнінде айтылатын – *айтпады деме* толымсыз сөйлем; Ой толық жеткізілетін – *айран сұрап келіп, шелегіңді жасырма* сияқты құрмалас сөйлем типтес тұрақты тіркестер сөз тіркестерінен мүлде бөлек тілдік бірліктер. Талданған мысалдардың сөз тіркестерінен басты айырмашылығы: фразеологизмдер бір нәрсенің, заттың, құбылыстың атын атап тұрған жоқ, сол зат, құбылысты бейнелеп көрсетіп тұр.

Қазақ тілінің ең бай, құнарлы көзі – тұрақты тіркестер. Қатысым әрекетінде лексикалық бірліктермен қатар жүретін қолданыс аясы кең фразеологизмдер ең алдымен тіл байлығын көрсетеді. Фразеологизмдер

құрамындағы компоненттер, яғни сөз сыңарларының тұрақты тіркес мағынасын жасауда өзіндік ерекшеліктері бар.

Фразеологизмдердің семантикасы құрамындағы сөздердің жеке мағынасынан тумайды. Мысалы, *түйе үстінен сирақ ұйту* – ебедейсіз адамның қимылы. Ал *бүйректен сирақ шығару* – орынсыз сөйлеп қалатын, орынсыз жерде ұрыс-керіс шығарытын адамның қылығын айтады. Мұндағы *түйе, үсті, сирақ, ұйту; бүйрек, сирақ, шығару* – сөздерінің әрқайсысының өз атаулық, етістік, үстеу мағыналары бар. Бірақ фразеологизм құрамында барлығы бірігіп, фразеологиялық мағына жасайды. Кейде тұрақты тіркес компоненттерінің мағыналары фразеологиялық мағынаға сәл қатысты болады.

Мысалы, *тырнақ астынан кір іздеу* – жаманшылық, бәле қуу; *көзіне көк шыбын үймелету* – жазалау мәнінде айтылатын тіркестер. Ал бұл тіркестер о баста тура мағынада қолданылған, кейін ауыспалы мағынаға ауысқан.

## 2 ТАРАУ

### Когнитивтік фразеология

---

#### 2.1 Когнитивтік фразеологияның пәні, мақсаты мен әдіс-тәсілдері

Тіл білімінде фразеология мен когнитивистика фразеологизмдердің мағынасына қатысты бір-бірімен байланысты сөз етілетін бағыттар. Тұрақты тіркестердің мағыналық ерекшеліктері коммуниканттардың тілдік санасында түрлі мағыналық реңктермен сақталуын және прагматикалық-дискурстық үйлесімін зерттеу фразеологияның теориялық әдіснамалық негізінің тереңдеуін қажет етеді. Бұл өз кезегінде тіл біліміндегі когнитивтік зерттеулерге иек артады. Когнитивтік лингвистиканың гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы ізденіс жетістіктерін тілшілер бірден құптаған.

А. Киклевич: «Заслуга когнитивной лингвистики заключается в том, что она – восстав против сформировавшейся в XX в. традиции имманентного структурного языкознания – выдвинула на первый план «человеческий фактор», в частности ортажаемые в естественных языках структуры и способы познания» деп атап көрсетеді. [2007, с. 70].

Когнитивтік лингвистиканың базалық ұғымдары «концепт», «фрейм», «гештальт», «схема», «сценарий» т.б. о баста антропологиялық білім парадигмаларының түрлі когнитивтік ғылым салаларынан алынған.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер қазақ ғалымдарының түрлі ғылыми еңбектерінен көрінеді. Атап айтқанда, тілдік таңбаның мағыналық, мазмұндық мәні арқылы дүниені тану жағын қарастыру (Э.Д.Сүлейменова), адамзаттың этноментальді дүниесінің тіл арқылы берілуі (Н.Ж.Жарқынбекова), эмоция, гештальт-құрылым түріндегі концептілердің көрінісі (Қ.Жаманбаева), сөз әрекетіндегі когнитивтік модельдердің типологиясы, (Г.Г.Гиздатов), прозадағы контраст концептілердің тілдік көрінісі (С.Сүгірбекова), концептілердің ұлттық-мәдени компоненттері (Ш.Елемесова), байырғы ұлттық танымның көркем прозадағы тілдік бейнеленуі (Н.Аитова), кейіпкер тілінің когнитивтік мәні мен тілдік тұлға мәселесі (Ж.Сәткенова), концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерек-

шелігі (А.Әмірбекова), жеке лексемалар арқылы концепт мазмұнының берілуі (М.Күштаева, А.Смаилов т.б.) және т.б. ізденістер қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың пән ретінде қалыптасқандығының айғағы. Сондай-ақ, қазақ лингвистерінің когнитивтік аспектідегі зерттеу жұмыстарының нәтижесі қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік, «өмір-өлім», «жүрек», «жан», «өзім-өзге», «үй», «парыз», «әйел», «тары» т.б. концептілердің тілдік бейнелері сараланды. Когнитологияның қазақ тіл біліміндегі қарқынды дамуы «элитарлық лингвистикалық пән» (Мокиенко) ретінде фразеологияға да жемісті нәтижелер алып келді. Фразеологизмдердің қойнауларында жатқан экстралингвистикалық ақпараттарға деген қызығушылық бұрынғыдан да жан-жақты әрі тереңдей түсті.

Когнитивтік фразеология фразеологизмдердің семантикасын тілдік және тілдік емес ақпараттар арқылы дүниені қабылдау, сондай-ақ, тіл иесінің менталдық болмысының ерекшеліктерін терең, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Фразеологиялық мағынасының жасалуы мен қалыптасуын зерттеуде когнитивтік лингвистиканың мүмкіндіктері мол. Тіл мен танымның сабақтастығы нәтижесінде концептөрістегі білім құрылымы мен формасы және оның репрезентациялануы фразеологиялық зерттеудің жаңа парадигмаларына негіз болады.

Лингвистикада ерекше ғылыми бағыт ретінде когнитивтік фразеологияның қалыптасуы оның нысаны мен зерттеу пәніне байланысты. **Когнитивтік фразеологияның зерттеу нысанының проблемалары когнитивтік семантика, дискурология, психолингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану т.б. құзырлы ғылымдар тоғысында айқындалады.** Өйткені фразеологиялық тұлғаның семантикасы танымға байланысты десек, онда онымен (таныммен) жалғаса сөз етілуге тиісті мәселелер: фразеологизм прагматикасының дискурстық сипаты, санада және сөйлеуде тұрақталған тіркестің психолингвистикалық ерекшелігі, тұрақты тіркестің этнос тіршілігі мен оның мәдени өміріне қатысы талданады.

**Когнитивтік фразеологияның пәні – когнитивтік-дискурстық кеңістікте фразеологиялық тіркестердің таным мен мәдениет ықпалымен өзара әрекеттестігі.**

**Когнитивтік фразеологияның мақсаты – когнитивтік-қаты-**



**сымдық жағдаяттарды сипаттайтын фразеологизмдердегі концептістерді анықтау арқылы ментальдық модельдерді көрсету.**

*Фразеологиялық тіркесті айтылым дискурс* проблемасымен тікелей байланысты. Тек дискурс қана коммуниканттың тілдік танымының мәтіндермен ассоциативті мағыналық байланысын жан-жақты көрсете алады.

Адам өз тілдік болмысындағы концептіні бір тіркестің вариант, синоним қолданысы және түсінігі арқылы сыртқа шығара алады. Мысалы, уақытқа қатысты **жылдамдық** концептісін – *қабақ қаққаниша, қабақ қақпай, кірпік қаққаниша, көзді ашып жұмғанниша, қас қағымда, қас пен көздің арасында* тіркестерімен сипаттайды.

Фразеологиялық тіркестер **когнитивтік-дискурсивтік талдау әдісі, сипаттау және компоненттік талдау** сияқты дәстүрлі семантикалық талдауға негізделеді. Мәселен, талданатын концепт алдымен оның семантикалық құрылымын талдау арқылы жүзеге асырылады. Концептіні толық тарата талдау үшін дискурстық түрлі шарттарға байланысты *фразеосемантикалық өріс, фразеосемантикалық топтар, фразеологиялық синонимдер* қоса қарастырылады.

Қазіргі білім парадигмалары гуманитарлық ғылымдардың зерттеу аясын когнитологияның принциптері бойынша жан-жақты, терең қарастыруға кеңінен мүмкіндік берді. Бұл ретте пән аралық кешенді зерттеу үлгілерімен фразеология саласына да жаңа проблемаларды, лингвомәдениеттаным, психолингвистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыруды жолға қойды. Тіл – адамның күрделі таным әрекетінің нәтижесі болғандықтан, бұл бағыттардың барлығы антропоцентрлік зерттеу нысанына айналғандығының белгісі.

Когнитивистика – адамның тілдік ақпаратты алу, сақтау, қайта өңдеу, пайдалану туралы ғылым.

Лингвистикалық пәндер арасында когнитологияның аса белсенді және жан-жақты дамуының арқасында, фразеологияда, әсіресе, экстралингвистикалық ақпараттарды қарастыруға ден қойды.

Қазіргі тіл біліміндегі жаңа категориялардың бірі – «әлем бейнесінің тілдегі ұғымы және концептуалдық талдау». Бұл мәселе қысқа мерзімде зерттеліп бітетін сала емес, уақытты қажет етеді. Өйткені осы күнге дейін зерттеу нысаны болған фразеология мен лексикологияның дәстүрлі

аспектілері когнитивтік талдау нәтижесінде филология саласы үшін жаңа ізденістер мен тың тұжырымдар жасауды міндеттейді.

Зерттеудің лексикографиялық сипаттау, тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-семантикалық, стилистикалық т.б. лингвистикалық әдіс-тәсілдері негізінде жасалған теориялық жаңа тұжырымдар тілдік жағдаяттардың қазақстандық тілтаным кеңістігінде әлі жеткілісіздігін көрсетеді.

## 2.2 Фразеологиялық концептілер

Әрине, ғылымдағы әр жаңа қадам жаңа ғылыми терминологияны тым болмаса, бұрынғы атауларды қайта қарастыруды талап етеді. Бұл ретте орыс тіл білімінде когнитивизмнің айтарлықтай нәтижесі бар. Е.С.Кубрякова. «Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі» (1996) бастап, Ю.С.Степанов, И.А.Стернин, Н.Ф.Алефиренко т.б. еңбектерін айтамыз.

Мәселен, философиялық анықтама байынша, «концепт» – жалпы ұғым, мағына. Ал «ұғым, мағына» – ойлау категориялары ретінде логикалық термин. Сондықтан да «концепт», «ұғым», «мағына» терминдерін бірде тұтас, бірде бөлек қарастырады. Алайда айырым белгілерін жоққа шығармайды. Дүниені, шындықты адам санасының қабылдауы тек ұғымның айналасында қалып қоймайды.

«Концептінің жасалуына ұғым емес, заттық образдар (заттың бейнесі) негіз болады. Мысалы, *ат жалын тартып мінді* дегенге ат, мін =, *жал* деген (субъект-предикат) ұғымдар емес, ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті образ негіз болып тұр» [Уәли, 2007: 44].

Мысалы, *Ана* сөзі ұғым бойынша – шеше. (*Ананың ақ сүтін ақтау*). Бұл адамдардың бәрі білетін ең негізгі басты сипаты. Бірақ бұл ұғыммен қатар *Ана* туралы басқа да түсініктер бар. Мәселен, *Анаға* қатысты тілімізде бағалаушытық, коннотативтік бірліктер, мақал-мәтелдер, фразеологиялық тіркестер, нақыл сөздер мен афоризмдер қалыптасқан. («Ананың көзі – балада, баланың көзі – далада»; «Анаңды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» «Анасын көріп, қызын ал»; «Ақ жаулық»; «Ел анасы»;) Демек, *Ана* ұғымын тереңдететін, нақтылай түсетін, жан-жақты сипаттайтын басқа қосымша мәнді, қажетті мәдени мағлұматтар арқылы менталдық деректер жинақталған. Бұларды са-

ралай келгенде, ұғымдық саты толыға береді де, концепт дәрежесіне көтеріледі.

**Сондықтан кез келген ұғым, сөз концепт бола бермейді. Концепт болу үшін белгілі бір ұғымға қатысты ұлттың мәдени көрсеткіші болатын тілдік дерек – лексика-семантикалық тақырыптық топ, сондай-ақ, менталдық мінездемені қажет ететін және философиялық мазмұнды, логикалық бағдары бар ұжымдық білім көрсеткішіне негізделген күрделі құрылымды бірлік болу керек.**

Концепт белгілі бір ұлт мәдениетіне тән болғандықтан, сол ұлт бейнесін көрсететін салт-дәстүрлер көрінісі, ұлтқа тән таным мен білім сияқты ерекшеліктеріне қарай жетілдіріліп отырады. Мысалы, **ана** концептісіндегі мазмұндық ақпараттар арасындағы «Батыр ана» немесе «көкек ана» тіркестері осыған дәлел.

Концепт туралы айтылған ой-пікірлерді сараптап, тұжырымдай келе, концептінің ең басты өлшемдерін айта кету керек. Олар:

- ✓ **бейнелілік,**
- ✓ **ұғымдық,**
- ✓ **құндылық.**

Концептінің бейнелілігі – бұл заттар мен құбылыс, оқиға сипаттарын көру, есту, сипау, иіс, дәм арқылы тәжірибелік біліміміздің дара қасиеттерімен біздің жадымызда сақталуы. Бұлардың барлығы түрлі бейнелер, олардың түрлі қасиеттері арқылы танылады, әрі фреймдік құрылымды жасауға негіз болады. Дүние суретін қалыптау үшін түрлі бейнелер концептілік құрылым түзеді. Ал бұлардың барлығы фразеологизмдерде сипаттау арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы, адамға қатысты:

- ер** – еркек кіндікті (*ұл, ер адам*),
- ердің ері, егеудің сынығы** (*тектінің ұрпағы, жақсының көзі*);
- әйел** – бес биенің сабасындай (*толық, етжеңді әйел*),
- жігіт** – қыз мінезді жігіт (*момын, сыпайы жігіт*),
- қыз** – қырық жеті (*дүниеге қыз бала келгенде астарлап, оған берілетін қалың малды тұспалдап айтқан*),

**қыздың жиған жүгіндей** (қыздың қолынан шыққандай ұқыпты, сәнді),

**бала** – ернінен емшек сүті кетпеген (буыны қатпаған әлі жас)

бейнелер арқылы санада қалыптасқан ұғымның өзіндік ерекшеліктерін фразеологиздермен сипаттайды, бағалайды

Бейнелер әр түрлі дедік. Соған орай, **табиғат, кеңістік суреттері, заттық бейнелер, дәм, иіс, және тактильді бейнелер, дыбыстық бейнелер, көру бейнелері** фразеологиялық бейнеге ие болады:

✓ табиғат, кеңістік суреттеріндегі бейнелер:

**қырық күн шілде** (жаз айларының ең ыстық кезі),

**сақылдаған сары аяз** (қыстың ең қатты аязы),

**қыстың көзі қырауда** (қыс кезіндегі суықтық),

**жұлдызы жоғары** (біреуден мәртебесі жоғары),

**жұлдызы қарсы** (біреуді ұнатпау, қарсы келу),

**сегіз қиыр шартарап** (қазақтардың ұғымында дүниенің төрт құбыласы және табиғаттың төрт мезгілін айтқанға ұқсайды),

**дүниенің төрт бұрышы** (дүниенің төрт құбыласы оңтүстігі, солтүстігі, батысы мен шығысы);

✓ Заттық бейнелер:

**тасбақа жүріс** (баяу, ақырын жүру)

**қара шаңырақ** (қазақ мәдениетінде әке-шешесі отырған үйді қастерлеп, «қара шаңырақ» деп құрметпен атайды)

**көзінің ағы мен қарасы** (ең аяулы, ең жақын адамы; әдетте балаға қатысты айтылады)

**іштен шыққан шұбар жылан** (туған баласын жамандыққа қимағанда айтылады)

**қаны бір** (туыс, бірге туған)

**қара қазан, сары бала** (отбасылық жағдай, тұрмыс-тіршілік, бала-шағалы)

**кіндік кесіп, кір жуған жер** (туған жер)

✓ Дәм: су тату, сылдыр су, бал тату, дәмі тіл үйіру, дәмін алу; (тамақтың дәмін қатысты айтылады)

✓ Иіс, және тактильді бейнелер:

**ісі мұрынды жару** (*өткір иістің әсері*)  
**қолма-қол** (*тез арада бір істің бітуі*),  
**қол алып, төс соғыстыру** (*1.уәделесу; 2. татуласу*),  
**құлағының етін жеу** (*белгілі жайтты қайталап айта беру, мазасын алу*),  
**іші удай ашу** (*бір нәрсеге қатты өкіну*),  
**жалаң аяқ жар кешу, қызыл аяқ қар кешу** (*қатты қиналу, қиындық көру*).

✓ Дыбыстық бейнелер:

**ботадай боздау** (*қоймай жылау*)  
**қыран-топан күлу** (*у-шу, қатты күлу*)  
**ақ түтек боран** (*қарды ұшырып, қатты соққан боран*)  
**шыбынның ұшқаны естіліп тұру** (*тыныштық сәті*)  
**дауыс көтеру**

✓ Көру бейнелері:

**екі бетінен қаны тамған** (*денсаулығының жақсы екендігі екі бетінен көрініп тұрады*)  
**ине шаншар жер жоқ** (*адам өте көп, немесе тар жер*)  
**аузы-мұрнынан шығу** (*көп, молшылық*)

Әлем, дүние суреттерін модельдеуде бұл бейнелер әр түрлі концептілік құрылымдарға салынады. Дүние бейнелерінің ұғымдарын көркем таныммен фразеологиялық тіркестер арқылы сипаттау өте суретті, прагматикалық жоғары деңгейді байқатады.

**Концептінің ұғымдық жағы** – бұл концептінің сипаты, құрылымдық белгілері, дефинициялары, бір-бірімен алшақ өмір сүрмейтін басқа

концептілермен салыстырмалы еркшеліктері және ең бастысы адамдар іс-әрекетінің жүйелі түрде тілде белгіленуі.

**Концептінің құндылық жағы** – концепт ретінде тануға, қарастыруға, талдауға тұрарлық әрі жекенің, әрі ұжымның жасаған ұлттық ерекшелігі.

Концепт тіл-тілдегі сөз астарын және сөз байлығын мейлінше жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Концептуалдық талдау нысаны – менталдық кеңістіктегі мәдени мазмұндағы базалық концептілер.

**Концепт** – адамдардың білімі мен тәжірибесін қамтитын таным және ақпараттық құрылымдағы менталдық қордың бірліктерін білдіретін термин. Бұл – адам психикасында әлем суретінің көрінісі жадыда тұрақталып, жеке тұлғаның өз мүмкіндігі бойынша ақпараттың берілуі мен сақталуы және тілдегі менталдық лексикон арқылы концептуалдық жүйесі өңделіп толығып отыратын икемді нәрсе. Сондықтан да тіпті жалпы адамзаттық, әмбебап концептілердің әр түрлі тілде вербалдануында лингвокреативтік, прагматикалық және лингвомәдени факторларға байланысты өзгешеліктері болады. Бұл туыстас тілдердің өзінде де байқалады. Мысалы: *қолы қысқа* – қазақ тілінде жоқ-жітік адамға қатысты айтылса, татар тілінде *кулы кыска* – біреуге жамандық жасай алмайтын адам туралы.

«Концепт» термині ғылымдар тоғысында жиі талдауға түскені соншалықты, лингвистер әр қырынан қарастырғанда әртүрлі толықтырулармен жан-жақты анықтай түскен. Сонымен концепт:

- ✓ тілден тыс ойлау арқылы қалыптасқан мазмұн;
- ✓ «менталдық лексикон бірліктері» (Е.С. Кубрякова);
- ✓ тіл мен ойлаудың аралығындағы «түсініктер бірліктері» (Ю.Н. Караулов);
- ✓ ұжымдық және жеке таным бірліктері (А.А. Залевская)
- ✓ тұрақты тілдік құрылымдармен диахронды және синхронды байланыстағы мағынаның көпқабаттылығы;
- ✓ идеалды дүние нысанының субъектідегі түсінігі (А.Вежбицкая);
- ✓ таңба арқылы танылған ұғым (М.В. Никитин);
- ✓ қабылдау, ұғым, білім, ассоциация, әсерлердің шоғыры (Ю.С. Степанова);
- ✓ «нысанның көру, есту, дәм, вербалды және басқа сипаттарын біріктіретін» категория (В.А. Пищальникова);

✓ адам танымындағы мәдениет бірлігі, мәдени ақпараттар жиынтығы.

«Концепт» пен «стереотип» терминдерін В.В. Красных [1998, с. 133] қарама-қарсы салыстыра қарастырып, мынадай тұжырымдар жасайды:

1) концептіге – тілдік білімдер де енеді (мысалы, сөздердің тіркесімділігі), ал стереотип – бейненің вербалданған түрі;

2) концепт арқылы – абстрақтылы деңгейдегі архетиптерді анықтауға болады, стереотип – оған қарағанда анық, нақты;

3) концептіге – менталдық білімдер жүйесімен орайлас келетін парадигматикалық құбылыс тән болса, стереотипте – коммуникативтік дағдылар да көрінеді;

4) концепт – санада гештальт пен пропозиция түрінде сақталса, стереотип – санада құрылымдық-фрейм күйінде сақталады.

Когнитивтік лингвистикада фразеологизмдер туралы бинарлық түсінік қалыптасқан. Концептілерді талдағанда бір жағынан фразеологизмдердің туынды номинациялар арқылы концептіні вербалдайтын синтаксистік структуремалар мен мақал-мәтелдерге, афоризмдерге фразеологиялық тұлғаларға концепт бөлігін құрайтын мәртебе беріледі. Себебі концепт түрлерінің вербалдануында фразеологизмдердің концептуалдық жеткіліксіздігі емес, қайта фразеологизмдердің өте жиі қолданылуы назар аудартады. Фразеологизмдердің концептуалдық тәуелсіздігі концептілерді фразеологиялық концептілер деп атауға, қарастыруға толық мүмкіндік береді. Мәселен, көркем шығармаларды талдағанда олардағы тұрақты тіркестер тек мәтінге көркемдік құрал ретінде қызмет етпейді, олар концептілердің лингвистикалық объективтену процесінде шешуші рөл атқарады.

Фразеологиялық концептіні фразеологизмдер мағынасының түйіні мен өзегі жасайды. Мұнда «мәдени-менталдық-тілдік» (Ю.С. Степанов) бірліктердің рөлі ерекше. Жалпы кез келген фразеологиялық концептінің жұмсалыуында мәтіндердің орны бөлек. Концептілердің жетілуіне, толығуына ең басты – мәтіндегі тұрақты құрылымдар (прецедент) әсер етеді. Олар: фразеологизмдер, афоризмдер, мақалдар мен мәтелдер т.б.

Когнитивтік фразеологияға «концепт» терминін қолдануда басқа да көзқарастардың бар екендігін айта кетейік. Мәселен, Ю.С. Степановтың

«Константы. Словарь русской культуры» (1997) еңбегінде базалық концептілердің «жеке қолданыстарда» болатындығы, ал фразеологиялық концептілердің басты параметрлері ретінде олардың тарихи және темпоралдық сипаттарын, сондай-ақ, олардың этномәдениеттегі көрінісін атап, фразеологиялық концепт аясын кеңейте түседі. Соның нәтижесінде когнитивтік фразеологияда концептілердің белгісі оның мәдени маркерлігінде деген пікірді тереңдеткен. Фразеологиялық концептінің маңызды мәдени компонентін құрайтындар деп: *тұрақты тіркестер, мифологемалар, ритуалдар*, рухани-мәдени мағынаны жинақтаған *символдық мәні бар тіркестерді* айтады.

Н.Ф. Алефиренко дәл осы пікірдің мазмұн жағынан А. Вежбицкаяның еңбектерінде тереңдей түсетініне назар аударады. Автор барлық түсінік субъективті, антропоцентрлі және этноцентрлі болғандықтан, «әлемді дәл сол қалпында» табиғи тілмен суреттей алмайды. Сондықтан, А. Вежбицкаяның идеясын когнитивтік фразеологияда қолдану қажет. Фразеологиялық концептілер – этнографиялық ерекше феномен. Сыртқы әлемнің *екінші концептуалдануы* тілде фразеологизмдер арқылы негізі қаланып қойылады-, дейді [Вежбицкая А., Язык. Культура. Познание. /А. Вежбицкая. М., Русские словари. 1996: 376-394].

Қазіргі тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың басты мәселесі – біріншіден, санада тілге дейінгі бейнеленген дүниелердің ішкі мәнін түсіндірудің әдіс-тәсілдерін жете меңгеру;

Екіншіден, логикалық-когнитивтік және эстетикалық таным-білімнің реттелген, жүйеленген, өңдеуден өткен ақпараттарын тіл арқылы іздеп айқындау.

Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелер бейнесін анықтау, яғни тілді когнитивтік тұрғыдан зерттеу әлемдік тіл білімінде үлкен бағытқа айналды. Осы орайда, Е.С.Кубрякова: «Прежде всего, когнитивная лингвистика связана с изучением когнитивной системы человека. Основная задача когнитивной системы человека в обработке и переработке информации, а так же ее хранении и видоизменении» деген құнды пікір айтады. [Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. М., 1991].

**Демек когнитивтік жүйе – индивидуальді өмірлік тәжірибе, яғни адамның танымдық тәжірибесін бейнелейтін оның білімі мен ой-пікірлерінің жүйесі. Тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымай-**



**ды, адамды тілі арқылы тану, білу, зерделеу оның этноментальдық өмірінен толық ақпарат береді.**

Тілдік ұжым мүшелерінің таным-білімі өркениет пен мәдениеттің әр түрлі кезеңдерінен өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдық, ментальдық тұрғыдан да таныта алады. Әлем бейнесін тіл арқылы бейнелеуде концепт ретінде танылған ұғыммен мағыналық байланыста тұратын фразеологизмдердің маңызы ерекше.

Фразеологиялық мағына мен концептінің арақатынасы туралы Н.Ф.Алефиренко: «фразеологиялық мағына жасауға қатысатындар: когнитивтік негіз ретінде қызмет ететін заттар мен құбылыстар, шындық өмір оқиғалары, жалпы адамзаттық қабылдау үлгісімен «қарабайыр семантика» арқылы қалыптасқан *«әмбебап-концептілер»* және әлемдік әлеуметтік-психологияны бейнелейтін түрлі ұлт тілдеріне тән – *«ерекше-концептілер»* дейді. Автор фразеологиялық тұлғаларға когнитивтік негіз болатын паремиялар мен афоризмдерді де қосады [2004:132-133]. Бұл арада жалпы адамдарға тән ортақ қабылдау *«әмбебап-концептілерді»*, ал жеке ұлтқа тән қабылдау үлгісі *«ерекше-концептілерді»* құрайтынын айтып отыр.

Фразеологизмдерде адамдардың күн көру, мәдени өмір салты ғана емес, халықтың тұтастай ұлттық ерекшеліктерінің көрінетіндігі ешбір күмән тудырмайды. Сондықтанда фразеологиялық концептілердегі мұндай айырықша сипаттар зерттеушілер **«әлемнің фразеологиялық суреті»** немесе **«фразеологиядағы әлем суреті»** дейтін терминдік тіркесті қолданады.

Сонымен фразеологиялық концептілер өз кезегінде әлем бейнесін ерекше сипатты, суретті етіп танытуда әрі иерархиялық, әрі дефинициялық қызмет атқарады. Мысалы, «байлық» концептісінің фразеологиялық суреті: *мал біту, көйлегі көк, тамағы тоқ, ішкені алдында, ішпегені артында* деген тіркестерден басталып, әрі қарай «байлыққа» қатысты молшылық: *ит басына іркіт төгілу, шаш етекпен олжаға бату*; атағы шығу: *ауылды аузына қарату*; т.б. дефинициялық концепт өрістер бойынша тарамдала береді.

### 2.3 Когнитивтік фразеологияның құрылымдары

Когнитивтік фразеологияның құрылымдарын талдау үшін концепт жасайтын біз нақты бір лексеманы үлгі ретінде таңдап алдық. Мысалы, «әйел» лексемасы.

→ Біз әрі қарай қазақ тіліндегі «әйел» концептісін талдау арқылы когнитивтік фразеологияның құрылымдарын (фрейм, сценарий т.б.) жан-жақты түсіндіруге тырысамыз.

«Әйел» – мәңгілік тақырыптардың бірі. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымына сәйкес қазақ мәдениетіндегі әйелдің шынайы орнын тіл арқылы таныту, когнитивтік тұрғыдан жан-жақты зерделеу тіл мен ұлт мәдениеті үшін қашан да маңызды. Қазақ мәдениеті үшін бүгінгі таңда айтар болсақ, ана тілін меңгеруге қатысты (*родная речь* деген тек қазақ және қырғыз тілдерінде ғана **ана тілі** делінеді) берілетін тәрбие, «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» (М.Әуезов), «Анасын көріп, қызын ал» дейтін тағылымдар ұлт болашағы үшін бәрі де тек Әйел-Анаға байланысты. Сондықтан ұлттың болмыс-бітімін, оның дүниеге көзқарасы мен рухани-мәдени құндылықтарына сәйкес әйелдің өзіндік табиғаты мен қоғамдағы, отбасындағы әлеуметтік қызметін сабақтастыра қарастыру және ұлттық таным қорында тіл арқылы жинақталған *әйел концептісі* арқылы дәлелдеудің мәні зор. Бұл ретте когнитивтік фразеологияның пәніне орай «әйел» концептісіне қатысты тек фразеологизмдер ғана талданады.

Дүниенің фразеологиялық бейнесі ұлттың ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарасынан, ақыл-ойынан тұрады. Бұған әр тілдің фразеологиялық тіркестерінің идиоэтностығы айқын дәлел. Себебі **таным – мәдениет – тіл** үштігіне сүйене отырып, қазақ әйелдері туралы этнотанымдық мәні мен маңызы зор тілдік фактілер – фразеологизмдердегі әйелдер бейнесін когнитологиялық құрылым мен концептілік модельдер арқылы антропоцентрлік парадигма аясында талдау адам болмысын нақты, жан-жақты танытады.

Жер бетіндегі ұлттар мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтыны заңдылық. Бұл әсіресе адамдардың қарым қатынасынан, өмір сүру формаларынан, тіпті гендерлік ерекшеліктерінен де анық байқалады.

Жалпы адамзаттық, жалпы ұлттық құндылықтардың ерекшеліктерін таныта алатын күрделі ұғымдардың бірі – Әйел. Әйел күллі адам-

зат түсінігінде тіршілік жаңартушы, өмірге ұрпақ әкелуші, жылулық пен мейірімділіктің, тәрбиенің, отбасы берекесінің бастауы ретінде ұғынылады. Тілдік бірліктер арқылы танылатын әйел бейнесі санада өміршеңдік, заттық, тұрақтылық, сезімталдық т.б. белгілермен ерекшеленеді. Әр түрлі ситуациялар мен тақырыптарда сипатталатын әйел бейнесі дүние моделін жасауға қызмет етеді.

«Әйел» лексемасы қазақ тіліндегі фразеологизмдердің когнитивтік аспектіде зерттелуіне тілдік фактор бола алады және ерекше-концептілер қатарынан орын алады. Әйел атауымен кешенді ұғымдық сапаға ие және прагматикалық ықпалы әр қилы фразеологизмдер әйел атауына қатысты мағыналық ассоциациялық байланыста мағыналас және қарсы мәнде семантикалық категориялардың парадигмаларын түзеді. Сонымен қатар, адам баласының ұрғашы жыныстылар ұғым жүйесін құраушы түсініктердің ішіндегі қолдану аясы барынша бейтарап, бөлшектен бүтінге қарай топтастырғанда кешендік жалпылылық сапаға ие концепт ретінде тұжырымдалып, әйел атауына қатысты фразеологизмдердің когнитологиялық құрылымы анықталады.

Қазақ тілінде әйел атауына қатысты жасалған фразеологизмдердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесі, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттық менталдық таным ерекшеленеді. Қазақ тілінде әйел атауына қатысты танымдық мәдениеттің ақпараттық ерекшеліктерін айқындайтын концепт құрылымдар бар. Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әр түрлі формада көрініс табады.

Қазақ тілінде әйел атауына қатысты танымдық мәдениеттің ақпараттық ерекшеліктерін айқындайтын концепт құрылымдары әйел болмысын танытатын әрбір сема санада *фрейм, геистальт, скрипт, сценарий, схема, ойсурет, стереотип* ретінде сақталған.

Концепт құрылымдар арқылы фразеологизмдердегі әйелдер бейнесінің лингвомәдени мазмұны сипатталады және фразеологизмдердегі әйел бейнесінің этнолингвистикалық мазмұны ашылады. Әйел бейнесінің этнолингвистикалық мазмұнын концепт құрылымдар арқылы сипаттау ұлт мәдениетінің тілдегі көрінісін анықтауға мүмкіндік береді. «Әйел» концептісі өміршең құрылым деп танылып, оның лингвомәдениеттанымдық, психоллингвистикалық, лингвокогнитивтік ерекшеліктері көрсетіледі.

Қазіргі лингвистикада концептінің заттық және бейнелілік ерекшеліктері қабылдау арқылы қалыптасқан дағдылы жағдаяттардың

жалпыланған құрылымы фрейм ретінде белгіленеді. Фрейм – адамның жадында жинақталған барлық білім қорының өлшемі мен сипаты. Әлем сан қырлы, сан сипатты болғандықтан, жадыда дүние үзіктері әр түрлі бейнелермен сақталады. Фреймде тілдік сананың этномәдени ерекшеліктері айқын байқалады.

## 2.4 Фразеологиялық семантика және фрейм

Фрейм туралы түсінік қазіргі лингвистикаға Ч.Филмордың белгілі еңбектері арқылы енді. (Солардың бірі – «Фреймы и семантика понимания» //Новое в зарубежной лингвистике. Вып.23.Когнитивные аспекты языка. М.,1988. С. 52-92). Автор фреймді:

- білім мен тәжірибенің ерекше жалпыланған конструкциясы немесе жүйесі;
- және когнитивтік құрылымдар арқылы сөзбен жеткізілген білім жинағының асоциацияланған концептілері деп түсіндіреді.

**Фрейм** көбінесе заттың, құбылыстың лексикалық мағынасы, ол тілдік тұлғаның энциклопедиялық және этнолингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табады. Демек адамдар санасында сақталған әрбір **ақиқат фрейм** бола алады.

Фразеологияға фреймдік тәсіл фразеологизмнің лингвистикалық және экстралингвистикалық семантикасының ара-жігін анықтау үшін қажет. Фразеологиялық семантика теориясына бұл керек нәрсе. Себебі фразеологиялық мағынаның негізгі мәнін анықтау адамның интеллектуалдық іс-әрекетінің тереңдігіне, оның танымы мен ойлауына, интуициясына байланысты.

Фразеологиялық мағынаның негізгі мәнін тілді тұтынушы білмегендіктен *«Ат шаптырым жерден бір күшік шыға келді» деген қате қолданыспен сөйлейді. Бұл арада ат шаптырым жердің ұзақтығын білмегендіктен жүгіріп шыққан күшікті көріп отыруы айтушының интеллектуалдық іс-әрекетінің шектеулігін, тілдік танымның жоқтығын, лингвистикалық интуициясының төмендегін көрсетеді. Ат шаптырым жер – ара қашықтық өлшемі, шамамен 20-25 шақырым. (бұл туралы да әртүрлі өлшем алынып жүр). Фразеологизмнің қалыптасуына этностың тұрмыс тіршілігіне қатысты ұлттық өлшем әсер еткен.*

*Когнитивтік фразеологияда «өлшем» концептісі «ерекше концептілер» қатарына енеді.*

Фразеологизмнің семантикалық құрылымы этностық ұжымның қабылдау, ассоциация, интеллектуалды-эмоционалдық тәжірибесімен тығыз қатынаста болады. Когнитивтік фразеология фрейм туралы оның басқа да ерекшеліктерін анықтайды.

Когнитивтік фразеологияға қатысты фрейм туралы Н.Ф.Алефиренконың [2008:81-82б] төмендегі пікірлерін келтірсек: (мысалдар қазақ фразеологизмдерінің деректері бойынша)

- Белгілі бір мәдени концепт төңерегінде ұйымдастырылған маңызды, типтік білім бірліктері: *қара сөзді қамшы қылу; сылдыр көмей, жез таңдай; хан талапайға салу; қыздың жиган жүгіндей; жатып жастық, иіліп төсек болу; жастығын ала жату; көйлегі көк, тамағы тоқ; үрерге иті, сығарға биті жоқ* т.б.

- Дағдылы жағдаяттарды (стереотипті ситуация) көрсететін мәліметтер: «ыстық/суық», «жолы болу/жолы болмау», «байлық/кедейлік», «сараңдық/жомарт», «өтірік/шындық», «жылау/күлу» т.б. Мысалы: *құс қанаты күйгендей; ақ қар, көк мұз; қайығы желге өрлеу; жұмыртқадан жүн қырыққан; қолы ашық; үрерге иті, сығарға биті жоқ; ішкені алдында, ішпегені артында; үлде мен бүлдеге орану; тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырығына жетпеу; ұрттап ішіп, шайқап төгу; өтірікті судай сапыру; өтірікшінің шын сөзі зая; еңірегенде етегі толу; ботадай боздау; екі езуі құлағына жету; жымың қағу* т.б.

- Сөйлеу мен ойлау жағдаяттарына қатысты білім, пікірлердің фразеологизмдер арқылы қайталанып отыратын когнитивтік модельдің типтері: *көз қылу, (алдау), қолмен қойғандай, санда бар санатта жоқ; әліптің артын бағу; намысын жырту; асулы қазан, тігулі үй; шаңыраққа қарау* т.б.

- Жанама-туынды аталымдарды біріктіретін білімдер құрылымы: «Тәуекел»: *қайдан шықса, онан шықсын; не болса, о болсын, не болса да, не десе, о десін, су ішсем де, у ішсем де, тау күйіп тас жанса да; қайдан шықса, одан шықсын; көзді жұмып тұрып* т.б т.б.

Сонымен, фрейм туралы бұл айтылғандарды түйіндесек: иерархиялық ұйымдасқан құрылым ретінде фразеологиялық семантикадағы білімдер жинағы дағдылы жағдаяттарды көрсетеді. Сондай-ақ, фразеологизмнің когнитивтік құрылымы олардың тұрақты әрі үздіксіз білім динамикасына негізделеді. Бұл фразеологизмдердің варианттылығынан көрінеді. Мысалы, *көзі ұясынан (шарасынан) шығу* – корқу; *арам (суық) қол* – ұрлық туралы; *жүзін (түсін), (өңін) жылту* – ашуы басылу, сабасына түсу; *ішіп-жемей мас болу (мәз болу), (бай болу), (тою), (көңілі толу), (риза болу)* – бірнәрсеге риза болу.

Фрейм концептіге қарағанда ішкі құрылымының беріктігімен ерекшеленеді. Оның ішкі формасын қалыптастыратын ақпараттарға қатысты мағыналық бөліктері болады. (Н.Ф. Алефиренко «слоты» деп атайды). Ақпараттық мазмұн бойынша ол бөліктер қарапайым немесе аялық білімге қарай күрделі болып келеді.

Мысалы, **БУЫНЫНА ТҮСУ** – көңілі жайлану, елжіреу, тоқмейіл болу деген мағынада.

- Мен бұрын жаумен алысып, сүйегіме қарысып, сыр бермей жүреді екенмін. Жасым жетті ме, әлде жеңіс қуанышы **буыныма түсіп кетті ме**, шаршап-шалдыққанымды енді біліп отырамын, – деді Төле би. – Келер жылы хан кеңесіне бара алам ба, жоқ па бір алла біледі. – Абылайға менен дұғай-дұғай сәлем айтыңдар. Биылғы жеңістің ізін суытпасын. (Қ.Жұмаділов).

Қазіргі қазақ тілінде **«қалта»** – аялық білімге ие болған лексема. Әсіресе кейінгі тілдік қолданыстарда әрі жиілігімен, әрі көп қырлы коннотациясымен ерекшеленеді.

**ҚАЛТАҒА БАСУ** – пайда қылу

• Жері бай ел болсаң да даласы тоқ,

Қалтаңа басқан пұлдың бағасы жоқ.

Шенділер шетелдерде емделеді.

Ауылда дәрі алатын шамасы жоқ.

(Аманжол-Жібек айтысынан. «ҚӘ» 23.ХІІ.97).

**ҚАЛТАСЫ ҚАЛЫҢ** – ақшасы, дүние-мүлкі көп, бай адам

• Ал, қалтасы қалындар... жүр ғой талтандап. Жемқорлар, паракорлар... (Ш.Мұртаза. «ЕҚ» 26.ХІІ.97. Адам құны).

**ҚАЛТАСЫ КӨТЕРЕ БЕРМЕУ** – шамасы келмейді деген мағынада

• Ауыл-ауылдағы колхоз, совхоздар таратылып жатыр. Бұрынғыдай тұрақты алып отырған жалақылары тағы жоқ. Жеке шаруашылықты құрамын деушілер екінің бірі емес қазір... Оған көпшіліктің қалтасы көтере бермейді («ЕҚ» 7.03.95).

**ҚАЛТАҒА ТҮСУ** – біреудің мүлкіне, затына қол салу, ұрлау

• Ақымақ, екінші рет біреудің қалтасына түсуші болма! – деді де... тамақ ішуге жүріп кетті (Д.Ис. 2 т.).

Келтірілген мысалдарда «қалта» сөзі арқылы ақша, байлық ұғымдары ассоциацияланған. Ал ақпараттық мағыналық бөліктеріне келетін болсақ, ежелгі қазақ мәдениетінде киім үлгілерінде қалта болмаған. (Қалтаға салатын ұсақ-түйек заттар: кілт, ақша т.б. мәдениет үлгілері де ол кезде жоқ). «Жең ұшынан жалғасу» фразеологизмінің астарында қалтаның қызметін жең атқарғандығы байқалады. Бұл бірінші мағыналық бөлік десек, екінші бөліктегі ассоциация бойыша коннотациялық белгілердің жан-жақтылығы көрінеді.

Әдетте фреймдер бір-бірімен жеке дара өмір сүрмейді. Суреттелетін немесе бейнеленетін нақты жағдаяттар тілдік танымда әр түрлі ұғым-түсініктермен сипатталады. Талдауларға қарағанда, фреймдік құрылымдар иерархиялық түрде ұйымдасады. Әлем суретін «фразеологизмдермен тану» бала жастан-ақ этномәдени кодпен қабылданады.

Мысалы, «бес биенің сабасындай» – толық етженді адам. Бірақ тек әйел адамға ғана қатысты айтылады. Тіркес мағынасына қарай, ақпараттық мағына этномәдени кодқа салынған.

✓ «Саба» мәдени лексика, қымыз құюға арналған жылқы терісінен арнайы иленіп, жасалған ыдыс.

✓ «Бес биенің» деуіне қарағанда көлемді, үлкен ыдыс.

✓ Келген адамдарға сол үй иесінің бәйбішесі немесе әйелдер қымыз құюы тиіс.

✓ Қымыз құюшының толықтығы сабаға ұқсайды.

Толық, етжеңді әйел адамның сырт кейпі дағдылы көріністермен, фразеологиялық суреті осылай танылып, қалыптасады.

Адамның затқа, әрекетке, қалыптасқан танымымен көзі жеткен шындық болмысқа қалай және қандай жағдайда назары түсуі мүмкін. Демек, сондай жағдаяттардың санада тұрақталып қалуына байланысты «назары түскен» лингвомәдени көрініс жеке фразеологизм ретінде немесе оның варианттары, синонимдері, фразеосемантикалық топтары арқылы тілде көрініс табады.

Егер көруші, қабылдаушы, естушінің назары әлдебір фрейм туралы түсінігі бір-бірімен өте тығыз байланыста болса онда фразеологизмдердің варианттарымен жүзеге асырылады. «Жылау» фреймінің жанама-туынды вербалдануы: *көздің /көзінің/ жасын көл қылу/ көздің /көзінің/ жасын бұлау/ағыз/көз жасы көл болу/ көздің жасын көлдету;*

Фреймдегі түсінік өте тығыз байланыста болмай, жеке қабылдау көріністерімен ерекшеленсе, онда мағыналас фразеологизмдермен вербалданады.

Мысалы: ЖӘРДЕМ БЕРУ, КӨМЕКТЕСУ –

- Ат салысу
- Ат сауырын беру
- Жанын тындыру
- Жылу жинап беру
- Қанатымен су себу
- Қол ұшын беру
- Себін тигізу
- Шапағаты тию

Қабылдаушының фрейм түсінігіне қатысты назары бір-бірімен мағыналық жағынан пәлендей байланысы жоқ, әр түрлі тіркестермен беріледі, бірақ бір фразеосемантикалық топтан көрінеді. Мысалы, «сыйлау» фреймінде қонаққа шақыру да бар, сыйлау құрметтеу де бар. Барлығын бір фразеосемантикалық топқа біріктіргенде:

- Дәм – ауыз тигізу
- Есік /төр/ көрсету
- Сыбаға тарту
- Сый – сияпат көрсету



## ҚҰРМЕТТЕУ, СЫЙЛАУ –

- Алдынан қия өтпеу
- Асты – үстіне түсу\* (*қызмет көртсету*)
- Бәйек болу\* (*қызмет көртсету*)
- Қадыр тұту
- Қошемет көрсету

Қазақ фразеологизмдерінде «сыйлау, құрметтеу» фреймдері осындай менталдық бірліктермен бір семантикалық топта сақталған.

Ал адресат назары фреймдердің қарама-қарсы жақтарына шоғырланса, онда жанама-туынды аталымдар қарсы мәнді фразеологизмдерді жасайды. Мысалы:

- *Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүру;*
- *Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығу;*
- *Дұшпанның отын сөндіру, достың атын жандыру;*
- *Күле кіріп, күңірене шығу;*
- *Жақсысын асырды, жаманын жасырды;*
- *Ыстығына күйіп, суығына тоңу.*

Фреймдердің сан түрлілігі дағдылы (стереотипті) жағдаяттардың құрылымдары ретінде танылады. Иерархиялы түрде орналасқан күрделі фреймдерде нақтылы ақпараттар жинақталады. Өз кезегінде бұл ақпараттық мағыналық бөліктер (слот) арқылы анықталады. Мысалы, **жыртысын жырту** фразеологизмінің арғы семасы «көмектесу» концептісінде жатыр. Бұл тіркестің мағынасын талдау үшін бірнеше ақпараттық мағыналық бөліктер жігін ажырату керек.

**Бірінші** ақпараттық мағыналық бөлік. Қазақтың мәдени дәстүрінде той-томалақ, өлім-жітімде (әдетте о дүниелік болған адам жасы үлкен, сыйлы, аузы дуалы) қатысқан ел-жұртқа қымбат, бағалы маталарды көлемді етіп жыртыс таратады. Бұл той салтанатының бір белгісі ретіндегі сый-сияпаты. Ал өлім-жітімде тәбәрік етіп, ырымдап, жасын берсін, жолын берсін деп береді.

**Екінші** ақпараттық мағыналық бөлік. Көл-көсір жыртысты дайындау оңай шаруа емес. Оған үлкен дайындық жасалады. Той жасаған немесе ас берген жерде жыртысты дайындауға сол үйдің ет жақын туыстары,

құрмет тұтатын адамдары қатыстырылады. Әдетте жыртысты әйелдер дайындайды, жыртады.

**Үшінші** ақпараттық мағыналық бөлік. Жыртысты орнымен, жасына лайық, құрметіне қарай тарату жағын сол ортаны жақсы білетін, тапсырылған жұмысты ерекше жанашырлықпен орындап шығатын адамдар атқарады.

Сонымен **жыртысын жырту** фразеологизмінің мағынасы көмектесу, жанашырлық таныту. Фреймнің аталған бөліктерін «менталдық кеңістіктер» дегуге болады.

Фразеологизмдердің негізінде жатқан фреймдерде адамдардың дағдылы білімдері, оларға қатысты түрлі жағдаяттары тек статикалық түрде ғана емес, динамикалық сипатта да болады. Динамикалық жағдаяттар фреймнің ерекше түрі – сценарийлермен құрылымданады. Олар орындалатын іс-әрекеттердің қайталанбалы стереотиптерін динамикалық жағдаятта көрсетеді. Фрейм тармақтары төңірегінен оқиғалар мен ситуациялар (жағдаят) жүйесі жинақталса, оны **сценарий** құрайды. Сценарий концептінің идеясын танытатын сюжеттерден құралады. *Сценарий* сөзіне ағылшын термині *skript* скрипт сәйкес келеді. Когнитивтік фразеологияда бұлар бірінің орнына бірі ауысып қолданыла береді.

Фразеологиялық фрейм-сценарийлерде типтік жағдаяттар орын алады. Мысалы, қазақтың би-шешендерінің дискурсында көрінетін мәдени этикет үлгілері бар. Қазіргі тілмен айтсақ – сөз сұрау.

Тілімізде «қамшы» төңірегінде айтылатын әр түрлі әдет-ғұрыптар, салттық ерекшеліктер біршама. Солардың бірі – билер арасында сөз кезегін алу үшін қолданылатын әдіс – «қамшы тастау».

Мысалы:

• *Сөз астарын түсінген қызба мінезділеу Темір би сөз таластырғысы келіп кетіп, ежелгі дәстүр бойынша, айыр тісті, алтын сыммен оралған тобылғы сапты қамшысын алдына тастай салды.*

– *Ат тұяғы басқан жердің бәрі бірдей шөптей жапырылып жата қалмайды, – деді ол қара сұр беті күреңденіп, – Әбілқайыр ханның да мүйізі шаңырақтай кей батырлары Еділдің ар жағына өткен. Бірақ одан не ұтты? Мойындары ырғайдай, биттері торғайдай боп елдеріне әзер жеткен.*

• **Қамшысын енді Оспан алдына тастады.**

– Атыңның жүйріктігіне тым сене берме? Талай жүйріктердің де мойнына бұғау салынған. Байқа, Темір би, Жәнібек ханның құрығы Әбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін! (І.Есенберлин).

Қазіргі қазақ мәдениетінде сақталып келе жатқан «құдалық», «құда түсу» концептісінде «үкі тағу», «сырға тағу» – этнофразеологизмдерде фрейм-сценарий кездеседі.

Қазақтар үкінің құс ретінде өте үлкен маңызы, ізгі тілегі, жақсылық күткен жолы бар деп есептейді. Үкінің ұлпа жүнді қауырсыны әдемі, әрі желбіреп көрік қосып тұрады. Мұны қазақтар сәндікке, шаттық құрмет жолына пайдаланып келген. Бұрын хан, би, төре, батырлар өзара үкілі хатпен сәлем жолдасып, қатынасып тұрған. Үкілі хат апара жатқан елшіні ешкім бөгемей, қайта ат, азық беріп жәрдемдесетін. Алыс жолға аттанатын жолаушылар өзіне, атына үкі тағып аттанатын. Хатқа үкі қосып беретін себебі «ел, жер тыныштығын үкідей қас қақпай қорғап отырмыз, сендер де сондай болыңдар деген белгі (Ана тілі, №31, 1997).

Үкі тағу бір жағы сән болса, екіншіден пәле-жаладан аман сақтасын, қорғап-қолдап жүрсін деген тілек жолын да көрсетеді.

Үкіні осылай қастерлеген бұрынғы қариялар көзіне жылы ұшыраған, болашағынан үмітті, жақсы келін болады-ау деген үйдің жас қызына оның ата-аналарының рұқсатын алып, «үкі тағып» құдаласатын салт болған. Үкіні тек қарт әже, не аналар ғана болашақ келін болар қыздың иығына не тақиясына апарып өз қолымен тағады. Қыздың бетінен сүйіп, батасын береді.

Осылай жас қызға үкі тағу «сен менің болашақ келінімсің, үкідей сақ, сәнді болып өс» деген ниет білдіреді.

Құдалыққа байланысты «Сырға салудың» өте ертеден келе жатқан дәстүр екені белгілі. Осы дәстүрдің алғашқы көрінісі ертегілік сюжетте орын алған. Мысалы, Ерназардың тоғыз ұлына келіншек іздеуінде осы дәстүр негізі аңғарылады.

... Той тарқағаннан кейін Ерназар тоғыз ұлын аяқтандыру қамына кіріседі. Тоғызына тоғыз келіншек іздеп жолға шығады. Көп ел аралап, бір үйге кірсе, керегесінің басында сегіз сырға ілулі тұр екен, соны көрген Ерназар еңкілдеп жылай бастайды.

Үйдің бәйбішесі Ерназардан:

– *Неге жыладың? – деп сұрайды.*

– *Жылаған себебім: тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек іздеп жүрген адаммын; тоғыз ұлымның бір әке-шешеден туғаны сияқты, тоғыз келінімнің де бір әке-шешеден туған болуын іздеп жүрген адаммын, керегенің басындағы көп сырғаны көргенде, тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам біреуі кем екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар.*

– *Ендеше, жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, – деп, бәйбіше тұсбақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. «Кенжекейімнің сырғасы еді, мұны сегіз қызымның сырғасына араластырмаймын, ана қыздарым бір төбе, Кенжекейім бір төбе. Сондықтан, Кенжекейімнің сырғасы олардікінен бір бөлек тұрады», – деп сырғаны қайтадан орнына іліп қояды.*

Яғни, бұл сонау ертеден келе жатқан дәстүр бойынша, әдетте үйінде оң босағада отырған қызы болса, керегедегі түскиізге сырға іліп қоятын [Ана тілі, 3.03. 1994].

Жоғарыда талданған фреймдік-сценарийдегі «қамшы тастау», «үкі тағу», «сырға тағу» сияқты этнофразеологизмдердің репрезентациясы туралы осыларды айтуға болады. Демек кез келген концептідегі фразеологиялық мағына осы талдау тұрғысынан алғанда мәнмәтін немесе фрейммен өзара байланыста болғанда ғана ашылады.

## 2.5 Фразеологизмдердегі концептілік құрылымдар

Когнитивтік семантикада қолданылатын «концепт», «фрейм», «гештальт» ұғымдарының бір-бірінен айырмашылықтары бар ма деген сұрақтың туындауы орынды. Жекелеген айырмашылықтары бола тұра, бұлардың бәрі түптеп келгенде менталдық табиғаты бар есте сақталған ақпараттарды жан жағынан сипаттайды.

**Концепт** кең ұғымда: санадағы ментальды бірліктер мен психикалық ресурстар қызметі арқылы индивидтің тәжірибесі мен білімін танытатын ақпараттық құрылым. (КСКТ, 1997, 90).

Психологияда менталдық репрезентацияны белгілейтін – **гештальт**, ал когнитологияда қайталанатын типтік жағдаяттар, дағдылы құбылыс, әсер туралы ұғым – **фрейм** болса, мәдениеттану мен лингвомәдениеттануда бірінші орынға мәдениеттің маңызды жақтары, оның құндылығы туралы

ұғым – **концепт** болады.

Мәселен, *гештальт* бейненің жеке-жеке белгілерінсіз тұтас сақталғандығымен ерекшеленеді. Фразеологиялық талдауда ұйытқы сөз **жылқы** болса, оны екі құлақ + жал + төрт аяқ + қыл құйрық + шабан немесе жүйрік деп бірден айтпаймыз. Демек, тұрақты тіркестерді бастапқыда когнитивтік тұрғыдан қарастырғанда гештальт фразеологизмдердің когнитивтік-семантикалық негізін қалайды деуге болады.

Когнитивтік-прагматикалық дискурста:

**жылқы мінезді адам** – 1. *әр нәрсеге төзімді, шыдамды; 2. айналасындағыларды менсінбей, жылқы сияқты осқырынып кететін адамның мінезі.*

Бұл тіркестің жасалуы мен тұрақтылыққа жетуінде ұзақ уақыттың бедері бар. Мұны тек жылқы малының барлық қадір-қасиеті мен бүкіл мінезін әбден біліп, жадында сақтаған индивидтің өмір тәжірибесі мен жинаған білімі арқылы адам мінезін түсіндіруде жанама сипаттау жүзеге асырылып отыр. Адам өмірін метафоралық тор деп түсінсек, торды тарқатуда мұндай гештальттар маңызды бағыт береді.

Қуанған, сүйсінген шақта айтылатын:

*әйелі ұл тапқандай қуану, бөркін аспанға ату, өлгені тіріліп, өшкені жану, көзі шырадай жану;*

бір сәттік көрініс, жағдаятты сипаттайтын: *төбеден түскендей, үш ұйықтаса ойында жоқ, сап ете түсу;*

күнделікті өмір, тіршілік тұжырымдары: *бағы жану, ел аузына іліну, қазанның құлағын ұстау* т.б. тіркестердің когнитивтік семантикасы тек дискурста танылады.

Фразеологиялық гештальттар ойлау мен сөйлеу жағдаяттарындағы іс-әрекеттерді қайталанатын стереотиптік тұрғыда көрсетеді. Соған орай, гештальт әрбір этномәдени қауымдастықтың тілдік танымының бейнелік-ономасиологиялық бөлігінен тұрады. Фразеологиялық гештальттың түзілуі – процесс, себебі денотат көрінісін сипаттауға сәттік тәжірибе мен білім жеткіліксіз. Ол үшін тұжырымдалған ой қорытындысы керек. Оған кейде бір ұрпақ ғұмыры жеткіліксіз, аздық етеді. Сондықтан фразеологиялық гештальт астарында маңызды лингвокогнитивтік қағидалар бар.

Қазақ тілінің фразеологиялық сөзігінде **жілік** сөзі ұйытқы болған «жілігі татымады» – жасық, арық ет; «жілігі шағылды» – беті қайтты,

жалықты; «жілік майы таусылды (жұқарды)» – жүдеді, болдырды деген үш тіркес тіркелген. Ал «**жіліктің майлы басын ұстау**» – бір нәрсеге қолы жету, қызметі өсу мағынасындағы фразеологизм енбеген. Себебі бұл тіркес мазмұны қазақ мәдениетінде соңғы кезде қатты белең алған мансап, қызмет ұғымдарын сипаттайды.

Мысалы, **жіліктің майлы басын ұстау** тіркесінің қазақ қоғамындағы астарлы мағынасын түсіну үшін адамдар арасындағы әлеуметтік сатыларды бағамдай алу керек. Ал оның алғашқы басқышы – менталдық үлгілерде. Қазақ дәстүріндегі дастархан мәзірі, ондағы реттелген стереотиптік нұсқаулар, (жіліктерді кімге қалай, қандай мақсатпен үлестіру) әрбір адамның ортада өз орнының болуы, оны білуі сияқты дағдылар олардың бірте-бірте әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл арада **жіліктің майлы басын ұстау** бірінші дентотативтік жағдаяттың ассоциациясы бойынша қолында қызметі бар, пайдалы іс, жұмыстың басында отырған адамның сипатын көрсетеді. Қалыптасқан бұл үлгі танымдық сипаттың тереңдеуіне қарай, гештальт аясына өтеді.

**Стереотипке** тән ерекшелік – тұрақтылығы. Мұндай тұрақтылық дүниенің маңызды ситуацияларының санада жиі қайталанып, дағдылы түсінікке айналуынан жүзеге асады. Стереотип – адамдардың қоршаған орта, өмір, дүние туралы қабылдаған, ой-таным-түсініктерінің қайталануынан тұрақталған іс-әрекеттер мен дағдылары.

Мысалы:

*құда болу* (қыз бен жігіттің әке-шешесінің өзара келісімі);  
*босаға аттау* (келіннің үйге келуі, келін түскенде айтылады);  
*түн ұйқысын төрт бөлу* (ананың баланы күтіп, бағуы);  
*ақ жаулық* (әйел, жұбай);  
*отау тігу* (үйлену, үй болу);  
*тіл мен жағына сүйену* (көп сөйлеу);  
*бесікке салу, қырқынан шығару* (дүниеге келген жас сәбиге қатысты істелетін ырымдар).

**Схема** – фразеологизмдердің мағыналық құрылымын үлгілеуде қолданылатын тәсіл. (Когнитивтік психология мен жасанды интеллект туралы еңбектерде осы схема сөзі «фрейм» орнына қолданылған). Әдетте

зат пен құбылыстың кеңістікте контуры, сұлбасы, (геометриялық пішіні) фигура болады. Когнитивтік санада сыртқы сингалдар мен ішкі сезімдер көмегі арқылы жинақталған ақпараттарды бір құрылымда танытуда схеманың өзіндік рөлі бар.

Мысалы, қазақ танымында «әйел» концептісінің схемалық құрылымда танылуын «сұлулық» микроконцептісінен: *ай десе аузы, күн десе көзі бар* (асқан сұлу); *атқан таңдай* (ерекше сұлу); т.б.

Немесе фразеологиялық тіркес қолданысынан кейін көзалдында әлде бір сурет, сұлбаның келуі:

*Қаққан қазықтай* – адам немес заттың кеңістікте орналасу сипаты, қозғалмай тұруы;

*Күлін көкке ұшыру* – бір нәрсені талқандау, жоқ қылу;

*Құрыққа сырық жалғау* – айтатын сөзіне өтірік қосып, өсіре сөйлеу;

*Бір аяғы анда, бір аяғы мұнда* – өте асығыс жүру.

Бұл фразеологиздердің жасалуына нақты, іс-әрекет, құбылыс, жағдаяттар негіз болып, еркін тіркестер ауыспалы мағынада қолданылғандықтан, схема елестету, бейнені көру сияқты сәтке ие болады.

**Ойсурет** – санада бейне, метафора, символ көмегімен танылатын концепт қалыптастыратын ең күрделі форма. (Н.Уәлиұлы енгізген термин). Мәселен, метафора «білімнің моделі» ретінде түсіндіріледі. Метафорада концепт қалыптастыратын құрылымдық элементтердің бейнелену қызметі бар. Метафора арқылы адам тәжірибесіндегі ассоциативтік, стереотиптік, символдық таным айқындалады. Мысалы, «әйел» концептісінің құрылымдық элементі – Ана. Ұлттық танымда мәселен, «ана сүтін ақтау» деген тіркесте ананың балаға деген үміті мен ізгі тілегінен шықты, ана сенімін орындау деген ұғым жатыр. Сол сияқты, «Ананды Меккеге үш рет жаяу апарсаң да ақ сүтін ақтай алмайсың» деген тіркесте қазақ түсінігі бойынша баланың алдында аналық парыздың еш өтеусіз екендігін ұғындырады.

Метафоралау нәтижесі концептілік құрылымдардың модельдену көрінісін қалыптастырады. Бұл әрекет когнитивтік санадағы сенсорлық, перцептивтік қабылдаулар арқылы жинақталған ақпараттар негізінде жүзеге асады. Концептілік құрылымдарды модельдеу барысында сана-

да салыстыру, категориялау сияқты логикалық операциялар жұмысы жүргізіледі. Мысалы, «*Ұжмақ анаңның аяғының астында*» деген діни фразеологизм бар. Бұл қолданыста үлкен ой жатыр. Анаңды қастерлесен төбене көтеріп сыйла, құрметте. Демек, метафора – когнитивтік санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру мәселесі. Бұл жағынан алғанда, қазақ ұлтының аса бай көремдік ой қуаты әйелдер бейнесі туралы не бір ғажап тілдік бірліктерді жасаған.

Мысалы:

*Ата көрген оқ жоңар, Ана көрген тон пішер*; - әке-шеше тәрбиесін бірдей көрген ұл мен қыз ата-анасынан бір тәлім алып шығады демекші.

*Ақылды әйел ішінде алтын бесікті ұл жатыр*; Ақылды әйел болашақ ұрпақ қамын ойлайды, текті баланы өмірге әкеледі. Кейбір қазақ отбасыларындағы ұлдар тек атақты, талантты адамдардан тұрады. (Мысалы, Жұбановтар әулеті осыған мысал).

*Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді*; Бұрын жігіттер алдымен қыздың жеңгесімен танысып, оған түрлі сый-сыяпат жасай жүріп, қызбен таныса алған. (Осыған ұқсас қазір «интернет-жеңгетай» деген тіркес қалыптасып келеді).

*Үйді қырық еркек толтыра алмайды, Бір әйел толтырады*; Әйел отбасының берекесі. Егер үйде әйел болмаса, еркек қанша ақылды болса да әйелдің орнын баса алмайды.

*Күндестің күлі де күндес*; Бұл «Бәйбіше-тоқал» тақырыбында жиі айтылған фразеологизм. Бұрын екі әйел алған еркектің әйелдерін жағымсыз мағынада күндес деп суреттеген. Күндес сөзінің мәні орыстың «соперница» сөзінің мағыналық реңкінен басқа, тек бәйбіше мен тоқал арасына қатысты қолданылады.

Мысалы, когнитивтік құрылымдағы этносимволикалық мәні айқын кодқа салынған тілдік таңба ретінде біздің тілдік санамызда жан-жақты қатталған лексемалардың бірі – **әйел**. Өйткені концепт ретінде танылатын іргелі ұғым **әйел** лексемасымен байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлерден, ырым-жоралғылардан, мақал-мәтелдерден, фразеологизмдерден, сан түрлі тілдік қолданыстардан мол дүниетанымдық ақпараттар жүйесін құралады.

Ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, концепт ұлттық болмысқа негізделген ментальды білімінің жиынтығы деп түсіну керек.



**Әйел** макроконцептісін мазмұн межесінде қарастырғанда, ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық біліми ақпараттар шоғыры көрінеді. «Әйел» лексемасының мазмұн межесін толықтыратын микроконцептілерді **«Қыз-келін»** – қыз, бойжеткен, ару, қалыңдық, келін, келіншек, жеңге, қайын сіңлі;

**«Әйел-ана»**, – әйел (жұбай, зайып, жар, қосағы), қатын, ана, (ана, шеше), әже, кейуана, кемпір;

**«Бәйбіше-тоқал»** – бәйбіше, тоқал, ханым, қайын ене, ханша, бике, бибі, бикеш, күң, күңше, күндес, жесір т.б. барлығы 32 бірліктен тұратын үш іргелі тақырыпқа бөлуге болады. Өйткені көрсетілген атаулардан ұлттық мәдениеттің ерекшелігі, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мәдени құндылықтары аңғарылады. Сондай-ақ, «Әйел» макроконцептіні таныту үшін **әйел** лексемасын тұрпат межесінде алсақ, онда айналасына ұйымдасқан тіл бірліктерін – лексикалық, фразеологиялық, мақал-мәтелдер жүйесін көреміз.

Мәселен, тек **«Қыз-келін»** тақырыбы маңына *қызға қырық үйден тыю, қыз қылығымен, қызым саған айтам, келінім сен тыңда* т.б. тіркестер қазақ ғұрпында қызды болашақ өмірге дайындау, тәрбиелеу, ескерту сынды үлгілермен айтылады.

Халқымыз қыз баланы әрқашан ибалылыққа, иманжүзділікке, болмысы өзге нәзіктікке, сыпайылыққа тәрбиелеуге аса жауапкершілікпен қараған. Сондықтан да *қырық үйден тыю* деп жиі қыдыртпауды, белгісіз, мәнсіз ортамен көп араластырмауды көздеген. Жоғарыда келтірілген әр тақырып аясындағы жеке лексемалардың фразеологизмдердегі көрінісі өте бай әрі жан-жақты. Тек «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» мыңнан астам тіркестер тіркелген.

*Есік көрген* – бұрын күйеуде болған әйел туралы. **«Есік көргенді алма, бесік көргенді ал»** мақалының қысқартылып, фразеологияланғаны. Бұл фразеологизм астарында халықтық салт-дәстүр бойынша жас жігітке беті ашылмаған қызға үйленгенінің жөн екендігін аңғартады.

Ал **«Әйел-ана»** тақырыбына қатысты шоғырланған фразеологиялық тіркестер мазмұны қазақ мәдениетінде тіпті заңнамалық кодекске лайық. Олай болуы заңдылық та. Себебі бұл тіркестерде «Ана» бейнесі тек моральдық биіктен көрінеді.

Әйел атауының когнитивтік құрылымының ішкі мәнінде ерекше көрініс беретін ақпараттар ретінде белгілі бір айтылмақшы ойды тұп-

тура тікелей емес, образдар арқылы бейнелеп, астарлап тілдегі табу, эвфемизм, дисфемизм, ирония, парафраза сияқты этнотанымдық символдар тәсілдерін кеңінен қолдана отырып, ассоциациялық фондық образы үйлес парадигмалық қатынас құруға болады. Бұл, әсіресе, әр ұлттың этноменталдық таным жүйесінен ерекше көрініс береді. Қазақ дүниетанымында әйелдердің еркектерден бір саты төмен тұратындығы дүниенің тілдік бейнесіндегі гендерлік ұғымдармен байланысты тіркестермен айқындала түседі: *нашар кісі, тесік моншақ, шүйкебас, төмен етек т.б.* Осы атаулардың ішкі семантикалық, стильдік экспрессивтілік мәнінің өзі ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесінен, қоршаған дүниені қабылдаудағы өзіндік ментальдық танымынан қажетті ақпарат беретіні анық.

Тілдік құрылымдармен таңбаланған бұл дәстүрлер мен жоралғылардың этнотанымдық табиғатында қыз балалар мен жас келіндерді, әйелдерді түрлі теріс мінездерден, қылықтардан сақтандыру мақсатында қолданылатын табу сөздер мен ұғым түсініктер негізінде қалыптасқан ырымдар баршылық.

Мысалы: *қыз балаға кәрі жілікті ұстатпау* (болашақ күйеу кәрі болады);

*ер адамның жолын кеспеу* (жігіттің жолы болмайды);

*әйел адамға пышақ қайратпау* (күйеуінің сағы сынады);

*келін ата-анасының атын атамауы* (сыпайылық, әдептілік); т.б. сияқты ырым, тыйымдардың мазмұнынан ұлт мәдениетінің бейнелі образдары мен құрылымдағы фреймдік үлгілерін жете аңғаруға болады. Тілімізде әйел атауының концептуалдық өрісіне енетін қыз атауымен байланысты *қызбөрі, қызойнақ, қыз айттыру, қыз алып қашу, қыз кәде, қыз ұзату, қыз жасауы, қыз қуу т.б.* сияқты ұлттық салт дәстүр мен ғұрып нышандарын бейнелейтін этнографизмдер мен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер орасан көп.

Осылайша, когнитивтік жүйе арқылы адам дүниені танып, өз көзқарасын бейнелі фразеологиялық жүйемен суреттей алады. Демек, *дүниенің әлдебір тұрақты ұлттық моделін айқындау үшін, ұлттық өмір элементтерінің өзара қарым-қатынасын, құрылысын білу тілді тұтынушылар үшін аса маңызды мәселе.*

В.фон Гумбольдт: Язык народа есть его дух и дух народа есть его язык, и трудно представить себе, что-либо более тождественное. – (Из-

бранные труды. М.,1984.) деп көрсеткен тұжырымдамасы ХХІ ғасыр мәдениеті үшін де өзектілігін жоймаған ақиқат болып отыр.

Әйел бейнесін сипаттайтын фразеологизмдерде ұлттық болмыс пен дүниетанымдық ерекшелік бар. Фразеологиядағы әйелдер бейнесіндегі концептілік құрылымдардың көрінісі – ұлттың ментальдық көрсеткіші. Мәселен, ерекше этносимволдық мәні бар төмендегі тіркес мазмұнынан қазақ халқының ұлттық таным көкжиегінен қажетті ақпарат алуымызға болады. **Әйелдің жақсысы – ақылышың.** Қазақ салтында әйелдің сан алуан абзал қасиеттерінің біріне оның еріне кеңес беріп, ақылын айтып отыруын жатқызады; қазақ сахарасында дүйім елді аузына қаратып, өзінің елден ерекше ақыл парасатымен құрметке бөленген аналар аз болмаған. Сондай ақыл парасаттың кені болған әйелдер әрқашан да еркектің басына қиын-қыстау күн түскенде жанынан табылып, оған ақыл айтып, күш, рух беріп отырған. (Ә.Қайдар. Халық даналығы. Алматы, 2004.)

Қазір моральға міндеттейтін болашақ жар, әйел, ана дейтін сөздермен қыз балалардың лингвистикалық интуицияларын өте керемет деп айтуға болмайды. Олардың бойында бұл ұғымдар туралы имплициттік білім көрінісі бәсеңдеп барады. Қазақта: «Әйелі азған елдің болашағы жоқ» деген қатаң ескерту бар.

Қазақ әйелінің ойлау қабілеті, зейін-зерде ерекшелігі, парасат-пайым деңгейінің, мінезінің, еңбекқорлық, төзімділік, махаббат, сұлулық т.б. фразеологизмдер суреттейтін тілдік көрінісі этностың ерекше этноцентрлік концептілерін құрайды. Болашақта «Қазақ әйелі» макроконцептісінің қазіргі заманға сай «іскер әйел» т.б. микроконцептілеріне, имиджіне, кәсіби-интеллектуалдық өрісіне дәйектелген динамикалық жүйесін қазіргі қазақ қоғамының рухани-әлеуметтік үрдісімен салыстыра қарастыруды қажет етеді.

## 2.6 Фразеологизмдердің ішкі формасы

Фразеологизмдердің ішкі формасы – бұл фразеологизм мағынасының уәжділігінде жатқан бейне, белгілі бір жағдаят, «гештальт», «сурет», фразеологизм сипаттап отырған жағдаяттың бейнелі көрінісі. Фразеологизмнің ішкі формасын дұрыс түсініп білу – фразеологизмді дұрыс қолданудың кепілі.

Қарапайым мысал ретінде күлкілі жағдаятты келтіре кетсек.

*Бір кездерде студенттер арасында «жеңіл барып, ауыр қайт» дейтін тілек түрінде айтылатын фразеологизм болды. Оның мәні ауылға бара жатқанда жеңіл-желпі барады, арқалайтын ауыр заты жоқ, ал үйден қайтарда студент тамағын асырау үшін ауылы не береді, соның бәрін көтеріп келеді. Демек, әрі қарай тоқшылық, мошшылық дүние деген сөз. Бірде, тілек астарын түсінбеген орыс тілді қазақ бойжеткен құрбысына «жеңіл барып, аяғың ауыр болып келсін» деп айтып, көпке дейін мазаққа ұшырап жүрді. Мұндай мысалдар жастар арасында көптеп кездеседі. «Құрбым екеуміз **дам-тұзымыз жарасып, дос болдық**» деп жазатын қыздардың қолданысы бұл фразеологизмнің әдетте отбасын құрғандарға қаратып айтылатынан бейхабар екендігін көрсетеді.*

Фразеологиялық тіркестердің шығу тегін тереңірек қарастыру үшін, ең алдымен оның ішкі формасына көңіл бөлу керек. Сонда ғана фразеологиялық мағынаның өзіндік ерекшеліктерін және даму жолдарын түсіндіруге болады.

Адам санасындағы тілдік және сөйлеу жағдаяттарында дағдылы қалыптасқан зат пен құбылыстар таным нәтижесінде көрінеді. Тұрақты тіркес бойында бірінші – семиологиялық, екінші – семантикалық нысан бар. Семиологиялық нысан бойынша, тілдік жүйе мен ойлау жүйесі лингвокогнитивтік ерекшеліктерге орайлас келеді. Демек, «зат – әрекет – фразеологиялық прототип» алғашқы түсініктің заттық, сезімдік, қалыпты жағдайы. Екінші – семантикалық нысан бойынша танымдық цикл «фразеологизм – әрекет – зат» лингво-когнитивтік белгі ретінде тәжірибе мен бақылаудың апперцепция нәтижесінде бұрынғы «ескі білімінің» «жаңа білімге» өтуі жалғасуы, көрінуі. Тілдің сөздік құрамы қаншалықты бай болса да ол күллі концентінің барлық өрістерін жан-жақты көрсете алмайды. Коцептілер көбінесе сөздердің семантикалық өзгерістері нәтижесінде идиом сипатында вербалданады.

Сөздің ішкі формасы деген құбылыс тіл білімінде түрліше атаулармен (мағынаның белгісі, уәжділік – мотивация т.б.) аталып жүр.

А.А.Потебняның анықтамасына сүйенсек: «внутренняя форма слова есть отношение содержания мысли к сознанию; она показывает, как представляется человеку его собственная мысль» [1989, с. 98]. Әр ұлттың дәстүрлі мәдениет үлгілері оның тұрмыс-тіршілігінен хабардар етеді. Мәселен, қазақ мәдениетінде аңшылық пен саятшылық о

баста адамдардың жан бағу, күн көру, тамағын асыру сияқты тұрмыс қажеттерін өтейтін кәсіптің бір түрі болды. Бергін келе, мәдени тұрмысы жақсарған соң, бұрынғы кәсіп мәдени өнерге жалғасты. Бірақ о бастағы кәсіп кезінде қалыптасқан түрлі іс-әрекеттерді тура мағынада білдіретін тілдік бірліктер ауыспалы мағынаға айналды, енді іс-әрекет, жағдаяттары жанама суреттейтін фразеологиялық қолданыс қалыптасты.

Қазақ тілінің сөздік құрамында аңшылық пен саятшылық туралы бірліктер бар. Ал ертеден қалыптасып, күні бүгінге дейін ұмытылмай келе жатқан тұрақты тіркестердің құрамында аңшылық, саятшылыққа байланысты қолданылатын кәсіби қолданыстар жиі кездеседі.

Бір кезде тура мағынасында қолданылған *ор қазу* тіркесінің мәні мынада. Аңшылықта аңды ор қазып аулау дәстүрі болған. Ауланатын аңға байланысты ор терең, тік, таяз, кең немесе көлбеу болып қазылады. Аңды қуған кезде аң орға түседі. Демек, *біреуге ор қазу* тұрақты тіркесінің шығу тегі **ор** сөзімен байланысты. Тіліміздегі біреуге қиянат жасау, жаманшылық ойлау деген ұғымды *ор қазу* тіркесі арқылы беріледі. Бұл тіркестің қалыптасу уәжі қазақ халқының аңшылық дәстүріне байланысты.

В.П.Жуковтың: «внутренняя форма ... формируется на базе слов конкретного первично-номинативного значения» [С. 104]; «фразеологическое значение может возникнуть в результате метафорического переосмысления словосочетания, образующего внутреннюю форму фразеологизмов» [с.163]. деген ой-пікірлері осы мысалдың ішкі формасының жасалу ретін дәйектейді.

Тілімізде саятшылық өнерге қатысты қолданылатын **шырға тартты** тіркесі бар. «Құсбегілер тіліндегі *шырға* – «қызыл», «далбай», «кеп», «тірі» сияқты атаулармен айтылады. Қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінде шыр, шырға, шырғалау деген сөздер көп кездеседі. Бірақ бұл сөздің төркіні (этимологиясы) жете зерттеліп, әлі анықталмаған», – дейді Ж. Бабалықов [1983, 53 б.].

**Шырға тартты** а) Қыран құсты дәнiктiру, қанатын бекiту үшiн сүйретiлген тұлкi терiсiне қызыл байлап алдыру тәсiлi. ә) Ауыс. Алдау-сыратып сыр тартты, сынап көрді. [ҚТТС, Т. IX. 352].

**Шырға** зат – алғыр құсты аңға үйретудің тәсілі.

Қырғыз тілінің түсіндірме сөздігінде *шырға* – «бүркітті баптап үйретуде қолданылатын түлкінің кебі» делінген.

Қазақ тілі лексикасында «*шыр біту*» тіркесі бар. Бұл тіркестің беретін мағынасы семіру, ет алу, қондану.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіде **шыр** сөзінің үш түрлі мағынасын көрсеткен. Солардың бірі – нәр және әл, қуат, күш деп берілген.

**I. Шыр** зат, көне 1. Нәр, маңыз. 2. Әл, қуат, күш. **II. Шыр** зат, көне. Ынтымақ, бірлік, татулық. **III. Шыр** зат. Қанша бала болса да қатыса беретін асық ойынының бір түрі. [ҚТТС, Т. IX. 349 б.].

**Шыр** сөзінің арғы түп-төркі бойынша көне түркі тілінде *май, еттің майы* дегенді білдіреді [ДТС, с. 146].

Сонда *шыр біту* май біту дегеннің көне варианты болып шығады. Майды шыр сөзімен атаудың өзі ұтымды болғанымен, бұл сөздің өз мағынасында тіркес құрамында сақталып қалған. Мысалы, шыр байлады (бітті), шыр жұкпады. Бұл сияқты құбылыс қазіргі қазақ тілінде де аз кездеспейді.

М.М.Гинатуллиннің анықтамасы бойынша: «Мотивация – раздел лексикологии, задачей которого, является изучение связи между словами и вещами в момент их наименования, а также состояние и степень мотивированности слов на определенном этапе развития языка» (1973, 73). Яғни, мотивация құбылысы зат пен оның аталу кезіндегі сөзбен байланысын қарастыратын болса, біз осы құбылыс арқылы тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болған уәжділікті анықтауымызға болады. А.Мелерович: «Ішкі форма дегеніміз – жаңа мағына жасауға негізі болатын ең жақын семантика-этимологиялық мағына», – дейді [1971, 59 б.].

Фразеологизмнің ішкі формасын анықтау фразеологиялық мағынаның қалыптасуымен тікелей байланысты. Сондықтан тұрақты тіркестің ішкі формасын анықтау үшін, тіркесті толық қайта ой елегінен өткізу керек. Осындай қайта ой елегінен өткізу нәтижесінде ауыспалы мағынада беріліп тұрған тіркестің нақты нәрсені ойша абстракциялаудан және соның негізінде жаңа түсініктің пайда болатынын байқауға болады. Кейіннен даму барысында ол жалпыланып, соңында фразеологиялық мағынаның қалыптасуына негіз болады. Егер сөз тіркесінің мағына өзгерісі баяу, әрі ұзақ болса, өзгеріс іштей байқалмай қала берді. Сонымен қатар, оның даму барысына бастапқы сөздік комплекс сәйкес келсе, тіркестің семантикалық өзгерісі оның формасына әсер етпейді.

Тілді тұтынушыларға ішкі форма арқылы көрінген нысанның түрлі

белгілері кейде ұқсас бейнелердің ассоциациясын туғызады. Осыған байланысты бейнелілік терминіне назар аудару керек .

Бейнелілікті тілді тұтынушылардың қабылдау жүйесіне қарай қарастырады. Бейнелілік – тілдік жүйеде фразеологизмнің құрылымдық-семантикалық ерекшелігін жинақтаған лексика-семантикалық категория. Бейнелілік – менталдық құбылыс ретінде тілдік құралдардың мүмкіндігімен жүзеге асырылатын ұғымдық-логикалық, заттық-айғақтық мазмұн аясында біздің танымымыздағы нақты көріністер мен «бояулы» тіршіліктің суреттері. Демек бейнелілік тілдік антропоцентрлік аясына жатады. Тіл бірлігіндегі бейнелілік екі жақтың: адам психикасының лингвокреативтік ерекшелігі және адам танымының экстралингвистикалық факторларының бірігуінен пайда болады.

Бейнелілік, фразеологизмдегі бейнелілік және ішкі форма генетикалық байланыста.

Бейне – бұл адам санасында нысанның аталымы бейне, сурет және фрейм түрінде коммуниканттарда пайда болатын заттық-сезімдік кескін.

Ал бейнелілік – фразеологизм ерекшелігі бойынша, сақтау, көз алдына көшірме сияқты қайта келтіріп, сөйлеу процесінде қолдану. Тілдік санада бейне, картина және фрейм түрінде фразеологиялық тіркес этнотілдік сипатымен дараланады. Бейнелі-ассоциациялар потенциалы тіл-тілде бір-бірімен жарыса жүруі заңдылық. Мұндай факторларды зерттеу әдісі когнитивтік фразеологияның басты міндеті болмақ.

## **2.7 Фразеологизмдерді лингвокогнитивтік талдау мәселелері**

Когнитивтік құрылымдардың маңызы туралы барлығы мақұлдаған ортақ түсініктің жоқтығынан, фразеологизмдерде де когнитивтік-семантикалық талдаудың алгоритмі жоқ деуге болады. Сондықтан когнитивтік фразеологияның ерекше лингвистикалық талдауы болмағандықтан, фразеологиялық тұлға мағынасының негізі мен ішкі формасында жатқан когнитивтік құрылымды модельдеу әдісі керек дейді Н.Ф.Алефиренко [2008, 129].

Шынында фразеологизмдерді когнитивтік талдау әдістері қалыптасу кезеңінде деуге болады. Ол үшін концепттерді талдауда когнитивтік семантикадағы біраз тәсілдерді пайдалануға болады. Бұларға:

- ✓ дефинициялау;
- ✓ контекстуалдық талдау;
- ✓ этимологиялық талдау;
- ✓ концептерді репрезентациялаушы тіркестердің мағыналас қатарлары мен қарсы мәнді жұптарын талдау;
- ✓ қазақ мақал-мәтелдеріндегі, афоризмдегі, жеке қолданыстағылардағы тіркестерді талдау амалдары жатады;

Зерттеушілер концепт табиғаты туралы өз бағыт-көзқарастарына қарай, когнитивтік және мәдениеттанымдық талдауды жиі ұстанады. Бұл ретте фразеологиялық тіркестерді когнитивтік талдау тәсілдеріне сауалнама мен ассоциативтік талдауды да қосылады.

Мәдениеттанымдық жағынан фразеологиялық концептінің тұрақталуы мен қолданыс ерекшеліктерін білу үшін оның мәдени түп деректерінен, этимологиядан бастайды. Фразеологиялық концептінің ішкі формасын анықтау сол концептіге байланысты ұлттық салт пен дәстүр, яғни этномәдениетке келіп тіреледі. Когнитивтік және мәдениеттанымдық тәсілдер когнитивтік фразеологияда бірін бірі толықтырып отырады. Фразеология мұндай талдау әдістерін бірге қосып пайдаланғанда ғана нақты нәтиже береді. Фразеологизмдерді когнитивтік талдау сөздіктерге, прецедентті мәтіндерге, жекелеген тілдік тұлғалардың айтқандарына, фольклорлық мәтіндерге, баспа басылымдар мәтіндеріне, паремияларға сүйенеді.

Тіркестерге семантикалық-когнитивтік талдау жалпы орталықтанған мәтін мен өріс принциптеріне сүйенеді. Бұл ретте фразеологизм тек мәтін арқылы ғана түзіледі және «мәтін ішінде мәтін» екендігін еске алсақ та жеткілікті.

Қазіргі ономазиологиялық теория негізінде, фразеологиялық концепт құрылымы өріс бойынша *ядро* мен *перифериядан* тұрады. Ядроға қатысты жағы мағыналық элементтің концепт идеясына қарай құндылығымен анықталады. Мұнда периферияның да маңызы назардан тыс қалмайды. Перифериялық аймақта фразеологиялық концепт әдеттегідей мәдени және прагматикалық түсінікке негізделеді. Сондықтан фразеологиялық концептіні талдау оның лингвомәдени ерекшеліктеріне: *тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршілігіне* т.б. тілдік семантикасына иек артады. Когнитивтік талдау тұрақты тіркестердің мағыналық аясын жан-жақты



аша түсуге және фразеологияның семантикасын терең және нәтижелі зерттеуге ден қояды.

«Тіл жүйесіне бағытталған құрылымдық лингвистикадан өзгешелігі сол, когнитивтік зерттеу тілдік жүйенің ортамен байланысына бағытталған» [В.Г.Гольдберг, 2003: 43]. Сондықтан да фразеологиялық материалдарды когнитивтік зерттеу – фразеологизмдерді қалыптастырған дикурсивтік кеңістікте – табиғи тілдік ортамен байланыстыра қарастыру деген сөз. Дискурсивтік орта – адамның ішкі және сыртқы қабылдауына қарай өмір сүретін ортасының санада бейнеленуі және тілдік таныммен түсіндірілуі. Сондықтан фразеологиялық тіркестердің өзгерістерге ұшырауы, түсіндірілуі, сақталуы мен интеллектуалдық-эмотивтік ақпараттарды жеткізілуі когнитивтік талдаудың еншісіне тиеді.

Когнитивтік фразеология үшін негізінен екі тәсіл:

- **когнитивтік талдау тәсілі,**
- **фреймдік модельдеу тәсілдері** қолайлы.

Фразеологиялық концептілерді талдау әдістері бойынша концептінің алғашқы ақпараттық семантикалық құрылымын қайта шолып шығу керек. Тегінде жанама-туынды аталымдар – лингвокреативтік ойлау нәтижесі. Олай болса, адамның жеке қабылдау танымында қоршаған орта суреті дискурсивтік сипатта екінші рет бейнеленеді. Мұндай ақпаратта шындық көріністің (зат, нысан) субъективтік жағы басым болатындықтан, күтпеген, оқыс фантазияларға орын беріледі.

Мысалы, *суға сүйену (үмітсіздік), төбесіне шай қайнату (ұрсу), есектің миын жеген (ақылсыз)* т.б.

Жалпы алғанда «концепт таңбалардың мағынасы» болған соң, тілдік таңбалардың семантикасын концепт анықтайды [КСКТ, 1996, 92]. Бұл тұжырымды мақұлдай отырып, зерттеушілер (Н.Ф.Алефиренко) қосымша түсініктеме береді.

**Біріншіден, фразеологиялық мағына концептіден кең, оның перифериялық аймақты жасайтын лингвокреативтік қырлары бар. Екіншіден, концептінің анықтамасы бойынша, семиотикалық бағдар мен негізгі тілдік бірлік – сөздің тұрпат межесіне қарай ойысады.**

Фразеологизмде жатқан концепт *лингвокреативті* деп бекер айтылмайды. Бұлай айтудың когнитивтік фразеологияда маңызды мақсаты

бар. Ол: «фразеологиялық концептінің» өзіндік ерекшеліктерін көрсету. Бірінші ерекшелік. Әдеттегі концептілер тілден де тыс (музыка, живопись, сәулет, скульптура) жағдайда өмір сүреді. Әрине, тілдік қатысымда концепт айтылымға ие болады. Сөз тура мағынасында концептіге әрі тез, әрі оңай жол ашады.

Мысалы, *бесік* сөзі – «Бесік» концептісі – зат. *қазақ халқының мәдени мұраларының бірі, ұлт өнерінің төл туындысы, баланың кеудесі мен аяғын қаттырық байлап жатқызатын, дәретін жайдырмау үшін арнайы орнатылған түбегі мен ш.мегі бар нәресте бөлеуге арналған ағаш төсек* [ҚӘТС. 3т. 2006:295].

*Әке* сөзі «Әке» концептісінің негізін қалайды: *балалы болған ер адам*. [ҚӘТС. 2т. 2006:403]. Егер сөз концепті көпмағыналы болса, әңгіме дәл қандай концепт екендігін табу қиынға түседі.

Мысалы *бас* сөзінің қазақ әдеби тілінің сөздігінде 23 мағынасы талданған.

Мысалы, *Бас* зат. **1.** *а н а т. Адам не жануарлар денесінің жоғары не алдыңғы қозғалмалы бөлігі. ... 3. Кісінің жеке дара –өзі; адам. 14. Белгілі бір амалдың ұйытқысы, себепкері; 22. Белгілі бір процестің баталуы.* [ҚӘТС. 3т. 2006: 10-11]. Ауыспалы мағынадағы екіншілік аталымдардың концепт құрудағы қайшылықтар кездеседі: мысалы, жанымның *жайлауы*, *ойдың* пернесі, үміт *аққу*, *қайғының* бұлты т.б. дейтін ауыспалы қолданыстардың мағыналарына қарай концептіге жіктеу керек.

Тілдік семантиканың тереңіне жасырынған лингвокреативтік концептілер фразеологизмдермен жарыққа шығады. Алайда олардың фразеологиялық мағынасын білетіндер ғана концептілерді шатыстырмайды.

Мысалы:

- ◆ *жаман түйенің жабуындай* – *әбден тозығы жеткен, алба-жұлбасы шығу.* («түйе» концептісі ме, әлде «ескі» концептісі ме?).
- ◆ *аузы күйген үріп ішеді* – *бұрын опық жеп, өкінішпен қалған, енді сақтық жасауы.* («тамақ» концептісі ме, әлде «сақтық» концептісі ме?).
- ◆ *жүрегі қараю* – *қарны ашу* («батырлық» концептісі ме, жоқ «аштық» концептісі ме?)

Шынында келтірілген мысалдардың мағынасын семантикалық-когнитивтік талдаулар алдымен нысанға қатысты деректерді бір-бірінен ажыратып алуды қажет етеді. Ол үшін концептідегі фразеологизмнің дискурстық ортасын анықтау керек. Фразеологизмдегі жеке компоненттердің түсінігіне назар аудару керек. Бұл ретте менталдық бірліктерді түсінуге аялық білім керектігі белгілі.

Түйе малына екі жағдайда жабу жабады. Әдетте түйе малының өкпесіне суық тез тиеді, сондықтан оны жауып қояды. (Тұрқы ұзын әрі өркешті және малдың саны біраз болса қорада ұстауға мүмкіндік жоқ); Және түйенің жаңа туған ботасына көз тимесін деп. (Егер түйенің тұқымы асыл болса, жаман деген эпитет тұрмаған болар еді. Және тозығы жеткен жабу жауып, одан әрі тұқыртпайды). Бұл арада жабу сөзі мағынаны ашуға көмектеседі. Бұл тіркес адамға қатысты, оның орынсыз жерде көлбеңдеп, кедергі келтіретін әлдебір жағымсыз іс-әрекеттеріне қарай айтылады. **Жаман түйенің жабуындай жалпылдап** дегенде де, мағыналық реңк ерекшеліктері тек дискурсивтік сипатынан байқалады.

Үшінші тіркес **жүрегі қараю** – *қарны ашу* фразеологизмін студенттер көбінесе батырлық деп талдап жатады. Сірә, олар **қаны қараю** модельмен шатыстыратын болуы керек. Қазақи түсінікте асқазан деудің орына жүрек лексемасы ауыстырылып қолданыла береді. Мысалы, «*Жүрегі сазу, жүрегі айну, жүрегі қыжылдау*» т.б.

Сонымен фразеологизмдерді семантико-когнитивтік талдау екі бағытта жүзеге асырылады: таңдалған концептінің фразеологиялық құралдармен вербалдануын құрылымдық реконструкция жасау арақылы; Кілт сөздер арқылы оның семантикасын, оның дискурсивтік мәнмәтіндегі қолданысына қарай. Аталған бағыттар бір-бірінен оқшауланбай, керісінше толықтырып отырады.

Фразеологизмдердің когнитивтік параметрлерін зерттеушілер фразеографиялық еңбектерде өз нәтижелерін көрсетіп отыр. Әдеттегідей бұл орыс тіл білімінде байқалады. Мәселен, В.И. Телияның редакциясымен шыққан «Большой фразеологический словарь русского языка» (2006). Мұнда орыс фразеологиясының кешенді жинақталған ақпараттары когнитивизм бағытында талданған. Фразеологиялық тұлғалардың мәдени ақпараттары семантикасы, қолданыстары жүйелі түрде беріледі. Сөздікте тіркестердің сан жағы емес, тек когнитивтік ақпарат беретін сапа жағы қатты ескерілген.

Фразеологизмді лингвокогнитивтік зерттеу әдістерінің тәсілдері бойынша орыс идиоматикасының мәдени-танымдық кеңістігінен хабар беретін келесі фразеологиялық сөздік Н.Алефиренко, Л.Золотых. «Фразеологический словарь. Культурно-познавательное пространство русской идиоматики» (2008) деп аталады. Сөздік жалпы орыс фразеологиясының принциптері бойынша жасалғанымен, бұл сөздіктің басқа да көптеген фразеологиялық сөздіктерден айырмашылығы: мұнда материалдарды іріктеу барысында тек мәдени ақпараттық мәні бар фразеологиялық тіркестерді ғана алған. Яғни фразеологиялық концептілер ғана енген. Сөздікте тіркеске қатысты жан-жақты талдаулар берілген. Сол себепті сөздік мақаласы бірнеше бөліктерден: бас тақырыбы (лемма), функционалды-грамматикасы, иллюстрациясы, концепт, (субконцепт) лингвомәдениеттанымдық (элитная, обыденная лингвокультура) және сөйлеудегі тіркес қолданысы туралы анықтамалық ақпараттар қамтылған. Мысалы, толық болмаса да қажетті тұстарынан үлгі ретінде көрсете кетсек.

## МОСКВА

**МОСКВА НЕ СРАЗУ СТРОИЛАСЬ.** *Сразу ничего не делается.* (Сөздікте синонимдері мен антонимдері келтіріліп, мағыналары талданады. Әрі қарай, фразеологиялық тіркес мысалдары, функционалды-грамматикасы, тіркестің шығу тарихы баяндалады. Содан кейін:

»Используется. Когда хотят сказать. Что не следует торопиться; не сразу дело делается.

↔ Концепт «Терпение»; субконцепт «Всему свое время».

↪ Обыденная лингвокультура

☞ Языковая память поддерживается народным представлением об истории Москвы [Н.Алефиренко, Л.Золотых, 2008, 233].

Сөздік түзуші авторлар фразеологиялық концептілерді анықтауға және олардың негізгі белгілерін көрсету үшін осындай түрлі зерттеу тәсілдерімен фразеологизмдердің лингвокогнитивтік талдау әдістемесін жан-жақты етуді мақсат еткен. Жоғарыдағы сөздік сол ізденістердің мақұлдануының (апробация) көрінісі. Сондай-ақ, ең алдымен қарастырылып отырған фразеологиялық концептімен ассоциациялануға ұйытқы болатын

лексикалық компоненті анықталған.

Енді лингвокогнитивтік талдау әдістерін қазақ фразеографиясына үйлестіріп көрсек.

## АТ

**АТ ШАПТЫРЫМ ЖЕР** –ара қашықтық өлшемі ретінде айтылады. С и н о н и м д е р і: құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер, козы өрісіндей жер (2-3 шақырым жер) т.б. А н т о н и м д е р і: қарға адым жер (өте жақын тиіп тұрған жер), таяқ тастам жер (Салыстырмалы түрде лактырған таяқ түсетін жер, көзбен шола қарағандағы тым жақын жер), көз көрім жер, (екі араның арасын көзбен мөлшерлеуге болатын жер), шай қайнатым жер ( өте жақын жер, шамамен он-он бес минут аралық).

☉ *Ат шаптырым ақ орданың сол жағында манадан бері үнсіз отырған бәйбішенің еріндері сол бұлк етпеген қалпы қала берді. (Ә. Кекілбаев. «Үркер»). Дарияның сол жағында ат шаптырымдай жерде Ақсақ Темір уақытында салынған маңғыт руының дихасы-маңғыт, одан әрі бір күндік жерде Үргеніш шаһары жатқан. (І.Есенберлин «Көшпенділер»). ... Сайдың арғы бетінде айналасы ат шаптырым дуалдың жұрнағы жатады. (Ш.Мұртаза. «Ай мен Айша»).*

⌘ Сын есім. Сөйлемде анықтауыштың қызметін атқарады.

📖 Қазақ тілінде **арақашықтық, ұзындық, салмақ-көлем** өлшемді білдіретін **сөздер** мен **тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер** этностың танымында әлем бейнесін қарапайым танумен тікелей байланыста қалыптасқан. Әлем бейнесіндегі уақыт пен кеңістік жүйесінде ерекше көрініс беретін бірліктер – өлшем бірліктері. Ол адамзат баласының күнделікті іс-әрекеті нәтижесінде белгілі бір санды, сапаны, шаманы, мөлшерді, межені анықтау барысында пайда болған. Қазақтың байырғы өлшем бірліктері этностың тұрмыс-тіршілігінен, саналы ғұмырының өмір сүру мәдениетінен ақпар береді. Халықтық өлшем атаулары ұлттық сөздік қордың ауқымды қабатын құрайды. Ат шаптырым жер – бұл тіркесімге берілген сөздіктегі түсініктеме мен ғалымдардың берген анықтамасында бірізділік жоқ.

Тілімізде *ат шаптырым жер* тіркесімен мағыналық және құрылымдық жағынан ұқсас *құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер* – шамасында тіркестері де қазақтың өзіне тән танымдық ерекшелігін көрсетеді. Өйткені қазақ өзінің күнделікті көз алдында көретін жан-жануарлардың жасын, жынысын, түрлі қасиеттерін ерекше тани білген. Сол танымның негізінде басқа нысандармен салыстырып, теңеп солардың қасиеттерін анықтаған. Бұлардың білдіретін ара қашықтық меже шамасына осы жануарлардың жасы, физиологиялық қабілеті, тұрмыс тіршіліктегі тәжірибесі, адам санасында сұрыпталған, семантикалық айырым белгілері негізге алынған. Сондықтан да, қазақ танымында орта есеппен ат шаптырым жер – 20-25 шақырымды білдірсе, құнан шаптырым жер – 10-15, (8-10 км) шақырымды, тай шаптырым жер – 5-10, (5 км) шақырымды межелеген.

» Тілдік қолданыста, жердің – екі ортаның, алыс арақашықтығын білдіруде айтылады.

↔ Концепт «Өлшем»; субконцепт «алыс».

«» Әдеттегі лингвомәдениеттаным

«» Тілдік жадыда ара қашықтық туралы халықтық өлшем көзқарасымен байланысты сақталған.

Қазақ фразеографиясына осындай лингвокогнитивтік талдау әдістерімен жасалған сөздіктің қажеттігін уақыт көрсетіп отыр.

Фразеологиялық концепт адамдардың жинақтаған тәжірибесін көрсететін ұжымдық және жекелік таныммен қалыптасатындықтан фразеологиялық семантикада субъективтік ұғым басты орында тұрады. Лингвокогнитивтік талдау ұлттың мәдени-танымдық кеңістігіндегі ақпараттарды толық көрсете алады деуге болады.

## 2.8 Фразеологизмдерді фреймдік талдау әдістері

Фразеологиялық семантиканы фреймдік талдау бірте-бірте лингвистикалық мәртебе алады. Бұл фразеологиялық зерттеулерде айтылып жүр. (Н.Н.Болдырев. Когнитивная семантика. Тамбов. 2002., Н.Ф.Алефиренко. Фразеология и когнитивистика в аспекте лингвистического постмодернизма. 2008).

Фреймдік семантика – тілдің семантикалық және ойлау кеңістіктеріндегі тілдік мағына мен білім құрылымының өзара әрекеттестігі. Ол фразеологизмдер мағынасы арқылы адамдардың өмірлік тәжірибесінің сипаттары мен жалпы білімдерінің сыртқа шығуын, қатысымдық актіде фразеологизммен сипатталу процесін модельдеуге мүмкіндік береді. Мұнда ең басты назар аударатын нәрсе: фразеологиялық мағына мен адамдар тәжірибесінің арасын белгілеуде нақты меженің болмауынан фразеологиялық және когнитивтік құрылымдардың заңды байланысын айқындау әркез оңай еместігі.

Тіпті «фрейм» терминінің қолданысында бірізділік жоқ. Бірде менталдық кеңістік, когнитивтік аймақ, схема, сценарий т.б.

Егер тіркес жасайтын жаңа нысан қатар, біртектес басқа нысандармен ассоциацияланса, онда этнотілдік танымда оның уәжділігі анықталып, фразеологизм мағынасы түсінікті, есте жақсы сақталады және қолданысқа ие болады.

Мысалы, **сөзді жүндей сабау** – адамның көп сөйлейтін жағымсыз қасиетін айтады. Мұнда прототип – нақты іс-әрекет: ұйысқан жүнді ұзақ сабағанда ғана жұмсарып, мамық сияқты болады. Жүн сабаушының қолындағы екі шыбықтың сартылы мен жерді сабалаған дыбысы құлаққа аса жағымды тимейді. Құбылыстың ұқсастығынан санада ой мен нысандар ауыстырылып, құралдың орнын *сөзбен* алмастырғанда бұрынғы танымдағы ассоциация негізінде тіркес уәжділігі ашылады.

Фразеологиялық мағынаны когнитивтік деңгейде қарастыру *фреймдік талдау мен прототиптік семантика* талдау әдістері арқылы тек тілдік қана емес, тілден де тыс, энциклопедиялық білімдерді ескеруге тура келеді. Оның үстіне, фрейм барлық фразеологиялық жүйенің ұйымдасқан құрылымын тануға құрал ретінде жұмсалады.

Жағдаятты толық игеру айтушы мен тыңдаушының позицияларына қарай анықталады. Олардың назары фразеологиялық фреймнің кез келген бөлігіне түсуі және есте сақталуы мүмкін. Себебі фразеологиялық мағынада біздің жадымыздағы стереотиптік жағдаяттар бейнесінде бұрынғы іс-тәжірибеміз бойынша, белгілі бір прототиптік фрейм тұрады. Тіркес мазмұнында фразеологиялық семантиканың прототиптік фрейміне сай келетін қабылдау бар.

Прототиптік семантика әдісін фразеологизмдердің пардигмаларын (семантикалық топтары, фразеосемантикалық өрістері) когнитивтік тұрғыдан қарастырғанда тиімді деп есептейді.

Фразеологиялық парадигмалардың құрылымы ядро мен перифериядан тұрады. Прототип ретінде ядро тұрғандықтан, ол бұл категорияның негізі болып саналады. Мысалы, қазақ тілінде фразеологиялық парадигмадан көрінетін «құс» бейнесіне прототиптер түрлі бүркіт, қаршыға, сұңқар тектес құстардың биіктен, қиыннан ілетін ерекше қырағылық қасиеттерін жалпы *қыран құс* фразеологизмімен сипаттайды. Ал аталған құстардың жеке-дара өзгешеліктеріне қарай тұрақты тіркестер жасалған.

Мәселен, түс атауын білдіретін «ақ» сөзі фразеологизмдер тудыруға ұйытқы болған.

Мысалы:

- *Ақ сұңқар / ақ сұңқар құс* – 1. қыран құс; 2. Ер азамат деген мағынада.

*Ақ сұңқар келіп шырмалар,*

*Саятшы алдын парласа (Мұңлық-Зарлық)*

- *Ақ иық* – мұз балақ, ерекше қыран, айрықша асыл қыран мағынасында қолданылады. Кейде фразеологизмнің орнына – «ақ иық мұзбалақ» варианты қолданылады.

Мысалы:

- *Ақ иық мұз балақпын жерге түспес. (Айтыс)*

*Ақ иық бүркіт төмендер,*

*Екі қанат талғанда.*

- *Құсбегілер ұстаған бүркіттердің «Алтайдың ақ иығы», «Қарағайдың қызыл балақ сарысы», «Түменнің сары құсы» деп аталуы да мекен-жайына байланысты қалыптасқан осындай бітім ерекшеліктерінен туса керек. (Т.Әлішеров).*

**Тас түлек.** (*Тас* сөзі мұнда күшейткіш мәнде айтылған). І. Кеңесбаев «төрт жасар қыран құс» деп түсіндіреді [КТФС, 1977, 496].

Мысалы:

- *Ол қазір өткен күздегі үрпиген тірнек емес, балғын, ерекше саңлақ құс болып алған бұл күндерде. Томағасын алусыз күйінің*



өзінде топқа түсер балуандай тік отыр... Осы **тас түлекке** көз алмай қараушылардың ішінен, қыжырайған қара шал Шәймерден: «Шіркіннің сергегін қарашы» – деседі (Ә.К.).

• Әуеде аңсыраған **тас түлек** жоғарыдан төне түскенде, қатты бір шошып жосыла жөнеліскен еліктер белден аса бере оны мүлдем естен шығарған екен (Ә.Кекілбаев).

**Тас түлектей түйілу** тіркесі қыранның алғырлықпен аңға түсетін кезін сипаттайды.

**Тұзақ құру** 1. Құс жолына тұзақ байлау. 2. *Ауыс*. Айла, амал жасау, арамдық, пәле ойлау.

**Тұзаққа түсу** 1. тұзаққа ілініп қалу. 2. *Ауыс*. Алдауға түсу, ұсталу. (ҚТТС, 9т . 264).

**Тұғырдан таюу** 1. бүркіт тұғырдан түсті, қартайды деген ұғым. 2. *ауыс*. адамға байланысты мансап, қызметтен кетті, дәрежеден айырылды.

Ұлт тілінің дамуына сол халықтың кәсібі мен шаруашылығының әсері мол. Демек бұл тіркестердің жасалуында ұлттық тұрмыс-тіршілік және мәдени өмір суреттері бар. Қазақ тіліндегі құсбегілік, саятшылыққа қатысты атаулар мен фразеологизмдер халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерінен хабардар етеді. Саятшылық – өнер. Саятшылыққа қатысты атаулар мен түрлі тіркестер, паремиялар ұлттың мәдени-рухани мұрасын өз бойына сақтап келеді.

Ата-бабаларымыздың күнделікті күн көріс тіршілігінің ерекше бір арнасы ертеден келе жатқан – құсбегілік. «Құстың алғанынан салғаны қызық»; «Ителгі етек былғайды»; «Ителгінің қызығына қызсаң, қаршығаңды қамшы етерсің», немесе «Баба бүркіт барлап ұшады, Бала бүркіт парлап ұшады»; «Түлкіге түйіліп түспеген бүркіт қанатынан айырылады»; «Кәрі бүркіт қырланса – түлкі іледі, Кәрі күйеу қырланса – балдызына көзі түседі» деген сияқты мақал-мәтелдер мен аталы сөздер құсбегілік, саятшылықтың өнер екендігінің айғағы.

**Сақтықты сұңқардан үйрен** деген мақалда сұңқар құстың табиғатынан өте сақ құс екенін, ал ауыспалы мағынада адамға сақтықтың керектігі, сақ жүрген адамның әр нәрседен аман болатынын тұспалдайды.

**Биік таудың басына қиялап ұшып қыран да шығады, Жер бауырлап жылан да шығады** деген нақыл – қалай амалдасаң да, алдыңдағы мұрат, мақсатыңа әйтеуір жетесің дегені.

Ал орыс тілінде «құс» бейнесіне прототип болып тауық немесе шымшық торғай алынған. 1) *носитья как курица с яйцом, мокрая курица, писать курица как лапой, слепая курица, куры не клюют*; 2) *стреляный (старый воробей), короче воробьиного носа*.

Қазақ мәдениетінде көшпелілік, табиғатынан төрт түлік мал шаруашылығына бейімділігі, оның үстіне көру, тіршілік ету (саятшылық, аңшылық) сияқты басқа амалдар болды. Кейін отырықшы болған соң ғана, үй құстарымен айналысуға мәжбүр болғандықтан, тауық асырау қазақтарға кеш келген.

## 3 ТАРАУ

### Қазақ фразеологиясының дискурстық сипаты

---

#### 3.1 Фразеологиялық неология

XX ғасырдың жетпісінші жылдарында еуропа тіл білімінде «неология» деген жаңа сала пайда болды. Бұл терминнің аясында неологизмдермен қатар, неофразеологизмдер де қарастырылады.

Неологизм сөздерден неофразеологизмдердің айырмашылығы оның стильдік коннотациясы мен қолданыс өрісіне байланысты. Неологизмдер көбінесе стильаралық болып келсе, неофразеологизмдер ауызекі сөйлеу стиліне тән.

Қазіргі фразеологияда болып жатқан өзгерістердің ең бастысы – неологизация, яғни жаңа фразеологиялық тұлғалардың пайда болуы. Жаңа тұлға алғашқыда бір адамның сөйлеуінен, одан кейін басқалардың қайталауынан пайда болады. Алайда тіркес бірден тұрақталмай, сөйлеу тілінде қолданылып, окказионал немесе авторлық болып қалады. Тек қана жиі-жиі қайталана бере, тіл байлығының жетістігі ретінде жаңа фразеологиялық тұлға узуал тіркеске айналады. Демек окказионал фразеологизм мен неологизм арасын ажырататын анық жеке жоқ. Бір жағынан авторлық бейнелі тіркес пен фразеологиялық тұлға қолданыстарын бірден байқау қиынға түседі.

Олардың окказионал немесе авторлық екендігін анықтау тек неологизмдер сөздігі арқылы критерий ұстануға болады. (Өкініштісі неологизмдер сөздігі қазақ тілінде әлі жасалмай келеді).

Фразеологиялық неологизмдерді окказионал бірліктерден ажырату үшін:

- ✓ түрлі жазба деректерде неологизм ең азы үш рет қолданылуы тиіс.
- ✓ тілді тұтынушылардан фразеологиялық неологизмді білетінін айғақтау.
- ✓ түсіндірме сөздікте фразеологиялық тіркестің тіркелмеуі сияқты шартты критерий керек.

Фразеологиялық неологизация лексикаға қарағанда туынды-жанама екінші аталым жасайды. Жаңа фразеологизмдер лексикалық неологизмдер сияқты терминологиялық жүйеде жаңа сөз тіркестермен жаңа ұғымдарды атамайды, бұрынғы ұғымдарды жаңғырытып, басқа сипат береді.

Тағы бір ерекшелігі жаңа фразеологиялық тұлғалар тілді тұтынушыларға түсінікті болып келеді, әрі тез таралып кетеді. Сондай-ақ олардың тез таралуына күнделікті баспасөз де ықпал етеді. Тілдегі жаңа үрдістерді газет-журналдар тез байқатады, соның ішінде фразеологизмдер де бой көрсетіп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдары тілдегі жаңа үрдістер үшін тура сынақ алаңы сияқты. Жаңа пайда болған тіркес өміршеңдігі осы басылымдарға байланысты. Егер жазушы шығармасындағы тұрақталуға бейімі бар, әлде бір бейнелі тіркес оқушысына айлап емес, жылдап жетіп жатса, күнделікті БАҚ мүмкіндігінің таралуы шексіз болғандықтан, мәселен, газет тілі тым «демократиялық» жағдайда сөйлеу тілінің элементтерін (оқушы хаттары, интервью) оқушысына молынан ұсынады.

Терминологиялық тіркестерді ауыспалы мағынада қолданған сайын, терминдік мағынасы жойыла береді. Осыған орай бұл құбылысты орыс фразеологтары жаңа пайда болған тұрақты тіркес қатарына көбінесе терминологиялық сөз тіркестерін қосады.

Мысалы, «получать прописку» – терминдік жүйеде азаматтарды тұрған жеріне қарай тіркеуге алу. Ал фразеологиялық мағынада «сол жерде тіршілік етуге рұхсат алу, бекітілу, тұрақталу» деген мағынада. Қазақ тілінде де бұл тіркес «прописка жасау» ауызекі тілде ұжымға жаңа орналасқан адамға «қызмет орнын атап өту» («жуу») сияқты мағынада жұмсалып жүр. Детерминологиялық мұндай құбылыстар, әсіресе, спорт терминдерінде жиі кездеседі.

Әлеуметтік-мәдени кеңістікте болып жатқан өзгерістер, құндылықтарға басқа көзқарастың қалыптасуы тілдің лингвокреативтік қызметін көрсетеді. Бұрыннан қалыптасқан лингвомәдени ремаларды жаңғыртады немесе өзгертеді. Мысалы, «тұсау кесу» – этнофразеологизм. Жас баланы тәй-тәй басқан кезінде «тез жүріп кетсін, сүрінбесін» деп тұсауын кеседі. Ал қазіргі заманда әлде бір мекеменің ашылу салтанаты, жаңа кітап шыққанын көпшілікке жария ету т.б. күнделікті толып жатқан жаңа жоспарлар төңірегінде болып жатқан өзгерістерді қауымға жеткізу, құлағдар ету мақсатында көпшілік алданда керілген лентаны қиып,

«тұсау кесерге» ұқсас рәсім өткізеді. Ситуация «тұсау кесер» салтанатына ұқсас болғандықтан этнофразеологизмге тән тіркеске қосымша мағына жүктелді. Бұл қайта жаңғырту үрдісі, тіркес мағынасы жаңа бейне, сипат береді. Ал тілдік санадағы ақпараттық мәні бар лингвомәдени ремалар мазмұны жаңа дәуірдегі өзгерістер барысында қайта жасалады.

• *Басында тұсауыңды кеспеген екен зой сенің, – деді Нұржан. /С.Ад./.*

• *Биттің қабығындай кітапты өз қаржысына шығарып, демде де-меуші тауып, әлгі кітаптың тұсау кесерін жасау, машина мініп, тірі классик атанатындар аяғын тартар ма еді? /Ж.Боранбай/.*

• *Кеше бизнес орталығы болып табылатын осы ғимараттың тұсау кесер рәсімі өтті. /А.Ақшамы/.*

Жаңа фразеологизмдердің пайда болуы мына төмендегі экстра-лингвистикалық факторларға байланысты:

◆ қоғамда болып жатқан әлеуметтік және саяси оқиғалар: елдегі саяси тынышсыздық, «қайта құру», посткеңестік кездегі күнкөріс үшін адамгершілік-моральдық сипаттың өзгеруі тілде де көрінеді. Мысалы, «жаңа қазақ», «түнгі көбелек», «көкек ана» т.б. ;

◆ урбанизация кезінде дала тілінің қала тіліне қарай жағымсыз әсерге ұшырауы, варваризмдердің, жаргондардың тілдік қолданысқа жаппай енуі. Мысалы, «базар жоқ», «косякқа кіру», «крышасы бар»;

◆ қылмыстық факторлардың нәтижесінде адамдардың моральдық азғындауы, қылмыстың көбеюі де тілде дөрекі стиль элементтері дисфемизммен еркіндікке ие болады. Мысалы: «шеккіш», «наркоша» – нашақор; «нары», «крытая» – түрме; «шөп», «травка» – марихуана т.б.

◆ масс-медиялық деректер:

«жас жұлдыз», «жұлдыз ауруы», «қара пиар», «ақ пиар», «лақтырып кету».

Мысалы:

• *Айтыс өнерінде тұсауын кескен Еркіннің тыңдарманның таоап-талғамына сай, жүрек баурайтын әндер орындап жүрген жас жұлдыз екеніне дау жоқ. («ЖА»).*

• Қазір қазақ эстрадасында көпшілік жас таланттарымызға тән бір ауру бар. Мойындасақ та, мойындамасақ та ол – **жұлдыз ауруы**. («ЖА»).

• «Ырғақтың» өткен нөмірінде «Қайрат Нұртас қызылжарлықтарды **«лақтырып кетті»** деп аталатын мақала жариялағанбыз. («ЖА»).

◆ әлеуметтік диалектілер – жастардың тыйым сөздерге әуес болуы, жаргон сөздерді қолдануды өздерінше сәнге айналдыруы.

Мысалы: «**Фарын сындыру**» – көзін көгерту; «**Құлақтан тебу**»; «**Қоянның суретін салып кету**» «**лақтырып кету**» – алдап кету; «**Прикол ұстау**» – мазақ ету; «**Духы жетпеу**» – батылы жетпеу.

Келтірілген мысалдар қазіргі жастар тіліндегі фразеологизмдердің қолданыстағы түрлерін көрсетеді. Бұл қазақ тіл мәдениеті мен сөйлеу әдебіне нұқсан келтіретін «жастар тілінің» «созылмалы ауруы» деген сөз.

Қалай болғанда да, фразеологизмдердің құрылым құрылысы мен семантикалық жақтарындағы өзгеріс қалыптасқан нормадан ауытқымауы тиіс.

### 3.2 Фразеологиялық деривация

Неофразеологизмдермен байланысты сөз етілетін фразеологиялық деривация мәселесі.

Фразеологиялық құрамды кеңейту әрі байыту процесі ғылыми әдебиеттерде «фразажасау» термині арқылы беріледі [Виноградов, 1972, 23-30]. Бұл термин жаңа фразеологиялық тіркес жасаудың бүкіл процесі мен оған қолданылатын тәсілдерінің жиынтығын көрсетеді.

Фразеологиялық қордың өсуі бүгінгі таңда жаңа түсініктердің жылдам өсуіне байланысты, яғни ғылымның, экономиканың, мәдениеттің жетілуі тек жаңа сөздердің ғана емес, жаңа тұрақты тіркестердің пайда болуына да әкеледі. Жаңа тіркестердің пайда болуына тілде бұрыннан бар фразеологиялық тіркестердің өзі де жаңа фразеологизмдердің жасалуына деривациялық база болады. Сөйтіп фразеологиялық қорды

көбейту процесі тілде бұрыннан қалыптасқан фразеологизмдердің аясында жасалуы да мүмкін. Тілді тұтынушылардың барлығына таныс фразеологизм арқылы фраза туындатуға болады.

Жаңа форма туындатудың бұл түрі ғылыми әдебиеттерде фразеологиялық деривация деп аталады [Кунин, 1980, 51-55]. Фразеологиялық деривацияны фразеологизмдер негізінде окказионал тіркес жасау ретінде қарастыруға болады. «Фразеологиялық деривация» термині лингвистика саласында кеңінен танылған және жаңа пайда болған фразеологиялық тіркес немесе сөздің жаңа мағынасының жасалу процесін белгілеу ба-рысында қолданылады.

Фразеологиялық тіркестердің өзгеруіне, жаңаруына жаңа бақылаулар, бейнелер, жаңа ассоциациялар себеп болады. Фразеологизмдер:

- **лексикалық**
- **семантикалық**
- **лексика-семантикалық**

өзгерістерге түседі. Мұндай тұрақты тіркестер окказионал фразеологизмдердің жасалу үлгісін көрсетеді. Айтушының лингвокреативтік ойлау әсерінен тілдің элеуеттік мүмкіндіктерін пайдалану мақсатында қалыптасқан, қолданыс өрісінде әбден тұрақталған фразеологизмдер семантикалық, прагмастистикалық өзгерістерге ұшырайды. Фразеологизмдердің «стандарт» үлгілері сөйлеушінің бұрынғы қарапайым прагматикалық интенциясы шеңберінен шығып, **лексикалық, семантикалық, эмотивтік, бағалауыштық, компоненттік** деңгейде түрлі өзгерістерге ұшырайды.

Окказионал фразеологизмдер – тыңдаушыға ерекше эмотивті әсер ететін тілдік бірліктер. Окказионалды фразеологизм өзінің тілдік прототиптерімен деривациялық байланысқа түсетін фразеологиялық тұлғаның трансформациялануының түрлі тәсілдері арқылы жасалады. Сөйлеу жүйесінде белсенді қызмет атқаратын фразеологиялық тұлғалардың окказионалды пайда болу жолдары әрдайым ғалымдардың назарынан тыс қалмаған. Орыс тіл білімінде окказионал фразеологизмдер туралы ғалымдардың еңбектерінде (М.М. Копыленко, З.Д. Попова, А.В. Кунин, А.М. Мелерович, В.М. Мокиенко, В.Н. Телия, Н.Ф. Алефиренко, А.В. Жуков, және т.б.) деривацияның түрлі тәсілдері мен амалдары айқын сипатталған.

### *Лексикалық өзгеріс.*

Мұнда фразеологиялық бірліктің мәні мен компоненттер құрамы сақталып, лексикалық бірліктегі бейнелілік өзгереді. Мысалы:

- *Маратжанның жағасы жайлауда, етегі қыстауда еді. /С.Ә./*
- *Өзің жоқта үйіңе кіріп алып, жағамыз жайлау, төбеміз қыстау, отырмыз жайланып. /Ғ.Мүсір/.*
- *Ой, шатастырған құдай-ай, мен де сол сияқты шаруа бағып үйде тыныш жатсам, әуелден жағам жайлау, төсім өріс болмай ма? /А.Н/.*
- *Іші күйгендердің сірке суын ішсе де, еркі, Аткелтірді, яғни Атекеңді мен карта ойнап ұтып алғаным жоқ (Ж. Сабыржанұлы, 327 б.).*

Келтірілген қос тағанды фразеологизмдердегі алғашқы аллитерациялық **жағасы жайлау** тіркесі еш өзгеріссіз қалып, **етегі** – *төбе* – *төс*, ал **қыстау** – *өріс* болып, ассоциация мен бейнеліліктің өзгеруіне лексикалық варианттар қатары қосымша ықпал етіп тұр.

*Іші күйген сірке суын ішін* жеке қолданысы «ішің күйсе, тұз жала» сияқты қалыпты тіркесінен сөзді құбылтып, ерекше әсер ету мақсатында ұтымды жасаған: 1) *күйсе* дегендегі етістіктің шартты райының жұрнағы «-се» есімшенің «-ген» жұрнағымен ауыстырылған; 2) *тұз жалау* – *сірке суын ішу* тіркестің екінші компоненті толығымен өзгерген;

Тіл арқылы жеткізілетін ой шексіз, ал тілдік амалдар сан жағынан да, сапа жағынан да шектеулі [Жинкин, 1982, 73]. Сондықтан да адам психикасында тілдік белгілерді бұзу механизмі қалыптасады яғни, тілдік амалдарды үнемдеу механизмі іске қосылады. (Мысалы: *көзі ашылу* – санасы ояну, өмірді тану, білу; *көзі ашылу* – қолайлы жағдайдың тууы, жолы ашылу т.б. басқа көріністі бейнелеуі). Дәл осы механизм тілдің түрлі ұқсас жағдайларында фразеологиялық тіркестің қолдану жиілігін семантикасы мен жасалу формасы бойынша анықтайды. Адам өзінің танымдық ерекшелігіне қарай прагматикалық әрекетінде нақты болмысты көрсетеді, бақыланатын объектілер арасындағы байланысты орнатады. (Мысалы: *тұз жалау* – *сірке суын ішу*).



### *Семантикалық өзгеріс.*

Мұнда фразеологиялық бірліктің компонентер құрамы сақталады, бірақ қолданылуына байланысты оның мағынасы өзгереді.

Мысалы:

- *Аузын шөпке жеткізбей көтере байлаған аты тілін тістеп аш қалған қонақ оның үйіне екінші қайта өзі де жоламауға тырысатын* (Ж. Ахмади).

1) *тілін тістеу* – сөйлемей қойды, ойына, пікіріне тыйым салды [ҚТФС, 1977, 535; 2) *тілін тістеу* – нәр сызбады, ашығу деген мағынада айтылады. Фразеологизмдердегі полисемияның көрінісі.

### *Лексика-семантикалық өзгеріс.*

Мұнда тіркестің жартылай лексикалық құрамы, сонымен қатар, фразеологиялық бірліктің мәні де өзгереді.

Мысалы:

- *Аспаннан айы құлап* тұрған ана тілін төрге оздыруда тым созылып кеткен былқыл-былқылды енді Елбасы төбеге ұрғандай ғып тоқтаса ғой. (Ж.Сабыржанұлы).
- Мырзан жүзін суытып ала қойды да, қабағын түкситіп орнынан тұрды. *Бетіне қан тепті.* (Б.Мұқай).

Бірінші мысалда *Аспаннан айы құлап* – жолы болмау, істеген істің кері кетуі. Ал қалыптасқан тіркестер *аспаннан түсу (аяғы салбырап түсу)* – ойда жоқта пайда болған нәрсе, құбылыс туралы фразеологизмінің деривацияланған түрі. Мысалда фразеологизмнің мағынасы өзгерген. Екінші мысалда *Бетіне қан тепті* 1. ұялу, қымсыну; 2. ашулану. Көпмағыналы фразеологизмнің контекстегі қоданысы.

Атына қарай тұрақты деп есептелетін фразеологиялық тіркестердің мұндай өзгерістерге түсуі заңды. Әдетте дерексіз ұғымдарды жеткізу үшін айтушының, тыңдаушының көз алдына нақты суреттілік керек екенін ескеру қажет. Адамдардың көз алдындағы жаңа бақылаулар мен жаңа ассоциациялар бұрыннан таныс көріністерді жаңа образбен беру қажеттігі туады.

Ұлт тіліндегі фразеологиялық қордың осындай авторлық ерекше сөз қолданыстары арқылы фразеологизмдердің жасалуындағы жаңа толықтырулар – шын мәнінде басқа мәдениет үлгілерін адамдардың өз қолымен дүниеге әкелуі, олардың қызмет етуімен ортаның өзгеше тіршілікке бейімделуін көрсетеді. Мұндай өзгерістер алдымен лексикада көрінсе, бара-бара фразеологиялық бірліктер құрамына ауысады. Сонымен, бұл жаңарулардың басты себептері: экстралингвистикалық және лингвистикалық.

Экстралингвистикалық себеп – кейбір ұғым-түсініктердің ескіруі, жаңа ұғымдардың пайда болуы десек, лингвистикалық себептерге тілдегі түрлі өзгерістер, тіпті пуризмдердің орын алуы, варваризмдердің дендеп енуі (*базар жоқ, косяққа кіру, крышасы бар, танкісі бар*). Келтірілген мысалдардың екі факторға да қатысы бар. Аз топтардың (мысалы, орыстардың) территориялық және тілдік қатысы мен жергілікті топтардың (қазақтардың) өзара әлеуметтік байланысын байқататын мотивтер деп айтуға болады.

Мысалы: *Бөшке домалату- бочку катить (жала жабу); Көзімен адам жеу- пожирать глазами (1.жақтырмай қарау; 2.жақсы көріп қалу)*.

Неофразеологизмдер мен фразеологиялық деривация қанадай заңдылықтарға сүйеніп жасалса да, тілдік нормадан ауытқымауы тиіс. Ауызекі сөйлеу тілі тіл мәдениетінің барлық талаптарына сай келе бермейді. Дегенмен де мұндай тілдік деректер әрдайым есепке алынып, экстралингвистикалық және лингвистикалық себептердің уәжділіктерін талдап отыру – міндет. **3.3 Қазақ тіліндегі фразеологиялық қор және тілдік тұлға**

Фразеология дербес пән болғандықтан лексикологиядағы сөздік қор сияқты тұрақты тіркестер жүйесін жинақтаған қазақ тілінде *фразеологиялық қор* бар. Фразеологиялық қор әрдайым жаңа фразеологизмдердің жасалуымен, яғни неофразеологизмдердің пайда болуымен, сондай-ақ әдеби тіл дамуының алтын дiңгегі көркем шығармалардағы окказионал соны тіркестердің фразеологизм ретінде тұрақталуы арқылы толығып отырады. Алайда мұндай тіркестердің тұрақталуы, тұрақталмауына біраз факторлар әсер ететінін тарата баяндау керек.

Қазіргі тілдік қолданыста жүрген фразеологизмдер ғасырлар бойы тілдік қатынастың бейнелі, әсерлі, мәнерлі болуына үздіксіз қызмет етіп келеді. Фразеологизмдердің қалыптасуына және тілде тұрақталуына қазақ рухын танытатын ауыз әдебиеті мен би-шешендер және ақын-жыраулар дискурсының ықпалы айырықша болды. Эпостық және лиро-эпостық жырлар, ертегілер, тарихи жырлардағы суретті сөз тіркестері, аты мәлім би-шешендердің дуалы аузынан шыққан орамды сөйлемдер жалпақ жұртқа ауызша таралды. Жай ғана таралып қойған жоқ, оқиғаны немесе жағдаятты айтушы, жеткізуші, суреттеуші өз сөз әдебі мен мәнеріне салып, түрлі көркемдік тәсілдер арқылы құлпырта, құйқылжыта қазақ әлеміне жайды.

Қазақ ұлтының көркемдік ой-қиялын еуропалықтармен мүлдем салыстыруға болмайды. Табиғаты ғажап сайын дала мен сахарадағы еркін өмір тек әдемі қиял, асқақ романтикаға бейім болғандықтан, қазақ тілдік тұлғасының жан-дүниесі сұлу сөзбен кестеленген кең тынысты үлкен картина іспеттес.

Әлемнің көрінісін әр ұлт өзінше таниды, болмысына қарай қабылдайды, өз тілінде бағалайды, суреттейді.

*«Қабағынан қар жауып, кірпігінен мұз тамған», «астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп»* – эпостық жырдағы батырлардың бейнесі, (– фразеологиялық мағынасы: ашулы адамның кейпі);

ертегілер сюжетіндегі *«көзіне топырақ шашу», «мұзға отырғызып кету»* – алдап кету;

тарихи шығармалардағы *«қылыштың жүзі мен найзаның ұшымен»* – күш көрсету; *«қысқа күнде қырық рет шабу»* – күн бермеу; *«жастығын ала жату»* – өш алу; *«жығасы қисаю»* – басынан бағы таю;

*«Қозы-Көрпеш, Баян сұлу»* жырындағы *«Қарабайдай қантезер»* – сарандық, *«Қыз Жібектегі» «Қыз Жібек пен Төлегендей»*- махаббатқа тұрақтылық;

Махамбеттің жорық жолдарынан қалған *«етектен кесіп, жең болмас»* – әр нәрсенің өз орны бар;

Адамзаттың Абайы айтқан *«қысқа күнде қырық жерге қойма қою»* – қулық-сұмдықпен кедергі келтіру;

сондай-ақ, қазақ даласының әр аймағында шешендік өнерімен аты шыққан *«аузымен құс тістеген», «аттыға сөз, аяқтыға жол берме-*

ген», «тілі мірдің оғындай», «қара сөзді қамшы қылған» би-шешендер шығармашылығындағы дүние суреті қазақ фразеологиясының құрамын байытты, алтын қорына айналды.

Қазақ фразеологиясының құрамы кейінгі кезде, жазба әдебиет соншалықты биікке көтерілгенде, кемел ойдың құдіретін сындарлы сөз ғана жеткізе алатын сәтте аса әсерлі мәнермен айтылған сөздер мен тіркестер қазақ тілінде қаншалықты тұрақталып қала алады? Бұл аса қиын сұрақ.

Қазақ тілдік тұлғасында «алуан-алуан жүйрік бар, өз әлінше шабатын» демекші, «орақ ауыз, от тілді» ақын-жазушылар, «топ жарған», «қаламы желді» шебер журналистер, «тілінен бал тамған» ауызша да жазбаша да көсемсөздің көрігін қыздырып жүрген әрі шаршы топты сөйлеп жүрген «су жұқпас» шешендер, қазіргі заманның әзіл-оспаққа бай «жатып атар» айтқыштары т.б. «сөз баққан» ерекше жандардың шығармашылық ерекшеліктеріне үнілуге тура келеді. Аталған сөз шеберлері ана тілінің мәйегін бар мүмкіндігінше пайдаланып, ұлт тілінің сөздік қоры мен құрамын байытуда өзіндік қолтаңбасын қалдырған жеке тұлғалар. Сондай-ақ, олар өзгелерден бөлектеу әлеуметтік-философиялық дүниетанымы арқылы ұлттың қоғамдық сана-сезімін қалыптастыруға ықпал еткені анық. Бұл ретте «тұлға» сөзінің мағыналық шеңберін кеңейте отырып, «тілдік тұлға» туралы жан-жақты айту керек.

Адамдардың өз ара тілдік қарым қатынасы арқылы жүзеге асырылатын сөйлеу мен түсінуді айқындайтын – «сөйлеу әрекеті», тілдегі барлық лексикалық бірліктер мен грамматикалық амал-тәсілдерді басшылыққа алатын – «тілдік жүйе», тұтас мәтіндер тобы – «тілдік фактілер» (Щерба, 25) сияқты үш аспектінің кез келгеніне тілдік тұлғаның қатысы бар, әсіресе, лексика-фразеология сияқты тілдік деректер тілді тұтынушының бүкіл тіл байлығын дәйектейді. ХХ-ғасырдың 80-90 жылдарында антропоцентрилік бағытта тіл білімінде «тілдік тұлға» термині пайда болды. Қоғамдық ғылымдарды ізгілендіру бағытында адамдық фактор қызметінің жан-жақты қарастырылуының нәтижесінде жеке тұлғаның сөйлеу актілеріндегі тілдік экспрессия психоллингвистика және әлеуметтік лингвистикадағы жаңа ізденістерге негіз болды. Тілдік тұлға ұғымы, мазмұны, моделі туралы, құрылымы жайында жазылған лингвистикалық зерттеулердің өзі біраз ғылыми нәтижелер мен жаңа тұжырымдар арқылы көппарадигмалық (полипарадигмалық) ғылымға айналдырды.

Мәселен тілдік тұлға құрылымы туралы Ю.Н.Караулов тілдің теориялық-гносеологиялық үлгісін вербалды-семантикалық, тілдіктанымдық (лингвокогнитивтік), прагматикалық уәжділік сияқты үш деңгейге бөледі. (Караулов, 12).

**Вербалды-семантикалық немесе нөлдік сипат** – жеке адамның табиғи сөйлеу қабілетімен меңгерген сөздік қорындағы сөздер мен тіркестер. Бұл арада лексикалық бірліктер және оларды өзара қарым-қатынас жағдайында дұрыс қолдану, кейде грамматикалық ережелерден ауытқулар болуы да мүмкін.

**Лингвокогнитивтік сипат** адамның интеллектуалдық өрісіндегі танымдық әректінің деңгейімен байланысты. Әр жеке тұлға–индивидтің даму, қалыптасу кезеңіндегі айналаны «өзіндік түсінікпен қабылдау, мәдени құндылықтарды түсіну, бағалау, әр түрлі белгілі әлеуметтік әрекеттерге қарай қалыптасқан тәжірбие сияқты иерархиялық жүйе бар. Бұл оның сөйлеу мәнері мен әдебінде, жеке сөз қолданыстарынан байқалады, сол арқылы белгілі тұлғаны танимыз. (Мысалы, Мен, мен едім. Мен Нарында жүргенде, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» дегендегі мен мұңдалаған Махамбет пен мұңлы Абай). Осы тілдіктанымдық деңгейде жеке тұлғаның интеллектуалды сипаты «түсінік», «концепт өрістері», «идея»сияқты таным бірліктерімен анықталады.

**Прагматикалық сипат** – айтушының мақсатына қарай, қатысымдық жағдайдың орны мен ерекшелігіне байланысты анықталады. Айтушының жеке көзқарасына қатысты «қатысымдық-әрекеттің қажеттілігіне» қарай, (Караулов) яғни тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейі басты фактор ретінде жеке адамның ерекшелігін көрсетеді. Бұл ерекшеліктер индивидтің логикалық ой-талқысына және білімі мен эмоциялық жағдаяттарына т.б. деңгейлеріне байланысты. Тілдік тұлғаның осы кешенді сипатын әр кезде анықтау оңай емес.

Себебі вербалдық қатысым жағдайында айтушының вербалдық мүмкіндігі сөздер арқылы белгілі болып тұрады, ал тілдіккогнитивтік сипатында концептілер немесе түрлі түсінік, идеялар прагматикалық сипатта «қатысымдық-әрекеттің қажеттілігіне» қарай жүзеге асатындықтан оларды жүйелеп, пихолингвистикалық және әлеуметтік жағынан тілдік тұлғаның прагматикалық құрылымын дәл айқындау қиын.

«Тілдік тұлға – сөйлеу әрекетіндегі қабілет дәрежесіне қарай бағаланатын тілді жеткізуші, тіл иесі; тілдік тұлға ең алдымен индивидтің

психофизикалық қасиеттерінің жиынтығынан тұрады. Ол – сөзден мәтін түзуге және қабылдауға ықпал ететін сөздің тілдік тұлғасы. Ол – тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланушы адамның вербальды әрекеті ерекшелігінің жиынтығын білдіретін коммуникативтік тұлға» [Маслова, 2007: 24] болғандықтан, «тілдік тұлға» алдымен тек тіл иесі – жеке адам (индивид) деп қабылданады.

Адам бойындағы тілге қатысты жекелік болмыс, ерекшелендіретін қасиет оқшау дамып, қалыптаспайды. Кез келген индивид бойына өзіне дейінгі тұлғалардың сөз байлығын сіңіріп қалыптасады. Әрі қарай жеке тілдік ерекшелік үйренген тіл байлығын одан әрі жетілдіру, сөз мәнерін ұштау, жалпы танымдық білімін тереңдету арқылы өзгелерден озық тілдік тұлға болып танылады.

Адресанттың адресатқа ақпар жеткізу қажеттілігі табиғи әрі рухани қажеттілік болса да, кез келген тіл тұтынушысы тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алмайды. Тілдік тұлға табиғатының кешенді сипаттарын саралағанда, ең алдымен өз халқының ұлттың құндылықтарын толық меңгерген аса жоғары интеллект болуы тиіс. Сонда ғана табиғи, ұлттық, рухани қажеттіліктерді өтейтін ерекшеліктерімен танылған тілдік тұлғаның болмысындағы қуатты ойды жеткізетін экспрессиясы жоғары тілдік бірліктер ғана тыңдаушы санасына әсер етеді.

Сондықтан *тілдік тұлға – ұлттық тұлға – қоғамдық тұлға* сияқты үш тағанымен дәйектелуі тиіс. (Кейде осы қасиеттер бір адамның бойынан табылуы мүмкін. Мысалы, Абай, Алаш арыстары А.Байтұрсынов). Сөйтіп, тілдік тұлғаның көркемдік ойлау қабілеті терең танымдық біліммен ұштасқанда ғана және басқа индивидтерге қарағанда оның ұлттық және қоғамдық сана деңгейін жоғары көтеретін ой әлеуеті, прагматикалық уәжділігі басым болғанда ғана тілдік тұлға мәртебесі мойындалады.

«Тілдік тұлға» түсінігіне қатысты пікірлерді сарай келе, тұлғалық парадигма бірі – тілді тұтынушы индивид. Екіншісі – ұлттық танымдық болмысы жоғары, «тіл – өнер» деген синтездегі тұлғалық мінез иесі.

Тілдік тұлға мазмұны ұлттық дүниетаным арқылы ұлттық құндылықтарды меңгеру барысында лингвомәдени-этнотанымдық лексемалардан өзіндік сөз таңдау, афористік ой айту, концептуалдық метафоралар жасау, этностың тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тұрақталуға бейім фразеологизмдер дискурсы арқылы дәйектеледі.

Қазіргі қазақ фразеологиясының байлығы ауызша сөйлеу үлгілерінен және фольклор мен жыраулар тілінен атадан балаға өтіп тұрақталған кезден бері жазба әдеби тілінің арналарынан да толығып қалыптасу үстінде. Дегенмен де, мына бір мәселені айтпасқа болмайды. Халықтың мәдени өмірінің өзгерісі соншалықты түрленіп көрінген сайын, халық аузында сол өзгерістерден хабар ететін соны тіркестер жиі және көп байқала бермейді. Неліктен?...

Ертеректе қалыптасқан фразеологизмдерде қандай ұлттық мәдени ерекшеліктер сақталды десек, қазақ фразеологизмдерінің тақырыптық ауқымы сол халық тіршілігінен алынған бейнелі тіркестерде көрінеді:

*«қырық күн қырғын, мың күн сүргін»* – жаугершілік заман;

*«қағанағы қарқ, сағанағы сарқ»* – уайымсыз күн кешу;

*«сылдыр көмей, жез таңдай»* – шешен сөйлеу;

*«ат мінгізіп, тон кигізу»* – салт бойынша сый-сияпат жасау;

*«жылқы мінезді адам»* – 1. шыдамды, төзімді мінез; 2. аяқ астынан тулап, менсінбей кету; *«қойдай шулау»* – бірін-бірі тыңдамай, бас-басына сөйлеп кету;

*«ханға сәлем бермеу»* – айналасындағыларды көзге ілмей, менсінбей кету;

*«ағаш атқа мінгізу»* – біреу туралы ыңғайсыз әңгіме айту, өсекке іліндіру;

*«құйрық-бауыр жесіп, құда болу»* – қыз бен жігіттің әке-шесшесі бір-біріне құда болғанда істелінетін салт;

Осы тіркестердің фразеологиялық мазмұнында этнос өмірінің ерекшеліктері сипатталған. Қазір де қолданыстан шықпаған, әсіресе салт-дәстүрді бейнелейтін этнофразеологизмдер («құйрық-бауыр жесіп, құда болу») ұлттық мәдени ерекшеліктерді айқындайтын нақты тілдік факторлар.

XX ғасыр қазақ халқы үшін мәдени өмірінің түрленген, басқа сипатта дамыған, ұлттық рухани келбеті барынша өзгерген кезең болды. Мұның халықтың өнер, оқу-білім, жайлы тұрмыс т.б. сияқты тиімді, жағымды жақтары көп болғанымен, тіл мен менталитетке қатысты оң пікір айта алмаймыз. Тілді тұтынушылардың өз мәдениетіне басқа тілдің әсерінен немқұрайды қарау, қазақ тілінде сөйлеушілердің азая бастауы ұлт тілінің

байлығын мейлінше сарқа пайдалану жазба әдебиет үшін ғана атақты ақын-жазушылар мен журналистер міндетіне айналғандай уақыт пайда болды. Ауызекі қолданыстан қағыс қалған не бір асыл сөздер мен сөз маржандары (мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер) тілді тұтынушылардың тіліне ілінбей, тот басқандай, тіпті ұмытыла бастағандай. Ал жаңа мәдени өмір суретін сипаттайтын бірен-саран жаңа тіркестер пайда болғанымен, тілде тұрақталғандары некен саяқ.

Мысалы:

«қалтасы қалың» – бай, дәулетті;

«ақша сөйлеген заман» – кімнің ақшасы көп, соның ойлағанындай болады;

«тілашар жасау» – баланың мектепке бара кездегі қуаныш тойы;

«өз жапырағын өзі жұлу» – адамның өз басына өзі кедергі келтіру;

«базар жоқ» – тез келісімге келу т.б.

Сонда қазақ фразеологиясы қалай толығыады, ары қарай жаңа тіркестер пайда болмай ма, соны тіркестер болса, тұрақталмай ма деген сауалдардың болуы заңды. Бұл ретте осыдан он жылдан астам бұрын өткен ғасыр соңында жазған пікірімізді қайталаудың еш артықтығы жоқ.

«Бұрын мәдени өмірімізді сипаттайтын фразеологизмдер тілдік мұра ретінде жеке адамның рухани азығы болып, өз болмысында (тұрмыс-тіршілігінде, өмірлік тәжірибесінде) өзіндік сөз қолданыс мәнерінде әр кез көрінетін. Ал кешегі өркениет заманы, бүгінгі жаһандану заманында қайсыбір дүниетаным ерекшеліктерінің рухани қабаты жазба мәдениетте қатталып (кітапханада) қалып жатыр. Қазіргі тілдік ортада тілдік тұлғалардан тұрақталып қалған кейбір көркем сөз мысалдары толық қамтылмай, жетпей естілмей жатады. Сірә, адамзат мәдениетінің ұлан-ғайыр тілдік қорындағы фразеологиялық материалдардың үлес салмағында толығы, жаңару процестерінде бөлек үрдіс қалыптасуы әбден мүмкін. Қазақтың күннен күнге жаңарып жатқан ұлттық мәдени өмірі қалай болады, образбен ойлау шегі қандай материалдақ көріністермен алмасып отырады, бұл әлі жауабы тез табылар оңай сұрақ емес. Өзірше ХХ ғасырға дейін жасалған, қалыптасқан фразеологизмдерде қандай ұлттық мәдени ерекшеліктер сақталды, қандай менталитетпен қазақ



ұлты ғасыр тарихында қалды деген сұрақтың жауабын іздеген жөн» [Смағұлова, 2010, 239].

Уақыт өте келе әбден мойындалып, тілдік тұлға ретінде танылған көркем сөз шеберлерінің жасаған, тілде қалыптасып кеткен тұрақты тіркестердің пайда болу төркіні, әрине, көпшілікке түсінікті. Өйткені тілді тұтынушының сөздік қорынан өзіне қажетті асыл сөз үлгілерін таңдап, тауып қолдану тілдік тұлғаның шеберлік құдіреті деуге болады.

Мәселен, «Абай тіліндегі фразеологизмдерді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақтанған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ мұнда әр ақын жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т.б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді» [Сыздық, 2004: 609]. Абайдың халықтық қордан алып, пайдаланған фразеологизмдерімен қатар (автор келтірген *басқа шауып, төске өрлеу, табанынан таусылу, титығы құру* т.б.) өзіндік қолтаңбасы дейтін (*басына іс түсу, жалға жүру, закон ұстау, ат мініп, ақша ұстау* т.б.) тіркестер әлбетте қазақ фразеологиясының байлығының сарқылмас арналары.

Осы арналар ағысында қазақ тілдің тұлғасындағы халқымыздың ұлттық тұлға деңгейіндегі М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсрепов, Ғ.Мұстафин, І.Есенберлин, Ә.Кекілбаев т.б. және көсемсөз шеберлерінің әдеби тілді байытудағы тілдік тұлғалық ерекшеліктері бірге талданады. Мәселе олардың шығармаларының қалай оқылып, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» асыл сөзбен тізбектеп берген ойлы да бейнелі, әсерлі тіркестерін жадыда сақтап, үнемі қолданыстан түсірмей, сөйлеу әрекетімен тұрақтандыруға бейімділік көрсету, күш салу. Бұл енді тілді тұтынушы тұлғаларға байланысты күрделі жағдай.

Ұлт рухы дегеніміз – қазақ рухы. Кез келген ұлттың асқақ рухы оның тілдік деректерінде, әсіресе, тілдік тұлғаның танымдық деңгейі – лингвокогнитивтік сипаты мен прагматикалық уәжділігіне қарай бейнелі сөздермен, тұрақты тіркестермен суреттеледі. Мұндай окказионалды коннотативтік бірліктер қолданыста тұрақтала келе, фразеологиялық қорға енеді.

Тілдік тұлғаның ең басты социолингвистикалық индексіне фразеологиялық тіркестер енеді.

Тілдегі фразеологиялық қор туралы сөз еткенде әдетте лингвистер оның семантикалық жағына көп көңіл бөледі. Фразеологизмнің прагматикалық жағын сөз еткенде айтушы қандай жағдаятта фразеологизмді қолданғысы келеді, бұл бір жағынан, екіншіден, қатысушының өзі қандай тілдік тұлғаға жататыны туралы қарастырылады.

Тілдік тұлға фразеологизмдерді қолданғанда жеке-бағдарлы және статустық- бағдарлы қатысымда әр түрлі прагматикалық негіз бар. Соңғы қатысым түрінде көбінесе институционалды болатындықтан, терминологиялық немесе квазитерминологиялық сипат басым болса, жекелік-бағдарлы қатысымда метафорлы, теңеулі тұрақты тіркестер, фразеологизмдер орын алады. Демек, фразеологиялық қорды тілдік тұлғаның жеке-бағдарлы қатысымы байытады.

### **3.4 Қазіргі қазақ фразеологизмдерінің мәдени-қатысымдық дискурсы**

Қазіргі қазақ қоғамында сөз саптауы айналасына үлгі болатын, сөз мәдениетін жоғары қоятын тілдік тұлға жазушылар мен өнер қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, оқытушылардың ғана үлесіне тиіп отыр.

Өткен ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында бұрынғы СССР территориясынан бөліп шыққан егеменді мемлекеттердің әлеуметтік және мәдени өмірінде айтарлықтай жемісті өзгерістер болғаны мәлім. Бұл әсіресе олардың тілінде, сөйлеу мәдениетінде бұқаралық ақпарат құралдарынан бастап барлық саларында көрініс тапты. Қазақстан да мұндай өзгерістерден шет қалған жоқ. Ұлт тілі мемлекеттік мәртебе алған соң, орыс тілі ресми тіл ретінде ұлтаралық қатынас тілінің рөліне ие болды. «Қазіргі Қазақстанда тілдік жағдаят – қоғамдағы саяси, этнодемографиялық, әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің тікелей көрсеткіші» [Сүлейменова, 2005, 274].

Славян тілділермен қатар, өзбек, ұйғыр, татар т.б. түркі тілдес халықтар арасына орыс тілі ұлтаралық және мәдениаралық қатынасты тереңдету қызметіне ие болғандығы белгілі. Ұлттық сананың тереңдеуі мен ұлт мәдениетінің ерекшеленуі ХХІ ғасырдың соңғы он жылдығында жаһандану кезеңіне де тұспа-тұс келді. Қазақстан жағдайындағы көп ұлттық – (130-ға жуық мекен ететін) мәселесіне бұл жағдайдың ерек-

ше әсері болды. Өйткені егемендік алған 90 жылдардың статистикасы бойынша жергілікті ұлт өкілдері сол кезде өз ана тілін 50% жетер-жетпесі ғана меңгерген. Ал ұлттар тілі мен олардың мәдени өмір сүру ерекшеліктері жаһандану үрдісінде біркелкі деңгеймен көрінбейтіні ақиқат шындық. Бұл арада орыс тілінің функционалдық қызмет шеңбері, әсіресе терминологиялық салалары қазақ тіліне қарағанда жаһандануға қарсы тұрарлық қабілеті бар. Және бұрынғы кеңестік дәуірде де, қазіргі жағдайда да орыс тілінің Ресейден басқа ТМД мемлекеттерінде де дамуы, толығыуы жүріп жатқан, жүре беретін процесс. Ал басқа ұлт тілдері туралы әңгіме басқа. Мәселен, біртұтас кеңестік кезде жергілікті ұлт өкілдерінің азшылығы әрі кеңестік саясаттың ықпалымен білім беру мекемелерінің орыс тілінде басым болуы, ұлт тілінің ана тілі ретінде толық меңгерілмеуі, қолданыс аясының шектеулігі, кірме сөздер мен калькалардың көптігі, терминдердің аудармасыз енуі т.б. толып жатқан экстралингвистикалық фактілер қазақ мәдениетіне басқалай реңк әкелді. Ана тілінде емес, орыс тілінде білім алған жергілікті ұлт өкілдерінің басқа тілде сөйлеуімен қатар, бүкіл таным-болмысын, тәрбиесін, қазақи менталдығы мен ұлтқа тән мәдениетін бүтіндей өзгертті. Бұл қазақ әдеби тілінің кемелденуіне өзіндік кері әсері болғаны жасырын емес. Қазақ тілінде көркем әдебиет оқымайтын, өз ана тілінің сөз асылдарын танымайтын, білмейтін бірнеше ұрпақ қалыптасып үлгерді.

Қазақ тіліндегі паремиологиялық, фразеологиялық қордан ұлт өмірінің менталдық таным ерекшелігі және тұрмыс-тіршілігінің мәдениеті байқалады. Әсіресе, фразеологизмдердің ойды бейнелі, суретті етіп жеткізудегі орасан тілдік қуатын пайдалану, жетілдіре түсу қазіргі жастар тілінде орын алмаған.

Әр ұлттың өзіндік ұлттық танымын танытатын стейоретиптері оның ғасырлар бойы қалыптасқан мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде жатыр. Сондай-ақ, тілдегі көркем де бейнелі сөз орамдары – фразеологизмдер әдеби тілдің байлығы және тіл мен сөйлеу мәдениетінің көрсеткіші. Бұл ретте В.В.Виноградов «Әдеби тіл – қоғамдық өмірдің дамуы, халықтың материалдық және рухани ілгерілеуі, әлеуметтік күрес қаруы, сондай-ақ, халықты тәрбиелеу мен ғылым мен техниканың, ұлттық мәдениеттің жетістіктерін бағалаудың құралы. Әдеби тіл – ұжымдық шығармашылық әректің нәтижесі» деп атап жазады [1978:288].

Жылдар бойы бойы қалыптасып, ғасырлар бойы қолданыстан

түспейтін тұрақты тіркестер қазіргі жазба әдебиетте және қалың көпшіліктің сөйлеу мәдениетінде қандай ерекшеліктермен көрінеді деген сұрақ қашан да өзекті болмақ. Әсіресе, сөйлеу мәнері көмескі тартып бара жатқан жастар тілінің қазіргі хал-ахуалы туралы мәселе, тіпті ана тілінде сөйлейтіндердің тіл байлығы мен тіл тазалығы қазіргі қазақ ұлтының соқталы проблемаларына айналды. Бұл ХХ ғасырда дендеген ауру, ХХІ ғасырда тамыр жайып кетті.

Тіл – ұлттың жаны. Бұл аксиомаға айналған қағида. Өз ана тілінің мәнерлі де бейнелі сөздерінен хабарсыз, махрұм болып өскен ұрпақтар тілі қазақ сөйлеу мәдениетінің ежелден келе жатқан би-шешендер дәстүрін қорғауға, жетілдіруге, насихаттауға, бір сөзбен айтқанда ұлтының образды сөйлеу ерекшелігін сақтауға тиіс еді. Алайда дәл бүгінгі қазақ жастарының сөйлеу мәдениеті мүлдем бөлек арнаға түсті, мұның барлығы билингвизмнің әсері деуге болады.

Кітап оқуды мүлде қойған қазіргі жастар тілінің жұтандығы, қысқа қайырыммен сөйлеуі, ойларын жеткізудегі мәнерлілігінің жоқтығы күн санап, уақыт озған сайын тереңдеп барады. Кезінде ата-анасының әкешесі, оның ата-бабасы, оның арғы бабалары сөйлеген ұлттың нәрлі тілі бүгінгі күнде қан сөлінен айырылып, мәнерлілігі азайып кетті. Бұл ересектерге де, жастарға да тән көрініс болғаны ақиқат. Тіпті алдымыздағы студент шәкірт, мәселен, мына фразеологиялық тіркестерді:

*тігісін жатқызу* – ерсі, жағымсыз, жайсыз жайды жұмсарта сөйлеу;

*пышақ кескендей тиылу* – бір нәрсенің, оқиғаның тез, кенеттен тез тоқтап қалуы;

*түтіні бір жерде шығу* – тату болу;

*ішкен асын жерге қою* – сыйлау, көңіл бөлу;

*мұрнына су жетпеу* – қолы тимеу;

*өз қотырын өзі қасу* – әркім өз күнін көру, әрекет ету;

т.б сияқты қолданыста жиі ұшырасатын тұрақты тіркестердің мағынасын бірен-сараны ғана тұспалдаса, көбі білмейді. Мұндай бейнелі тіркестер отбасынан жұқпай, мектеп қабырғасынан естілмей, кітаптағысы оқылмай, әйтеуір тілдің ұшына ілінбей қағыс қала береді.

Бүгінгі оқыған қазақтың рухани мәдениеті терең, жоғары. Алай-

да біздің сөйлеу мәдениетімізде бабалар тілінен қалған асыл сөз маржандары, образды тіркестер уақыт өткен сайын күннен күнге азайып, сөйлейтін сөзіміз ойлы болса да жеткізу өресінде сөзіміз нәрсіз, қысқа қайырылатын, үнемделеген үнсіздікке ойысып барады. Мұны заман ағымы десек те, бірақ космос жылдамдығына ұқсас өтіп бара жатқан күндер біздің тілімізді жұтаңдыққа әкеле жатқаны, қазақтардың өз ана тіліндегі асыл мұралардан адасып бара жатуы тіл экологиясы дейтін проблемаға алып келді.

Мәселен, сауалнама нәтижелері бойынша болашақ тіл маманы болатын филолог студенттердің фразеологизмдерді түсіну деңгейіне мысал келтірсек:

*жүрегі қараю* – қарны ашу;  
*бес биенің сабасындай* – толық ет жеңді әйел;  
*мұрнынан шаншылу* – қолы тимеу;  
*қаны қараю* – бірнәрсеге қатты ашулану т.б.

толып жатқан тіркестердің түсінігін сұрасаңыз мағыналарын талдап айтуға қиналады. Фразеологиялық мағынаны білу, қолданысты дұрыс пайдалану олардың интеллектуалдық іс-әрекетінің тереңдігіне, оның танымы мен ойлауына, интуициясына байланысты. Фразеологиялық мағынаның негізгі мәнін тілді тұтынушы білмегендіктен, олар *Жүрегі қараю*- батыр адам, *бес биенің сабасындай* – тек әйелдерге қатысты айтылатынан хабары жоқ, әркім әр түрлі айтса, ал қалған екі тіркестің мағынасын ешкім айта алмады.

Бірінші курс студенттері көптеген фразеологизмдердің, мысалы:

*екі қолын төбесіне қойып* – бірнәрседен, түңілу, қашу;  
*төбесіне қамшы ойнату* – жәбірлеу, ұрып-соғу;  
*жегені желім болу* – қорлық көру;  
*шыбын шаққан құрлы көрмеу* – сескенбеу, елемеу, қорықпау, менсінбеу;  
*мұрнын тескен тайлақтай сияқты* – көнбіс, жуас, біреудің жетегімен жүретін адам;

қатарын тыңдап отырып, «тілді тұтынушылардың мұндай деңгейді меңгеруі тек жасы үлкендерде ғана байқалады» деген қорытындыға ке-

леді. Өз ұлтының бұрынғы тұрмыс-тіршілігінен мүлдем хабарсыз, тіпті өз ұлтының мәдени өмірінен алыс кеткен, ал бейнелі сөйлеуді тек үлкен ақсақал, қарт адамдардың еншісіне қалдырған, қазақ тілін біле тұра тілге жанашырлығы жоқ басқа жастар мәдени аренаға шықты. Студенттердің жазба жұмыстарында қисыны жоқ сөйлемдер кездеседі: «Тай шаптырым жерден бір күшік шыға келді». Өзі тай шаптырым жердей қашық болса, сол жерден күшік шыға келсе бұл қалай болғаны? Адамның көзі жетпейтін қашықтық емес пе? Немесе «Құрбым екеуміздің дәм-тұзымыз жарасып, басқаларға үлгі бола білдік». Әдетте қазақ ұғымында «дәм-тұзымыз жарасу» ерлі-зайыптыларға қатысты қолданылатын тіркес. Қазақ жастарының тілі әдеби кітап оқымаудың салдарынан тоқырауға ұшырады.

Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу мәнерінің осыншалықты тоқырауын әрі қарай да сұрықсыздана беретінін Алматы қаласындағы қазақ мектептерінің 8-11 сыныптарында жүргізген сауалнама нәтижелері растап берді. Олардың тілдік ортасы – аралас дүбара көстілділікпен қарым-қатынас жасайтын орта. Мұның бәрі – тіл дамуынан тыс болып жатқан себептердің көрінісі.

Сауалнама нәтижелерінің кейбіріне тоқталайық. Ұсынылған он екі түрлі фразеологиялық тіркестің түсінігін жазу үшін сауалнамаға Алматыдағы қала мектептері бойынша алты жүздей оқушы қатысты. Жүргізілген сауалнаманың кейбір нәтижелеріне назар аударайық.

Тіліміздегі **бүйректен сирақ шығару** – болмашы жерден шатақ шығару деген мағынада айтылатын фразеологизм. Осы тіркестің түсінігін 9 сынып оқушылары былай жазады: *бір адамды соғып тастау; істі талаптанып, тырысып істеу; бір адамға ренжу; төбелес; милицияға түскен кезде біреуді соғып тастау; сабақты бұзу; өшін алу; бүйректен ұрыс шығару; бәрін тез істеу; бақылау; аурудан жазылу; жаудан құтылу* т.б. Дәл мағынасын оқушылардың 12%, тұспалдап айтқандар- 21%, ал 67% мүлде түсінбейтіндер.

**Әліптің артын бағу** – істің, оқиғаның соңын күту мағынасындағы фразеологизмді 10 сынып оқушылары: *біреуді аңду; жақсы бағу; қарау; адамның сөзіне қарсы шығу; біреудің артынан жүру; күтіп, бағып-қағу; артынан өсектеу; соңынан жүру; білімді адамның жолын қуу; көп кітап оқып, біліммен айналысу; жұмыстың аяқталуы; оқуға көңіл бөлу* т.б. деп түсінеді. 97% дұрыс жауап жазбаған.

**Аза бойы қаза болу** – жаны түршігу, бір нәрседен қатты сескену тір-

кесін 10 сыныптағылар былай таратады: *тәбеті болмау; ұялу; шаршау; қиналып өлу; ойлап сөйле деген мағынада; тұрмай жатып ауру; аяқ астынан; аң-таң болу; біреу үшін жауапты болу; көп күту; өкпеу; 1723 жылғы ашаршылық т.б.*

Сауалнамадағы бұдан басқа **көз салу** – қарау, көңіл бөлу; **кіндік кесіп, кір жуған жер** – туған жер; **құлақ түру** – тыңдау, назар аудару; **мұрнын шүйіру** – жақтырмау, менсінбеу; **зықысы шығу** – әбігерлену, берекесі кету; **қас пен көздің арасында** – тез, жылдам; фразеологизмдеріне де берілген жауаптар көңіл көншітпейді. Кісі күлетін жауаптар.

Мысалы:

**Құлақ түру** – *құлақты жыртқанда өз орнына тігу;*

**Кіндік кесіп, кір жуған жер** – *роддом; таза жер; кіндігі кесілген бала; /9 сынып/;*

**Ала ауыз болу** – *бұртиып алған; тілдің ұзындығы; өтірікші болу; әр тілді білу; көп сөйлемей, ауызға қақпақ болу керек; /8 сынып оқушыларының жауаптары/.*

Берілген жауаптардағы (**бүйректен сирақ шығару**) – милицияға түскен кезде ұрып тастау, біреуді соғып тастау сияқты жауаптар бекер айтылып жатқан жоқ. Қазіргі жастар өмірінде жиі кездесетін төбелес сияқты жағымсыз оқиғалар ішінде жиі естілетін милиция ұрып тастапты, біреудің бүйрегін езіп тастапты сияқты сөздер олардың құлағына құйылып жатады. Сол ситуацияны тікелей қабылдаған санада осындай суреттер қалыптасқан. Ал *әліп* сөзін араб әліпбиінің бірінші әрпін оқушылар тура мағынада **кісі /біреу/** деп түсінеді.

**Табанынан таусылу** – фразеологиялық мағынасы ұзақ жүрістен шаршау; Ал оқушылар түсінігінде – *мекемеден справка /анықтама/ алу.* Бюрократ шенеуіктердің әрекетін оқушы ұзақ жүгірістің нәтижесі деп тек мекемемен байланыстырады.

**Туған жер** ұғымын қазіргі жастар (перзентхана) *роддоммен* жай ұштастырып отырған жоқ. Олардың түсінігінде қай жерде тудың сол туған жер болып есептелетін сияқты. Асқақ сезіммен білдірілетін туған жер ұғымына бұл күнгі жастардың ой түйсігі әлі жетпейді, тіпті жетілмей де кетуі ғажап емес. Өйткені оған демеу болатын отбасылық ұлттық тәрбие кемшін. Шын мәнінде фразеологиялық деңгейде ғана ұлттық мәдени таным айқын көрінеді, В.Н.Телия жазғандай «халық менталитетінің айырықша сипаты» [1996, 237].

Мақалдап, мәтелдеп сөйлеу, ойын бейнелі сөздермен жеткізу, фразеологизмдермен сөйлеу мүлдем қалып барады. Айтайын деген ойын жан-жақты, түсінікті, мәнерлі жеткізетін сөздің шырайын кіргізетін мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді жиі қолданатын ұрпақ азайып келеді, шынында студент айтқандай, «апам мен атам сөйлейді». Ол апасы мен атасының балалары, бүгінгі орта жастағылардың о жақ бұ жағындағылардың тілінде суреттілік бейнесі айтарлықтай қалыптаспаған. Оның орнын ақпараттық ағындағы үнемделген сөйлемдер басқан. Орта буын өкілдері жазба әдебиет үлгілерін көп оқыса да, күнделікті қолданыста оқыған, естіген образды тіркестерді немесе фразеологизмдерді өте аз пайдаланады. Әке-шеше, отбасы, араласатын ортада қазақтың төл сөздері болып кеткен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер аз қолданылатындықтан, бірте-бірте ұмытыла бастайтыны заңдылық.

Ал жастар тілінің сөйлеу мәнері күн өткен сайын шұбарланып, түсініксіз сөйлемдер басты. Бұл сөйлемдер ішінде бейнелілігі ешбір ақылға сыймайтын «фразеологизмдер» жетерлік. Мысалы, жастар тілінің шұбарланғанын бөтен тілдегі сөздерді қосып, варваризмдермен сөйлеуі ғана емес, қазақтың сөйлеуіне тән тұтас тіркестер де сөйлеу тілінде әбден бұзылып барады.

Кейбір тұрақты тіркестер, мәселен, *поставить на место – орнына қою*; Бұл тіркес таза калька болса, ал *пожирать глазами – көзімен адам жеу* бұл да калька, бірақ бейнелілік жақсы сақталған. Осылардың қатарына *лақтырып кету, лапша ілу, құлақтан тебу* – алдап кету, *сындырып кету, бөшке домалату – жала жабу, фарын сындыру* – дать в глаз т.б. жатқызуға болады. Бұл орыс тілінің әсерінен сөйлеу тіліне әбден дендеп кеткен. Екінші бірінде осы тіркестер кездеседі.

Кейбір тіркестердің пайда болу, жасалу мотивациясы бірден түсінікті. Жастар тілінде «алдап кету» мағынасындағы жиі қолданылатын *Қоянның суретін салып кету* – бүгінгі жастардың бала кезінде көріп өскен «Қап, бәлем, қоян!» мультфильміндегі қоянның қасқырды үнемі алдап кетуі, күліп тұруы осы фразеологизмдердің жасалуына, қалыптасуына уәж болған деуге болады. Ал енді бір тіркестердегі образдылықты мүлде қабылдай алмайсыз. Әдемі киім киген адам туралы *«жыңды болып киініп алу»*, әдемі қызбен немесе жігітпен танысу – *«жыңды қызбен танысу»*.

Тілді тұтынушы адам – тілдік тұлға ретінде ұлттық әдеби тіл-



де сөйлеуге міндетті. Алайда тілдік тұлғалардың әдеби тілді әр түрлі деңгейде меңгеруіне қарай, тілдік-мәдени сипаты әр түрлі. Мысалдар арқылы талданған сөйлеу ерекшеліктері сөзді дұрыс қолдана білу дағдыларының қалыпты сапаға сай еместігін көрсетеді. Демек бұл деңгейдегі тілдік тұлға көбінесе жастарға тән ерекшелік болып келеді. Бұл ерекшелік бара-бара ұлттық санадағы кемшілікке айналуы әбден мүмкін.

### 3.5 Фразеологизмдер және мақал-мәтелдердің дискурстық ерекшеліктері

Тұрақты тіркес түрлерінің ішінде бірден ерекшеленетін мақал мен мәтелдер. Сондықтан да мақал-мәтелдер қазақ тілінде ауыз әдебиетінің үлгілері ретінде фразеологизмдерге қарағанда ертерек жинастырылып, хатқа түскен. Қазақ ауыз әдебиеті үшін мақал-мәтелдер халықтық мәдени мұраның қайнар көздерінің бірі болып танылады. Мақал-мәтелдер тілдік тұрғыдан гөрі фольклорлық әдебиетте көбірек сөз етілген. Алайда халықтың танымдық-әлеуметтік деңгейінен хабардар ететін мақал-мәтелдер сөйлеу кезінде фразеологизмдер сияқты даяр қалпында қолданылады.

Мақал-мәтелдердің тұлға жағынан және қолдану тұрақтылығы жағынан фразеологизмдерге ұқсас. Алайда әрқайсысының жеке ғылыми нақты терминдік атаулары болса да бұл екі тілдік бірлік те тұрақты тіркестер қатарынан саналады. Осы күнге дейін айтыс-тартыспен келе жатқан және нүкте қойылмаған дау – мақал-мәтелдерді тұрақты тіркестер, яғни фразеология аясында қарастыру керек пе, жоқ па деген мәселе. Бұл ретте қазақ фразеологтарының бұл туралы айтқан пікірлері де бірізділікке келмеген жайлары бар.

Оқулық авторлары І.Кенесбаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Болғанбаев, қазақстандық кейбір фразеолог мақал-мәтелдерді тұрақты тіркестер құрамында қарастырмауды ұсынған. Сөйтіп, фразеологизмдерді мақал-мәтелдерсіз *тар мағынада* немесе оларды қосып, *кең мағынада* қарастыру керек пе деген дүние жүзі фразеологтарының «басын қатырған» әйгілі айтыс әлі жүріп жатыр. Бірақ соңғы кезде орыс фразеологиясы (В.Телияның зерттеуінде) тілде тұрақты компоненттермен айтылатын және аударуға сөзбе сөз келмейтін (әсіресе машиналық аударма) тіркестің барлығы фразеологияның объектісі болу керектігіне ден қояды.

Тұрақты тіркес (устойчивые сочетания) деген термин мақал-мәтелдерге де, фразеологизмдерге де қатысты жалпы атау. Бұл олардың тұрақты қолданысына қарай берілген ұғым. Мақал-мәтелдерді паремиологиялық қорға жатқыза, фразеологизмдерді фразеологиялық қорға жатқызады. Сонда тұрақтылықтарына қарай ғана бір атаудың аясында аталып жүр. Біздіңше, тілдік талдау барысында мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер осы ерекшеліктеріне қарай бірге талданады. Бірақ ешуақытта мақал-мәтелдер фразеологизм деп аталған емес.

Оқулықтарда фразеология өкінішке орай, лексикология саласының ішінде танылып, талданып келеді. Сол себептен әлгі айтылған талас мәселесінің шешілуі әлі көп дәлелдеуді қажет ететін, жаңа ғылыми ой айтатын жаңа бағытты көрсететін зерттеу нысандарының болмауынан қазақ фразеологиясы да тоқырау кезеңін бастан өткізді.

Мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық негіздері фразеологизмдер сияқты өзінің сарқылмас байлығын ұлт тіліндегі бейнелі сөздер мен шешендік өнердің сарқылмас қазынасынан алады. Бұл мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің арақатысының өзара терең байланысын көрсетеді. Кез келген тілде бұлар қатарласа келіп, ойдың қисынын қиюластырады, сөздің мәнерлілігін арттырады, сөйлеушінің тіл байлығын көрсетеді, шеберлігін ұштайды.

Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер қолданыс ыңғайында үнемі қатар жүретіндіктен, әсіресе тұлғалық жағының ұқсастығынан ойды бейнелі мағынамен жеткізуде бір-бірімен астасып жатады. Әдетте мақал-мәтелдер ұзақ уақыт бойы өмір тәжірибесінен екшеліп, ойлау процесінде сұрыпталып барып қалыптасады. Сондықтан мақал-мәтелдердің пайда болуына ұзақ уақыт өтеді. Тілімізде фразеологизмдер түрлі ситуацияға қарай сөйлеу үстінде аяқ-астынан пайда болады. Егер айтушы, сөйлеуші (адресант) өзі естіген, ұнаған фразеологизмдерін неғұрлым жиі-жиі қолданатын болса, онда естуші, қабылдаушы (адресат) тіркестің тұрақталуына да соғұрлым ықпал етіп, келесі кезекте сол тіркес басқа адресанттың қолданысына ие болады,

Мысалы, **арам өлу** – малдың бауыздалмай тұрып, өліп кетуін суреттейтін тұрақты тіркес. Мұсылман заңы бойынша малға бата жасап, аяқтарын буып бауыздап барып сояды. Сонда бұл малдың еті жеуге жарамды деп есептелінеді. Ал өзінен-өзі өліп қалған малды арам өлген деп, жеуге жарамсыз етіп пайдаланбайды. Демек бұл тіркес бұрыннан бар,

мал баққан халыққа етене таныс жағдай. Тұрақты қолданыста бар тіркес енді **Қойшы көп болса, арам өледі** деген мақалдың тууына себепкер болады. Осындай модельде жасалған:

Ағын су → Ағын суда арамдық жоқ;  
Әдет болу → Әдет әдет емес, жөн әдет;  
Туған жер → Туған жерге туың тік;  
Бадырақ көз → Ақымақ басқа бадырақ көз бітеді;

Келтірілген мысалдарда фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің бір тамырдан тараған, діңі ортақ бірі – жапырағы, бірі – гүлі іспеттес тұтас дүние екендігін байқауға болады. Бұл мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің өзара мағыналық байланысын көрсетеді.

Мысалы:

**Аузымен орақ ору, біреуге ор қазба** деген фразеологизмдердің мағыналары дами келе, қосымша ой, ситуацияны меңзейтін мақалға айналған:

*Аузымен орақ ору* ↔ *Аузымен орақ органның белі ауырмайды*  
*Біреуге ор қазба* ↔ *Біреуге ор қазба, өзің түсесің*  
*Сақалын сату* ↔ *Сақалын сатқан кәреден еңбегін*  
*сатқан бала артық*  
*Тілінен бал таму* ↔ *Бал тамған тілден у да тамады*  
*Басына түсу* ↔ *Басқа түссе баспақшыл*  
*Ауыз жаппау* ↔ *Әншейінде ауыз жаппас, той дегенде*  
*өлең таппас т.б.*

Жалпы тілдегі мақал-мәтел, күрделі сөздер, фразеологизмдер сияқты тіркес түрлерінің барлығы жасалу жолдары ұқсас модельдер. Дегенмен де мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар.

А й ы р м а ш ы л ы қ т а р ы:

◆ Мақал-мәтелдердің мағынасы құрамындағы сөз сыңарларының /компоненттерінің / бір-бірімен байланыссыз өзара жеке тұрып та

қолданыла беретін сөздерден шығады. Мысалы, *Көрдім – көп сөз, көрмедім – бір сөз; Шегірткеден қорыққан егін екпес.*

◆ Фразеологизмдердегі әрбір жеке сөздердің барлығы бірігіп бір фразеологиялық мағынаны білдіреді. Мысалы, *жүрегі тас төбесіне шығу – қорқу; Қыпша бел – жіңішке бел; Мұрнына су жетпеу – қолы тимеу, уақыты жетпеу,*

◆ Фразеологизмдерді фразеологизм деп тану үшін қойылатын үш түрлі басты ерекшелік бар. Олар: *мағына тұтастығы; тіркес тиянақтылығы; қолдану тұрақтылығы.* Ал мақал-мәтелдерде тек *тіркес тиянақтылығы; қолдану тұрақтылығы* байқалады.

◆ Фразеологизмдер функционалдық қызметіне қарай бейтарап, кітаби, ауызекі сөйлеу тіліндегі және қарапайым, дөрекі мәнде қоланылатын стильдік қабаттарға жіктеледі.

◆ Фразеологизмдердің сөйлем ішінде жұмсалуды үшін белгілі бір оралымға негізделеді. Сүйемел сөздер жұмсалады.

◆ Айтылатын ойды жеткізудегі пресуппозициялық ерекшеліктеріне қарай, мақал және мәтелдер деп бөлінеді. Мақал ойды толық аяқтайды. Мысалы: *Қазанға жолама, қарасы жұғар, Жаманға жолама бәлесі жұғар. Балалы үй – базар, Баласыз үй – мазар.* Мәтелде айтылатын ой тұспалдап жеткізіледі: *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме; Жығылсаң нардан жығыл.*

#### Ұ қ с а с т ы қ т а р ы:

◆ Тұрақты тіркестер ретінде мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің құрылымдық ерекшеліктері сөз тіркесі, сөйлем құрылымдас, ұқсас болып келеді.

◆ Екеуі де ұлт менталдығы мен ұлт рухын сипаттайды.

◆ Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің мағыналық қалыптасу үрдісіне қарай прагматикалық мәніне этнолингвистикалық талдау жасалынады.

◆ Фразеологизмдерге қойылатын критерийлердің қолдану тұрақтылығы мен тіркес тиянақтылығы мақал-мәтелдерге де ортақ.

## 4 ТАРАУ

### Фразеологизмдердің когнитивтік-мәдениетанымдық пардигмалары

---

#### 4.1 Тарихи фразеологизмдер – тіл арқылы мәдениеттанудың құрамды бөлігі

Жер бетіндегі ұлттар мәдениетінің бір-біріне ұқсамайтыны заңдылық. Бұл әсіресе адамдардың қарым қатынасынан, өмір сүру формаларынан, тіпті гендерлік ерекшеліктерінен де анық байқалады. Мұндай өзгешеліктер олардың тілінен көрініс табады, тілінде жақсы сақталады. Сондықтан да қазіргі тіл ғылымындағы зерттеулер антропоцентрлік бағытта мықтап өріс алды. Тіл адамдардың іс-әрекетінен тыс дамымайды, адамды тілі арқылы тану, білу, зерделеу оның этноментальдық өмірінен толық ақпарат береді.

Тілдік ұжым мүшелерінің таным-білімі өркениет пен мәдениеттің әр түрлі кезеңдерінен өткен сайын ақиқат дүниені тек логикалық-позитивтік қана емес, этикалық-моральдық, менталдық тұрғыдан да таныта алады. Бұл ретте тілде қалыптасқан тұрақты тіркестерді – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыда зерттеу еңбектері енді қолға алына бастады.

Әлем бейнесін тіл арқылы бейнелеуде концепт ретінде танылған ұғыммен мағыналық байланыста тұратын этнографиялық атулардың тұрақты тіркестердің – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің маңызы ерекше.

Дүние жүзі халықтары кез келгенінің өз ұлтының тарихын жасауда мәдениет тұрғысынан азды көпті алатын еңбегі бар. Тарихи даму сатысында түрлі дүбірлі дәуірлер елесі сол ұлттың өз тілінде сақталып, сөздер мен тұрақты тіркестері арқылы келер ұрпақына жетеді. Адамзат қоғамы сатылап дамыған сайын өшпейтін ұлт тілінде сандаған тарихи оқиғалар, тарихи есімдер, тарихи жер-су аттары тұрақты айтылатын, қалыптасып кеткен әлде бір мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер сияқты тұрақты тіркестер мазмұнында жаңғырылып қайталанып отырады. Білетін жұрт мағынасына мән беріп, естіген, жадында қалған тұстарын әңгімелеп, «сол кезден қалған сөз еді» немесе «сол айтқандай»

деп, әлде бір іс-оқиғаға нәтижесінен ішкі ой арқауын түйіп тастауға бейім болады. Келер ұрпақ үшін өз ұлттың бастан кешкен оқиғалары бертінде тарих қатпарларында шаң басып, елеусіз қалмауына, қайта көпшіліктің назарын аудартып, әлде бір болған оқиғалардың халық үшін ұмытылмай, қайталанып айтылып жүруі сол ұлттың тілінде сақталып қалған сөздер мен тұрақты тіркестеріне байланысты. «Ойды ой қозғайдының» әсерімен не бір өткен өмір елесі бекерден бекер ел-жұрт есінде сақталмайды. Алдымен ол қоғам дамуындағы болған оқиғалардың із-түзссіз жоғалып кетуіне себепкер халық сөзінің қалт айтылмауында. Ел басынан өткен түрлі қиындықтың ұдайы болып отырған соғыс, ашаршылық, босқыншылық, тынымсыз тіршіліктің кейбір өмірінен туатын қайшылықтардан шығатын қақтығыс оқиғалар т.б. адамдар санасында қалдыратын өшпес әсерлері халық тілінде өрнекті сөздермен бейнеленіп, тұрақты айтыла келе, тілде сақталып қалып қояды.

Қазақ фразеологиясы проблемаларының бірі – этнолингвистикалық сипаттағы **тарихи фразеологизмдер**. Тіл білімінде тарихи фразеологизмдерге көзқарас әр түрлі. Олай дейтін себебіміз, орыс тіл білімінде салыстырмалы диахрондық сипатта зерттелетін тілдік фразеологиялық фактілер көбінесе тарихи фразеологизмдер деп аталады. Бұлай аталуының себебі: ұлт тіліндегі тұрақты тіркестерді салыстыра зерттеу нәтижесінде тілдердің тарихи даму ерекшеліктеріне байланысты ғылыми ой тұжырымдар жасалады.

Ал қазақ фразеологиясында этнолингвистикалық зерттеу тәсілдерімен танылатын бір алуан тұрақты тіркестер тек тарихи оқиғалар мен тарихи адамдардың есіміне байланысты айтылып, бертін келе фразеологизмдер қатарына енген. Олардың жасалу жолдары әр түрлі. Егер бұл тіркестердің жасалуындағы ішкі мотивацияға назар аударсақ, халық, ұлт өмірінің басынан өткен оқиғаларының мазмұны мен тарихы жатады. Бұлардың кей кезде жаппай қоғамдық факторға айналуының әсерінен ұзақ уақыт халық жадынан кетпей, сол ұлттың тілінде өткен тарихи оқиғалармен соған байланысты белгілі бір адамдар есімі, тіпті жер-су аттары да қоса айтылып, халық жадында сақталып қалады. Мәселен, қазақтар өміріндегі ең бергі оқиға кеңестік дәуірде туған «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын», Қазақстандағы Голощекин саясаты «тар жол тайғақ кешу» С.Сейфуллиннің осы аттас шығармасында баяндалатын азамат соғысы жылдарындағы қиындықтар, «өкімет – қайда барсаң

өшірет», бұрынғы Кеңес заманындағы халықтың өмір сүру мәдениеті, қазіргі кездегі «нарық – нарыққа болдық қарық» т.б. халық аузында айтылып жүрген тіркестер жайдан жай тумайды. Әр қайсысында сол ұлт өмірінің бастан кешкен тарихи өмірі жатыр. Тарихи фразеологизмдерді тақырып жағынан үшке бөлуге болады:

1. Тарихи есімдерге байланысты туған фразеологизмдер.
2. Тарихи оқиғаларға қатысты жасалған фразеологизмдер.
3. Тарихи жер-су аттары кездесетін фразеологизмдер.

Аталған фразеологизмдер – ұлт тіліндегі фразеологиялық қордың таңбаланған, ерекше мазмұндық сипаты бар тұрақты тіркес түрлері. Тіліміздегі тұрақты тіркестердің шығу тегі мен жасалу жолдарын анықтау барысында аталған тарихи фразеологизмдердің орны ерекше. Біріншіден, тіл білімінің лексика-фразеологиялық саласында айтарлықтай ғылыми ізденіске бара алатын тіл арқылы мәдениеттануда тілдік фактілері мол. Екіншіден, фразеологизмдердің өзіндік даму және қалыптасу кезеңіне міндетті түрде қоғамдық дәуірдің түрлі даму сатылары қатыспай тұра алмайды. Олай болса, бір бірімен тығыз байланысты **тіл – адам – қоғам** триадасы фразеологизмдердің қалыптасуына диахронды және синхронды сипатта қызмет етеді.

Тарихи есімдер, тарихи оқиғалап, тарихи жер-су аттарына байланысты туған фразеологизмдерді талдау энциклопедиялық білімді қажет етеді

Антропонимдер мен топонимдердің идиоэтникалық семантикасын қалыптастыратын және баяндайтын ақпараттар әр ұлт болмысынан хабардар етеді. Дүние жүзі халықтарының тілінде өз ұлтының тарихын жасауда ономастикалық атаулардың алатын ерекше. Тарихи даму сатысында түрлі дүбірлі дәуірлер оқиғасы сол ұлттың өз тілінде сақталып, сөздер мен тұрақты тіркестері арқылы келер ұрпағына жетеді. Адамзат қоғамы сатылап дамыған сайын ұлт тілінде қалыптасып кеткен мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер сияқты тұрақты тіркестер мазмұнында сандаған тарихи оқиғалар, антропонимдер мен топонимдер жаңғырылып қайталанып отырады.

Келер ұрпақ үшін өз ұлтының бастан кешкен оқиғалары бертінде тарих қатпарларында шаң басып, елеусіз қалмауына, қайта көпшіліктің

назарын аудартып, әлде бір болған оқиғалардың халық үшін ұмытылмай, қайталанып айтылып жүруі сол ұлттың тілінде сақталып қалған сөздер мен тұрақты тіркестеріне байланысты. Қазақ фразеологиясында этнолингвистикалық зерттеу тәсілдерімен танылатын бір алуан тұрақты тіркестер тек тарихи оқиғалар мен тарихи адамдардың есіміне байланысты айтылып, бертін келе фразеологизмдер қатарына енген. Олардың жасалу жолдары әр түрлі. Егер бұл тіркестердің жасалуындағы ішкі уәжділікке (мотивацияға) назар аударсақ, халық, ұлт өмірінің басынан өткен оқиғаларының мазмұны мен тарихы жатады. Бұлардың кей кезде жаппай қоғамдық факторға айналуының әсерінен ұзақ уақыт халық жадынан кетпей, сол ұлттың тілінде өткен тарихи оқиғалармен байланысты белгілі бір адамдар есімі, тіпті жер-су аттары да қоса айтылып, халық жадында сақталып қалады. Демек халық аузында айтылып жүрген тұрақты тіркестер жайдан жай тумайды. Бұлар тарихи фразеологизмдер қатарынан орын алады.

Әдетте тіл-тілдегі фразеологиялық тіркестер өзіндік образдылығы мен эмоционалды-экспрессивтілігі жағынан тілдік бірлік ретінде оқшау тұратыны белгілі. Ал тарихи фразеологизмдерде **ақпараттық мән басым болады**. Мұнда кез келген тіркестің фразеологиялық мағынасында «неге осылай айтты екен» дейтін ішкі ой мазмұнында тыңдаушы мен айтушының білім өресін сынап алатын тұстары жетерлік. Демек кім өз елінің өткен-кеткен тарихын жақсы білсе, қай ортада болса да, тіл үшін, тарих үшін, мәдениет үшін таптырмас білімнің қайнар көзі болмақ. В.М. Мокиенконың пікірін келтіре кетсек: «... концептная информация добывается фразеологами прежде всего на основе **исторической фразеологии**, т.е. погружением во внутреннюю форму фразеологизма» [2008, с. 20].

Лингвомәдениеттану ғылымының зерттеу нысандарының бірі прецедентті жалқы есімдер. „Прецедентті атау дегеніміз – халық үшін нақты құндылығы бар, кеңінен танымал көркем шығармамен, тарихи есіммен, саяси тұлғамен, географиялық реализммен, сонымен қатар тіл иелеріне кеңінен танымал қатынастарға, нақты оқиғаларға байланысты қолданылатын және қабылдаушы танитын жеке есімдер« [Мәдиева, 2005, 145].

Ұлт тілінде белгілі себептермен ел аузында жиі-жиі қайталанатын атақты қазақ есімдері бар. Сол есімдермен байланыстыра айтылып



жүрген тұрақты тіркестер қазақ халқының тарихында әр түрлі қоғамдық дәуірлерде болған оқиғалардың жайын толық айқын айтып бере алады. Мәдени-тарихи жағдайлар кейде бір ғана атақты кісі есімімен-ақ, сол ұлтқа қатысты маңызды талай сырды аңғартып, коннотациялық мәнге ие болады.

Мәселен, қазақ тілінде әріден келе жатқан белгілі кісі есімдері **Қорқыт, Майқы би, Аяз би, Абылайхан, Жиренше шешен** т.б. кісі аттары тарихи фразеологизмдердің жасалуына ықпал болды.

Тарихи деректерге қарағанда 8-ғасырда өмір сүрген Қорқыт желмаясымен дүниенің төрт бұрышын кезіп, қобызын күңіретіп, өлімнен қашқаны, қайда барса өзіне қазылып жатқан көрді көретіні туралы ел аузында қалған, жұртқа мәлім *қайда барсаң да, Қорқыттың көрі* есте жоқ ерте кезден қалған бір ауыз сөз әйтеуір Қорқыт баба туралы ел аузында бір дерек қалдырды. Фразеологиялық мағынасы – жолы болмау, яғни қайда барса да алдынан әлдебір кедергі тұрады. Мұндай тіркестердің шығу көзі – кезінде түрлі аңыздық сипат алған ертегілер мен ел аузындағы әңгімелер – ауыз әдебиеті арқылы жеткен халық санасында сақталып қалған үлгілері.

*Аяз би әліңді біл, құмырысқа жолыңды біл* (асып-тасып кетіп, өткен күнін ұмытпа, өз орнынды біл) тіркесі, сондай-ақ шешендік өнер әңгімелеріндегі Жиреншенің байлардан қандай сый-құрмет көрсе де, жатса сирағы сыртына шығатын өзінің жаман лашығына келіп, *қайран өз үйім, кең сарайдай боз үйім* деп жантаятыны туралы ел аузында ұдайы қайталанып айтылуы – тарихи есімдердің ұмытылмай сақталуының бір кепілі.

«Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі» дейтін F.Мүсірепов аксиомасы – уақыт озған сайын тіл өз диалектикасымен тарих беттерінде тапылжымай қала беретінінің айғағы.

Қазақ ономаст ғалымдары Т.Жанұзақ пен Қ.Рысберген: «Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. ...Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық күй-жайы, қоғамдық құрылысы жөнінде қыруар мағлұматқа ие келеді» – дейді. (2004, 43).

Тарихи адамдардың есімдеріне байланысты *Асан қайғыға салыну, Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би, Лұқпан Хакімдей, Ап-*

*латондай ақылды, Атымдайдай жомарт, Есімханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы*, сараңдықты сынайтын *Шықбермес Шығайбай, Қарабайдай сараң* т.б. тіркестердің этномәдени мазмұнында деректі оқиғалар сақталған.

«Батырлық, байлық кімде жоқ, ғашықтың жөні бір басқа» деген бабалар накылына орай, адал махаббаты дәріптейтін *өыз Жібек пен Төлегендей, Қозы Көрпеш Баяндай* сияқты тұрақты тіркестердегі моральдық тәрбие үлгілері ретінде айтылатын ой тұжырымдар да кездесді. Бұлар ұрпақ санасынан тілдегі қолданыстар арқылы ешуақытта өшпейтіні белгілі. Өйткені бұл халық үшін керек, Ұлт үшін қастерлі рухани дем беретін ақылдың кені іспеттес.

Қазақ ұлты қашанда батырлықты бағалаған ел. «Туған жерге туынды тік» деп өсиет еткен халық батырларын баласынан артық көрген. Ел есінде сақталған сөздер халық батырларының ерекше қасиеттерін айта жүретіндей етіп тұрақтылыққа жеткізген.

Қазақтың Үш Жүзін біріктірген тілімізде атақты Абылайханға қатысты жиі айтылатын «Абылай аспас асу бел», «Абылайдың ақ туы астында», «Абылайдың асында шаппағанда, атанның басында шабасың ба» дейтін тіркестер бар. Әдетте кейбір тіркестер көбінесе өз ауыл, аймағына ғана белгілі болып, бүкіл жұртқа (бүкіл қазаққа) таралу шегінде шектеулік байқалады. Бұл заңды да, себебі әркім өз жерінің батырын қанша дәріптегенімен, бәрі Абылай емес екені белгілі. Сондықтан кейбір тіркестердің айтылу, қалыптасу, таралу деңгейлері бірдей болмайды. Мәселен, «Жауды қара қашырды, Батыр атақ Барақта қалды», «Арысқа әлі жетпеген, Ақсақ Темір көреген» т.б.

Дүниені тітіреткен Темірдің Арыс өзенін бөгемек болып, түк шығара алмағандығынан ел аузына тараған сөз. Мұндай тіркестер көбінесе сол ру, сол географиялық аймақта ғана белгілі болғандықтан, кейде тіпті ұмытылып кетуі мүмкін. Алайда ел аузында сақталып қалған, түйінді сөздер алдымен қазақ тарихы мен ұлты үшін қажетті мәдени фактор екендігімен құнды екендігіне қарай, олардың да концепт жасауда өзіндік маңызы бар. Өткен өмір күндерінің елеулі оқиғаларынан «сымсыз пошта, сымсыз телефон» арқылы таралатын қуаты ой иірімдерінің түйінді де бейнелі тіркестері өткеннен бір сабақ дейтіндей меңзеуді аңғаратады.

Бұл тіркестердің жасалу тарихы мен мазмұнын білу – жалқы есімдер арқылы әлемдік болмысты тану – «әлемнің тілдік бейнесінің фрагменттер жүйесін» құрайтын ономастикалық жүйені анықтау деген сөз.

Халық қашанда өзі сүйіп, құрметтеген өнер адамдарының ерекше қасиеттерін есіміне қоса айтып, қатты қастерлеген. Мұндай есімдер өте көп-ақ. Бірақ ел аузында көптің бәрі емес, бірегейі ғана жиі қайталанып айтылып жүреді. Сондай мысалдардың ішінде соңғы кезде қалыптасып, таралып кеткен Абай, Жамбыл, Күләш т.б. сынды біртуар жандар тіпті халық батасының ішінен орын алды. «Жамбылдың жасын берсін, Абайдың басын берсін, Сәкеннің сәнін берсін, Күләштың әнін берсін» дейтін ақ бата, тілектер де ел аузында жиі айтылады. Бұл да болса өсер ұрпағына осылардай елінің елеулісі, халқының қалаулысы болып өссе екен деген игі тілек пен тәрбиелік уағыз дарыса екен деген үміт, ізгі ой, ниеттен туған тіркестер.

Тарихи оқиғаларға қатысты туған тұрақты тіркестердің өзі тұтас ұлт тарихын, оның бастан кешкен оқиғаларын баяндайды. *Ақтабан шұбырынды алқа көл сұлама* – жоңғар шапқыншылығы кезінен қалған болса, *сын сағат* – Ұлы Отан соғысы тұсындағы қиындықты бағалаған тіркес еді. Сондай-ақ сол кезде соғыста қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен қазақ азаматтарына келген қаралы қайғыны естіртетін (извещение о смерти) қағазына халық *қара қағаз* деп ат қойды. Бұл тіркес соғыс жылдарында аса жиі қолданылды, фразеологизмге айналды. Бертін келе көркем әдебиет мысалдарында ұшырасатын болды. Ал *қара тізім, қара тізімге іліну* сияқты тіркестер 37-жылдардағы репрессия кезінде жиі айтылғанымен ел басына төнген тағы бір қатерден белгі боп қалды.

**Жер-су аттарына байланысты айтылатын фразеологизмдердің** кейде кісі аттарымен қоса айтылатын тұстары бар. Себебі тарихи кісілер белгілі бір жерде туып өскендігімен және ұрпағына еліне үлгі етіп қалдырған ұлы ісімен өз есімін бір географиялық аймаққа паш етеді. Тарихшы Қ.Халид: «Менің өте таң-тамаша болатыным, қазақ оқымаған халық деген лақап айтылады. Ал, жағрафия, астрономия сияқты арнаулы пән оқымай білуге қиын соғатын жердің белгілерін айырып, соған дәлме-дәл ат қойып сөйлейді» деп жазуында үлкен мән бар. (1992:304). Тілімізде жер аттарына қатысты жасалған тұрақты тіркес құрамында қазақ жеріндегі ислам дінінің таралуына қатысты айтылатын: «*Сайрамда сансыз бап, Түркістанда түмен бап, Арыстанбаққа түне, Қожа Ахметтен тіле*» деп айтылатын діни тілек тіркестерінде де тарихи мән бар.

Қазақтар арасына кең тараған, әсіресе, атақты діни адамдар есімі. Мысалы, «*Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет*» т.б.

Сондай-ақ, аты аңызға айналған әулие, пір тұтқан ел есіндегі есімдер: **«Маңғыстауда – пір Бекет», «Ердің соңы – Есет, пірдің соңы – Бекет», «Адай қорықса Бекет дейді, Бекет те айқандарын екі етпейді».** Бұл мысалдардың барлығы 17-18 ғасырда Маңғыстау өңірінде өмір сүрген әулие, ұстаз және шеберлігімен, батырлығымен даңқы асқан Бекет Мырзағұлұлына қатысты айтылған халық бағасы.

Ел мен жер, туып өскен өлке тарихы да ұлт мәдениетінің алыс, тіпті елеске айналған қабаттарынан дерегі мол дүниені әкеледі. Тіл мәдениеттің барлық салаларына қатысты. Ұлт мәдениетінің ертедегі қалпын зерделей алғанда ғана, бүгінгі дәуір мәдениеті туралы, дәстүр жалғастығы туралы пікір айтуға болады. Мәдениеттің сонау рулық, тайпалық, халықтық сатысынан бері қарай жалғастығын табуға себепші болған нәрсе – тек ұлт тілі. Олай болса, *«әркімнің туған жері – Мысыр шаһары» (әркімнің туған жері бір Мысы)* тіркесіндегі ой астары тек туған жерге ғана құрмет қана емес, мәдени алыс-берістің географиялық кеңдігі.

Алыс, қашықтық ұғымында айтылатын – *«Барар жерің Балқан тау, Ол да біздің барған тау»* – тарихи оқиғаның дерек көзі. Шын мәнінде Балқан тау адам аңсаған арман жер емес, керісінше Шыңғыс ханның жаугершілік заманында бас сауғалаған қазақтар Түркіменнің Небит-дағ қаласының екі жағындағы Үлкен Балқан, Кіші Балқан тауларына дейін барған деген аңыздан туған тұрақты тіркес.

Қазақ ұлтына етене жақын айтылатын тіркестердің бірі – *«Күлтөбенің басында күнде жиын».* Болсын болмасын, құдайдың құтты күнінде жиын, мәжіліс құра бергенді жақтырмай айтады. Бұл тіркестің шығуына да ертедегі тарихи оқиға себеп болған. Ел аузындағы аңызға қарағанда *Тәуке хан* тұсында қазақтың би-болыстары Түркістан маңындағы Күлтөбе деген жерге (Шойтөбе, Одабасы деп те аталады) күн сайын жиылып мәжіліс құрады екен. Сондағы айтатындары – жауға қалай тойтарыс беру, ел-жұртты қалай аман сақтау. Күндегі әдеттерінше тағы да төбе басына жиналып, мәжіліс жасап, ақылдасып отырғанда Қаратау жақтан қаптап жау кеп қалады. Істен гөрі сөзге үйренген би кеңесшілер, қарақұрым жауға төтеп бере алмай, өздері бас сауғалап қаша жөнеледі. Жаудың соққысын өз бастарымен көтерген қауым жұрт жаумен қалай соғысудың әрекетін үйретуші күнде жиын құратындарға қаратып: *Күлтөбенең басында күнде жиын, Ақыры бұл жиынның болды қиын* деген екен. Мұндай тіркестер қатарына *«Қытай қорғанына»* қатысты парадигмалы тіркестер де жатады.

Ресей патшалығының саясаты нәтижесінде қазақ даласына сыймаған «қолайсыз» ел азаматтарын жазалаудың бір түрі ретінде ел-жұртынан айырып, Сібірге жер аударып отырған. Тіліміздегі «*Ит жеккенге айдалу //айдау*» тіркесі Сібірдің кейбір халықтарының қыс кезінде шанаға ит жегіп, тіршілік ететін кәсібіне қарай айтылатын түсінік келе-келе алыс, шалғай дегенді білдіретін фразеологизмге айналды.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің қоры халық басынан өткен алуан түрлі тарихи жағдайлардың ел аузында сақталу деңгейіне байланысты ұлтының өткен кеткен өмірін қадірлейтін тілдік тұлға туған тілінде сақталған, әлі де айтылып жүретін ерекше мазмұнды тұрақты тіркес түрлерін жадында тұтып, таратып айта жүрсе, келер ұрпақ тілі де жанды мағлұматқа толы ұлт мәдениетін дәріптейтіні анық.

Антропонимдердің этнонимдік семантикасы генонимдерде де (ру, тайпа) кездеседі. Қазақ елінің кең байтақ даласында қоныстану үрдісінде жазылмаған заң сияқты қалыптасқан рулық- тайпалық құбылысы қатаң сақталған. Қазақ «у ішсең – руыңмен» деп ескертіп отырған. Аймақтық өмір сүру кеңістігі қаншама шалғай болса да ел ішінің аралас-құраластығының арқасында өз ара ру арасында көп ретте түрлі әзіл немесе ескертпе сияқты «ойнап айтса да, ойындағысын айтатын» тіркестер арқылы дүйім қазақ даласына тарайтын сөз қалып отырған. Әсіресе, ру атына байланысты айтылған тіркестер ел аузында жақсы сақталап қалады. Мәселен, *Танысаң – Адаймын, Танымасаң – Құдаймын, Адай қорықса Бекет дейді, Бекет те айтқандарын екі етпейді, Найман құ ма, сайтан құ ма, қызыл бөрікше сөйлесу* (жасырын сөйлесу мағынасында).

Қазақстанның қай жерінде болмасын, түрлі ру жайлаған өлкелерде осындай әзіл-шыны аралас сөздер кездесуінің өзі бұл тіркестердің жасалуына біраз күндік өмірдің жемісі емес, талай жылдың еншісіне жазылған мәдени тіршілік беттерінен қалатын халық сөзі. Этнограф А.Сейдімбек «Бұл ретте, ономастиканың арналы бір саласын құрайтын этнотопонимдердің этностар тарихы мен тағдырына қатысты беретін мағлұматы айырықша мәнді», -дейді [2008: 485].

Сонымен антропонимдер мен топонимдердер арқылы жасалған фразеологизмдер тіл арқылы мәдениеттанудың құрамды бөлігі ретінде тіліміздегі тұрақты тіркестер қорында ақпараттық мәні басым болуына қарай өміршеңдігімен ерекшеленеді. Тарихи фразеологизмдер ұлт тарихына

қатысты дерек көздері болып, ономастикалық лингвомәдени ремалар ретінде танымдық және коннотациялық қасиетке ие болады.

**Сонымен тарихи фразеологизмдер тіл арқылы мәдениеттанудың құрамды бөлігі ретінде тіліміздегі тұрақты тіркестер қорында ақпараттық мәні басым болуына қарай өміршендігімен ерекшеленеді. Тарихи фразеологизмдер ұлт тарихына қатысты дерек көздері ретінде бағаланып, танымдық қасиетке ие болады.**

#### **4.2 Этнос тарихына қатысты фразеологизм компоненттері**

Қай халық, ұлт болмасын мемлекеттік даму үрдісінде өзге ұлттармен қоғамдық және мәдени өмірінде бір-бірімен алыс-беріссіз тіршілігі болмайды. Тарихи, әлеуметтік, экономикалық байланыстар тіл-тілдің лексикалық құрамына әсер етеді. Әсіресе, лексикалық қабаттардың өзгеруге, толығуға бейім тұратынын ескерсек, онда түрлі жолдармен енген кірме сөздердің игерілуіне орай, арғы этимологиясы ұмытыла бастайды. Кезінде сол жаңа сөздердің лексикалық қорды толықтырумен қатар, кейбір тұрақты тіркестер компоненттерінің құрамына енумен қоса, ұйытқы сөз ретінде жұмсалатын тұстары бар. Соның әсерінен тілдегі фразеологиялық тіркестердің компоненттер сыңары болып тұрақталады.

Әдетте фразеологиялық мағына тіркестер құрамындағы сөздердің қосындысынан туады. Сол компоненттер қатарында шеттен енген сөздердің фразеологизм жасауға ықпалды болатыны заңдылық. Өйткені ол сөздердің ұлт тіліне сіңісті болып кеткені соншалық, тілді тұтынушылар өз ана тілінің байырғы лексикасындай қарым-қатынасқа түсіреді. Фразеологизмдердің құрамындағы басқа тілден енген сөздер о баста түрлі мәдени тарихи байланыстар арқылы ауысқан сөздер болып табылады. Қазақ тіліне кезінде араб, парсы, монғол, орыс т.б. тілінен енген сөздер осының айғағы. Мұның бәрі сол алыс дәуірлердің әлде бір елесі сияқты ұлттар тілінде сақталып қалады. Олардың қарым-қатынас үлгілерінің сипаты лексикалық единицалармен қоса, әсіресе, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерде молынан ұшырасады. Бұлардың өзін компоненттер құрамына қарай, жасалу жолдарына және тақырыптық түрлеріне қарай бірнеше түрге бөлуге болады.

1. Бір компоненті басқа тілден енген тұрақты тіркестер.
2. Калька түрінде жасалған тұрақты тіркестер.
3. Діни фразеологизмдер.

✓ **Бір компоненті** басқа тілдерден енген тұрақты тіркестердің қазақ тілінің фразеологиялық қорында сандық жағы едәуір. Ең бастысы тілде каншалықты кірме элементтер болса, солардың фразеологизмдердің сөз сыңарларына өгей еместігі. Солай бола тұра, кейбір сөздердің тек фразеологизмдер құрамында ғана кездеседі. Мысалы:

**О қ а с ы** жоқ, **м ы с ы** құру, **қ ы п ш а** бел, **з ы ғ ы р д а н ы** қайнау, **з ы қ ы с ы** шығу, **р ә с у ә** болу, **з а р** илеу т.б. Кейбір тіркес құрамындағы сөздер парсы тілдерінен енеген.

Жалпы қазақ фразеологиясындағы кірме фразеологизмдер табиғаты толық танылып бітпеген дүние Ал осы сияқты тіркестерді анықтап, сандық және этимологиялық зерттеулер баяу да болса жүріп жатыр. Академик Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, Ә.Нұрмағамбетов, т.б. этимологиялық еңбектері баршылық. Бұл арада бізге қажеттісі қазақ фразеологизмдеріндегі компоненттердің бір сыңарының басқа тілден енуінің себеп салдары мен ұлттар арасындағы ауыс-түйіс сөздердің коммуникативтік қызмет деңгейінің түрін көрсету, сондай-ақ халқымыздың бағзы заманнан бері көне тарихын, рухани-мәдени өмірін айғақтайтын жекелеген сөздер тарихы екендігіне назар аударту.

Фразеологизмдердің компоненттер құрамында көбінесе араб-парсы, көне түркі, жалпы түркі тілдерінің сөздері жиі ұшырасады десек, ол түсінікті де. Қазақтардың ислам дініне кіруіне байланысты, өзгерген тілдік қарым қатынас лексикалық деңгейде сөз қабылдауға мәжбүр болды. Мәселен, ол сөздер тек фразеологиялық тіркестер құрамында кездесіп отырды, сондай-ақ плеонастық құбылыста қайталанып жүрген.

Мысалы:

**З а р** (парсы) – қайғы, мұң, жылау – **зар жылау, зар илеу**

**С а р а** (парсы) – түзу, жақсы – **сара жол**

**И л а ж** (араб) – амал – **лажы жоқ, амалы жоқ**

**Ш а д м а н** (парсы) – көңілді – **шад-шадыман болу**

**Р а с у а** (парсы) – ұят, ұятқа қалу – **ит рәсуа қылу**

**Ш ұ р қ** (тәжік)- сурох/ – тесік – **шұрқ тесік**

**Қ ы р ш ы н** (қырғыз) -қырчын – **жас тал**

Х ы р ч ы н (хакас) – хырчын – **көк шыбык**  
Қ ы р ж ыл (тува) – жіңішке шыбық т.б.

Бұл келтірілген мысалдарда (ҚТФС-дан алынған) тұрақты тіркес құрамындағы шеттен енген сөздер тобы лексика-семантикалық қайталаулар болса да, фразеологизмнің мағыналық құрамына сіңгені сондай, алып тастап немесе басқа мәндес сөздермен алмастыруға келмейді. Олардың тура мағыналарын тек этимологиясына қарап қана білуге болады. Енді солардың кейбіріне талдау жасап көрейік.

*Айылын жимау* – *сескенбеу, жасқанбау, қымсынбау*; Бұл негізінде осындай болымсыз мағынада жұмсалады. Естіген кезде әлде бір заттың атауы, мысалы ат әбзелдеріне қатысты шығар деп ойлап қалуымыз мүмкін. Бірақ бұл *айыл* сөзі монғол тілінде *қорқыныш, үрей* деген мағынаны білдіреді екен. Демек, айыл сөзі түркі-монғол сөзіне ортақ сөз. Қорықпау, жасқанбау деген сияқты мағынаны беретін тіркес деп түсінеміз. Жалпы тілші ғалымдар бұл жөнінде әр түрлі болжам айтады. Ә.Қайдар ат әбзелдеріндегі айылды айтады.

*Ағайынның азары болса да, безері болмайды* деген мақал бар. Осы сөздегі *азар* деген сөз ренжу дегенді аңғартып тұр. Бірақ қазақ тілінде ренжу мағынасында жеке тұрып қолданылмайды. Мынадай тіркес те бар: *Азар да безер болу* – көнбеу, бір нәрсені мойындамау, ат тонын ала қашу. Сонда мына мақалдағы түсінігінен барып, фразеологизмдегі мағынасын білуге болады. Мұнда *азар* сөзі парсы тілінен енген екен, ренжу деген мағынаны білдіреді.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдер құрамында парсы тілінен енген сөздер көп кездеседі. *Көзі шырадай жану* әлде бір аурудан айыққанда, қуанғанда айтылады. Осындағы шырақ – чераг кәдімгі, шырақ, шам деген мағына.

*Кежегесі кейін тарту* – қазақ тілінде жалқаулану; Тек осы тіркесте ғана бар. Бұл мағынаның өзі кез келген түркі тілдерінде кездесе бармейді. Мәселен, қырғыз тілінде кежегесі жоқ тіл алмайтын, тілазар деген мағынада ұшырасады. Тува тілінде өріген шаш, ұйғыр тілінде желке. Осы мағыналарға жуық желке, желкедегі шаш сияқты мағына ауыспалы мәнде осы фразеологизмнің жасалуына түрткі болған сыңайлы.

*Дес бермеу* – бой бермеу, көнбеу; бұл да парсы тілінен енген *даст* қол деген мағынаны білідереді. Мұның өзі көп мағыналы сөз. Ікүш, күштілік.



2.білім, тәжірибе; артықшылық. Сонда күш бермеу деген ауыспалы мағынада тұр.

**Ши шығару** – ренжу, араға іріткі салу. Бұл тіркестергі ши сөзінің өсімдік атауына ешбір қатысы жоқ. Көне түркі тілінде **ши** сөзінің мағынасы ұрыс, талас, жанжал деген мағынады.

**Зар илеу, еңіреу** – парсы тілінде **зар** сөзі жылау деген мағынада. Сонда қазақ тілінде бұл фразеологизм плеонастық құбылыспен жылау + жылау деген мағынада.

**Тауаны қайту** – тауы шағылу, сағы сыну, беті қайту, үміті үзілу деген мағыналас қатарлары бар. **Тәван** парсыша күш қуат деген мағынада.

✓ **Кірме сөзбен байланысты бір құбылыс – калька.** Француз тілінен шыққан бұл сөздің қазақша дәл мағынасы – көшірме, еліктеу деген сөз. Калька дегеніміз – бөтен жұрт сөзінің моделін морфемалап, басқа бір тілдің үлгісіне салынып жасалған сөздер мен тіркестер... Әдетте, калькаларды лексикалық (сөз жасаушы), семантикалық, фразеологиялық, синтаксистік деп төртке бөледі. (Қараңыз: Ә.Хасенов. Тіл білімі. Алматы: «Санат», 1996.109) қазігі қазақ тілінде кальканың 6 түрі бар. Олар: сөзжасамдық, сөз тіркесі ретіндегі синтаксистік, сөйлем ретіндегі синтаксистік, фразеологиялық, троптық, семантикалық, жартылай семантикалық деген калькалар. Автордың осы аттас еңбегінде фразеологиялық калькалар жан-жақты талданған. (Қараңыз: Фразеологиялық калькалар. Алматы, 2005)

Фразеологизмдерді кең мағынада түсінсек, онда тілдегі барлық тұрақты тіркес түрлері идиомдар, фразеологиялық бірліктер, фразеологиялық тізбектер мен қоса, паремиологиялық қор, сондай-ақ терминдік тіркестер, бір сөзбен айтқанда тұрақтылық және тұтастық формаларын сақтайтын тіркестер тобы бар. Бұлардың ішінде калькаланған тұрақты тіркестер тобы да қазақ фразеологиясының қорына енеді.

Мысалы, қазақ тіліндегі *шара қолдану; принять меры* орысшаға арғы тілдік дерек бойынша француз тіліндегі *frendre les mesures* деген тіркес түрінде сөзбе сөз аудару, калька арқылы енсе, *қырғи-қабақ соғыс – холодная война* ағылшын тілінен *cold war* деген тіркестен орыс тіліне сөзбе сөз аударылған. Ал қазақ тілінде семантикалық сөзжасам үлгісі бойынша жасалған. Сол сияқты *қайталау – оқу анасы; повторение – мать учения* латын тіліндегі *repetitio est mater studiorum* деген тіркестерден

аударылған. *Екі жүзді Янус, Авгиев атқорасы, Ахиллес өкшесі* деген тұрақты тіркестер орыс тіліне грек мифологиясынан енген фразеологизмдер қазақ тілінде де қолданыста бар.

✓ *Діни фразеологизмдер* қазақ фразеологиясының өзгермейтін қабаттарын құрайды. Бұл арада ұлттың дінге деген сенімді көзқарасы бұрыннан қалыптасқан компоненттердің тілдік астарында магиялық күш жатқандықтан жиі қолданысқа түсіреді. Қазақтар үшін шаман діні мен исламның алатын орны бөлек. Шамандықтан алыстап кетсе де, ұлт тілінде күні бүгінге дейін сақталып қалған тіркестер қазақ мифологиясында ертеден келе жатқан наным сенімдерді көрсетеді. Мысалы: *көк соқыр, көк келсін, көк қасқа атау, тасаттық беру, отқа май құю, бақсы /жын/ ойнағы т.б.* Ал ислам дәуірі адамдардың діни сенімін тұрмыс тіршілігінің барлық саласына бейімдеп, *құдайсыз қурай сынбайды, құдай берекесін берсін, құдай қаласа, құдайдың құтты күні, құдайдың ниеті түзу болса, бір құдай деп* т.б. сияқты мойынсұну, мінәжат ету мен табыну тәрізді культтік ұғымдарды білдіретін тұрақты тіркестер тобы пайда болды. Сондай-ақ, діни әдебиеттердің лексикасы да фразеологизм құрамында ұйытқы сөздердің қатарынан орын алды. Мәселен, *иман сұрау, кәлимаға* тілін келтіру, *мақшар күні, підия* алу /беру/, *шаригат* бұзу, *періштенің* құлағына шалыну, *шілтеннің* шылауы тию, *қадір* түні, сегіз *пейіш* т.б. Бұлар көркем әдебиет пен ауызекі тілде молынан қолданылады.

Мысалы:

- Келімді-кетімді кісілерден жүз грамм дәметкіш көңіл, *пайгамбар жасына* келген қарт солдаттың беделін түсіріп-ақ жүр. (О.Бөкеев)
- Мына бір тік қияны ел *қыл көпір* деп тауып қойған екен.(Ш. Құмарова).
- Ендігі сөздің қысқасы,  
Асыл туған Наурызбай  
Өз *иманын өзі айтып,*  
Ақырет сапар жөнеді. (Хан Кене, 426 б).

Сөйлемдердегі фразеологизмдердің мағынасы ана тілін жақсы білетіндер үшін және діни әңгімелерден хабардар адамдарға түсінікті.

### 4.3 Фразеологизмдерде мәдени-тілдік семантиканың қалыптасу факторлары

Тілдегі концептілік құрылымдардың қамтитын ұғымдары әр алуан және күрделі болуы олардың ұлттық мәдени өрістегі орны мен үлесінің ерекше екенін байқатады. Этномәдениетке тірек болатын концептілердің қалыптасуына әсер ететін факторлар осыған дәлел.

Бүгінгі таңда, аса қатты байқалған құбылыс: белгілі бір ұлтқа ғана тән өзіндік ерекшеліктердің азайып бара жатқанын адамзат өкілдерінің мойындауы. Әрине, мұндай өзгерістер өмірдің бір саласында тым жылдам көрінсе, енді бір саласында баяу орын алуда. Сондықтан ғылымда «этникалық мәдениет» және «этнос мәдениеті» деген түсініктер қалыптасқан. Қазір жер бетінде басқа халықтар мәдениетінің әсерін сезінбеген этникалық қоғамдастықты табу мүмкін емес. Мұндай жағдай ұлтаралық қарым-қатынастардың тереңділігінен және жан-жақтылығынан байқалады. Өйткені әрбір ұлт өз бетінше жеке өмір сүре алмайды, олардың қазіргі тіршілігі бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Әйтсе де, осындай сәтте адамзат бір-бірімен қандай керемет байланыста болса да, өзіндік этникалық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысады. Сондықтан зерттеушілердің назарын этнос мәдениетіндегі сол этносқа ғана тән болатын «этникалық мәдениет» деген түсінік тұсы ерекше нысан ретінде көңіл аудартады.

Кез-келген адам өз өмірінде бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа, бір мемлекеттен басқа мемлекетке ауысуы мүмкін, бірақ сонда да өзінің бойында қалыптасқан этникалық тамырларынан мүлде ажырап кете алмайды. Ол қоршаған әлем суретін сол өзіне тән көзқараспен қабылдайды.

Ұлттық мәдениеттің қалыптасу негізі белгілі бір адамдар тобында ортақ қызығушылықтардың пайда болуымен байланысты. Кейіннен олар ұжымдық түрде өмір сүру үшін қалыптасқан қажеттіліктер деп танылады. Бұл жекеден жалпыға айналған ұжымдық қажеттіліктер.

Кез-келген қоғамның мәдени тәжірибесі өзінің мазмұны жағынан өте бай, әрі алуан түрлі. Жеке адам мәдени тәжірибені қандай мол игерсе де, ол бүкіл орта мен ұжымның игерген мәдени тәжірибесіне тең келмейді. Сондықтан жеке тұлға қоғамдық мәдени тәжірибенің тек өмірде қажет болатын қандай да бір бөлігін ғана игерері анық. Адамдардың күнделікті

қажеттіліктеріне байланысты қалыптасқан жүйелі тәсілдер мен іс-әрекеттер нәтижесінде нақты бір этникалық қоғамдастыққа тән әлем суреті қалыптасады. Бұл орайда, әлем суреті қоғамдастықтағы адамдар үшін кең тараған өзін-өзі ұстау, жүріс-тұрыс, өзара қарым-қатынас т.б. сияқты қалыпты жүйелер жиынтығын құрайды.

Ұлттық мәдениет ұлт өмірінің барлық саласынан көрініс табады. Ол лингвомәдени элемент ретінде мекен-тұрақ жайынан, шаруашылық жағдайынан, ішетін тағамы, киетін киім-кешегі, бала тәрбиесінен де байқалады. Мәдени-тілдік семантиканың қалыптасуына ұлттың табиғи жағдайы, тілі, діні, менталитеті, тіпті, оның психикалық ерекшеліктері де әсер етеді. Олар мынадай факторлардан тұрады.

- **Географиялық фактор**
- **Тілдік фактор**
- **Діни фактор**
- **Этнонимдік фактор**
- **Психикалық фактор**

Ұлт мәдениетінің қалыптасуына ықпал ететін факторлардың бірі ретінде саналатын географиялық орта десек, онда қоршаған ортаға байланысты киім үлгілерінің, мекен-тұрақ жағдайының, яғни, ұлттың мәдени-шаруашылық жағдайларының даму ерекшеліктері байқалады. Сонымен қатар, ол ұлттың рухани мәдениетінің қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Оны халық тұрмысының ерекшеліктерінен көрініс табатын жүріс-тұрыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардан байқауға болады. Шаруашылық дәстүрі міндетті түрде табиғат жағдайларына байланысты қалыптасады да, ол әдетте өте тұрақты болып келеді. Мәселен, өз жерінде мал шаруашылығымен айналысқан адам басқа жаққа көшіп кетсе де, мүмкіндік болса, сол мал шаруашылығымен айналысқанды тәуір көреді.

Ал ауа райы жалпы климат, көп жағдайда киім, баспана, ауыл-шаруашылық мәдениет түрлерінің ерекшеліктерін, соған орай көлік түрлерін айқындайды. Географиялық ортаның (климат, топырақ, рельеф т.б.) ерекшеліктері этностық рухани мәдениетінің қалыптасуына да, психикалық қалпына да қалай да бір әсерін тигізеді. Географиялық орта этникалық этнонимде де көрініс табады.

Этникалық территорияның ландшафтары адамдар түсінігінде туған жер ұғымымен ассоциацияланады. Қазақ мәдениетінде бұл ретте *туған жер ұғымы* бәрінен де жоғары екендігін қалыптасқан тұрақты тіркестер бойынан табамыз.

Мысалы:

Өлген мола, *туған жер* жібермейді,  
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда. (Абай)

Ал қазақ халқында сұлу қызды аспандағы айға, күлімдеген күнге, судағы құндызға теңеуі, мысалы, *Ай мен күндей; Ай десе аузы, күн десе көзі бар; Жаңа туған айдай* деуі ұлттық ұғымға, ұлттық сезімге жақын көркем сөз айшықтары осының дәлелі.

Ерте замандағы қазақ қауымның ұғымында жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түпкі тегі төрт нәрседен: топырақ, су, от және желден (ауадан) жаратылған. Барлық болмыстық өмір сүру тетігі: жарық пен қараңғылыққа байланысты деп білген. Олардың ойынша: жарық – жылудың, күннің, өмірдің, жақсылықтың, бақыттың нышаны; ал қараңғылық – суықтың, түннің, өлімнің, жамандықтың нышаны. Бұларды бір-біріне қарама-қарсы күштер деп есептеген.

Қазақ көне дәстүрі бойынша, жер – адамзат, жан-жануар, ағаш-шөптің анасы. Аспан – жарық, жылу беріп, жаңбыр жаудырып есіркеуші атасы деп есептелген. Сондықтан, ерте кездегі қазақтар көк тәңірге, жер анаға табынған. Қазақтың ұғымында: көк аспан бейнесі қазақтардың үйі сияқты, барлық өмірге пана болған көк күмбез. Аспан әлеміндегі жұлдыздар – осы көк күмбезге жағылған шырақтар, олардың ойынша: аспандағы жұлдыздардың адам өмірмен тығыз байланысы бар. Әрбір адамның өмірін жаратып, тағдырын бейнелейтін бір жұлдызы болады. Ол жұлдыз жоғарылса, бұл адамның бағы өрлейді, ал жұлдыз төмендесе, бұл адамның бағы қайтады. Жұлдызы оңынан туса, барлық іс сәтті болады, жұлдызы солынан туса, қырсық шалады, ол жұлдыз жерге түссе, бұл адам өледі де, оның жаны көкке ұшады дейді. Қазақтар ісі оңалған адамды «жұлдызы оңынан туды» дейді.

Мысалы:

• Олар Ресей патшасының *айы оңынан, жұлдызы солынан туып*, жолы болып тұрғанын, құрығының ұзын екенін жақсы білгені. (Хан Кене. 233 б.).

«Айы оңынан туу» фразеологизмінің астарында халықтық бақылау тәжірибесі жатыр. Адамдар жаңа туған айдың алғашқы формасына қарап, жауын-шашынды немесе жайлы болатынына қарй алдағы күн-көріс тіршілігі мен шаруашылығын жоспарлай алған. Егер ай шалқалап жатып туса, «өзіме жайлы, шаруаға жайсыз» деп айтады деген түсінік бар.

«Жұлдызы солынан туу» – ежелгі түсінік бойынша адамдардың жұлдыздары әр алуан: кейде топырақ, кейде су, кейде от, кейде жел сияқты болып келеді, бұл сол адамның мінездемесін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды белгілейді. Жұлдызы су сипатты адам жұлдызы от сияқты адаммен жараса алмайды. Қазақтар жараса алмаған ерлі-зайыптыларды көргенде «бұлардың жұлдызы жараспады» дейді, өмірі бір біріне өш болып өткен немесе жауласып өткен адамдарды «бұлардың бірі-біріне жұлдызы қарсы» дейді. Қазіргі бұл наным-сенімнің сарқыншақтары аңыз-ертегілерде там-тұмдап сақталып келеді (Ғызыхан, 342).

Түркі халықтарының мәдениетінде **Аспанмен** қатар оның шырақтары да құдай деңгейіндегі құдіретті, қасиетті құбылыс деп танылған. Бұл мағынада, әсіресе, **Күннің** атқаратын рөлі ерекше. Қазақ ертегілерінде ертегі кейіпкерлерін Күнсұлу, Күн астындағы Күнікей және т.б. деп бекер атамаған. Азиялық өркениетте **Күнмен** қатар қастерленген аспан шырағы **Ай** болған. **Ай** көне түрік мәдениетінде **Күннің** орынбасары, сұлулықтың таңбасы, көп мұраларда *әйел* тіпті *құдай* ретінде танылған. Көшпелілер үшін де **Айдың** маңызы зор болған. Даладағы малшылар қараңғы түнде айдың тууы мен батуын бақылаған, одан өздерінше қорытынды жасап, жыл мезгілдерін айыру есебін шығарған. Олар жаңа туған айдың күн сайын көлемінің кемітінін, ақырында *«таусылып»*, *«өліара»* келетінін білген. Бұл кезде ауа райы өзгеріп, ғылыми тілмен айтқанда, циклон басым болады. Халықтық дүниетаным айдың климатқа тигізетін әсерін жақсы білген.

Алайда, Айдың басты символдық ерекшелігі оның күн мен түннің арасындағы алатын орнына қатысты. Күн батып кеткенімен, Нұр (Ізгілік, жылулық, сәуле) жеңілмейді.

Күн мен Айдың қатарласуы әлемдік мәдениетте кең таралған идеяның бірі. Мұсылмандық әлемде **Ай** діни таңбаға айналған. Бұл жерде ескеретін бір жәйт бар. Ай символикасы мәдени гомогендік дәстүрімен тығыз байланысты. Ол аруақтар дүниесімен жалғастыратын *белгі* болып табылады. Мұсылман зираттарына **Ай** белгісін қою ұрпақтар, дәстүрлер сабақтастығының тым терең екендігін көрсетеді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, **Ай** әдемілік пен сұлулықтың үлгісі болып табылады. Қазақ эпосында сұлулық, нәзіктік, арулық Аймен теңестіріледі:

«*Туған айдай толықсып, бұралып кетіп барады*» (Қыз Жібек),  
«*Жалғыз қызы Гүлбаршын – он бесте толған ай еді*» (Алпамыс),  
«*Жақсы Ай - Күндей, жарығы әлемге бірдей*» (мақал).

Ал орыстарда қыздың сымбаты, нәзіктігі, сұлулығы **қайыңға** теңеледі.

Сонымен бірге, табиғи жағдай халықтың тарихи тағдырына да әсерін тигізеді. Мәселен, аралды жерлердің тұрғындары кеме тұрғызумен, балық аулаумен ғана айналысады.

### ➤ **Тілдік фактор.**

Тіл – адамның дүние туралы білімін қалыптастырудың және сол білімнің өмір сүруінің аса маңызды тәсілі. Адамның тілде орталық тұлға екендігі, ақиқат дүниеге адам өз өлшемі, өз тұрғысынан қарайтындығы әсіресе лексика-фразеологиялық жүйеден айқын байқалады. Әрбір халық өзінің әлемдік суретін тіл негізінде қалыптастырады. Осыған байланысты адамдардың бір-бірін түсінуі қиынға соғады. Әрине, бір-бірінен қатты ерекшеленетін тілдерге қарағанда туыстас тілдерде сөйлейтін халықтар үшін бір-бірін түсінуі анағұрлым жеңілдеу.

Түркі тілдес халықтар үшін қай кезде де өз ұлтының тілі арқылы ғана түсінісу күні бүгінге дейін ешбір қиындықсыз жүзеге асырылып келеді. Тіпті олардың ортақ фразеологизмдері де осының айғағы. Мысалы: Іштен шыққан шұбар жылан (*қазақта, қырғызда*); Қойдан қоңыр (*қазақта, қырғызда*); Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше (*қазақта, қырғызда, түрікменде, түрікте*).

Үнді европалық топқа жататын халықтар үшін «Прогресс» деген сөз алға қарай жылдам дамуды білдірсе, қытай тілінде осыған сәйкес иероглиф «орталық нүктеге, ішке қарай қозғалыс» деген мағынаны білдіреді. Сонымен ұлттық тілдің көмегімен ұлттық ой сезімді, мінез-құлық пен көңіл-күйді білдіріп, эмоциялық халді жеткізе аламыз. Мәселен, әрбір халықтың өз теңеулері, метафоралары, мақал-мәтел, фразеологизмдері бар. Олар сол халықтың тарихи даму жолдары мен өміріне

қатысты қалыптасқан. Әрбір табиғи тіл дүниені қабылдаудың және ұйымдастырудың концептуализациялаудың тәсілін бейнелейді. Ондағы мағыналар сол тілде сөйлеушілердің бәріне ортақ ұжымдық философиясы тәрізді көзқарастар жүйесін жасайды.

Мысалы:

*қамшының сабындай қысқа өмір; дүниедегі ең жаман нәрсе – жалғыздық пен жаяулық; бала – бақыт; ер қанаты – ат* т.б.

### ➤ Діни фактор.

Адам қаншама күдіретті болса да, оның болмысы қайшылықтарға толы. Сондықтан діннің басты қызметі адамдық қарым-қатынастарды белгілі бір қалыпқа келтіру. Адамға белгілі бір шектеулер қою үшін адамды жаратушының алдында бас июге мәжбүр етті. Ал жаратушының қаһарынан қорқу немесе оның қолдауын қажет ету белгілі бір реттілік бойынша атқарылатын дәстүрлі, рәміздік әдет-ғұрып жүйесін қалыптастырды. Әйтсе де, ол – салт-дәстүр, әдет ғұрып шеңберімен шектелмейді. Ол – рухани мәдениеттің баламасы, дүниедегі бағдар мен жол көрсетуші.

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (Кеңесбаев, 356-358) фразеологизмге ұйытқы сөз ретінде алынған **құдай** – 51 рет, (*құдайын ұмыту, құдай сүйер қылығы жоқ, құдайдың зарын қылу* т.б.) **алла** – 20 рет (*алланың жазуы, алаға мақұл болу, бір алла деу, алла жар болу* т.б.) қайталанады. Бұл қатарлар әлі де толығына түсу керек. Ал діни фразеологизмдердің басқа да компонент түрлері, жасалу жолдарына негіз болған уәждер (мотивтер) туралы да, біздіңше, айтылар ой баршылық.

Мысалы:

*жанын жаһаннамаға жіберу, қадір түні, жеті қабат жердің асты, зайып ерен, қырық шілтен, періштенің құлағына шалыну, періштесі қағу* т.б. тұрақты тіркестер, олардың о баста қалыптасқан тура мағыналарының астары бертін келе ұмыт бола бастады.

### ➤ Этнонимдік фактор.

Этникалық мәдениеттің басты элементі ұлт этнонимі болып табылады. Этноним – ру, тайпа, халық аттары. Бұлардың өзі таксономиялық жіктеумен сараланып кетеді. Ұлт этнонимі жайдан-жай алынбайды. Оның белгілі бір өзіндік негіздері болады. Бұл жөнінде қазақ этнонимі-



не қатысты Т.Жанұзақов: «Этноантропонимика терминіне тереңірек мән беріп, оның тарихи негізіне көз жіберіп, саралап, анықтау барысында байұағанымыз: бастапқы кезде ру аттары адам аттарынан жасалмаған, ал кейінгі этаптардағы ру аттары адам аттарынан алынып отырған. Бұл құбылысты шежіре материалдарынан айқын көреміз. Этникалық негізгі басты тұлға тайпа болғанымен, тайпалық одан жоғары сатыда тұрады, яғни ол халық болып қалыптасудың алдындағы саты» дейді. (2007, 458 б.).

Осы орайда айта кететін жайт, әрбір халық өзін басқаша, ал көршісі оны мүлде басқаша атауы мүмкін. Мәселен, орыстар өзін орыс десе (Шеткі Қиыр) солтүстікте мекендейтін саам халқы оларды «каръеле», латыштар – «криеви», фин мен эстондар – «вене», түріктер – «казак» деп атаған. Олай атаудың өзіндік себептері болады. Мәселен, саам халқының орыстарды осылай атауы оларға көршілес халық каръелдерге байланысты қалыптасса, латыштар өздерінің ежелгі славян көршілері – криеви тайпаларына байланысты аталған. Ал түріктер үшін Ресейдің тарихи өкілдері қашанда казактар болған еді. Сол сияқты кейде этнонимдер географиялық ортамен байланысты болатынды, мәселен, жағалауды мекендейтін чукчалар өздерін «теңіз тұрғындары» деп атайды.

Этнонимдердің қалыптасу жолы алуан түрлі. Олар бірде жерге, бірде ұлы көсемдерге қатысты қалыптасса, кейде, тіпті, киімнің бір бөлігі де халық атауына себепкер болуы мүмкін. Мысалы, қазір ұмыт болған «дреговичтер» деген славян тайпасының атауы олар тұратын сазды жерге байланысты қалыптасқан. Өйткені «дрегва» көне славян тілінде саз (болота) деген мағынаны білдіреді. Ал қарақалпақ деген атау олардың киім кию үлгісіне қарай берілген. Сондай-ақ, кейде халықтың бір бөлігі ұлт көсемдерінің есімдерін де халықтың атауы ретінде қабылдаған. Мысалы, ХІІІ ғасырда Дунайдан Кавказға дейін билеген татар-монғол ханы Ноғайдың 40 жылғы әскери жетістіктері келе-келе тұтастай бір халықтың Ноғайлар аталуына себепкер болған. Қалай болғанда да, этнос атауының пайда болуы белгілі бір этностың этникалық мәдениетінің қалыптасуының белгісі. Сол халық қабылдаған атау қалыпты, жай сөз болудан қалып, символға айналады. Этнонимдер о баста атау сөз ретінде қалыптасады, сөзік құрамға енеді, сондықтан лингвистика үшін олардың шығу төркіні, мағынасы, грамматикалық ерекшеліктері де назардан тыс қалмайды.

Қазақ тілінде ру-тайпа атауларынан қалыптасқан фразеологизмдер мен паремиялардың танымдық, лингвомәдени және этнолингвистикалық ерекшеліктері антропоцентрлік парадигмалар арқылы талданады. Жалпы этнонимдердің тілдік табиғаты этнос танымының ақпараттық-мәдени кодқа айналғандығымен назар аудартады. Мұнда ауызша жеткен *шежіре* сол ұлттың рухани мұраларының бірінен саналады. Бұл лингвомәдениеттану мен этнолингвистика үшін таптырмайтын тілдік байлық. Қазақ тіл білімінде этнонимдік фактордың тұрақты тіркестер жасаудағы рөлі туралы жазылған зерттеу еңбектері бар. Солардың бірі – Ш.Сейітованың «Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі» атты зерттеуі.(2009). Автор тек бір аймақ, мәселен, Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша этнонимдерге лингвомәдени және этнолингвистикалық талдау арқылы этнонимдік тілдік фактілерді саралап, рухани мұра ретінде жүйелеген. Этнонимдік бірліктердің символдық, коннотациялық белгілерін мысалдармен дәйектеген.

Этнолингвистикалық сөздіктен кейбір мысалдарды келтіре кетсек: «Қарадан хан болған Құнанбай», «сөз маржаны тобықтыдан табылады, бөз арзаны Бұқардан табылады», «қазақ болсаң – керей бол, алты алашқа мерей бол», «арғынның араулары ашаң келеді, ұнатқанына босаң келеді», «атқа мінер қыз арғыннан табылар, аттанарда жанынан табылар», «аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ», «найманның қызына шыдағанға тозақ жұмақтай көрінеді», «найманның қызын алған жұмаққа барады», «арғыннан ән таңда, қызайдан қыз таңда», «арғын-найман аталас, найман-керей енелес», «енелестер еніп сөйлесер, аталастар ат үстінде сөйлесер» т.б.

### ➤ Психикалық фактор.

Ұлттық мәдениеттің негізгі бір факторы –этностың «психикалық қалпы».

Тарихтағы ірі оқиғалардың ешқайсысы халықтың психологиясынан ізсіз-түзсіз жоғалып кетпейді. Әлемдегі кез-келген ұлттың басынан небір қилы өзгерістер өтетіні рас. Кейбір ел табиғат апаттарынан зардап шексе, кейбірі біреулерге бағынышты болып, қырғынға, аштыққа ұшырады. Осының бәрі ұлт санасынан берік орын алады.

Ұлттың психологиялық ерекшеліктері табиғи материалдық жағдайлардың нақты көрінісімен адам санасында қалыптасады. Ол

өзінің түп тамырымен халықтар тарихының терең түкпірінен орын алып, оның пайда болған мезгілінен бастап дамуда. ұлттық психологияның ерекшеліктері адамдардың әлеуметтік, табиғи-географиялық, заттық және рухани мәдени жағдайлардың шаттарына лайық қалыптасады. «Национальные своеобразие условий жизни отражается в культуре не непосредственно, а через национальную психику того или иного народа. Таким образом, и национальная своеобразие культуры и национальные особенности психики народа в конечном счете – это отражение национальных условий жизни, и между всеми указанными факторами существует сложная и многообразная связь» (Канапин, 1977, 15).

Ұлттық психологияны өзгермейтін құбылыс деп қарауға болмайды. Оның қалыптасуына негіз болатын тарихи жағдай мен географиялық орта мәңгілік болмағандықтан, ол қоғамдық дамуға, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты дамып, жаңаланып отырады. Әйтсе де, белгілі бір кезең мен ірі тарихи оқиғалар бір үзік фрагмент есебінде әлдеқандай тұрақты тіркестер мазмұнында сақталып, өткен күндер елесін жаңғыртып отырады.

Бұл ретте, қазіргі тілдік қолданыстағы *Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау, Күлтөбенің басында күнде жиын, қайда барсаң қорқыттың көрі, Абылай аспас асу бел, Абылайдың асында шаппағанда атаңның басында шабасың ба, Тар жол тайғақ кешу т.б.* тіркестердің тарихи фразеологизм ретінде тілдік қордың ең бір сүбелі тұстарының бірінен саналады.

XVII-XVIII ғасырларда қазақ халқының басынан өткен ірі-ірі оқиғалар болды. Соның бірі – жоңғар шапқыншылығы. Осындай ел басына туған қиыншылық оның сезіміне, мінезіне үлкен әсер етті. Бұл ауыр оқиға қазақ тарихында *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»* деген атпен қалды.

Оның мәні: жаудан қашып, жаяу шұбырған қалың қауым әрі болдырып, әрі ашаршылықтан бұралып, Алқакөл көлінің жағасына келіп сұлап жатқанда, көп ішінен бір ақсақал адам шығып: «Адам баласы өмірде көрген жақсылық пен жамандықтың ешқайсысын ұмытпау керек, біз осы көрген күнімізді не деп атасақ болар?» деп сұрапты. Сонда тағы бір қария тұрып: Мұның аты *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»* болсын депті. Мұның мәнісі: атамекен, мал-мүлкінен айрылып, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш босқан ел шұбыра-шұбыра табаны ағарып,

азып-тозды деген сөз. Осындай қиын шақта еркіндікті аңсап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныш күнді арман еткен халық сезімін, қайғы-қасіретін Қожаберген жырау «Елім-ай» әнімен зарлы, мұңды етіп, біздің заманымызға жеткізді.

Тілдік-мәдени семантиканы қалыптастыратын факторларға қатысты талданған мысалдар тілдік білімді емес, дүниелік білімді көрсетеді. Бұл өмір тәжірибесінен жинақталған ұжымдық білім. Дүниелік білім когнитивтік санада бір-бірімен ұштасып жатады. Дүниелік білім арқылы тілдік-мәдени семантиканың қалыптасу негізі жан-жақты бола бермек.

#### **4.4 Фразеологизмдердегі ұлттық мәдениет негіздері**

Ұлттық мәдениет ұлттың жан-күймен тығыз байланысты. Ұлттық жан, күй үйлесімі үш бірліктен тұрады. Ол: *ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүр*.

##### **✓ *Ұлттық мінез***

Әр ұлттың өзіне ғана тән этностық таза мінез-құлықтың болуы мүмкін емес. Кез келген ұлттың психикалық қалыптасуын айқындау үшін халық тарихында өткен ерекшеліктер, өмірдің материалдық жағдайы, ұлт өміріндегі табиғи жағдайлар ескеріледі. «Ұлттық мінез-құлық дегеніміз – халықтың қоғамдық-өндірістік тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан машығы мен әдетінің жиынтығы, әрі жалпы және ерекше қасиеттерінің бірлігі». Қай ұлттың болмасын психикалық еалыптасуына оның шынайы өмірі негіз болады. Кез келген ұлттың психикалық қалыптасуын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет. Белгілі бір тарихи кезең, тарихи оқиға халық тағдырына елеулі ықпал ететіндіктен, әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани психологиялық келбетінде өткен жолдың іздері қалары анық.

Қазақ халқының ұлттық мінезінің қалыптасуына шексіз кең дала, көшпелі және соның ықпалынан туындайтын халықтың тұрмыс тіршілігі негіз болды. Көшпелі халық айналысқан мал шаруашылығы оны табиғатқа бағынышты етті. Табиғат құбылыстарын түсінбеген кезеңде сиқыр, әулиелерге құлшылық ету, сену т.б. Табиғатпен қарым-қатынаста өтіп жатқан өмір тәжірибелерінің негізінде, табиғат көріністеріндегі

қайталану құбылыстарын байқау, ескеру, жинақтау негізінде тұрмысын икемдеу, бейімдеу, салыптастыру, яғни, табиғатты меңгеруге ұмтылу сияқты қасиеттер басым болды. Табиғатты бағындыру арқылы емес, табиғатпен тіл табысу моральдық-этикалық қалыптарына айналған.

Ұлттық мінез халықтың жүріс-тұрысынан, іс-әрекетінен, сөйлеу мәнерінен, тіпті, адамдардың сөйлеу барысындағы кимылымен қатар талғамынан да көрінетін, оның сол халыққа тән ерекшеліктерін байқататын қасиет.

Ұлттық мінез-құлық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қалған биологиялық психологиялық құбылыс емес, географиялық ортаның жемісі немесе нәсілдік белгілермен байланысты ұлттық субстанцияның қияли туындысына да жатпайды. Негізі шындықты ұлт өмірінің өзінен, оны еоршаған табиғи өзгешеліктен сарастыру шарт. Ұлттық мінез-құлықта – халықтардың өзі жасаған тарихтағы заттық және рухани тіршілігінің бейнеленген көрінісі. Тарихи жағдай мен географиялық орта мәңгілік нәрсе емес, сондықтан ұлттық мінез-құлық та белгілі өзгерістерге ұшырап отырады. Ұлттардың мінез-құлқы – олардың тарихи өмірінің нәтижесі. Тарихтағы белгілі оқиғалар мен күйзелістер өздерінің ұзақтығымен халық өмірінде, әсіресе, психологиясында белгі қалдырады. Оның ерекшеліктері халық шығармашылығында, мәдениетінде және тұрмысында айқын сезіледі. Сондықтан ұлттық мінез-құлықты сақтаушы және алып жүретін – халық. Халықтан тыс ұлттық мінез-құлық жойыла бастайды. Кез-келген адам туған халқымен байланысын үзсе, басқа тілді, дінді, мінез-құлықты үйренеді.

Халқымыздың мінезіне тән ең бір ерекше қасиет – рухани, әрі адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалау. С.Темірбеков (1998) ондай құндылықтарға ақ көңілділік, шынайы адалдық, батырлық, сенімділік, көмек көрсету және үлкендерді құрмет тұту, ата-анаға деген шексіз махаббат, өзін-өзі құрбан ету т.с.с. асыл қасиеттерді жатқызады.

Әрбір адам үшін бұл қасиеттер ерекше байлық ретінде өте жоғары бағаланады. Мысалы:

«Ағынан жарылу» – ақ көңіл, «алақанға салып аялау» – мейрімділік, «ананың ақ сүтін ақтау» – адамгершілік, борыш, «өлімнен ұят күшті» – намыс, «бетегеден биік, жусаннан аласа», «құрақ ұшу», «бәйек болу» т.б. – құрмет көрсету.

Қазақ даласында қағазға жазылып қабылданған заңдар болмаған

кездің өзінде ешкім бұза алмайтын рухани ережелердің маңызы өте зор болды. Халқымыз «Жігіттің екі сөйлегені – өлгені» дейді, яғни айтқанын орындамау, берген уәдесінен таю жігіт үшін өліммен тең болды. Сондықтан қазақтар арасында адамға деген сенімділік ешқандай күмән тудырмаған.

Мысалы:

*«Тірідей жерге кіру»* – ұят пен намыс, *«уәде – құдай аты»*, *«қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді»*, *« жақсы жігіт ақылына жеңіп іс қылар, жаман жігіт оңай істі күш қылар»* т.б.

Қазақ халқының ұлттық мінезінің тағы бір көрінісі – оның қонақжайлылығы. Әрине, бұл – барлық халықтарға да тән жалпы адамгершілік қасиет. Әйтсе де, жай ғана жолаушы болсын, мейлі кедей, мейлі бай болсын, жолы түсіп бұрылған қонақты жылы шыраймен қарсы алып, шамасы келгенше сый-құрметін көрсетіп аттандыру қазақ халқы үшін заңмен тең болды. Сондықтан қашанда қонақ үшін сыбаға сақтаған. Осыған орай, әрбір жолаушы кез-келген қазақ үйінде қонақ асын «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған.

Мысалы, *«қонағуар /қонақжай/ адам»*, *«қонағын атқару»*, *«қонақ асы»*, *«қонақ кәде»*, *«қонақ қойдан жуас»* т.с. сияқты фазеологизмдер ұлттық мінез сипатының айғағы. Яғни әрбір халыққа тән ұлттық мінезге сол халықтың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы, әдет-ғұрпымен, қоршаған ортаға деген көзқарасы негіз болмақ

### ✓ *Ұлттық сезім*

Бұл – адамның жеке басының шаттанып қуануына, қанағаттану, қанағаттанбауына, риза болу немесе риза болмауына байланысты сезімінің көрінісі. Мұндай ұлттық сезім тіл арқылы жеткізіледі. Мәселен, адамның ана тіліне деген сүйіспеншілігі ұлттық сезімнің ерекше бір түрі. Ана тілі – табиғат ананың адам баласына берген үлкен сыйы. Ж.Аймауытов: «Ана тілі – халық болып жаралғаннан бергі жан дүниесінің айнасы, өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі... Жүректің терең сырларын, жанның барлық толқындарын тұқымнан-тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі» деген. (1990, 30).

Ана тілі – белгілі бір ұлттың жан-дүниесінің керемет нәзік айнасы. Қазақ ұлтының тәуелсіздік алумен қайта оянған ұлттық сезімінің көрінісі

соңғы жылдары, әсіресе, жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық сезімінің ана тіліне қатысынан жақсы көрінді. Ал осы ана тілге деген ерекше құрмет, оның бүгінгісі мен ертеңгісіне деген толғаныстар тілде небір сөз айшықтарының қалыптасуына негіз болады. Мысалы:

*«Туған жер – тұғырың, туған тіл – қыдырың», «Төл тілің – күре тамырың», «тіл көгермей, ел көгермейді», «Тіл тағдыры – ұрпақ (ел) тағдыры»* деген тіркестер ана тілге деген ерекше биік сезімнің көрінісі. Бұл тіркестер де жиі қайталана келе, қазақ ұлтының ана тілі үшін күрес сәттерінің бір белгісі болып, кейінгі ұрпақтарға жетеді.

Ұлттың сезімнің әсерлі бояуы, нақышты ой айшықтары көркем сөз өнері, оның ең асылы – ауыз әдебиетінің өлең түрі арқылы сыртқа шығып, тыңдаушыға әсер етеді. Айталық, баланың тілі шыққаннан бастап, оның ой-сезімі бесік жыры арқылы қалыптасып, ойын өлеңдері арқылы қанына сіңген. Өйткені ол жастайынан ауыз әдебиетінің асылдары мақал-мәтел, өлең-жырларды, аңыз-ертегілерді жаттап, жадына сақтап өсетіндігін қазақ мәдениетанушылары да қуаттайды [Қараңыз: Елікбаев Н. Ұлттық психология. 1992].

Ұлттық сезімнің тағы бір көрініс табатын тұсы – көркем шығармалар.

Бұл ретте осы күнге дейін тасқа басылып шыққан рухани мұра қазақ кітаптарының қай-қайсысы осы ұлттық сезімнің қайнар көзінен бастау алғандығын айтсақ та жеткілікті.

«За каждым текстом стоит определенная языковая личность, а поскольку «само содержание понятия языковая личность переплетается с этнокультурными и национальными чертами индивидуальности», то национальная принадлежность и включительность в соответствующую культуру определяют картину мира, тезаурус писателя, отражающийся в языке его произведений» [1993, 131] деп, И.Н Сафронованың айтуына қарағанда, кез келген жазушы шығармашылығында тек өзіндік тілдік ерекшеліктерді ғана емес, сол жазушы тілдік тұлға ретінде енетін этностың мәдени ерекшеліктері басты орын алады.

Жазушы тарихтың сан алуан дерегі, туған елінің шежіресі сақталған ұлттық-мәдени мұрасы бар қоғамда өмір сүреді. Сол қоғамда қалыптасқан мәдени дәстүрлер жазушы шығармаларынан орын алады. Көркем сөз шеберлері тұрақты тіркестерді қолдануда олардың образдылығына үлкен мән беріп, олардың бейнелегіштік қасиетін арттыру мақсатымен

ерекше эмоциялы-экспрессивті мүмкіндіктерін барынша пайдалануға тырысады. Көркем шығармалар кез келген халықтың алыс замандардан бері қалыптасқан өзіндік болмыс-бітімі, салт-дәстүрі, заттық және рухани мұраларының ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа сақталуын қамтамасыз етеді.

Қай кездің қандай қоғамы болмасын, заман келбетін, заман шындығын бейнелеуде ұлт тілінің әлеуеттілігі қыры сынбай қырланып, ұштала береді. Сол кезеңнің, дәуірдің асқынған, ушыққан тұстарын суретті сөзбен кестелеп береді. Мысалы, қазіргі қазақ мәдениетінде «сайлау», «сайлау науқаны» сияқты сөздер қоғам көрінісінен мағлұмат береді. Мына төмендегі мысалдардан автордың ауыл әкімдерін сайлауды кезіндегі ойларынан үзінді оқимыз.

Мысалы:

- Сөйтіп, бұған дейін *айрандай ұйып отырған* кейбір ауыл жұрты ештеменің бас-аяғын түсінбей, өз өзінен бүлінген *алашапқын, қызылтанану болған бір күйге* ұшырады да қалды.

Екінші жағынан, әлгі бастықтың қызметіне ұсынылған кандидаттар өз жақындарымен *аяқ астынан шөпiлдесiп, өзді-өзіне гана бүйрегі бұрғандай емешегі елжіреп, бала мінез қара жұрттың қанын осылай қыздырған* жайы бар. Бұл әрекеттер демократияның түбін ойлаудың орнына, *рушылдықтың ұранын гана дүбірлеткен* әрі аңғал, әрі сауатсыздау *қазақы бәсеке* болды да шықты. *Аузы күйген үрлеп ішедіні бастан кешкен жұрт* меніңше, ендігі жерде талантсыз руласын, тасыраңбай танысын іздеп әуреге түспейді деп сенемін. («ЕҚ» 17.07.01).

Курсивпен көсетілген тіркестер бүкіл сөйлемдердің ажарын ашумен қатар, ерекше бейнелілік арқылы айтылар ойды жандандырып, оқушы көз алдына күнде көріп, естіп жүрген жағдайлардың мән-мазмұнын одан бетер қоюлатып, оқиғадан сырт бей-жай қалдырмайды.

Сонымен, көркем шығармалар халық өмірінің табиғи және тарихи дамуының, салт-дәстүр, таным-тіршілігі мен ұлттық мәдениетінің бейнелілік құралдарының көрінісі.

✓ **ұлттық салт-дәстүр**



Қайсыбір ұлттың мәдениетін алсақ та, ондағы *салт-дәстүрлер* жүйесіне бірден назарымыз ауады.

Салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар әрбір елдің, халықтың тәлім-тәрбие беру ережелері мен нормаларының жинағы болып табылады және олар жазылмаған заң есебінде жүреді.

Академик А.К. Кон: «Әдет-ғұрып дегеніміз – белгілі бір қоғамда немесе ұжымда белгілі бір тарихи жағдайға байланысты адамдар арасында қалыптасқан қоғамдық тәртіптің түрі. Ол әлеуметтік өмірдің әр түрлілігіне және күрделілігіне қарамастан, белгілі ұқсастық жағдайда адамдардың біркелкі әрекет етуін қалайды. Яғни, бір қоғам ішіндегі адамдардың еңбек ету тәсілдері мен әдістерінің жалпыға ортақ болуын, олардың саяси қоғамдық іс-әрекетінің және күнделікті қарым-қатынасында бірыңғайлық әрекеттің болуын талап етеді. Осының бәрі әдет-ғұрыптың, салттың жиынтық көрінісі болып табылады», – деп тұжырымдаса, ал дәстүр дегеніміз – әдет-ғұрыптың өмірдегі өсіп жетілген әр түрлі формасы. Ол адамдардың белгілі бір бағыттағы тұрақты іс-әрекетімен мінез-құлқының ұрпақтан-ұрпаққа белгілі формада ауысып берілетін түрі», – деген анықтама береді [17, 425].

Салт-дәстүрлер отбасылық тәрбиеде қалыптасады. Жеке адам салтты ойлап шығара алмайды немесе бұрынғы қалыптасқан салтты жоғалта алмайды. Бүкіл халық, ел-жұрт уақыт озған сайын салт-дәстүрге жаңалық енгізіп, оны қоғамдық болмыс көріністеріне бейімдеп өзгертіп отырады.

М.Гердер: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы» – дейді (1977:252). Жазу-сызу мен азаматтық қоғам әлі жоқ кезде салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар мәдени мирасқорлықтың жалғыз мүмкіншілігі болды. Сондықтан ескі салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардан ұлттық мәдениеттің негізі аңғарылады. Ұлттық салт-дәстүр халықтың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге, қоршаған ортаға деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, жаңарып отырды.

Кез келген халықтың салт-дәстүрлер жүйесі – көптеген ғасырлар бойындағы тәлім-тәрбиенің жемісі. Осы жүйе арқылы әрбір халық өзін, өзінің рухани мәдениетін, мінезін және психологиясын қайта жаңғыртуға мүмкіндік алады. Егер от өшіп қалса, оны көршіден сұрап алуға болады, өнім өспей қалса, оны қайта сеуіп, жаңадан өндіруге болады, алайда егер

қандай да бір себептерге байланысты уақыт аралығындағы байланыс үзіліп қалса, егер жас ұрпақ өткен салт-дәстүрлерді жоғалтып алса, оны қайта жаңғырту оңайға тимейді. Сондықтан ата-бабаларымыз қандай қиын-қыстау кезеңде болсын өз салт-дәстүрлерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтап қалуға тырысты. Өйткені мұнда олардың адамгершілік сезімдері мен әлеуметтік-саяси көзқарастарының мол тәжірибесі орын алды.

Ғасырлар бойы адамдар арнайы бір дәстүрлерді ұстанып, қандай да бір салт, ырым-жораларды жасап келді. Сондықтан оның формалары әр түрлі, саны шексіз.

Салт-дәстүрлер халықтың наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына, тіршілік кәсібіне байланысты туып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, өмірге қажеттілері дамып, жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып отырады. Мысалы, қазақтар жаугершілік заманда ақ қой сойып, қанына найзасын малып, бір-бірімен төс түйістіріп, анттасып дос болатын болған «Достықты бұзғанды ант атсын»— деп серттескен. Бұл жаугершілік заманда батырларды бірлікке тәрбиеледі. Ал кейіннен қоғамның дамуына байланысты, анттасу салты мүлде жойылды.

Қоғамның дамуындағы ұлтаралық, халықаралық байланыстар ұлттық психикаға әсерін тигізіп, бірнеше ұлтқа ортақ салт-дәстүрлердің пайда болуына себепкер болды. Мәселен, кеңес дәуірі кезінде еңбек кітапшасын табыс ету, неке куәлігін тапсыру, жастарды әскер қатарына шығарып салу сияқты салт-дәстүрлерді туғызды. Мұндай өзгерістердің болуы – заңды құбылыс.

Бұрын қазақ халқының салт-дәстүрлерінің көпшілігі малмен, көшіп-қонумен байланысты туып дамыған. Олардың түрлері тілде қатталып қалып отырды және қазір этнографиялық фразеологизмдер ретінде талданады. Мысалы, төмендегі атаулар арқылы ұғынылатын: *наурыз тойлары*, көшіп келген ағайынға *ерулік беру*, *бие байлау*, сірне, қымыз жинау, малдың төлдеуімен байланысты *уызға шақыру*, күздікте *қарынмайға шақыру*, қыста *соғымға шақыру*, *отқа май құю*, *келіннің отқа салар әкелуі*, *баланы бесікке салу*, *қырқынан шығару*, *тұсау кесу*, *ешіі беру*, *ажырасар аяқ жасау*, т.б. ырым, жол-жоралар, тіпті қыздың қалың малын немесе ердің құнын да мал санымен есептеу сияқты салт-дәстүрлердің қалыптасуы, халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен байланысты туғанын дәлелдейді. Яғни, салт-дәстүрлер, бір жағынан, халықтың тұрмыс-тіршілігінің көрінісі болса, екінші жағынан, еңбекке, адамгершілікке, өнерге, баулуда тәрбие құралы болған.

Тілімізде салт пен дәстүр сөзін аса көп бөліп-жармай қолданыла бергенімен, екеуінің аралығында елеулі айырмашылықтар бар. Салт көбінесе адамгершілік, күн-көріс, тұрмыстық қатынастарда кеңірек таралып, сонда қалыптасады. Ал дәстүрдің қолданылу аясы салтқа қарағанда анағұрлым кең. Дәстүрлер қоғамның құқық, саясат, ғылым, дін, философия, өнер, мораль сияқты барлық саласында көрініс табады. Сонымен қатар, ол адамдардың өндірістік өмірін де қамтиды (еңбек дәстүрі).

Дәстүрге қарағанда салт нақты бір ситуациядағы іс-әрекеттің шартын береді. Ол қандай да бір мезгілде, қандай да бір жағдайға байланысты адамның іс-әрекетін көрсетеді. Яғни, салтта ең бастысы жүріс-тұрыс ережесі – нақты бір жағдайда қандай әрекеттер жасау керектігін егжей-тегжей жеткізу. Ал дәстүрде ондай іс-әрекеттің барысына толық сипаттау берілмейді. Мұнда жүріс-тұрыс, мінез-құлықтың нормалары, принциптері негізгі орын алады. Ол іс-әрекеттің жалпы бағыттарын, ең бастысы адалдық, қарапайымдылық, еңбексүйгіштік, сыпайылық т.с. сияқты рухани қасиеттерді білдіреді. Салт қандай да бір нақты іс-әрекетке тығыз байланысты болса, дәстүрде ондай тығыз байланыс болмайды.

Әйтсе де, дәстүр мен салт екі әлеуметтік ортақ функцияларды орындайды. Ол: белгілі бір қоғамда қалыптасқан қарым-қатынастардың тұрақтану құралы болу және осы қатынастарды жаңа ұрпақтың өмірінде қайта жаңғырту [Елікбаев, 1992:10].

Қоғамдық сананың өсуі қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға негізделеді. Сондықтан салт-дәстүрлердің пайда болуына қоғамдық қатынастар, қоғамдық тұтыныстар мен қызығушылықтар негіз болады. Осыған орай айта кететін жайт, заттық өндіріс саласына жақындау қалыптасқан салт-дәстүрлер өзгерістерге өте икемді болады. Мәселен, еңбек дәстүрлеріне экономикалық қатынастар әсер етеді. Ал қоғамның рухани тұтыныстары нәтижесінде қалыптасқан салт-дәстүрлер неғұрлым тұрақты. Әсіресе, тұрмыстық салт-дәстүрлердің тұрақтылығы анағұрлым басымрақ.

#### 4.5 Лингвоконцептология және лингвомәдениеттану

Тіл біліміндегі антропологиялық бағыттың ең басты сипаты – адам болмысын жақ-жақты түсіну үшін, оның тілін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, соған орай, коммуникативтік жағдаяттарын зерттеу, білу. Тілдің ішкі құрылымдық жағына бағытталған имманенттік лингвистикаға қарағанда антропологиялық лингвистиканың ерекшелігі осында.

**Антропологиялық лингвистика аясынан адам санасында қорытылған білім бөліктері – концептілерді қарастыратын лингвоконцептология бөлініп шығады. Лингвистикалық концептология – философия, мәдениеттану, психология сияқты пәндердің ғылыми жетістіктерімен лингвистиканың зерттеу бағыттарының толығыуы арқылы жетілдірілген заңды бағыт.**

Қазақ тіл білімінде лингвоконцептология түрлі нысандардағы концептілерді зерттеу, мысалы, «жүрек», «тары», «тағдыр», «өзімдікі-өзгенікі», «әйел» сияқты әр жерден «бас көтеріп» жүрген ғылыми еңбектерден байқалады. Ал орыс тіл білімінде лингвоконцептологияның ғылыми мектептері әр аймақта орналасқандықтан, жүйелі даму мен қалыптасу үрдісі бар.

Лингвомәдениеттануда кешенді білім ретінде қарастырылатын мәдени концептілер бар. «Концепт – мәдениеттің микроүлгісі, ал мәдениет – концептінің макроүлгісі» [Зусман, 2001, 41].

Концептінің ең басты өлшемдерінің бейнелілік, ұғымдық және құндылық түрлерінің ішінде «құндылық» ұлттың мәдени ерекшелігіне байланысты. Олай болса лингвоконцептологияның бір тұғырын тіл мен ұлттық мәдениеттің арақатынасынан іздеу керек. Ол үшін **тіл→мәдениет** дихотомиясына қатысты ғылыми ой-пікірлерді саралап көрейік.

Академик Әбдуәлі Қайдардың: «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитеті ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым» деуі [1998, 13] мәдениетті тілмен байланыстыра зерттеудің маңыздылығын аша түседі. Өйткені тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттық мәдениеттің басты формасы, сондықтан мәдени негіздерге деген қызығушылық тіл тамырына тереңірек үңілуді қажет етеді. Тіл мәдениеттің өмір сүру

формасы, мәдениет оның ішкі мәні болғандықтан, тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарастыруға болмайды. Тілде адамның осы әлемді түсінуге тырысқан таным жолдарының ізі сақталады, ұлт өмірі туралы жан-жақты мәлімет жинақталады. Сол мәліметтер арқылы әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері көз алдымызға келеді. Тіл – этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының өзегі. Ол тек дыбыс пен таңбаның бірлігі емес, ең маңыздысы – мәдени сабақтастықтың құралы. Ұлттың барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүниетанымы мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата мұрасы, асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырылуы, тілдің басты – кумулятивтік қасиетіне байланысты. Бұл өз кезегінде концептілер жүйесін қалыптастырады.

Адамзат мәдениеті, оның әлеуметтік мінез-құлқы және ойлау өрісі тілден тыс өмір сүрмейді. Әр халықтың мәдени ерекшеліктері оның ғасырлар бойы жасап келе жатқан тілінен көрінеді. Ендеше, тіл мен мәдениет байланысының тамыры тереңде жатқаны сөзсіз. Сондықтан ХІХ ғасырдан бастап тіл мен мәдениеттің байланысы тіл біліміндегі басты мәселелердің бірі болып келеді. Бұл мәселелердің негізі Гумбольдтың еңбектерінде байқалады. Оның тұжырымдары А.Н.Потебняның, Ш.Баллидің, И.А.Бодуэн де Куртэненің еңбектерінде орын алады.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда ХІХ-ХХ ғасырда тілдік философиялық ойлар тіл туралы бейнелі түсінікті «жеке адам (индивид) тілі», «тіл – жүйе» және «құрылым», дегеннен бастап, «тип», «характер» «ой кеңістігі», «рух үйі», сондай-ақ, «рух энергиясы», «рух белсендісі» деген бейнелілікке дейін көтерді.

Ал ғасыр соңында тілді зерттеу парадигмаларының ең басты бағыттарының бірі – антропологиялық парадигма. Бұл бағыт бойынша тілді кең мағынада адам сана-болмысымен, яғни адамның ойы мен оның рухани жан дүниесін сөйлейтін тілінен бөлмей әлеммен бірге тұтас қарау. Тілдің антропологиялық негізінде тіл өз ішінде емес, тіл адамның бір бөлігі іспеттес қарастырылады. Демек, адам тілдің иесі ретінде саналады. Ал тіршілік тұтқасы адамды адам деп тану тек оның сөйлейтін тілі арқылы ғана анықталады. Осы ойлар адамтанудың философиялық шешімдері ретінде танылады. Бұл ретте, тілге Гумбольдттық антропологиялық тәсілмен келу екені белгілі.

В. фон Гумболдтың концепциясының негізгі:

- ✓ материалдық және рухани мәдениет тілде іске асады;
- ✓ әрбір мәдениет ұлттық, оның ұлттық сипаты тілде әлемді ерекше көру арқылы бейнеленеді;
- ✓ әрбір тілге өзгеше ішкі форма тән;
- ✓ ішкі форма – «ұлттық рухтың», оның мәдениетінің көрінісі;
- ✓ тіл – адам және оны қоршаған әлем арасындағы аралық буын [1985: 5].

Қазіргі тіл біліміндегі антропологиялық бағыттар: лингвокоцептология, лингвосоциология, лингвопсихология, лингвоэтнология, (этнолингвистика) және лингвомәдениеттану, яғни тіл арқылы мәдениеттану. Соңғысы жаңа арна – мәдениет пен тілдің байланысын зерттеу болып табылады. Гумбольдтық бағдар бойынша тіл – адам өмірінің барлық саласын дүниені танудан бастап, өмір тіршілігін тұтас қамтитын және оның заттық, рухани мәдениетін келер ұрпағына жеткізетін құрал. Олай болса, адамды тіл ішінде тану дегеніміз – оның бүкіл болмысын тану, өмір сүру, күн кешу сияқты қарапайым тіршілік ұстанымдарын білу.

Тіл мен мәдениет арақатынасы туралы мәселе өте күрделі, әрі жан-жақты. Сондықтан, бүгінгі таңда, бұл мәселеге қатысты бірнеше тұжырымдар қалыптасқан.

Бірінші тұжырым С.А.Атанов, Г.А.Брутян, Е.Н.Кукушкин, Э.С.Маркарян сияқты философтар пікірінің негізінде қаланды. Бұл тұжырым бойынша, тіл мен мәдениет байланысы бір бағыттағы қозғалыс болып табылады, өйткені тіл өмір шындығын бейнелейді, ал мәдениет – сол шындықтың ажырамас бөлігі. Ендеше тіл – сол мәдениеттің бейнесі. Егер шындық өзгертін болса, ұлттық мәдени қалыптар да өзгеріске түседі, ал онымен бірге тіл де өзгертін анық. Бұдан мәдениеттің тілге әсері айқын байқалады.

Ал екінші тұжырым өкілдері, керісінше, тілдің мәдениетке әсерін қарастырады. Тіл адамзатсыз өмір сүре алмайды. Ол біздің санамызда, жадымызда, орын алады, сондықтан ойдың, сананың өзгеруіне байланысты ол да бейнесін өзгертеді. Тілдің мәдениетке әсері туралы мәселені Э.Сепир мен Б.Уорф мектебі зерттеді. Бұл гипотеза негізінде адамдар әлемді өз ана тілінің аясында әр түрлі қабылдайды деген тұжырым жатыр. Егер әрбір тіл өмір шындығын өзіне тән тәсілмен бейнелейтін болса, онда тілдер «әлемнің тілдік суретімен» ерекшеленеді.

Қазіргі кезде тіл мен мәдениеттің арақатынасына негізделген бірнеше ғылыми бағыттар бар соның ішінде, ең алдымен, бастауын А.А.Шахматов, А.А.Потебня, А.А.Афанасов т.б. еңбектерінен алатын этнолингвистикалық бағыттарды атауға болады. Бұл бағыттың екі тармағы қалыптасты.

1. Тіл арқылы этникалық территорияны жаңғырту. Бұл бағытта В.В.Иванов, Г.В.Гамкрелидзе, Р.А.Агеева еңбектері өте құнды.

2. Тіл арқылы этностың заттық және рухани мәдениетін жаңғырту. Оның негізін қалаушылар – В.В.Иванов, В.Н.Топоров, Н.И.Толстой т.б.

Қазір тіл білімінде тіл арқылы мәдениеттанудың елтану, лингво-мәдениеттану, этнолингвистика сияқты жаңа бағыттары қалыптасып, тіл мен мәдениеттің арақатынасын бағдарлауға, зерттеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін көрсетуге мүмкіндік алды.

Елтану тоқырау кезінде көп қиындықтар кешті. Қоғамдағы жаңалық, өзгерістердің тек жақсы тұстарын ғана жария етіп, теріс жақтарын жасырып көрсету гуманитарлық ілім ретінде елтану үшін өте қиын соқты. Мәдениеттің нағыз даму жолдарын түсіну үшін оның жақсы жақтарымен қатар жағымсыз тұстарын да көрсете білу қажет.

Елтану бағыты этномәдени тұрғыда әр ұлттың өзін-өзі қайта тануымен байланысты. Бұл – әр ұлт тілдеріндегі соңғы кездегі тілдегі әлеуметтік оң өзгерістер ықпалы, әркім өз «дүниесін бөліп алып», «мен кіммін, басқалардан қандай артықшылықтарым бар» деген менталдық қасиеттердің жандануы немесе оянуы.

Мәселен, бұрындары шетелдіктер үшін орыс тілін үйрену кезінде, оқыту процесінде сол ұлт тілі арқылы елін, халқын тануға мүмкіндік алды. Сол себептен де орыс тіл білімінде шетелдіктерді орыс тіліне үйрету барысында қалыптасқан Елтану пәні дүниеге келді. Бұл пәннің мақсаты: тілді үйрету барысында ұлттық ерекшелікті барлық қырынан әлеуметтік, мәдени, тарихи жағдайын тұтастай тек тіл арқылы таныту. Ұзақ жылғы практикалық тәжірибе тіл арқылы Елтанудың методологиялық негіздерін қалыптастырды. Тіл өзінің өмір сүру қалпында өзінің дамыған ортасында үш түрлі қызметімен ерекшеленеді.

1. Тіл адамдардың өзара түсінісуі үшін жұмсалатын коммуникативтік қызметі арқылы екеуара сөйлесетіндер үшін кез-келген құбылыс, зат атауларының түсінікті болуы.

2. Тіл тек сөйлесу, қарым-қатынас құралы емес, ол адам өмірінің заттық және рухани мәдениетінің сол ұлтқа тән төл-тума қасиеттерін жинақтап, сақтау арқылы келесі ұрпаққа жеткізеді. Мұны тілдің кумулятивтік қасиеті деп атайды.

3. Тілдің тағы бір қоғамдық қызметі – әлеуметтік өмірде адамдарды жеке тұлға ретінде, ұлт өкілі ретінде қалыптастыруы (Верещагин, 1980, 10).

Тіл бір адамның ғана меншігі емес, мәселен, қазақ тілінде бүкіл бір ұлт, халық сөйлейді. Тіл арқылы бүкіл қазақ ұлты өмірлік көріністердің тұтас мәліметін жинақтады. Осы мәліметтер арқылы адамдар сол тілде сөйлейтін бір ұлттың тұтас өмірлік көріністерінің айнасын көз алдыңызға әкеледі. Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Тіпті, үрім бұтағына дейін отбасында ана тілі арқылы үйренген, білген қасиеттерін дарытуға ұмтылады, дәстүр жалғастығын үзбейді. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады.

Қазіргі кезде қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі халықтық, ұлттық дәстүрді, салт сананы қалыптастырудағы екі ұдай даулы мәселелерге айналуының өзі рухани ұлт мәдениетінің алтын діңгегінің шайқалуына әсер етті. Тілдің жоғарыда айтқандай кумулятивтік қызметі жекеден жалпыға жинақталғанда ана тілінің қоғамдық қызметінің қаншалықты жоғары екендігі түсінікті. Егер қазақ тілінің бұрынғы әлеуметтік потенциясының соншама мықтылығы болмаса, дәл бүгінгі таңда ұлт мәдениетінің күні не болатыны түсінікті. Ұлт мәдениетінің сақталуы тек ұлы тілінің осындай кумулятивтік қызметіне байланысты.

Тіл арқылы барлық құбылыс, заттар, яғни, әлемнің тілдегі көрінісі тілдік единицаларға тән болғанымен, кумулятивтік қызмет, әсіресе, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Оның себебі сол ұлт топырағында тамырланып, нәр алған халық тіліндегі сөздер мен фразеологизмдер ғана ұлт ерекшелігін, менталитетін айқындап бере алады (Смағұлова, 145).

Лингвомәдениеттану пәні 90-ыншы жылдардан бастап В.Н.Телия мен В.В.Воробьевтің бастауымен қалыптасты. В.Н.Телия: «Это та часть этнолингвистики, которая посвящена изучению и описанию корреспонденции языка и культуры в синхронном их взаимодействии» дей келе,



оның негізгі мақсаттары этнолингвистиканың Н.И.Толстой ұсынған мақсаттарына сәйкес келетініне тоқталады [1996, 28].

Н.А. Алефиренко: «Лингвокультурология – бурно развивающаяся область... Лингвокультурология, как несложно видеть, всегда активизируется на каких то переломных этапах в жизни народа. У нас это – распад СССР, утверждение национального самосознания многими народами бывшего многонационального самосознания. Это своего рода Ренессанс, возвращение к историческим корням, обостренный интерес к этнической и языковой самобытности» дейді. [2006, 28]. Осындағы тарихи тамыр, тілдік және этникалық өзіндік ерекшеліктер лингвоконцептологияға қатысты қарастырылатын нысандар.

Лингвомәдениеттанудың елтанудан және этнолингвистикадан өзіндік айырмашылықтары бар:

- › тіл үйрету лингвомәдениеттану мен этнолингвистика пәндерінің мақсатына кірмейді. Мұнда ең бастысы, тіл мен мәдениеттің байланысы қарастырылады.
- › лингвомәдениеттанудың зерттеу объектісі – заттық және рухани мәдениеттің қазіргі ұлт менталдығының қаңқасы ретінде көрінетін халықтық санада сақталған фразеологизмдердің түрлі дискурстық типтерде жүзеге асырылуын айқындау.
- › этнолингвистикалық бағыт фразеологизмдердің қалыптасуын тарихи реконструкциялау, яғни қалыптасуын тарихи диахрондық сипаттау болса, лингвомәдениеттану фразеологизмдердің қалыптасуын синхрондық талдаумен жүзеге асырады.

Сонымен, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану мәдениет контексіндегі фразеологизмдерді зерттеуде түрлі мақсаттары мен міндеттеріне қарай, алғашқысы екіншісінің негізгі фундаменти іспеттес болып танылады.

Лингвомәдениеттану бағытының талдауы этнолингвистика басшылыққа алатын методологиялық әдіс-тәсілдерімен тығыз байланысты. Алайда лингвомәдениеттану пәнінің ең басты мақсаты тіл мен мәдениеттің өзара байланысы мен арақатынасын қарастыру.

Лингвомәдениеттану өткінші саяси жағдайларға тоқталмай, маңызды, ірі мәселелерге көңіл бөледі.

Жалпы, ұлттық деректерге сүйенетін лингвомәдениеттік талдау үшін мәдениет ұғымы ең негізгі болып табылатындықтан, ұлттық мәдени ерекшеліктерді қамтитын концептерді талдап түсіндіруде осы мәдени негіздерге сүйену қажет. Өйткені тіліміздің көркем құралы болып табылатын тұрақты тіркестердің қай-қайсысының да пайда болуында терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұралардың келбеті бары анық. Сондықтан В.Н.Телия лингвомәдени талдаудың барысында «возможно выявить, как воплощена культура в содержание фразеологизмов – идиом и фразеологических сочетаний, определить смысл их культурно-национальных коннотаций, благодаря которым фразеологизмы в процессах их употребления воспроизводят характерологические черты народного менталитета» [1996, 237] дейтіндей, фразеологизмдер ұлт менталитетіне тән қасиеттерді анықтауда рухани мәдениеттің түп дерегі болады.

Бұл жаңа саланың объектісі лингвистика мен мәдениеттану сияқты екі ірі ғылымның тоғысуынан туындайды. Мұнда халықтың салт-дәстүр, аңыз-әңгіме, мифтерінде орын алатын тілдік бірліктер қарастырылады. Бұл туралы В.А.Маслова былай дейді: «Предметом исследования этой науки являются единицы языка, которые приобрели символическое, эталонное, образно-метафорическое значение в культуре и которые обобщают результаты собственно человеческого сознания – архепического и прототипического, зафиксированные в мифах, легендах, ритуалах, обрядах, фольклорных и религиозных дискурсах и т.д.» [2001, 12]. Сонымен қатар В.А.Маслова оның тоғыз зерттелу көзін ұсынады.

Қазақ тіл білімінде ғылымның бұл жаңа саласы туралы «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» атты монографияда жан-жақты сөз етіледі. Мұнда бұл пәннің негізгі мақсаты: ұлт ерекшелігі, менталитет, менталдылық, ұлттық тұлға сияқты жеке қасиеттердің тіл фактілерінде көрінуі, рухани мәдениетті көрсетудегі тіл фактілерінің қызметі мен орнын анықтау» деп, осы лингвомәдениеттану пәнінің ең басты ғылыми негіздері атап көрсетіледі [Смағұлова, 1998].

Сонымен, лингвомәдениеттанудың басты нысаны – мәдени ақпараттарды таныту және мәдениетті қалыптастыратын мәдени мазмұны бар тілдік таңбалардың табиғатын ашу. Мәдениет – халықтың басынан өткен тарихының көрінісі. Мұнда мәдени ақпарат сақталған. Бұл көріністі стереотиптік, символдық, метафоралық, эталондық, мәні бар лингвомәдениермалар сипаттайды.

Тіл – мәдениеттің феномені. Тілде бейнеленетін, тіл арқылы көрінетін мәдени құндылықтар лингвомәдениеттану аспектісі болса, онда ол лингвоконцептологияның да нысаны. Ал концепт лингвомәдени ерекшеліктерді айқындайтын семантикалық білім. Осыған байланысты тіл мен мәдениеттің элементтерін шоғырландыратын, яғни жинақтайтын лингвомәдениеремадан басқа мәдениаралық өріс, мәдениаралық компетенция деген ұғым-түсініктер бар.

#### **4.6. Тіл арқылы мәдениеттануда этнолингвистиканың рөлі**

Әлемдік тіл білімінде этнолингвистиканың теориялық негізін неміс ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт қалады. Ол тіл мен мәдениеттің байланысын айта келе: «Только язык и способен выразить самые своеобразные черты народного духа и характера и проникнуть в их сокровенные тайны» [1985:69] дейді.

Ғылым әлемінде «этнолингвистика» термині «Сепир-Уорф» болжамы деген атпен белгілі болып келеді. Бұл пән этнография негізінде ХХ ғ. Басында солтүстік және Орталық Америкадағы үнді тайпаларының тілін зерттеуге байланысты америка лингвистикасында кең дамыды. Ғылымның басты назар аударған мәселелері халықтардың генетикалық туыстығы, әлеуметтік факторлардың тілге әсері және сол тілдердің негізінде этникалық мәдениетті қайта жаңғырту т.б.

Лингвистикалық түсіндірме сөздікте: «Этнолингвистика (гректің «этнос» – тайпа, халық,) тілді мәдениетпен, тілді этномәдени және этнопсихологиялық факторлармен байланыстыра қарастыратын тіл білімінің бағыты деп анықтаған [Алматы, 1999, 275].

Этнолингвистика – психоллингвистика мен социоллингвистика сияқты тіл біліміндегі жаңа бір бағыт. Бұл үшеуі бір-бірімен байланысты болғанымен, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері де бар. Этнолингвистика тілді этносқа қатысты тұрғысынан алып қарастырса, психоллингвистика тілді адам психикасына қатысы жағынан, ал социоллингвистика тілді қоғам дамуына қатысы тұрғысынан алып зерттейді. Сонымен қатар, этнолингвистика диалектология, фольклористика, этнология, мәдениеттану, мифология сияқты ғылым салаларымен де байланысты. Өйткені бұл ғылым салаларының бәрінің де зерттеу нысандары ортақ.

Мысалы, диалектология этностың жергілікті сөйлеу ерекшелігі,

этнология мен фольклористика, жалпы мәдениеттану салалары этнос өркениетінің әлденеше ғасыр бойындағы даму жолын, заттық және рухани мәдениетін, салттық дәстүрлерін, мифология этностың жалпы дүниетанымын, наным-сенімін, өзін қоршаған ортаға деген көзқарасын қарастырады. Ал олардың бәрі тілде көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Оны қарастыру лингвистика үлесіне тиеді. Яғни, диалектология да, этнология да, фольклористика мен мифология да, лингвистика да – бәрі де тікелей этносқа қатысты, бәрі де этностық ерекшелікті сипаттайды.

Орыс тіл білімінде этнолингвистиканың негізін салушылардың бірі Н.И.Толстой этнолингвистика және оның тіл мен этносты зерттеудегі рөлі туралы айта келіп: «Основанием для работ этнолингвистического направления является и то, что язык сам-составная часть орудие культуры, и может быть описан и часто описывается через признаки, общие для всех явлений культуры», – дейді [1995, 19]. Бұдан этнос пен оның тілі біртұтас деген тұжырым қалыптасады. Өйткені тіл – этностың бүкіл дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүр, өмір-тіршілігінің көрінісі. Этностың барлық мәдени байлығы осы тіл арқылы сақталып, бізге жетіп отыр. Демек, тіл мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты. Қазақ тіл білімінде ғылымның бұл саласы ең алғаш 80-жылдардан бастап сөз етіле бастады. Оның қалыптасуы акад. Ә.Қайдар есімімен байланысты. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты жинағында Ә.Қайдар этнолингвистиканың зерттеу объектілері мен мақсат-мүдделеріне тоқтала келіп, оның қоғамдық (мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану, фольклористика, мифология, дінтану, астрология т.б.) және лингвистикалық (этимология, диалектология, ономастика фразеология, терминология, лексикография т.б.) пәндермен байланысына тоқталады. «Өйткені өзіндік мақсат-мүддесі бола тұрса да, бір ортақ объектіге – «тіл әлеміне», «тіл қазынасына», «тіл құдіретіне» т.б. – соқпай кете алмайтын аталған пәндерден этнолингвистика да бөлініп, жарылып өз алдына оңаша тұра алмаса керек», – дейді [1998, 13].

Сонымен қатар, ғалым осы бірнеше жылдар ішіндегі ізденістер, зерттеулер нәтижесінде қазақ этнолингвистикасы шарықтау шегіне жетпесе де, өзіндік ерекшеліктерінің, бағыт-бағдар, мақсат-мүдделерінің қалыптасқанын сөз етеді. Соның бірінде «Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбейгейлі түрде тек оның тіл байлығы

– «Тіл әлемі» арқылы ғана жан-жақты танып білуге болады» десе, енді бірінде «Тіл әлеміндегі этнос бейнесін тек лексика қорының жиі қолданылатын «үстіңгі қабатындағы» мағыналық бірліктер негізінде ғана емес, сонымен қатар оның төменгі қабаттарына, қойнау-қолаттарында тұнып жатқан сөз маржандары арқылы да жаңғыртуға тырысады» деп, осы «Тіл әлеміне» келіп құйылып, тілдің лексика-семантикалық қорын дамытудың этнолингвистикалық арналарын ұсынады. Олар:

1. Баламалар. Бұларға тіліміздегі негізгі атауларды бейнелі түрде суреттеуден туындаған (мысалы, көмір «қара алтын», телевизор – «көгілдір экран» т.б.) жасанды баламалар (перифраздар) мен әр түрлі наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа байланысты тыйым салынған «табу» сөздерді алмастыратын эвфемистік баламаларды жатқызады.

2. Тұрақты теңеулер. Бұларға бір зат пен екінші бір затты өзара салыстыру, ұқсату, бір-біріне балау, теңеу арқылы оларды анықтау, сипаттау, бағалау, өлшеу т.б. осы сияқты танымдық мақсаттан туындап, тұрақталған тіркестерді жатқызады.

Мысалы: *ботадай боздау* – қатты жылау, *екі иығына екі кісі мінгендей* – өте тұлғалы, *киіктің асығындай* – кішкентай, сүйкімді, *аузынан түсіп қалғандай, егіздің сыңарындай* – өте ұқсас т.б.

Тұрақты теңеулер арқылы адамның дүниені алғаш қабылдау және құбылыстың жалпы қасиеттерін салыстыра отырып, өзінше ұқсатуы, салыстыруы жүзеге асады.

3. Фразеологизмдер. Мұнда ең басты мәселе – фразеологизмдердің ауыс мағынада қолданылу уәжділіктерін түсіндіру.

4. Мақал-мәтелдер. Бұл – этнолингвистикалық арнаның фразеологизмдер сияқты ең құнарлы саласы. Ә.Қайдар мұнда әрбір мақал мен мәтелдің бойында этнос болмысына, оның рухани, заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенімге қатысты бай информация жинақталғанын және олардың этнос болмысын танып-білуге қосар үлесінің зор екеніне тоқталады. Сондықтан мақал-мәтелдердің тілде пайда болу факторлары мен жеке адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттеріне ауысу мотивтерін айқындаудың, мән жайын түсіндірудің маңыздылығы ескеріледі. Мысалы:

«Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал «от басында қандай тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге көрсен, өсіп жеткенде де соны істейсің» деген ауыс мағынасын түсіндіреді. Ол – о баста қыран құстар өмірін

байқаудан туып, саяткерлер лексиконында қолданылған жай тіркес болған. Шынында да, бүркіт өз балапандарын құз-қиядағы ұясында түлеп, қара қанат болып ұшқанға дейін сол төңіректегі барлық аң-құстардың, мал төлінің етімен қоректендіреді. Бұл жайттың мақалда «отбасындағы көрген тәлім тәрбие, үлгі-өнеге» мағынасына баланып, ал бала бүркіттің өсіп, қыран болғанда «иісін алып, дәмін татып, құшарлана жеген аң-құстарды көбірек ілетіні» ауыс мағынасында «баланың өскенде де отбасында көрген үлгі-өнегесін істейтін әдетіне» айналатынын сөз етеді.

5. Бір затты екінші бір затқа балап айту арқылы адамның ой-өрісін кеңейтіп, тапқырлыққа баулайтын маңызды құбылыс жұмбақтар. Автор «Айдалада қу қазық, мергеншіге жол азық» деген жұмбақтың шешімі «қоян» екенін тек қазақы түсінік негізінде ғана табуға болатынын ескеріп, жұмбақталған объектіге сәйкес сайланған баламаның мотивін тек ұлттық менталитет, этностық таным негізінде айқындап түсіндіруге болатынына тоқталады.

6. Ауыз әдебиеті үлгілері. Олар – этнос өмірінде туындап, сол этностың өзіне ғана тән рухани, мәдени танымды суреттейтін ең бір ауқымды байлық. Ғалым ауыз әдебиеті үлгілері тұлға, құрылым жағынан әр алуан – бірде жай сөз тіркесі, тұрақты тіркес, енді бірде шағын мәтін, қысқа баяндау, өлең-жыр т.б. сияқты болып келсе де, «тірек» сөз арқылы негізгі және туынды мағыналық бірліктерге қатысты әр түрлі тақырыптық топтарда сипатталуға тиісті екені айтылады.

Бұлар – ұзақ ғасырлар бойы этнос тәжірибесінен туындап, этнос туралы небір деректер беретін этнолингвистикалық арналар [1998, 17].

Этнолингвистика саласында елеулі орын алатын «Этнолингвистика негіздері» атты монографиясында проф. М.М.Копыленко қазақ тіл біліміне акад. Ә.Қайдар бастаған этнолингвистикалық мектептің өзіндік зерттеу объектілері мен ерекшеліктеріне тоқталады. «Это направление изучает этнос в зеркале языка. В нем симбиоза дисциплин, поскольку язык представляется главным и непосредственно предметом анализа; этнология, история, культурология и прочие нелингвистические дисциплины привлекаются как вспомогательные» дей келе, онда халық тілінде көрініс тапқанның бәрі – бүкіл тұрмыс-тіршілігі, тарихы, заттық және рухани мәдениеті зерттелетінін сөз етеді [1995, 17]. Сонымен қатар М.М.Копыленконың бұл еңбегінің құндылығы мыңнан аса (1044) ғылыми зерттеулер көрсеткішінің берілуімен де арта түседі.

Қазір қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың алғашқы он жылдығында этнолингвистика саласындағы зерттеу жұмыстары айтарлықтай. Мысалы: Р.Иманалиеваның «Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственной ориентации в казахском языке» (1989), А.Мұқатаеваның «Этнолингвистические изучение лексики казахского эпоса» (1989), Қ.Ароновтың «Қазақ тіліндегі халықтық космонимдердің этнолингвистикалық табиғаты» (1992), Б.Уызбаеваның «Қазақ тіліндегі соматикалық етістік фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты» (1994), Қ.Ғабитханұлының «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» (1995), С.Жанпейісованың «Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасы» (1996), Н.Оңғарбаеваның «Қазақ жұмбақтарының тілі» (1997), Ж.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» (1997), К.Күркебаевтың «Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты», сондай-ақ, әр аймақтың, мәселен, «Қазығұрт өңірі топонимиясының этнолингвистикалық сипаты» (Б.Тасполатов, 2010) т.б. зерттеу нысанына арқау болды.

Этнолингвистиканың зерттеу материалдарының бірі тіліміздегі – этномәдени лексикалар тобы. Бұл жөнінде де қазақ тіл білімінде біраз зерттеулер баршылық.

Мәселен, солардың ішінде Е.Жанпейісовтің «Қазақтың этномәдени лексикасы» атты зерттеу еңбегі (1989) айырықша аталады. Бұл зерттеуде М.Әуезовтің шығармаларының негізінде заттық және рухани мәдениетке, туыстық қатынастар, халықтық өлшемдерге қатысты лексикадан тұратын материалдарға тілдік талдау жасалады.

Тіл білімінің осы жаңа саласын көптен бері зерттеп келе жатқан Е.Жанпейісов: этнолингвистика қазір өз алдына дербес пән ретінде ғылымның алдыңғы шебіне шығып, басқа білім салаларымен өзінің ара –жігін, объектісі мен зерттейтін материалын, міндетін анықтап алу, қалыптасу сәтін бастан кешіруде. Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінінен жалпы тарихи категория болып табылады. Себебі ол этностың қазіргісін емес, көбіне-көп өткенін зерттейді. Ал этностың өткені оның этномәдени лексикасының айқын көрінеді. Этномәдени лексикаға сол этнос мекен еткен аймаққа тән табиғат құбылыстарының, заттық мәдениет лексикасы, рухани мәдениет лексикасы жатады, -дейді [1989, 7].

Акад. Ә.Қайдар: «Этнолингвистиканың негізгі объектісі – этнографиялық лексика. Бұл лексиканың құрамында өткен өмірді бейнелейтін сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Бірақ олардың көбі күнделікті қарым-қатынаста айтылса да, бәрі бірдей бүгінгі ұрпаққа айқын бола да бермеуі мүмкін. Олардың арасында қолданыс аясы тарылып, о бастағы мағынасы күңгірттенген, не мүлдем ұмыт болғандары аз емес. Бұлардың этнографиялық мазмұнын, дәстүрлік қолданысын зерттеу этнолингвистика үлесіне тиеді» дей келе, «этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макросистемалар (Табиғат. Адам. Қоғам.) мен микросистемаларға бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп алып, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады», – дейді [1998, 35].

Қазақ тілі этнолексикасының негізін тіліміздегі мағынасы күңгірттенген, тіл иесі сөйлеу барысында бұл сөзді қолданғанымен де, мағынасына терең бойлап, жете түсіне бермейтін, не қолданыстан шығып архаизмге айналған сөздер құрайды. Олардың көбін фразеологиялық тіркестердің сынарлары ретінде кездестіруге болады. Этнолексиканың осындай тобын зерттеуде қазақ білімінде Р.Ф.Сыздықованың еңбектері ерекше құнды. Ол кейінгі жылдарда эпостық және лиро-эпостық жырлар мен жыраулар тіліндегі көптеген көнерген сөздерге текстологиялық талдаулар жасады. Бұлардың көпшілігі «Сөздер сөйлейді» кітабына енді.

Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылса, оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені ұлттық мәдениеттің, рухани байлығымыздың түбірі. Осыған байланысты этнолингвистикалық зерттеулерде тілдің қызметіндегі және дамуындағы тілдік, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың өзара әсеріне ерекше көңіл бөлген жөн. Өйткені этнолингвистика үшін тіл мен мәдениет байланысы – басты зерттеу объектісі.

Этнографиялық мәнге ие бірліктердің көпшілігі тілімізде тіркес ретінде қолданылатын күрделі сөздер мен фразеологизмдер және мақал-мәтелдер түрінде кездеседі. Осыған орай Ә.Қайдар: «Бүгінгі фразеологизм, мақал-мәтел деп жүрген тұрақты тілдік единицалардың басым көпшілігі бір замандағы күнделікті қарапайым тірліктің, құбылыстың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрінісі. Олар бара-бара тұрақталып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм және



мақал-мәтел дәрежесіне көтеріледі. Олардың дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса да, бүгінде бәрі айналып келіп адам тұрмысына, мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиетіне, ішкі-сыртқы көрінісіне бағышталады», – дейді [1998, 18].

Этнолингвистикалық арналардың бірі фразеологизмдер әр халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-санасы мен ұлттық мәдениетінен хабардар етеді. Тұрақты тіркестер арқылы халықтың барлық келелі ой, пікір-түсінігі сырлы сөзбен кестеленіп беріледі. Олар адамның құлақ құрышын қандырып, сезіміне әсер етіп, ойындағы бейнелілікті жандандырады. Бұл жағынан алғанда қазақ тілі түркі тілдерінің ішінде ең бай, әрі шұрайлы тіл. Тілдегі тұрақты тіркестер – халықтың ұлттық ерекшелігін көрсететін басты байлықтың бірі. Ең алғаш тұрақты тіркестермен таныстық бала кезде естіген жыр, аңыз, әңгіме, ертегілерден басталады. Айтылар ой көркем болу үшін сан алуан тұрақты тіркестер қолданылып, ауыздан-ауызға таралады. Әйтседе, тілді тұтынушы ол тұрақты тіркестердің қалыптасу уәжіне көңіл бөлмей, мәнерлі сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Осы тұрақты тіркестердің қалыптасу уәжділігін айқындауды тіл білімінің этнолингвистика саласы атқарады.

Фразеология тіл байлығы ретінде тек сөз өнерінің өрісін кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар ерте замандардан бергі барша рухани өміріміздің байлығын, оның қыр-сырларын өз бойына жинап, жан-жақты сипаттайды. Тек фразеологизмдер ғана халықтың өткен өміріндегі әр кезеңдерінен алуан түрлі құбылыстар мен оқиғаларды өрнекті тілмен суреттеп, бүгінгі уақытпен үндестіреді. Сондықтан фразеологизмдердің қалыптасу мотивін анықтауда тілдік фактілерді халықтың рухани, әрі заттық мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен ұлттық дүниетанымына байланыста зерттеуді мақсат ететін тіл білімінің жаңа да құнарлы саласы – этнолингвистиканың рөлі ерекше құнды.

Сонымен, этнолингвистиканың объектісі – этнос және оның тілі. Тілде әрбір халықтың ұлттық сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез-құлқының нысаналары сақталады. Халықтың сондай ерекшеліктері, мәдениеті, әдет-ғұрпы, әдеби мұралары тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Жалпы, тіл – мәдениеттің барлық саласының дамуына дәнекер. Адамзат қоғамы тілдің осы қасиеті арқылы ілгерілеген. Қандай халық болмасын оның ұлттық тілі сонау рулық, тайпалық, халықтық

сатысынан бастау алып, сол дәуірдегі мәдениетпен бірге өмір сүріп, әр дәуірдің мәдениетін жалғастырып, қазірге дейін жетуіне арқау болған. Ал осы ұлттық мәдениетіміздің зерттеу, соның ішінде тұрақты тіркестердің мәнін ашу – этнолингвистика үлесі.

Этнолингвистика тілді ұлттық мәдениетпен, халықтық менталитетпен байланысты зерттеуге бағдарлайды. Олай болса, халық тіліндегі тұрақты тіркестер бірден фразеологизмдерге айнала қойған жоқ. Олардың өз даму жағдайы мен қалыптасу үрдістері бар. «Фраземалардың пайда болуының экстралингвистикалық көздерін аша білу олардың қалыптасу кезіндегі әлеуметтік жағдайлар мен қоғамдық ситуациялардың тарихын ашуға мүмкіндік беретіні сөзсіз» [Авакова, 2002, 57 б.].

#### **4.7. Ұлттық интеллект және қазақ фразеологизмдері**

Қазіргі тіл білімінің жаңа парадигмалары ХХІ ғасыр лингвистикасында когнитология, мәдениеттану, фразеология сияқты интерпәнаралық байланыстан ерекше байқалады.

Когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистика арасындағы өзара қарым-қатынас арқылы **тіл мен интеллектінің** бірлігі айқындалады. «Интеллект – қабылданған ақпараттарды өңдеудің, қорытудың құралы» екендігі ақиқат аксиомаға айналды. Қазіргі когнитивтік лингвистикада ақпарат алудың тілдік механизмдері және ақпаратты санада өңдеу, сақтау мәселелері жиі сөз етіліп жүр.

Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар әлемді мекендейтін жалпы адамзат атаулыға ортақ болуымен қатар, әрбір тайпа, этнос, ұлт сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениеті мен дүниетанымына, болмыс-бітіміне сәйкес сұрыптай отырып, когнитивтік санада қалыптастырады. Әлемнің тілдік бейнесінің әр түрлі ұжымда әр түрлі болуы этностың басынан өткізген өмір тәжірибесі мен білім-біліктілігіне байланысты. Өйткені тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі қоршаған дүниемен тікелей байланысында ғана емес, ұжым мүшелерінің көрген білгені, көңілге түйген білімінің негізі болып табылады.

Этностардың тәжірибесі әр түрлі болғандықтан, әлемнің тілдік бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әр түрлі болуы заңды құбылыс. Ал фразеологизмдерде сақталған екінші рет өңделіп пайда болған мағына, олардың имплициттік интерпретациясы, лингвокогнитивтік коммуникативтік-пра

гматикалық және этномәдени толығыуы проблема ретінде талдануы тиіс. Бұл ретте фразеологизмдердің семантикасы мен когнитивтік құрылымын анықтауда этнолингвистикалық талдаулардың мәні зор.

Қазақтардың ертедегі көшпелі өмірі мал шаруашылығымен тығыз байланысты болуы, негізгі кәсібі – төрт түлік мал өсіруі- олардың әрқашан өз өнерін жетілдіріп, жаңа әдістерді ойлап, оны дамытып, өзінің рухани және интеллектуалдық жақтарын дамытудың кепілі болды. Сондықтан көшпелі әлемді біртұтас бірлік ретінде қабылдап, өздерін әлемнің қожайыны емес, құрамдас бөлігі ретінде сезінді. Малшы қауымының мақсаты: табиғатқа қарсылық емес, онымен өз мүддесін үндестіре білу, табиғаттың негізгі заңдылықтарын түсініп, оған қайшылық жасамау.

Малдың сүті, жүні, еті, терісі – халықтың тағамы мен киімі, баспанасы, үй жиһазы, өмірінің, тіршілігінің негізі. Төрт түлік малдың болмысын табиғаттан бөлмей, жаратылыс заңдылықтарымен сабақтастыра бақылап, терең таныған бабаларымыз өз санасында соларға қатысты мифті, фәлсафалық, мәдени танымдар мен ұғымдар қалыптастырған.

Мәселен тыйым сөздерден малға деген үлкен ықыласты көреміз:

*-Малды қу шыбықпен, болмаса қабығы түскен қу ағашпен, тіпті, от көсеген ағашпен де айдауға болмайды. Себебі малдың сүті күйіп кетеді.*

*-Сытырғышпен малды ұруға болмайды, жас шыбықпен айдау керек. Мұндағы қу ағаш, қабығы түскен, жартылай күйген ағаштар қайта көктеп өнім бермейтін болғандықтан, малды осылармен айдайтын болса, малдың өнімі болмай, сүті қайтады деген ырымнан туса керек.*

Тілімізде молшылыққа кенелу мағынасын беретін *Ақ түйенің қарны жарылу* деген тұрақты тіркестің қалыптасуы да халықтың мал шаруашылығымен байланысты туындағаны мәлім. Бұл тіркес туралы ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақтың этнограф ғалымы Ш.Уәлиханов мынадай түсінік берген: «Төтенше жағдайда қанды жорықтан ең жақын туысы аман оралса, не көптен күткен әйелі ұл туса, өрісте жүрген ақ түйенің қарнына пышақ тығып алып қоя беретін дәстүр болыпты. Бүкіл даланы басына көтеріп боздаған түйенің дауысын ел естігенде, қуанышты жаңалықтың болғанын біліп, бір жерге жиналады екен. Бұл құбылыс тілімізде «Ақ түйенің қарны жарылды» деген тіркесте сақталған.

Ақ түйенің қарнын жарып құрбандық шалу кейіннен қазақтар үшін молшылық мәнін беріп, сөйтіп, бұл тіркестің алғашқы қалыптасу мотиві күңгірттене бастады.

Сол сияқты қой түлігінің мінезіне қарап, ауа-райын болжау да ұлттық болмыс ұғымдарына жатады. Мысалы, күздің аяғында немесе қыстың бас кезінде өрістен қайтқан қойлар аузына бір-бірлеп шөп тістеп келсе, қысында жұт болады; күзде қой отары тау беткейіне үнемі жайылғыш келсе, жұт болады деп шопан жылдар бойғы тәжірибесінен түйіндеген.

Көшпелілердің бүкіл болмыс-тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты болғандықтан, қазақ фразеологизмдерінің ішінде тілге жиі оралатыны, күнделікті өмірде жиі қолданылатыны және ең көп кездесетіні де осы төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестер. Сол төрт түлік мал ішінде ерекше құрмет тұтқаны – **жылқы** малы. *Мінсе – көлік, сауса – сүт, жесе – ет, кесе – киім* болған жылқының күнделікті тұрмыста орны маңызды еді. Сондықтан қазақтың «*жылқының сүті – шекер, еті – бал*», «*жақсы ат – жанға серік*», «*Ат – адамның қанаты*», «*Тұяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер, Ат мұратқа жеткізер*» т.с.с. мақал-мәтелдер саны өте көп.

Жылқы, әсіресе, жаугершілік көне заманның талабына сай өте құнды мал ретінде саналды. Себебі ол кезде жауды қуып жетуге немесе одан қашып құтылуға жылқыдан қолайлы мал болмаған. Бұл жерде ескерте кететін бір жай, отырықшылар атқа оң жағынан, көшпелілер сол жағынан мінеді. Бұл – жаугершіліктен қалған салт. Ол кезде атқа қонған адамның қолы бос болу керек. Себебі, ол барлық қаруды осы қолымен ұстайды. Ал сол жақтан мінгенде, оң қол бос болады. Оң жақтан мінгенде, қаруды тез жұмсауға ыңғайсыз, оң қол бос болмайды.

Қазақ халқының жылқы малына деген ықыласын ауыз әдебиеті үлгілері, ертегі, аңыз, жырлардағы жылқы бейнелері-ақ дәлелдеп тұрғандай. Сондықтан халық аузында қалыптасқан жылқы малына байланысты тұрақты тіркестер де оған деген ерекше ықыластың айқын көрінісі. Мыңдаған жылдар бойы жылқы баққан көшпелі халықтарда оны өсіру, баптау, сұрыптаудың өзіндік дәстүрі мол тәжірибесі ерекше сөз айшықтарының қалыптасуына негіз болды.

*Ат жалын тартып міну, ат кекілін кесісу, ат бауырына алу, ат төбеліндей, ат үсті, ат шаптырым, ат құлағында ойнау, ат құйрығын шарт түю, құлындай даусы шығу, бесті айғырдай азынау, ат басын тіркеу, ат сабылту, ат құрғатпау* т.с.с тұрақты тіркестер осының айғағы болмақ. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде ат/жылқы сөзінің жүзден астам тұрақты тіркес жасауға негіз болғандығы байқалады.

Қазіргі қолданыста «**ат арылту /сабылту/**» түрінде де айтылып жүрген «**ат сабылту**» тұрақты тіркесінің беретін мағынасы – әуреге түсу (ҚТФС, 57-б). Мысалы:

• *Бір айғыр үйірімен ықтап кетіп, соны іздеп, **ат сабылтып** келе жатқан бетім еді.* (Қазақ етегілері)

• *Шабытына мінген жырау, **ат сабылтып** келе жатқан аңшы тәрізді, бекер тоқтаттың, хан ием, – деді Асан қалың қабағын түйіп, сөйтті де ар жағынан келіп қалған ызасын ұстай түксиген қабағына қыраулы қыстай кәрін төгіп, көптен бері айтайын деп жүрген өкпе ашуын толғай кетті.* (І.Есенберлин. Алмас қылыш).

Бұл тұрақты тіркестің «ат арылту» нұсқасы – уақыт өте келе жол жүру, атты арытуға байланысты бастапқы «сабылтудың», «арылту» түрінде өзгеріске түсу нәтижесі.

К.К.Юдахиннің Киргизско-русский словарь [1965, 72 б.] деген еңбегінде берілген «ары» сөзінің «шаршау мағынасын ескерсек, «ат арылту» дегенге ұзақ жүріс нәтижесінде аттың шаршауы негіз болғаны байқалады. Осы тұрақты тіркестің бастапқы нұсқасы «ат сабылту» екендігінің негізін осыдан бес ғасыр бұрын жасаған, яғни XV ғасырда өмір сүрген ғалым, кара-үзген шипагер бабамыз Өтейбойдақ Тілеукабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінен кездестіреміз. Мұнда сегіз «ат сабылтқы» туралы сөз етеді [1994:20 б.]. *Ат сабылтқылық көмек, ат сабылтқылық шабарман, ат сабылтқылық есірткі, ат сабылтқылық сүйінші, ат сабылтқылық аттан, ат сабылтқылық есалаң, ат сабылтқылық қашу, ат сабылтқылық қуу.* Бұл асығыс суыт жүрістің белгілі бір себебі болатындығының, яғни халқымыздың салтында атпен жүрудің де өзіндік мәні барлығының куәсі. Сондықтан, қазір «әуреге түсу» мағынасын беретін «ат сабылту» тіркесінің мәні, түп-төркіні, қазақтың атқа міну дәстүрімен байланыс табатыны байқалады.

Сонымен қатар, тілімізде «**ару, жүдеу**» мағынасында қолданылатын «**жілік майы таусылу, жілігі татымау**» деген тұрақты тіркестерді жиі кездестіреміз.

Бұл тұрақты тіркестің мәнін атты күтіп, баптаумен байланысты

қарастырсақ, қазақ атбегілерінің тұлпардың жілік майының толуына ерекше назар аударғанын байқаймыз.

Осы тұрақты тіркестердің қалыптасуына негіз болып тұрған сөз – жілік. «Жілік» жан-жануарлардың қол-аяғында болатын негізгі он екі мүшенің жалпы аты. Жілік өз ішінен *асықты жілік, кәрі жілік, ортан жілік, тоқпан жілік* деп бөлінеді. Ендеше, осы тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болған қай жілік?

Қазақтың бұрынғы тәжірибесінде жүйріктігіне әбден көз жеткен сәйгүліктің қасына бір құрбандық жылқы қосып жіберетін болған. Немесе ұзақ шабысты, қан майданнан арып шыққан тұлпарды бағым-күтімге алғанда, оның қасына басқа ат қосып, екеуін бірдей жағдайда ұстап, екеуін бірдей күткен. Арыған тұлпардың жіліншігіне май толды-ау деген кезде немесе сәйгүліктің жілік майының ағарып, жаратуға жеткен-жетпегенін анық білу үшін оның жанындағы бірге оттап, бір жүрген қосар жылқыны сойып көреді. Егер жілік майы ағарып, шынылана бастаса ғана сәйгүлікті жаратуға кіріседі, оның қасындағы қосалқы атты сойып, жіліншігін шағып қарау тәжірибесі кең жайылған. Кәнігі атбегілер аттың жіліншік майы толып, ешбір қара дақсыз, аппақ болып біткенін көргенде ғана, күтімдегі тұлпардың күйіне көңілі толған. Яғни о баста «жілік майы таусылу» немесе «жілігі татымау» тұрақты тіркесі жіліншік майының толуына байланысты қалыптасса керек.

Жіліншік – аяқтың тізеден төменгі жіңішке сүйегі. *Жілік майы таусылуға* ұқсас қырғыз тілінде *жилиги үзүлүү* тіркесі бар.

Ол туралы қырғыз ғалымы былай дейді: **Жилиги – үзүлүү** малдың өтө эле арықтап, абалға жетиши. Жилик бир топ түрк тилдеринде сөөктүн ичиндеги чучугу. Мал арықтап кеткенде сөөктүн ичиндеги чучугу улам ичкерип отуруп үзүлгөн кезде мал өлүп калат окшайт. Эмне себептен кыргыздар сөөктү *жилик* деп калганы белгисиз [Карасаев, 78 б.]. Бұл арада қырғыз тілінде *жілік* сөзі *май (чучуг)* мағынасында қолданылып тұр.

Қазақта *үйіріңмен үш тоғыз* олжа көбейсін деген тілек мағынасында қолданылатын тұрақты тіркес түрі бар. Бұл фразеологизм де халықтың малға қатысты күн кешкен тұрмыс-тіршілігіне қатысты жасалған. Әсіресе, көшпелі мал шаруашылығының өзіндік дәстүрінен туатын тәжірибелік іс екенін байқатады. Төрт түлік малдың басын көбейту үшін үйірге еркек малдардан бура, айғыр, қошқар салғанда олрдың арасына

тоғыз ұрғашыдан бөліп отырған. Бұл тәжірибе үйір-келе салу деп аталады. Мал ішінен тұқым сұрыптау түрі осылай жүзеге асырылатын болған. Мәселен, бірыңғай күрең немесе мақпал қара, ақ боз сияқты болып келуі үшін жылқы малының сырт түсінің де дұрыс сұрыпталуын қадалаған. Көшпелі қазақтардың осындай тәжірибелік дәстүрі қытайдың бұрынғы жазбаларында кездесетіндігі туралы мәлімет бар. [қараңыз: Кюнер Н.В. Китайские известия народах Южной Сибири, Центральной Азии и дальнего Востока. М., 1961, 12 с.].

Алайда бұл дәстүр қазақтардың басқа да салттық түрлерінде өзгеше мағынамен көрініс береді. Мысалы, аса үлкен сый-құрмет жасағанда, сонымен қатар, құн төлетіп, ерекше айып-жаза тарттырғанда тоғыз-тоғыздан атап көрсетіп, межелік өлшем етіп белгілеуді қалыптастырған.

Қазақ тілінде тыныштыққа байланысты **«Құлаққа ұрған танадай»** деген тұрақты тіркес бар. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде бұл тұрақты тіркес тып-тыныш, жым-жырт деген мағынаны береді делінеді. Мысалы:

• *Төреші Асан ұйықтап кеткен адамдай көзін жұмып ойға шома түскен. Ұлы сыншы ойын ешкім бұзар емес, құлаққа ұрған танадай бәрі бірдей тына қалған.* (І.Есенберлин. Алмас қылыш.).

• *Хан үндемегеннен кейін тірі жан аузын ашқан жоқ, барлық жұрт құлаққа ұрған танадай үн түнсіз.* (Алмас қылыш).

Осы тұрақты тіркестің қалыптасу мотивіне үңілсек, неге басқа емес тана және оның құлаққа қандай қатысы бар деген сұрақтар туары сөзсіз. Бірақ тұрақты тіркестердің көпшілігінің қалыптасуында белгілі бір мотив болатынын ескерсек, мұның да бір негізі болуға тиіс. Ол негізді біз халық тұрмысымен, халық тіршілігімен байланыстыра қарастырдық.

Сиырдың жас төлінде (бұзау, тана, баспақ) **«айналшық»** деген дерт кездеседі. Оны ғылыми түрде **«ценуроз»** деп атайды. Бұлай ауырған мал сенделіп, тұрған жерінде айнала береді. Қазақтарда осыған байланысты **айналыштық жегендей** деген де сөз бар. Оның мәні бір жерді төңіректеп, маңайлап кете қоймайтын, жүріп алатын кісі туралы айтады. Шыр айналып шықпау мағынасын беретін **«айналыштық жегендей»** тұрақты тіркесінің қалыптасуына негіз болған айналыштық сөзіне Қазақ тілінің

түсіндірме сөздігінде «Айналшық – тік ішектің сыртқы жиегі, ернеуі» деген ғана түсінік беріледі (1т.102 б). Ал 1999 жылы жарыққа шыққан Қазақ тілінің сөздігінде бұған қосымша «улы шөп» деген түсінік берілген (21 б). Біздіңше, тұрақты тіркестегі айналшық сөзінің қалыптасуы *айла* түбірінен шығады. *Айла* сөзін көптеген тілдерде кездестіруге болады. Мысалы: *айлан aylan* (әзірбайжан, *gagauz dial, татар, қарачай-балқар, қырғыз, алтай, өзбек, ұйғыр*); *ейлен – /eylen* (қараим тілінің қырым диал); *әйлен – /ajlan* (башқұрт, татар); *айлақ -/ajlag* (құмық); *айнал – /ajnal* (қазақ; өзбек диал.). *Айла* етістігі қазіргі тілдердің кейбірінде ғана сақталған. Ал кең тарағаны оның – *айлан* түріндегі өздік етіс формасы. Ал *айнал* болса, *айлан* етістігінің метатеза құбылысына ұшыраған формасы деуге болады.

Сонда *құлаққа ұрған танадай* фразеологизміне ілесе туған *айналышық жегендей* тіркесі. Бұл да сол ауырған малға ұқсата теңеп айтқаны. Ал ауырған малды қазақтар жұдырықпен *құлаққа қатты соғу* арқылы жазады, сонда есеңгіреп қалған төл, аздан кейін шөл жеп, су іше бастайды [Қараңыз: Мұқанов С. Қазақ қауымы. 1995:816]. Қазақтың тып-тыныш бір халді «*Құлаққа ұрған танадай* деуі содан болса керек.

Жалпы, қазақ халқының малды емдеудің түрлі тәсілдері болғаны анық. Өйткені ауырған малды қазақ емсіз қалдырған емес. Ендеше, сиыр төлін құлаққа ұру арқылы емдеу – осы халық емшілерінің мал емдеудегі бір тәсілі. Кейін уақыт өте келе мал дәрігерлері шығып, мұндай тәсіл ұмыт болып, ол тек тұрақты тіркеске айналса керек. Кейде көркем әдебиетте осы тіркестің өз мағынасында қолданылғанын да кездестіруге болады. Мәселен, Б.Момышұлының қолданысында бұл есеңгіреп қалу деген нұсқада қолданылады. Мысалы:

*Танк құлаққа ұрған танадай есеңгіреп, сырт айналып, кілт тоқтап қалды.*

Біздіңше, құлаққа ұрған танадайдың ең негізгі мағынасы – есеңгіреу. Малды ұрғанда есеңгіретіп алып, есін жиғызу о баста ауырған малды емдеу үшін қолданылған, сондықтан бұл тіркестің жасалуына халық емінің бір түрі негіз болған. Алайда *құлаққа ұрған танадай* – жымжырт, тыныштық дегені әу баста қате қолданыспен қалыптасқан сияқты. Негізінде фразеологиялық мағынасы есеңгіреу, есеңгірету екені алдымен теңеу мәнде қалыптасқан. Ә.Қайдар да бұл тіркестің мәңгіру мағынасын беретінін айтады. Есеңгіреу мен мәңгіру өзара мәндес сөздер.



Ал тыныштық, жым-жырт деген мағынасы полисемиялық құбылыстың нышаны ретінде **жалғаса туған мағынасы** жиі қолданылады екен. Сонда бұл тіркестің екі мағынасы бар: бірі – есеңгіреу, екіншісі – жым жырт тыныштық.

Сонымен бірге, осы мал шаруашылығындағы емдеу ғұрпына байланысты «**бастан құлақ садақа**» деген тұрақты тіркес те кеңінен қолданылады.

Бұл тіркестің де қалыптасуы осы халық еміне байланысты туындаған. Ауруға шалдыққан малдың бір құлағын кесіп алып, оны басынан үш айналдыра «бастан құлақ садақа» деп лақтырып жіберетін болған. Мұның бәрінен байқайтынымыз, көшпелілердің малға қатысты таным түсініктері де тілде өзіндік көрініс тапқандығы.

«**Делбе болған жылқыдай**» тіркесінің пайда болуына жылқының миына құрт түсіп ауырғандағы күйі тірек болған. Ауру жылқы екі көзі шарасынан шыға оскырынып, пысқырып, маңайына жан жуытпай, тартынып, басын сілки беретін көрінеді. Қазақта сөз ұқпай, адамның ойына сыйғысыз әрекеттер жасап, онысына ұялып, есеп те бергісі келмейтін адамды жақтырмағанда «*ой, делқұлы*» деп жатса, ерекше шабыттанып, арқасы қозып, шулы бір әрекетке ілесе кеткісі келіп тұрған адам жайлы «*делбесі қозып тұр*» деп жатады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде **делбе 1** зат. Арба, шанаға жегілген көлікті жөнге салып, жүргізіп отыратын қайыс бау, божы; **делбе 2**. Зат. Бас айналдырып, сандырақтатып ауыртатын дерт [3 т.: 99 б.]. Енді түркологиялық еңбектердегі осы делбе сөзіне қатысты талдауларға назар аударайық.

Қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде «бұл сөз көпшілік түркі тілдерінде қолданылып жүрген *телі* (Кодекс Куманикус) *тиле*, *тилү* (татар), *тили* (шағатай) не *дәли* (қарақалпақ, түрікпен, азербайжан), *делу*, *делі* (түрік), *дели* (гагауз) деген формамен іліктес, ол «ақылсыз, ақылы жоқ, миы жоқ, көк мый, ақылынан алжасқан, мақау, жынды, құтырған, ақымақ» деген ұғым береді деп түйеді. Қазіргі қазақ тіліндегі *деліқұл*, *тели-тентек* сияқты тіркестерде кездесетін *делі*, *телі* формалары жоғарыда көрсетілген мысалдармен әуендес сықылды» [Алматы, 1966:66-67 б.]

**Делбе** сөзінің басқа сөздіктерде берілуін салыстырып қарап шыққанымызда мынадай ерекшеліктерді байқадық.

Монғол тілінің сөздігінде *дэлбэ*-I (гүл) жапырақша; 2. *-n/ -ын, -in/*

*цохих* соғып жіберу, ұрып жіберу және *цұлбур*-шылбыр, ал *цұлбур оvs* – таспажапырақ, жыланқияқ (Б.Базылхан. Монғол-казах толь. Уланбатор-Өлгий, 1984, 691 б.) дегенді;

Якут тілінде *dalbi*-сильно до последней крайности, *совсьмь, раз* – (бить); *dalbi axыла*-сильно запыхаться; *dali-kinі Biciгі да аттыбатыгар dali бар-онь* (св. Духъ) и около насъ всюду находится [Пекарский. Словарь якутского языка, 1959 ж. 687];

Түркімен тілінде – *телбе*-кемақыл, дәли, самсық, тентек (*мен телбе болуп, дүзе дүшин, өзүмин ниреде гезип иореними де билемөк*) [Түркмен дилиниң сөзлүги, Ашгабат, 1962 ж., 642 б.] дегенді білдіреді екен.

Осы мысалдардан көріп отырғанымыздай «*делбе*» сөзі таспажапырақ, жыланқияқ, жапырақша, яғни жіңішке, ұзын қияқ тәріздес шөп деген бір ұғымды білдірсе, екінші мағынасы кемақыл, дәли, тентек немесе осы түсінікке үндес барлық жерді жын жайлаған деген ұғымдарды береді және дәлбә -п, / -ып, -іп/ *цохих* соғып жіберу, ұрып жіберу деген ұғымдарды білдірсе керек [1984, 103]. Біздіңше, бұдан шығатын қорытынды: *делбе* болған жылқыны маңдайынан қатты жұдырықпен ұрады және жыланқияқ, таспажапырақ сияқты *делбе* шөбін беріп, қазақи ем қолданса керек.

Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің-фразеологизмдердің қалыптасу мотиві (уәжділігі) ұлт тарихына, мәдениетіне, оның ұлттық көзқарасы мен дүниетанымына байланысты. Қазақ фразеологизмдерінің ішінде тілге жиі оралатыны, күнделікті жиі қолданылатыны және ең көп кездесетіні – төрт түлік малға қатысты жасалған тіркестер. Жоғарыда талданған, бұрын сөз етіле қоймаған *ат сабылту, айналышқы жегендей, жілік майы таусылу, жілігі татымау, құлаққа ұрған танадай, бастан құлақ садаға, делбе болған жылқыдай* фразеологизмдері этнолингвистикалық талдауға негіз болған мысалдар, сондай-ақ мұндай тілдік бірліктер концептілік құрылымдардың тілдегі көрінісі. Фразеологизмдердегі осы сияқты когнитивтік модельдер әлі жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Тілде сақталған фразеологизмдер – ұлт мәдениетінің жетістігі, демек ұлт интеллектісінің көрсеткіші.

## 5 ТАРАУ

### Фразеологизмдердің парадигматикалық және синтагматикалық қатынастары

---

Тіл – жүйе және құрылым. «Тілдегі кез келген сөз, бірлік, элемент үш түрлі қатынасқа түседі: парадигматикалық (немесе ассоциативті), синтагматикалық (белсенді түрде ықпалдасу қатынасы) және иерархиялық (күрделі бірлікке ену қатынасы)» деген-ді В.М.Солнцев [1971, 66].

Фразеологизмдердің семантикалық категорияларына фразеологизмдердің варианттылығы, синонимдері мен антонимдері және омонимдері, көпмағыналылығы жатады. Бұлар фразеологиялық парадигматикалық қатынастарды құрайды.

#### 5.1 Фразеологизмдердің варианттылығы\*

Сөздердің варианттылығы лексика-грамматикалық құбылыс ретінде тілдің табиғи даму ерекшеліктерінен пайда болады. Қатысым әрекетінде варианттылық көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің жемісі ретінде фразеологизмдерде де жиі кездеседі. Фразеологизм компоненттерінің кейбір сыңарлары басқа мәндес немесе мағыналас қатардағы сөздермен ауыстырылып айтылатындықтан вариант фразеологизмдер пайда болады. Олардың жасалу жолдарында мынадай ерекшеліктер кездеседі.

1. Фразеологиялық тіркес құрамында алмасқан компоненттер лексикалық мағынасы жағынан өзара синоним, мағыналас болуы керек.

Мысалы: *Ит тұмсығы өтпейтін//Ит тұмсығы батпайтын; Санда бар, санатта жоқ//Санақта бар, санатта жоқ; Қарақан басы//Соқа басы//Жеке басы.*

2. Ауыстырылатын компоненттер гиперо-гипонимдік қатынастағы лексикалық бірліктер болуы шарт.

Мысалы: *Жаны мұрнының ұшына келу//Жаны тырнағының ұшына келу; Қас қаққанша//Кірпік қаққанша; Бұрау басын сындармау//Шөп басын сындармау; Инеге шаншар еті жоқ//Қармаққа шаншар еті жоқ.*

---

\* Фразеологизмдердің варианттылығы туралы толық малұматты автордың 1996 жылы шыққан осы аттас еңбегінен қарауға болады.

3. Тіркес құрамындағы компоненттер өзгергенде вариант фразеологизм болу үшін міндетті түрде алғашқы түпкі тұлғадағы образдылық сақталуы тиіс.

Мысалы: Ауыздыға сөз, *аттыға* жол бермеу// Ауыздыға сөз, *аяқтыға* жол бермеу; Ат басын *тіреу*// Ат басын *бұру*; *Кеудесінде* оты бар// *Көкірегінде* оты бар.

Қазақ тілінде фразеологизм варианттарының мынадай түрлері бар:

- лексикалық
- фонетикалық
- морфологиялық
- лексика-грамматикалық.

Фразеологизм варианттарының ішінде ең жиі кездесетін лексикалық варианттар. Басқа түрлеріне осы лексикалық вариант негіз болады. Фразеологизмдердің лексикалық варианттарында тұлғалық жағынан аздаған өзгерістер болады, мағынасы сол күйінде сақталады. Алайда өзгерген компоненттердің мағыналық реңктеріне қарай стильдік мақсатта эмоционалды-экспрессивті әсері түрліше болуы мүмкін.

Мысалы:

*Сенімді* ақтау//*Үмітті* ақтау;  
*Аузына қан* толсын//*Көзіне құм* толсын.

Бұл мысалдардағы *сенім* – *үміт* сөздерінің мағыналық реңктері айтушы мен тыңдаушыға бірден байқалады. Ал қарғыс мәнде айтылатын тіркестегі *қан* – *құм* сөздерінің арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Жеке сөз ретінде бұлардың синонимдері де болмайды. Бұлар мәтінде **прагматикалық вариант** жасап тұр.

Жалпы тұрақты тіркестердің қолданыс аясында қарғыс мәнді тіркестердің экспрессиясы өте жоғары. Мұнда троптың алуан түрлері қолданылады. Қиыспайтын ой қиыстырылып айтылады. Фразеологизмдердің прагматикалық табиғатының көптеген қызметі бар. Солардың бірі, мәселен, адамды бірнәрседен жирендіру: *бойын аулақ ұстату*, *көрген күнін итке берсін*, *мұз жастанып*, *су сүйеніп отыр*; *жең ұшымен сәлем беру*; *Жағына жылан жұмыртқаласын*. Фразеологизмнің ерекше бейнелілігі осындай прагматикалық варианттарды жасайды.

Фразеологизмдердің лексикалық варианттарының түрлері:

1. идиомдарда,
2. ұйытқы сөздері сан есімнен болған,
3. соматикалық атаулар болған тіркестерде,
4. құрамындағы компоненттердің сандық өзгерістерге ұшырауы арқылы жасалған фразеологизмдерде кездеседі.

Мысалы:

1. идиом: Түйе үстінде *ит қапты* – түйе үстінде *сирақ ұйтті*.

Бұл идиомның (фразеологиялық тұтастық) мағынасы ебедейсіз, бос, болбыр адамның кейпін сипаттайды. Идиомдар фразеологиялық бірліктер мен тізбектерге қарағанда варианттылыққа көп ұшырамайды. Оның себебі идиомдардың жеке компоненттері әбден тұтасқан, орын тәртібі нық, кез келген сөздермен ауыстыра беруге көнбейді.

2. ұйытқы сөздері сан есім

*Бір* ауыз сөзге келмеу – *Екі* ауыз сөзге келмеу;

*Жарты* малта ас болмау – *Алты* малта ас болмау;

Обалы *қырық* жылқыға – Обалы *қырық бір* жылқыға.

3. соматикалық атаулар:

*Тілінен* қағыну – *Аузынан* қағыну – *Сөзінен* қағыну;

*Қабағы* тырысу – *Шекесі* тырысу.

4. компоненттердің сандық өзгерістерге ұшырауы:

Екінің бірі, *егіздің* сыңары – екінің бірі;

Қағанағы қарық болу – Қағанағы қарық, сағанағы сарық болу.

Фразеологизм құрамындағы сөз сыңарларын кейде көркемдік тәсілдердің түрлерімен жаңарта, жаңғырта қолданысқа түсіру арқылы да лексикалық варианттарды жасауға болады. Мәселен, тіліміздегі эпитет, метафора, теңеу т.б. троптың түрлері компоненттерді ауыстыруға ықпал етеді.

Мысалы:

Теңеу: *Абыройын төгу* – *Абыройын айрандай* төгу;

*Шыбын жанын* шүберекке түйю – *Шыбындай жанын* шүберекке түйю;

Эпитет: *Опасыз дүние – Қайырсыз дүние – Жалған дүние;*  
*Құлазыған дала – Жапан дала – Қу медиен дала;*  
*Жылы көңіл – Жылы жүрек – Жылы қабақ;*

Метафора: Бет пердесін ашу – Бет пердесін жұлу – Бет  
пердесін сыпыру – Бет пердесін жырту;  
Ой жүгірту – Ой жіберу;

Метонимия: *Аузынан шықпау – Тісінен шықпау;*  
*Көлденең көз – Көлденең көк атты.*

### **Фонетикалық вариант**

Лексикалық бірліктердің фонетикалық өгерістермен айтылуы дублет сөздер мен тіркестерді құрайды. Мысалы, қазір – кәзір, қыңқ демеу – қың демеу т.б. Дублет сөздер тілдегі вариант, синоним ұғымдарымен қатар айтылып жүреді. Бірақ бұл сөздер өзара синоним ретінде қолданылмайды. Дублет деген ұғым сөздердің мағыналық тепе-теңдік жағдайында қолданылады. Фонетикалық варианттың орнына дублет сөзін мағыналас етіп алуға болады. Сонымен фразеологизм компоненттерінің де кейде дублет сөздермен айтылуы фонетикалық вариантты көрсетеді.

Мысалы:

Сайтаны ұстады – Шайтаны ұстады; Зыта жөнелді – Жыта жөнелді;

Басқа тілден енген сөздердің алдынан, яғни **протезалық** құбылыспен дауысты дыбыстар қосылып айтылуынан фразеологизм компоненттері ауызекі сөйлеуде фонетикалық өзгерістерге ұшырайды.

Мысалы:

*Риза болу – Ыразы болу;* Риза – араб тілінде қанағаттану.

*Райдан қайту – Ырайдан қайту;* (Араб тілінде рай – пікір).

*Реңін бермеу – іреңін бермеу.* (Парсы тілінде рең – түс, бояу деген мағынада).

Фонетикалық өзгерістер фразеологизм компоненттерінде кейде дыбыстардың түсіп қалуынан да жасалды.

Мысалы:

*Аузын қу шөппен сүрту – Аузын құр шөппен сүрту;*

*Сары уайымға салыныу – Сар уайымға салыну.*

Дыбыстардың мұндай түсіріліп айтылуын тіл білімінде **анакопа** деп атайды.

### **Морфологиялық вариант**

Варианттылықтың пайда болу себептерінің бірі – ауызекі сөйлеу тілі. Жалпы грамматиканың заңдылықтары бойынша қосымшалардың өзгеруі мағынаға да әсерін тигізеді. Алайда фразеологизмдерде грамматикалық варианттардың болуынан мағынаға нұқсан келмеуі тиіс. Тұрақты тіркестің морфологиялық құрылымындағы өзгерістер семантикаға қатыссыз болғанда ғана морфологиялық вариант деп танылады.

Мысалы:

Ес біліп етек жапқалы – Ес біліп етек жапқанша  
Кіруге тесік таппау – Кіруге тесік таппау.

Морфологиялық вариант сөздегі бірнеше дыбыстардың түсіп қалуына байланысты. Бұл *синкопа* құбылысын жатады. Мысалы:

Жақсы атақ жоқ – Жақсы ат жоқ  
Үзеңгілес дос – Үзеңгі дос  
Қарақан басы – Қара басы.

Тіркес сыңарларында септік жалғауларының орны ауыстырылып айтылуынан фразеологизмнің морфологиялық варианты пайда болады.

Мысалы:

Шығарда жаны бөлек – Шығарға жаны бөлек  
Көзіне ілмеу – Көзге ілмеу  
Зорға дегенде – Зордың күшімен

### **Фразеологизмдердің лексика-грамматикалық варианттары**

Фразеологизмдердегі варианттылық тек бірыңғай фонетикалық немесе лексикалық, морфологиялық қана емес, аралас лексика-грамматикалық түрлері де ұшырасады. Бұл – аралас екі варианттың қатар келуі Бұған етістікті фразеологизмдердің аналитикалық түрленуі және басқа да қосымшалардың жалғануы мысал бола алады.

Мысалы:

Жер соғу – жер соғып қалу – Жер қып кету – Жер ету

Жаны шыға жаздау – Жаны шығып кете жаздау  
Фразеологиялық тіркестің бір сыңары қосарлану арқылы:  
Құлындай тебісіп өсу – Құлын-тайдай тебісіп өсу  
Танауы желбіреу – Танауы желп-желп ету

Фразеологизмдердің варианттылығы қалай десе де стиль мен нормаға тығыз байланысты. Фразеологизмнің мағынасына нұқсан келтірмей өзгертіп айту үшін де белгілі бір тілдік нормадан, қалыптан аспау керек. Фразеологиялық қордағы вариант фразеологизмдердің түрлері әдеби норма тұрғысынан қалыпқа түсіріліп отырады. Бұл көбінесе көркем мәтінде жазушы шығармалары арқылы және бұқаралық ақпарат құралдарында берілуі де назардан тыс қалмауы тиіс. Әдетте фразеологизмдердің окказионал қолданыстары кездеседі. Бірақ оның да стильдік қызметі болады. Бұлар поэзиялық, прозалық шығарма тілдерін талдағанда бірден байқалатын құбылыс.

## 5.2 Мағыналас фразеологизмдер\*

Тілдегі парадигматикалық қатынастардың ең айқын көрінетін жері синонимдер. Синонимдер тіл байлығын көрсетеді. Тілдің лексикалық және фразеологиялық қорында айтушының қолданыс ыңғайына қарай мағыналас, мәндес айтылатын сөздер мен тұрақты тіркестер бар. Мәселен, тұрақты тіркестер де – лексикалық синонимдер сияқты мағына тепеңдігі мен реңктеріне және стильдік ерекшеліктеріне қарай жұмсалатын фразеологизмдердің семантикалық категорияларының бірі.

Әдетте сөздер бір-біріне синонимдер болу үшін бір сөз табынан болуы тиіс деген қағида бар. Сонымен қатар, мағыналас сөздердің реңк белгісінде айырмашылық болуы керек деген тілдік талаптар қойылады. (Синонимдер сөздігі. 13 б.) Олар:

### 1. Мағыналық реңктер.

Бір ұғымды білдіретін мәндес сөздердің бір-бірінен сәл мағыналық айырмашылығы болуы керек. Бір мағынада қолданылатын екі сөздің мағынасы өзара не төмен, не жоғары немесе тар, кең болуы мүмкін. Мысалы: атқыш – мерген, соғыс – ұрыс, ұстаз – мұғалім.

\* Фразеологиялық синонимдер туралы толық мағлұматты автордың 1998 ж. жарық көрген «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» монографиясынан алуға болады.



## 2. Стыльдік реңктер.

Сөздердің функционалдық стильде қолданылуына қарай, сөздер белгілі бір стильдік реңктері бар. Сөздердің айтылуына қарай анықталатын реңк түрлері өте көп.

Алайда бұларды сөздіктерде белгілеп отыру қиын мәселе.

Мәселен, қазақ тіліндегі сөздердің стильдік реңктері түгелдей белгіленген деп айту қиын. Мысалы: мереке – той, азамат – жігіт деген мысалдарда көтеріңкі реңк бар. Ал асқар – биік, шапақ – арай – поэтикалық, көлік – бұт артар т.б. кеміту, менсінбеу сияқты реңктер бар.

## 3. Сөз қолданысындағы реңктер.

Тілдегі синоним сөздер қаншалықты мағыналас, мәндес болса да бірінің орнына бірін емін-еркін ауыстырып қолдана беруге болмайды. Сөздердің ежелден қалыптасқан қолданыс орны, қолданыс жиілігі, басқа сөздермен тіркесімділігі дейтін заңдылықтары бар. Бұрыннан қалыптасқан тіркестер құрамындағы сөздердің орнына мағыналас кез келген сөзді ауыстырса, мағынасына нұқсан келеді және сөз бойындағы ерекше реңк бұзылады. Мысалы: өмір сүрді ≈ ғұмыр сүрді, биік тау ≈ бойшаң тау.

Ал мағыналас фразеологизмдердің фразеологизмдердің лексикалық синонимдерден едәуір айырмашылықтары бар. Олар:

◆ Тұрақты тіркестердің семантикалық нәтижесі – фразеологиялық мағына. Адамдар сөйлеу қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымының мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз /доминант/ – лексикалық мағынадан басталады. Мысалы, **к ө ң і л с і з д і к** ұғымына қатысты мынадай мағыналас тіркестер қатар түзеді:

- Бас терісі салбырау
- Еңсесі түсу
- Екі иығы салбырау
- Жүзі сынық
- Жүні жығылу
- Жігері құм болу
- Илеген терідей болбырау

Көңілі жер болу  
Көңілі құлазу  
Қабағы салбырау т.б.

◆ Мағыналас қатарға біріктірілген фразеологизмдер тек жалпы ұғымды беру шарт. Мағыналас фразеологизмдер лексикалық синонимдер сияқты тек белгілі бір сөз табына жатпайды, бір семантикалық өрістегі тұрақты тіркестер ретінде жалпы ұғым мен түсінікті қамтиды. Сол себепті мағыналас фразеологизмдер қатарына әр сөз табынан ұшыраса беретін және құрылым құрылысы әр түрлі болып келетін фразеологиялық тіркестер енеді. Ұғымның жан-жақты берілу формалары басты мәселе. Мысалы, **ұялу** жалпы ұғым. Ал оның фразеологиялық көрінісі:

Бетінен оты шығу  
Өлмегенге қара жер  
Өлген жері осы  
Кір келтіру  
Беті күйю  
Жер шұқу  
Жүзі шыдамау  
Құлағының ұшына дейін қызару т.б.

◆ Мағыналас қатарда тұрған фразеологиялық тіркестерде жалпы ұғым мен түсінік басты ерекшелік болғандықтан қатар жасайтын мағыналас тіркестер түрлік сипатпен емес ұғымдық сипатпен іріктеледі.

◆ Ұғым жалпылылыққа негізделеді, ал түсінікке нақтылық тән. Сондықтан, мағыналас фразеологизмдерді топтастырғанда тіркестердің мағынасы тепе-тең сөздер емес, мағынасы жақын, мәндес квазисинонимдер басты орында болады.

◆ Мағыналас фразеологизмдер қатарын тілдегі адамдық фактор, яғни антропоцентризм тұрғысынан жалпы ұғымдық қатыста біріктірілетін фразео-семантикалық тақырыптық топтар құрайды.

◆ Фразеологизмдердің басты ерекшелігі – бейнелілік, затты, құбылысты бағалау, сипаттау. Мағыналас қатарлар эмоцияның алуан түрлі реңктерін жан-жақты көрсете алады. Әсіресе, жоғары эмоция түрлерін ерекше сипаттайтын синонимдік қатарлар саны жоғары дәрежеде.

◆ Мағыналас фразеологизмдер қатарларының доминанты, тірек сөзі

болып жеке сөз де тұруы мүмкін немесе тірек мағына ретінде жеке фразеологизм де болуы мүмкін. Мысалы, *р е н ж у* : *қабағында кірбең болу ≈ көңілі құлазу ≈ тауы шағылу т.б*

Ал мына мағыналас қатарларға: *бағы жанбау ≈ сормаңдай болу ≈ тұмсығы тасқа тию ≈ басынан бағы таю т.б.* жеке сөз тірек сөз /доминант/ бола алмайды, мұнда тек ұйытқы немесе тірек мағына *ж о л ы б о л м а у* фразеологизмі қатар басында тұрады.

Мағыналас фразеологизмдердің лексикалық синонимдерден басты ерекшеліктері арнайы зерттелгендіктен тағы басқа қызықты тілдік деректермен жалғастыруға болады. Тіл байлығының басты көрсеткіші синонимдер туралы оның ішінде фразеологиялық мағыналастар, олардың тақырыптық фразео-семантикалық топтарының қатар құруы антропоцентрлікке негізделеді. Тақырыпқа қатысты ғылыми мәліметтерді *Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері* деген монографиядан [Алматы, 1998] толық оқуға болады.

### 5.3 Қарсы мәнді фразеологизмдер

Өмірде болатын түрлі қарама-қайшылықтар адамдардың логикалық-танымдық және психологиялық ерекшеліктеріне әсер етеді. Бұдан қарама-қарсылықтар пайда болады. Антонимия анық түрде ақиқаттың көріністерін түсіну процестерін көрсетеді. Қарама-қарсылық концептіге қатысты ойлау тереңдігін, басқа құбылыс, әрекеттерге қатынасын, оны бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы түсінудің ерекшелігін көрсетеді. Ал олардың тілдегі көрінісі тілдік бірліктердің антонимиялық құбылысын туғызады.

Тіл білімінде кейінгі кезде басқа да ғылым салаларында, әсіресе, логика, философия, психологиямен байланысты қарастырылған кешенді зерттеулер бойынша антонимдерді топтастыру мәселелері басқаша бағыт алды. Антонимдер туралы осыған дейін тілдік қағидалардың аясында грамматикалық құрылысы, тұлғалық белгілері, сөз табына қатыстылығы т.б. айтылып келеді. Соңғы зерттеулер антонимдердің тек тілдегі ерекшеліктерін сөз етпей, қарама-қарсылық ұғымының сөйленістегі семантикалық көрінісіне қарай талданады. Орыс фолнологиясындағы Н.С.Трубецкойдың оппозиция әдісін антонимия құбылысына да зерт-

теу тәсілі етіп алған. Соның нәтижесінде оппозиция әдісі бойынша қазақ тіліндегі антонимдердің **басқышты** немесе **сатылы** (градуалды) **оппозицияларының** түріне : **үлкен орташа кіші, кеше – бүгін – ертен** т.б. мысалдарды жатқызады. (А.Жұмабекова. Қазақ тіліндегі антонимдер сөздігі)

Ал **қос мүшелі оппозицияларының** түрі деп /привативті/: жанды – жансыз, бар – жоқ, оң – теріс, жүйелі – жүйесіз т.б. мысалдар келтіріледі. Күшті – күшсіз, сауатты – сауатсыз сияқты мысалдарды антоним деуге болмайды. Себебі бұл ұғымдар оппозициялы болғанымен, ұғымға қатысты күші аз, шала сауаты бар деген сөздер арасына қосылады.

Анатомиялық оппозициялардың тағы түрі **эквиполентті антонимдер**. Бұлардың алдыңғы екеуінен басты айырмашылығы қоршаған ортадағы түрлі құбылыстардың, іс-әрекеттердің қарама-қарсылығына негізделген қарым-қатынастың көрінісі: кіру – шығу, қашу – қуу, кіріс – шығыс, күн – түн, әке – шеше, жығу – жығылу т.б. Мұндай антонимдер адамдардың өзгермейтін қарама-қарсылықтар жағдайында дағдылы өмір сүруінің тілдегі қалыптасқан қарсы мәнді сөздермен білдіреді.

Антоним сөздер мен фразеологизмдер арасында жалпы семантикалық және стильдік байланыс бар. Алайда лексикалық антонимдерге қарағанда фразеологиялық бірліктердің өзіндік ерекшеліктерінен туындайтын өзгешеліктер кездеседі.

Антоним сөздер фразеологизм компоненттерінің бірін құрайды. Сондай-ақ, сөз де, фразеологизм де тұрақты тіркестің құрылымы мен құрамының тұрақтылығын сақтап тұрады.

Фразеологиялық антонимдерге қарағанда лексикалық бірліктер антонимдерге бай келеді. Олардың лексика-грамматикалық сипаты қазақ тіл білімінде жақсы зерттелген. Антонимдік қатарды құрайындар алдымен сын есімдер, содан соң үстеулер, ал етістік, зат есімдер кейінгі орында.

Лексикалық антонимдерден фразеологиялық антонимдердің айырмашылықтары бар. Лексикалық антонимдер кейде сөздердің көпмағыналылығынан басқа да антоним жұп құрауы мүмкін. Қарсы мәнді фразеологизмдерде тұрақты тіркес ретінде мұндай құбылыс байқалмайды. Бір фразеологиялық мағынадағы бейнелілік басқа қарсы мәндегі фразеологиялық бейнелілікпен антоним құра алмайды.

Антоним сөздер фразеологизм құрамында қарсы мағыналық негізде айтылса, онда фразеологиялық антонимдер **бір құрылымды** болып

келеді.

Мысалы:

*Ыстық қанды ↔ суық қанды,*

*Дүниеге келу ↔ дүниеден кету,*

*Қолы ұзару ↔ қолы қысқару,*

*Маңдайының бес елі бағы бар ↔ маңдайының бес елі соры бар*

– **бір құрылымды антонимдер.**

Ал антоним фразеологизмдер лексикалық құрылымы мен синтаксистік құрылысы жағынан ерекшеленіп тұрса, онда олар **әр құрылымды.**

Мысалы:

*Ауылы аралас, қойы қоралас болу ↔ ит пен мысықтай болу*

*Ит арқасы қиянда ↔ таяқ тастам жерде*

*Әмпей-жәмпей болу ↔ жүз жыртысу*

*Ит жеместі жесісу ↔ ауыз жаласу*

Фразеологиялық антонимдер көбінесе етістікті фразеологизмдер құрамында кездеседі.

Етістіктердің қарама-қарсы мәнде кездесуінен мысалы, *жанды – сөнді, түсті – көтерілді, кеңіді – тарылды т.б.* сияқты сөздерден эквивалентті антонимдер жасалады.

*Шырағы жану ↔ Шырағы сөну*

*Еңсесі түсу ↔ Еңсесі көтерілу*

*Пейілі кеңіу ↔ Пейілі тарылу*

Кейде қарама-қарсылық ұғымдарды әр түрлі фразеологиялық мағыналарды салыстыру арқылы байқауға болады. Мысалы, компоненттер жеке тұрып қарама-қарсы мәнде айтылмай-ақ, /басына *ақ күн туу ↔ қара күн туу* дегендегі *ақ – қара* сияқты/ қарсы мәндегі ұғымды беретін тіркестер бар.

Мысалы:

*Үлде мен бүлдеге орану ↔ үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ, Аспан айналып жерге түскендей ↔ сақылдаған сары аяз.*

**Мағыналас фразеологизм сөздігінде** жолы болу мағынасында 17, жолы болмау мағынасында 19 тіркес берілген.

Сезім жағдайына қатысты жоғары эмоциялы фразеологизмдердің күлу мен жылау ұғымдарының тіркестері өте бай, қатар құрамы жан-жақты. Бұл фразеологиялық синонимдер мен антонимдердің жасалуына семантикалық процестің ортақ екендігін көрсетеді. Олардың арасындағы тығыз байланыстың бір көрінісі екеуінің де қатар құруға бейімділігі. Әдетте тілде мағыналас фразеологизмдердің қатары туралы жиі айтылады. Мысалдар да көбірек келтіріледі. Мысалы, бір заттың аз-көптігіне қарай айтылатын қатарларды салыстырайық:

*КӨП, МОЛ*

*Ат көпір*  
*Аузы-мұрнынан шығу*  
*Аяқ алып жүргісіз*  
*Бықып жату*  
*Бырдай болып жату*  
*Есеп жоқ*  
*Жыртылып айырылу*  
*Иттен де көп*  
*Құмырысқадай құжынау*

*АЗ*

*Ат төбеліндей*  
*Бір түйір*  
*Бір уыс*  
*Бір шайнам*  
*Бір шөкім*  
*Жоқтың қасы*  
*Жұмырына жұқ болмау*  
*Қасқалдақтың қанындай*  
*Саусақпен санарлықтай*

Оң жақтағы антонимдер әрі синонимдік қатар түзген әрі симметриялы синонимдік-антонимдік қатынаста тұр.

Алайда синонимдік-антонимдік қатарлар үнемі сандық бірлікте бола бермейді. Кейде мағыналастарға бір ғана антоним табылуы мүмкін. Мысалы:

Қарсы мәнде айтылатын фразеологиялық мағына кейде бір тіркес құрамында байқалады. Мысалы:

***Өліп-тірілгеніне*** карамау  
***Күндіз күлкі, түнде ұйқы*** көрмеу  
***Қойдай*** өргізіп, ***қозыдай*** көгендеу  
***Көңілі көкте***, ***басы жерде***  
***Аузына ақ ит кіріп, қара ит шығу***  
***Ашса*** алқанында, ***жұмса*** жұмырында  
***Үстінен*** құс ұшырып, ***астынан*** ит жүгірту  
***Ыстығына күйіп, суығына тоңу***

Мысалдарда *күлкі – ұйқы, күй – тоңу* деген сөздер лексикалық антонимдер болмайды, бұлар тек тіркес құрамында тұрып қарсы мәндегі фразеологиялық мағына мәнмәтінде /контексте/ байқалады. Мұндай мысалдарға *Қысқа күнде қырық шабу, Аспанға ұиса да, жерге батса да жоқ қылу, Отырса опақ, тұрса сопақ, Таңы атып, күні шықпау т.б.* сияқты тіркестер жатады.

Осыған орай, көркем мәтінде авторлар стильдік мақсатта қарсы мән тудыру үшін антонимдік ұғымы жоқ әдеттегі сөздерден қарсы мән туғызады. Бұл оқушыға тілдік бірліктер арқылы сөздер мен тұрақты тіркестердің прагматикалық әсерін күшейту үшін жасалатын тәсіл. Мысалы

Антоним фразеологизмдердің де тақырыптық топтары әр алуан. Кеңістік, өлшем, адамның жағымды-жағымсыз қасиеттері және түрлі сезімдік әрекеттерге қатысты қарсы мәнді фразеологиялық топтарды жіктеуге болады.

Антоним фразеологизмдердің жасалу жолдарын былай түйіндеуге болады:

◆ Антоним фразеологизм құрамында қарсы мәнді бір компонент қайталанып отырады: *Шырағы жану ↔ Шырағы сөнү.*

◆ Фразеологиялық мағынаның өзінде қарама-қарсы ұғымның болуы антоним фразеологизмдердің жасалуына ықпал етеді. *Су сепкендей басылу ↔ Жүрегі алып ұшу.*

◆ Кейде болымсыз жұрнақтардың қызметі компоненттер арасында антонимдік мағына туғызады: *Күәлі істі куә табар ↔ Күәсіз істі күмән табар.*

◆ Фразеологизм құрамындағы кейбір компоненттер өзара қарсы мәнде айтылмай, бірақ мәнмәтінде /контексте/ антонимдік мағына жасайды: *Қысқа күнде қырық рет шабу, Мұңын мұңдау, жырын жырлау;* Бұлар прагматикалық антонимдер деп аталады. Антонимия құбылысы жеке сөздер мен фразеологизмдерде әр түрлі көрінеді. Ал олардың арасындағы жалпылылық – антонимияның лингвистикалық құбылыс екендігі. Жеке сөз бен фразеологиялық бірліктердің екі басқа тілдік фактор болуы – ерекшеліктері. Сондықтан фразеологизмдер мен сөздердің антонимиялығы лексикалық, фразеологиялық талдауды қажет етеді.

## 5.4 Фразеологиздердегі көпмағыналылық

Тілдегі бір сөздің көп мағыналы болуы сол сөздің жан-жақты мағыналық тарамдалып көбеюіне, баюына ұйытқы болады. Көпмағыналылық – тіл дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Кез келген тілдің түсіндірме сөздіктері жеке лексеманың көпмағыналылығын арнайы мысалдармен дәйектеп отырады. Содан барып, тіл байлығы жеке сөздердің көптігімен ғана емес, оның мағыналық қырларының молдығымен де өлшенеді.

Полисемияны анықтаудың ең басты қағидасы – мәнмәтін. Пардигматикалық байланыс синоним, антонимдерде айқын басымдық танытса, көпмағыналылық пен омонимия әрі парадигматикалық, әрі синтагматикалық байланыста тең дәрежеде көрінеді.

Полисемия лексикалық бірліктермен қоса фразеологизмдерге де тән. Жеке сөздерге қарағанда полисемия құбылысы – көпмағыналылық тұрақты тіркестерде сирек кездеседі. Қазақ фразеологиясындағы көпмағыналылық туралы І.Кеңесбаев, Ә.Болғанбаев т.б. пікірлері болмаса, бұл мәселе жүйелі зерттелмеген.

Фразеологизмдердің семантикалық категориялары ретінде полисемантизмнің саны көлемді болмаса да ажырата білудің теориялық және практикалық маңызы бар.

◆ Көпмағыналы фразеологизмдердің мағыналық құрылымын анықтау алдымен лексикографиялық еңбектерді түзуге керек.

◆ Қазақ тіліндегі көп мағыналы фразеологизмдердің санын есепке алу қажеттігі де бар.

◆ Фразеологизмдер бірден көпмағыналылыққа ауыспайды. Полисемияның себебін анықтау үшін тілдегі ішкі фактор, мәселен, стильдік және экстралингвистикалық фактор, қоғамдағы әлеуметтік әр түрлі жағдайлардың әсері талданады. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістер ұқсас ассоциацияны тудыратындықтан, кейбір фразеологизмдердің мағынасы бірте-бірте полисемияға ұшырайды. Бірақ бұл өте ұзақ процесс.

◆ Көпмағыналылық фразеологизмдердің барлық түрінде кездеспейді. Оның себебі мағынасы неғұрлым тұрақтанған идиом тіркестерден гөрі, ауыспалы мағынадан, метафоралық тәсілдерден жасалған фразеологиялық бірліктер көпмағыналылыққа бейім келеді.



Осы аталғандардың ішінде тұрақты тіркестерде көпмағыналылықтың пайда болуына тілдің ішкі, сыртқы себептері басты фактор екендігін естен шығармау керек.

Фразеологизмдердің өзі көбінесе метафораланудың нәтижесінде еркін сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолдануынан жасалатыны белгілі. Олай болса, фразеологизмнің жаңа мағынасы сол бұрын жасалған еркін сөз тіркесінің параллель дамуы арқылы пайда болады. Демек бір фразеологизмнің әр түрлі мағынасы оның алғашқы және соңғы ауыс мағынасының ара қатысына тәуелі емес. Оның әрқайсысы сол өзі пайда болған бұрынғы тура тіркес мағынасына ұмтылады.

Сондай-ақ, көпмағыналы фразеологизмдердің мағыналары бір-бірімен үнемі тура, ауыспалы, негізі және туынды қатыста болады деген пікірлер үстем. (Н.Шанский).

Егер көпмағыналы сөздердің даму процесі мәнмәтінге (контексте) тәуелділігі аз болып келсе, ал бір мағыналы фразеологизмнің өзі мәнмәтінде шектеулі боп келетінін ескерсек, онда көпмағыналы фразеологизмнің мағынасын контексте аналитикалық тәсілмен жұмсалудың бақылауға болады. Мұның өзі көп мағыналы фразеологизмнің контексте оның дамуына кәдімгідей әсер етеді., яғни шектейді.

Көпмағыналы фразеологизмдердің мағыналық дамуына олардың семантикалық құрылысы көп әсер етеді. Егер фразеологизм семантикалық жағынан бөлінбей, компонент құрамына мағына тәуелді болмаған жағдайда, олардың арасында көп мағыналық пайда бола бермейді. Мәселен, идиом тұрғысындағы фразеологизмдерде мүлдем кездеспейді. Компоненттер арасындағы семантикалық байланыстың сақталуы полисемияның дамуына әсер етеді. Бұл, әсіресе, фразеологиялық бірліктер арасында көп байқалады.

Фразеологизмдердегі көпмағыналық туралы пікірлерді жинақтай келе, бір фразеологизмнің көп мағыналығын айқындау үшін мына белгілер ұсынылады:

◆ Фразеологиялық бірліктер құрамындағы компоненттердің семантикалық еркіндік дәрежесі сақталады.

◆ Әр мағынаның түрлі мазмұнда жұмсалуды үшін бір ойдың түрлі зат, құбылыспен ортақ байланысы болуы керек.

◆ Егер компоненттер арасындағы байланыс әлсіреп, мағыналары мүлдем алыс, мағыналық байланыс болмаса, онда көпмағыналылық емес, омоним фразеологизмдер пайда болады.

◆ Полисемиялы фразеологизмдер әр түрлі сөз табынан болады және әр түрлі синтаксистік қызметте жұмсалады.

◆ Мағынаның жұмсалуында фразеологизмдер біркелкі грамматикалық байланыста болмайды.

◆ Фразеологизмдердің түрлі мағынада жұмсалуына интонацияның да әсері бар. Мысалы:

Соған байланысты, І.Кеңесбаев көпмағыналылықтың екі түрлі жасалу жолы бар деп көрсетеді: жалғаса және жарыса туатын мағына.

Фразеологиялық полисемияның мағыналық құрылымы екі сатыдан тұрады. Бірі – фразеологизмнің **ен алғашқы, негізгі мағынасы**, екіншісі – кейін пайда болған **туынды мағынасы**. Соңғы мағынаның тууына фразеологизмнің алғашқы мағынасы себеп болса, соңғы мағына алғашқы мағынаның жасалуына негіз бола алмайды.

### ***Көп мағыналықтың жалғаса туындауы.***

Көп мағыналық етістік және есім мәнді фразеологизмдерде кездеседі. Әсіресе етістік фразеологизмдерде мағына байланысы айқын ажырытылып тұрады.

Қазақ тілінде **тұсау кесер** деген фразеологизм бар. Фразеологиялық сөздікте екі мағынасы тіркелген:

*1.Жас баланың тұсауын кесерде жасалатын жиын-той. 2.Жастарға өнер жолында сәт сапар тілеу мағынасында айтылады деп көрсеткен./ 526б/.*

Бұл фразеологизмнің жасалуына этнографиялық *тұсау кесу* ұғымы негіз болған. Фразеологизмдегі көпмағыналықтың бірте-бірте даму нәтижесі өмірдегі әлеуметтік өзгерістерге қатысты. Жиын-тойдағы айтылатын жақсы тілек мағынасы тереңдей келе, қоғамдық ортадағы болып жатқан ұқсас жағдайға байланысты *сәт сапар* тілеу мағынасына ұласты. Ал қазіргі кезде осы тіркестің үшінші мағынасы пайда болды. Қоғам дамуында кейін көрініс беріп жүрген бір жана ғимаратты немесе жаңа құрылған ресми ұйымдарды ашу салтанатты түрде жұртқа таныстырылатын болды. Міне, осы рәсім *тұсау кесер* деп аталды және тілдік қолданыста жиі айтылатындықтан қалыптасып кетті. Аталған соңғы мағына жалғаса туатын көпмағыналықтың бір мысалы. О бастағы ситуациядағы ұқсастық пен мағынадағы ішкі байланыс көп мағыналықтың тууына себепкер болады.

- Мысалы: *Көзі ашылу* →
1. Санасы, сезімі ояну
  2. Бір нәрсеге қолы жету
  3. Қиындықтан құтылу
  4. Білім алу

Келтірілген мысалда ауыспалы метафоралық негізгі мағына *көзі ашылу* тіркесінің осы 4 мағынасы сөздікте тіркелеген. Бұлардың бәрі жалғаса туған мағыналар. Сол сияқты:

- Дәмін тату* →
1. Тағамның дәмін көру.
  2. Әр түрлі жағдайда күн кешу

- Тілі шығу* →
1. Жас сәбидің алғаш рет сөйлеуі
  2. Әдеттегіден тыс сөйлеу, күтпеген ойды айта бастау

- Көзін шел басу* →
1. Соқыр болу
  2. Еш нәрсені байқағысы келмеу
  3. Токмейілу, надандық.

Бұл мысалдардың фразеологиялық көпмағыналық – негізгі мысалдағы ой, мағына ортақтығының бір ұғымды білдіруіне байланысты тізбектеле, жалғаса туып отыр. Сонымен көп мағыналықтың жалғаса тууына ықпал ететіндер:

- ◇ Барлық мағынаға тән ұқсас ситуация
- ◇ Ортақ метафоралық ауыспалы қолданыс
- ◇ Ішкі мағына байланысы

### ***Көп мағыналықтың жарыса туындауы.***

Жарыса туатын көп мағыналық жалғаса туатын көпмағыналыққа карағанда *жарыса туындау* деген атынан да белгілі өзара көпмағыналы фразеологизмдердің әрқайсысының мағынасы жеке-жеке параллель дамып, тең дәрежеде көрінеді. Бірақ негіз фразеологизмдегі жарыса туындаған көп мағыналыққа мағына ортақтығымен қатар, әр түрлі ситуация әсер етеді.

Көпмағыналы фразеологизмдердегі әр түрлі ситауцияны мына мысалдан көруге болады:

#### ***Көңілге алу* ↓**

1. Ниет ету, мақсат ету
2. Ренжу

Мысалы: **Жүзіктің көзінен өткендей** ↓

1. қу, жылпос
2. пысық
3. сүйкімді, сұлу

**Көңілге алу, жүзіктің көзінен өткендей** тіркестердің басқа мағыналарында өзара ассоциациялық байланыс болғанымен, олардың семантикасында жалғаса туған мағына сияқты мағына жақындығы жоқ, өйткені жарыса туған көп мағыналықтың әрқайсы тең дәрежеде. Фразеологизмдердің арасында көп мағыналық жалғаса туындауға қарағанда жарыса туындау нәтижесінде көбірек дамиды.

Ассоциациялық байланыс бірнеше ситуацияға негіз болатын мысалдар:

**Аузына түсу** ↓

1. Біреуге жем болу
2. Ойға сап ету.

**Өліп кете жаздау** ↓

1. сұғанақтық көрсету
2. кез-келген іске жан-тәнін салу
3. қатты ұялу
4. жақсы көру, өбектеу.
5. ашкөздік

Мағына ортақтығы бір фразеологиялық тұлғадан көрінеді. Бейнелеу, сипаттау кезінде айтушы ауыспалы метафоралық мағына арқылы бірнеше көріністің суретін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізе алады. Мұндай тіркес мағынасының сан түрлі мағыналық қырлары жалғаса туатын көп мағыналықтан жарыса туатын көп мағыналықтың ерекшеліктері бар. Олар:

◇ Жарыса туындаған көп мағыналықта алғашқы мағына соңғы мағынаға негіз бола алмайды.

◇ Жарыса туатын көп мағыналық үшін әр түрлі ситуация қажет.

◇ Тіркестер арасында ассоциациялық байланыс болғанымен, олардың семантикасында жалғаса туған мағына сияқты мағына жақындығы болмайды.

◇ Жарыса туған көп мағыналықтың әрқайсысы тең дәрежеде дамиды.

◇ Негізгі мағынадан алшақтап, мағыналық байланыс үзілсе омоним тіркестерге айналады.

Қазақ тіліндегі көпмағыналы фразеологизмдердің лексика-семантикалық топтарын экстралингвистикалық факторлаға сүйене отырып, шартты түрде жүйелегенде төмендегі түрлерін айтуға болады.

✓ Адамдардың қалыптасқан дағдылы қасиеттері (мінез-құлқы, кәсіби ерекшеліктері) :

**бауы берік болу** ↓

- ▷ жас балаға құтты болсын айту;
- ▷ бір нәрсенің берік, мықты болуы;

**отқа май құю** ↓

- ▷ ырым, салт;
- ▷ дау-дамай, ұрыс-керісті өршіте түсу;

**құлқыны жаман** ↓

- ▷ ниеті жаман, бұзық;
- ▷ тамақсау, қомағай;
- ▷ Этномәдени фразеологизмдер:

**қыз қуу** ↓

- ▷ ұлттық ойын;
- ▷ алып қашқан қызды соңынан қуу;

**хан көтеру** ↓

- ▷ хан сайлау;
- ▷ кісіні құрметтеу сыйлау;
- ▷ Соматикалық фразеологизмдер:

**басынан сипау** ↓

- ▷ еркелету, ұнату;
- ▷ аяу, мүсіркеу;
- ▷ мақтау (кейде кекесін мағынада жұмсалады);

**тіл біту** ↓

- ▷ адамша сөйлеу;
- ▷ кенеттен сөйлеп кету;
- ▷ тілі шығу (ұнатпау мағынасында)

✓ Діни ұғымды білдіретін тіркестер:

**дұғасы жібермеу** ↓

- › тілеген тілектің қабыл болуы;
- › ниет еткен дұғадан мерт болу;

**қыл көпір** ↓

- › о дүниедегі қиямет-қайым;
- › қиын сәттің тууы;

✓ Диалектілік фразеологизмдер:

**жол жүру** ↓

- › сапар шегу;
- › пара беру (Қытай қазақтары тілінде);

**ауыздан жіберу** ↓

- › дауыстап жіберу (қарақалпақ);
- › ән салып жіберу (Манғыстау);

✓ Зоонимді тіркестер:

**ордалы жылан** ↓

- › жылан ордасы;
- › ұйымдасқан қылмыстық топ;

**ақ сұңқар құс** ↓

- › қыран құс;
- › ер-азамат (баламасы);

✓ Өлшем ұғымындары:

**арасы алыстау** ↓

- › жер мойны қашық болу;
- › тату адамдардың араларының алыстауы;

**есік пен төрдей** ↓

- › жақын, бір аттам жер;
- › бір нәрсенің келіскен әрі ұзын көрінуі;

Қазақ фразеологиясындағы көпмағыналық құбылысы қоғамның түрлі даму үрдістеріне байланысты болса да, ұлттық ұғымға жақын, халық санасында әбден қалыптасқан түсініктермен үйлесім табуы керек. Әдетте фразеологизмдер оқиға, құбылысты жан-жақты сипаттап, бейнелеуі-

мен прагматикалық салмағымен ерекшеленеді. Бұл ретте көпмағыналы фразеологизмдердің семалық варианттарында үнемі толығу, тереңдеу байқалады.

## 5.5 Омоним фразеологизмдер

Фразеологизмдердің семантикалық парадигмаларының ішінде сирек те болса омоним тіркестер де кездеседі.

Көп мағыналы фразеологизмдердің кейбір қатарларында омоним тіркестердің ұшырасып отыруы тілдік факт ретінде сөздіктерге енген. Және жеке-жеке реестрге алынған.

Жалпы омонимдердің пайда болуының бір жағы көпмағыналыққа қатысты. Полисемиялы тіркестер арасында мағыналық байланыстың үзілуінен омоним фразеологизмдер бөлінеді. Бұлар бір кезде өзара байланыста болған, бірақ көп мағыналықтың әрі қарай ыдырау процесі мен семантикалық тұтастықтың әлсіреуінен ұқсас категориялар болып қалыптасқан. Омоним тіркестерді І.Кеңесбаев жарыса туған екі мағынаның ең алшақ типі деген. Алайда ең алшақ типтерді тауып, мынау көп мағыналы, мынау омоним тіркес деп тану бұлардың арасында бір кезде аралық мағынаның болуы себепті екеуін ажыратудың қиындығы лексикалық омонимдер мен полисемияны ажыратудың қиындығынан да күрделі.

Омоним фразеологизм болу үшін тіркестер арасында мағыналық байланыс болмауы керек.

Мысалы:

***Есі кету ≠***

1.Қуаныштан

2.Қорыққаннан

Мысалда оппозициялық екі түрлі ситуация бар. Алайда *қорыққан мен қуанған бірдей* деген мақалды еске алсақ, шынында адамның ішкі эмоциясы бет әлпетінде бірыңғай ұқсас қимылдарды туғызады. Содан барып сыртқы көріністегі ұқсас ассоциация сақталып, бірақ ішкі мазмұн, мағына мүлде басқа жағдайды қорыққанын немесе қуанғанынын суреттейді. Демек екі тіркестің арасында ешбір мағыналық байланыс жоқ. Көпмағыналықтың жарыса туған түрлерінің арасынан омонимдерді іздеу, ажырату оңайға түспейді.

Ал мына мысалда да ұқсас ситуация, бірақ мағыналық байланыс байқалмайды:

**Ауыз ашу ≠**

1. Бір нәрсеге таңқалу
2. Ораза кезінде ауыз ашу
3. Сөйлей бастау

Бірінші тіркестің бейнелі мағынасы адамның таң қалған жағдайдағы аузы ашылып қарауы, тыңдауы т.б. физиологиялық сәтін суреттейді. Екінші тіркесте рамазан айында мұсылман жұртының ауыз бекіту ұғымына қарсы мәндегі ауыз ашу, тамақ ішу мағынасы берілген. Ал үшінші мағынасы бойынша адресанттың айтуы, сөйлей бастауы деген ұғым қалыптасқан.

Фразеологизмдер өзара омонимдес болумен қатар, тілдегі еркін сөз тіркестерімен омонимдес болатындығы келтірілген мысалдардан көрінеді.

Кейде көп мағыналыққа қатыссыз дыбысталу мен жазылуында кездейсоқ ұқсастығы бар омоним фразеологизмдер кездесесіп қалады.

Мысалы:

**Бас жару ≠**

1. Ожарлық әрекет жасау
2. Өсімдіктің гүлдеуі

**Ат қою ≠**

1. Қаралы үйге атпен ой бауырымдап келу
2. Нәрестеге ат, есім беру

**Ала көңіл ≠**

1. Арам ниет, күдік
2. Көңілі бөліну, алаңдау

Тіркестер омоним фразеологизмдер деп танылу үшін мынадай белгілер болуы керек:

◇ Омоним фразеологизмдер көп мағыналы тіркеске ұқсайды, бірақ тіркестер арасында өзара мағыналық байланыс болмайды.

◇ Айтылуы мен жазылуы бірдей омоним тіркестер кейде кездейсоқ жасалуы да мүмкін.



Омонимия құбылысы фразеологизмдердің барлық түрлерінде кездесе бермейді. Көбінесе фразеологиялық бірлік пен фразеологиялық тізбектерде ұшырысады.

## **5.6 Қазақ фразеологиясындағы синтагматикалық қатынастар**

«Синтагматикалық қатынастардың парадигматикалық қатынастардан өзгешелігі сөздердің, яғни тілдік таңбалардың ұқсастығын не ерекшелігін қажет етпейді. Тек бұл қатынасқа енген тілдік таңбалар қарым-қатынас кезінде бірге қолданыла алады және өзара ықпалдасады». (Кронгауз, 152).

Фразеологиялық синтагматика жөнінде мағыналыс фразеологизмдерді қарастыру барысында, біраз ой-пікірлерімізді ортаға салғанбыз. (Қараңыз: «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мідени аспектілері». 1998. 40-43 б.). Тұрақты тіркестердегі тіркесімділік арқылы синтагмалық қатынастарды жан-жақты терең талдауға болатындығын идеялармен ашық тақырып ретінде қалдырғанбыз.

«Қазақ тілінің лексикалық синтагмасы» атты зерттеуінде Ғ.Хасанов (2009) фразеологиялық синтагматиканың ерекшеліктеріне назар аударған. Ғ.Хасанов аталған еңбегінде «Фразеологияның синтагматикалық аспектісі» деген тараушасында (336-364) арнайы сөз етеді. Ал орыс тіл білімінде бұл мәселе өз кезінде әсіресе, әкелі-балалы В.П.Жуков, А.В. Жуковтардың зерттеулерін және фразеологиялық оралым туралы жазған Тагиев т.б. ғылыми көзқарастарын атауға болады.

Мәселен, В.П.Жуков, А.В. Жуков: «Фразеологизмдердің сөзбен мәндік бірлестікте болып, семантикалық эффект беруі, яғни лексика-фразеологиялық тіркесімділік құрауы – фразеологиялық синтагманың сипаты» дейді [2006, 173].

Қазақ тіл білімінде фразеологияда синтагматикалық қатынастарды әлі де қарастыру, толықтыра түсу, жан-жақты зерттеу маңызды болып есептеледі. Фразеологизм құрамындағы сөз сыңарларының тіркесімділігі бүкіл фразеологияның негізін құрайды. Жалпы тіл-тілдегі фразеологиялық тұлғаның синтагматикасы туралы аз айтылған, сондықтан осы саланың өзекті мәселерінің бірі деп айтуға болады.

В.Г. Гактың айтуынша: «сөздердің тіркесімділік заңдылығын

түсіну үшін үш деңгейді: коршаған орта шындығы, ойлау және тілдік деңгейлерді талдау қажет» [1972, 369].

Фразеологияда синтагматикалық қатынастарды қарастырмастан бұрын, алдымен синтагматикалық қатардың мүшесі ретінде фразеологиялық тұлғаның (ФТ) мәртебесін анықтап алу керек. Олардың Ю.А. Гвоздарев ұсынған:

- ✓ ФТ-ның жалпы мағынасы,
- ✓ ФТ-ның этимологиялық мағынасы,
- ✓ ФТ-ның лексикалық құрамы,
- ✓ ФТ-ның грамматикалық мағынасы,
- ✓ ФТ-ның стилистикалық сипаты

фразеологизмдердің синтагматикалық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. [2008, 259].

Фразеологиялық тұлғалар ұғымды білдіреді, сөйлеуде өзінің мағынасымен жұмсалып, басқа сөздермен тіркесе келе, әлдебір сөйлеу жағдаяттарын білдіреді. Демек ФТ лексика-семантикалық қатардың нысаны.

Фразеологизмдердің басқа сөздермен тіркесу қабілетін В.П. Жуков, А.В. Жуков үш түрге бөліп қарастырады:

✓ Жеке толық мағынасы бар, еркін қолданысқа ие болатын фразеологизмдер. Бұлар атауыштық сипаттағы басқа сөздермен кең және әр түрлі байланыстарға түсуімен ерекшеленеді.

✓ Жеке заттық мағынасы бар, бірақ басқа сөздермен қабыса, меңгеріле байланысқа түсетін тіркестер тобы.

✓ Сөздерді талғап, көбінесе бір лексика-семантикалық топтағы сөздермен байланысатын фразеологизмдер. (2006, 315).

ФТ-ның тіркесімділігі өзінің құрамындағы сөз сыңарларының этимологиялық семантикасымен анықталады. Бұл арада кейбір компоненттердің лексикалық ерекшеліктерін сақтап қалуы назар аудартады. Мысалы, шаршау, қатты қалжырап қалу мағынасында: *аяғын алдырту, сілесі құру, әбден қалжырау, табанынан таусылу, жүйкесі босау, құр сүлдері қалу* фразеологизмдері бар. Тіркес құрамындағы сөздер олардың адамның іс әрекетімен және басқа жанды заттармен байланысы барын аңғартады. Кейбірі нақтылы қимылға негізделсе (*аяғын алдырту, табанынан таусылу*), қалғандарында дәл сондай ашық іс әрекет байқалмайды. Мысалдар

- *Артықжанның мекемеден мекеме қоймай, табанынан таусылып жүріп алған бір жапырақ қағазы түкке де жарамай қалды. («ЖА»)*
- *Бұл: «Мұсасы құрғыр жоқ, ойбай» деп үйге кіре бергенде Талпақ пен Сарыауыз сілесі құрып болып, көптен бері құр ғана тіресіп тұр еді. (М.Ә., 1 кітап, 282 б.)*

Бірінші және екінші мысалдардағы **табанынан таусылып, сілесі құрып** тіркестерінің соңынан келген *жүріп, болып* етістіктерінсіз қолдансақ сөйлем мағынасына, стиліне пәлендей нұқсан келмейді.

Ал жоғарыдағы келтірген мысалдарды *аяғын алдыртты, сілесі құрыпты, әбден қалжыраған, табанынан таусылды, жүйкесі босап, құр сұлдері қалатын* сияқты грамматикалық түрленулерге қарсақ, мұндағы тіркестер қимыл әрекетті білдіретіндіктен кейде қосымша етістіктермен тіркеспей-ақ жұмсалады.

Фразеологизмдер өзінің құрылымында еркін тіркестердің грамматикалық құрылысын сақтап, морфологиялық жағынан құбылмалы болғанмен, олардың форма өзгерісінің белгілі бір шегі болады. Етістік тобындағы фразеологизмдер етістіктің барлық категорияларын қабылдай бермейді.

Мысалы, *«қараптан қарап жүріп», «бір айтқаныны мың айтып», «құдай дескен», «құдай бұйырса», «ағып тұрған (сөзге)», «салып ұрып», «абырой болғанда»* тіркестері осы үлгіде ғана қолданысқа түседі.

Алайда тұрақты тіркестердің кез келгені тіркесімділікті талғамай-ақ қолданыла бермейді. Міне, осы тұстан фразеологияның синтагматикалық апектісі сөз етіледі.

Фразеологиялық синтагматика туралы біз зерттеу еңбектерімізде айтылған тұстарына қайта оралсақ:

«Бүкіл фразеологиялық материалдардың семантикалық парадигмаларға жіктелуі, мәселен, вариантты, синонимдес, антоним тұлғалар, сондай-ақ олардың көп мағыналылығы мен жеке нақты мағынасы және жалпы семантикалық тақырыптық қатарларға бөлінуі фразеологизмдерді толық зерттеп, танып білуге аздық етеді. Тілдік жүйедегі екінші аспекті синтагматикада фразеологизмдердің ең алдымен өзі тіркесе алатын сөздермен грамматикалық байланысы арқылы ғана фразеологиялық материалдардың функционалдық қызметінің шегі белгіленеді. Семантикалық синтагма-

лар аясында фразеологизмдер компоненттерінің қосынды мағыналары соңынан тұратын, әрі сол мағынаның толық жұмсалыуына себеп болатын бір сөз тұруы шарт. Мұндай сөздерді қазақ тілінде **сүйемел сөздер** деп атадық.

Сүйемел сөздер фразеологизмдердің қатарына кірмейді. Олар еркін қолданыста жүрген белгілі *бір сөздер тобы*. Мысалы, *жел аяқ, жел жетпейтін, табаны жерге тимейтін, алдына қара салмайтын* тіркестерінің сөйлем ішінде нақты жұмсалына, мағынасын айқындай түсуге *жүйрік* сөзі сүйемел сөз ретінде тұрады. Сол сияқты *ат үсті, қалай болса солай, нем кетті* тіркестері тек **қарау** етістігімен ғана тіркесіп, жұмсалады. Немесе бір нәрсеге, кейде *кісіден көз алмау, ішіп-жеп бара жатыр, жеп жібере жаздау, жеп жіберердей, көзі өңменінін өту, көзінің сұғын қадау, оқты көзімен ату* – фразеологизмдеріне да **қарау** етістігі сүйемел сөз ретінде тұрады» (Смағұлова, 1998, 41).

Сонымен, қазақ фразеологиясының синтагматикалық аспектілеріндегі:

- ✓ фразеологизмдердің тіркесімділік шектері,
- ✓ синтагмалық оралымдары,
- ✓ сүйемел сөздер

арқылы тұрақты тіркестрдің өте күрделі синтагматикалық байланыстарын айқындауға болады.

Мысалы, **БАРМАҒЫН ШАЙНАУ/ ТІСТЕУ – өкінді, аса қатты қынжылды** деген мағынада. Бұл тіркесте *бармақ* сөзі тек *шайнау, тістеу* етістіктерімен ғана тіркеседі. Фразеологизмнің жұмсалыу қызметі бойынша, тіркесімділік дұрыс сақталған. Синтагматикалық қатынаста шындық болмыс пен ойлау, тілдік форманың болуынан, сөздердің бір-бірімен мағыналық үйлесуінің арқасында фразеологиялық мағына жасалған. Егер етістіктердің орнын «ауырту» сөзінмен ауыстырса, мағына мүлде бұзылады. Бұл арада *шайнау, тістеу* етістіктері өмірдегі жағдаяттарды нақты сипаттауымен ерекшеленіп тұр. Бұл ретте синтагматикалық байланыс екі жақты: ішкі және сыртқы байланыс міндетті түрде сақталуы тиіс. Өйткені айтушының логикалық ойлауы осындай тілдік форманы қажет етіп тұр.

Мысалы:

- **Бармақ шайнап**, сан соғып, құсамен өткен өмір зой – бұл да бір. (Қ.Ж.)
- ... Ақбала тұрып кетіп қалды. Өз бармағымды өзім шайнап қала бердім. (Ә.Н.)

- *Бұл сөзді Сыздықпен бірге естіген жігіттер әңгіменің бетімен тегіс өкінгендей болып, әрқайсысы әртүрлі сөз айтып өздерін кінәлап, бармақтарын шайнады. (М. Әуезов.)*

Сонда келтірілген мысалдар бойынша, етістіктердің өзгеріске түсуі фразеологизмдерге тікелей байланысты болады. Етістік формасы тіркесімге түскен фразеологизмдер арқылы анықталады.

«Синтагматикалық қатардың бір мүшесінің семантикалық тәуелсіздігі әлсіреген сайын, синтагматикалық қатардың басқа мүшесі сүйемел сөздің көрсеткіш күші артады. Осы сөздер мен фразеологизмдердің тіркесім құруы кезінде семантикалық компенсация құбылысы байқалады» [Жуков, 2006:108]. Мәселен, қазақ фразеологиясында кейбір етістікті тіркестердегі, етістік компоненттің семантикалық тәуелсіздігі жоққа тән болатын құбылыстар аз емес.

«**МҰРНЫНАН ШАНШЫЛУ**» – өте жұмысбасты, қолы тимеу. Сөйлемдерде бұл фразеологизмнің «шаншылу» етістігі көсемшенің **-ын** формасынан басқа еш уақытта түрленбейді. Сондықтан бұл арада етістік сүйемел сөз керек.

Мысалы:

- *Ертеңнен қара кешке дейін базарда «жол,жол» деп айқайлаудан тамағым да бітіп қалады. Оның үстіне жүк арбаны итеруден иығым мен қолым талып, дем алуға уақыт жоқ, **мұрнымнан шаншылып** жүргенім. («Түркістан»).*
- *Әкесі мен шешесі жан бағыстың қамымен баларына қарауды қойды. Онсызда **мұрнынан шаншылып** жүрген бейбақ әкесінің қолында не тұр дейсің. (Н. А.)*

Келтірілген мысалдарда фразеологиялық тіркес үшін семантикалық компенсацияны «жүру» сөзі атқарып тұр. Етістіктердің грамматикалық көрсеткіштері фразеологизмдерге бағыныңқы болмайды, олар мәнмәтін мен сөйлеу жағдайына байланысты құбылып отырады.

«Фразеологиялық синтагматика екіге жіктеледі: бірінші, тұрақты тіркестердің өз ішінде тіркесу ерекшеліктері, яғни ішкі лексикалық синтагматика; екінші, тұрақты тіркестердің басқа лексемалармен, сүйемел сөздермен байланысы, сыртқы лексикалық синтагматика» [Хасанов, 2008, 450].

Бұл арада фразеологизм *мұрнынан шанышылып* → *жүру* сүйемел сөзбен байланысы сыртқы лексикалық синтагматикаға жатады.

Фразеологиялық тұлғалардың өз ішінде тіркесу ерекшеліктеріне қарай ішкі лексикалық синтагматикаға мысал:

- Тұла бойын ашу құрсап, қолдары сіресіп, тістері шықырлап кетті. «Әттең, өзім...» Біреуге айтып, **жонынан таспа тілдіріп алар** ма еді? – деп күбірледі. Иә болмаса қасиетсіз сілімтік, ез сорлыны айғайлап, қайта шақырып алып, **ит терісін басына** қаптаса қайтеді?... (Ж.Самитұлы)

Фразеологиялық синтагматика стилистика мәселелерімен де тығыз байланысты. Тұрақты тіркестердің стилистикалық сипаты олардың қолданылу прагматикасына байланысты.

Мысалы: **ЕКІ ӨКПЕСІН ҚОЛЫНА АЛЫП ЖҮГІРУ** – *асығу*. Төменде келтірілген мысалдарда фразеологиялық мағына *асығу* сөзіне → *зыту* → *ентігу* етістіктерінің стилистикалық сипатына қарағанда экспрессиясы жоғары. Бұл арада семантикалық компенсация емес, стилистикалық компенсацияның мәні зор.

- **Екі өкпесін қолына алып** *зытып бара жатқан серігіне зеңбірек оқтаушы әлдене деп айқайлады да, секем алғандай артына бұрылды.* (Т.Ахтанов)
- **Төртінші күні Ордостан екі өкпесін қолына алып,** *ентігіп шабарман топ алдында өліп жатқан Әміршісін көріп, аңырайып тұрып қалды.* (Ә.Кекілбаев.)
- **Оқыс олжаға балаша қуанған Кәрекең екі өкпесін қолына алып,** *үйдегі Наршасына жетеді асығып.* (Ә. Асқаров)
- **Екі өкпесін қолына алып** *көк тұмсыққа жетті-ау ақыры.* (Ә. Кекілбаев.)

Қазақ тіл білімінде осы уақытқа дейін фразеологизмдердің құрамы бірліктердің ішкі құрылымы, олардың сөйлем мен сөз тіркесі құрылымына сәйкес келуі мен сәйкес келмеуі тұрғысынан зерттелініп келген-ді. Алайда тілдік бірлік ретіндегі фразеологияның өзіндік нысанын анықтауда

және лексикалық, фразеологиялық бірліктердің байланыстарын орнатуға ішкі нақты құрылымдық байланыстардың маңыздылығын анықтау қажет. Бұл ретте басқа тіркес түрлерінен айырмашылығы бар, тұрақты тіркестрге тән ерекшелігі бар конструкциялар жасалатынына назар аударылуы керек. Фразеологиялық синтагматикада тіркесімділік пен оралым терминдерінің ара-жігін айрып алған жөн.

**Тіркесімділік** – сөздердің бір-бірімен мағыналық жағынан тіркесу қасиеті, тіл бірліктерінің синтагматикалық қатынастарын бейнелейтін ең негізгі қасиеттерінің бірі. Тіркесімнің әмбебап, нақты заңдары мен үрдісі болады, бұлардан ауытқыған жағдайда норма (тілдік) бұзылады немесе тіл бірліктерінің қасиеттері өзгереді.

Қазақ тіл біліміне фразеологиялық оралым терминін енгізіп, фразеологизмдерді оралым тұрғысынан қарастыру қажеттігін ең алғаш рет айтқан – академик І. Кеңесбаев.

Қазақ тіл біліміндегі фразеологиялық оралымдар туралы сөз еткенде жүйелі сипатқа ие болған мынадай ерекшеліктерді анықтап алу керек. Олар:

- 1) тіл біліміндегі дистрибуция, валенттілік, тіркесімділік және оралым терминдерінің арақатынасы;
- 2) фразеологиялық оралым мен оралым мүшелері, оралым түрлері;
- 3) фразеологиялық оралым мен тіркесімділіктің фонетикаға қатысы;
- 4) фразеологиялық оралымның морфологиямен байланысы сияқты мәселелер .

Фразеологизм оралымы мәнмәтінде, сөйлем ішінде анықталады. Оралым мен фразеологизм байланысы мағыналық әрі синтаксистік бірлікте болуы тиіс. Олар синтаксистік бірлікте болу үшін белгілі тәсілдер арқылы байланысуы керек.

Фразеологизмдер қолданысында өзінің алдында, немесе, соңындағы сөздерді өзіне ыңғайлап, белгілі бір шеңберлі топ құрайды. Сөздер де мағына жағынан фразеологизмдерге икемделе жақындай түседі. Фразеологизмдер өзін қоршап тұрған еркін тіркеспен мағынасы, синтаксистік байланысы жағынан да жымдасып жатады.

Тіркесім мен оның оралымы арасындағы объективті қатынастан фразеологияның нысаны анықталады, сондай-ақ осы байланыстағы фразеологиялық тіркестердің түрлері басқа да барлық тіркестерге

қарама-қарсы сипатталады. Фразеологизмдердің оралымы басқа тілдік элементтермен тіркесімділігі негізінде пайда болады.

Лексика-фразеологиялық тіркесімділік ұғымы валенттілік ұғымымен байланысты. Валенттілік – сөздің басқа да сөздермен, сөз тіркестерімен, фразеологиялық тұлғалармен синтаксистік байланысқа түсуі. Фразеологизмдер өзара бір бірімен қатар тұрып, тіркесімділік құрмайды, олар тек сөйлем ішінде қатар келсе, бірыңғай мүшелердің қызметін атқарады.

Мысалы:

- *Кісі бетіне тіктеп қарауды білмейтін ұялшақ Кіші Ханымның бұл келісі тегін келіс емес, ол не де болса, **жанын шүберекке түйіп, нар тәуекелге бел буып** келіп отыр.* (Ә.Кекілбаев).
- *Мұны естіген соң-ақ Құрман **етін сыртына теуіп, зәрін шашып, Жақсылықты әсер-көкке сыйғызбайтын** болып, әке-бабасынан бері қарай боқтай бастады.* (М.Әуезов).

Фразеологизмдердің валенттілігі мәнмәтінде басқа сөздермен тіркесімділігінде анықталады. Тұрақты тіркестердің лексика-семантикалық синтагматикасы шындық ортамен, сөйлеу жағдаятымен байланысты. Фразеологизмдердің «жаны» – сөйлеу жағдаяты.

Сонымен, «Фразеологияның синтагматикалық аспектісіне тұрақты тіркестердің тіл бірлігімен заттық, ұғымдық, коннотаттық, эмпирикалық, факультативті, селективті мағыналық бөліктерінің бір-бірімен үйлесіп келу нормалары жатады» (Ғ.Хасанов. 363).

Синтагматикалық қатынас полисемияда өз ықпалын күшті дәрежеде ұстайды.

А.Киклевич көпмағыналылықты тілдік жүйенің құбылысы ретінде полисемия деп, ал сөйлеудегі (речь) құбылысты диасемия деп қарастырады. (2007:97).



## 5.7 Диалектілік фразеологизмдер\*

Жалпыхалықтық тілде кездесетін диалект сөздер сияқты қазақ тілінің фразеологиялық қорында диалектілік тұрақты тіркестер бар. Диалект сөздер сияқты диалектілік фразеологизмдер де жалпыхалықтық емес, тек жергілікті белгілі бір аймақта ғана қолданылатын тұрақты тіркестер. Әдеби тілдегі фразеологизмдер көпшілікке түсінікті және сол тілде сөйлейтін барлық қауымның қолданысында жиі кездеседі. Ал диалектілік фразеологизмдердің қолдану аясы шектеулі келеді, тіпті саны жағынан алғанда да шағын.

Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктері туралы алғашқы зерттеушілер Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, Ж.Досқараевтардың еңбектерінде диалектілік тұрақты тіркестер туралы пікірлер кездеседі. Ал кейін, Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков т.б аймақтық лексикамен қатар диалектілік тіркестердің сөздігіне көптеген мысалдар жинақтаған. Жергілікті, аймақтық тілдік ерекшеліктердің арасында ұшырасатын тұрақты тіркестер жөнінде арнайы жеке еңбектерде қарастырылған. Мәселен, шетелде тұратын қазақтар диаспорасының тілдік ерекшеліктері туралы Т.Айдаров (Өзбекстан қазақтарының тілдік ерекшеліктері), Б.Базылхан (Монғолиядағы қазақтардың тілі), Ә.Нұрмағанбетов (Түркіменстандағы қазақтардың тілі), С.Мұстафаұлы (Қытайдағы қазақтардың тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер) т.б. зерттеу жүргізілген. Ал Қазақстанның өз территориясының әр аймақ, облыстағы диалект мен говорлар туралы жазылған көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жарыққа шыққан. Мысалы, Қазақ тілінің Қызылорда говоры (Ш.Бектұров), Қостанай қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер (Байжолов Ә), Семей, Шығыс Қазақстан облыстарындағы қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер (Болатов Ж.) т.б. Осы аталған мәліметтер ішінде С.Мұстафаұлының зерттеу еңбегі (2002 ж. қорғалған диссертация) тек диалектілік фразеологизмдерді арнайы қарастыруымен құнды.

Ал қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты тіркестердің лексика-семантикалық және құрылымдық сипаты туралы жүйелі зерттеудің (А.Қалыбаева) нәтижесінде диалектілік фразеологизмдердің өзіндік белгілері мен құрылым-құрылысының ерекшеліктері анықталды.

Тұрақты тіркестерге тән белгілері мен түрлері диалектілік фра-

\*Осы тарауда қарастырылғанымен, синтагмалық қатынастарға жатпайды

зеологизмдерге де қатысты. Олардың да мағына тұтастығы, қолдану тұрақтылығы мен тіркес тиянақтылығы сақталып, фразеологиялық тұтастық, бірлік, тізбек сияқты түрлері бар. Семантикалық парадигмалары да ұқсас. Алайда диалектілік фразеологизмдер әдеби тілдегі тұрақты тіркестерден компоненттер құрамындағы сөздері арқылы және мағынасы жағынан ерекшеленеді.

Қазақ тілінің аймақтық лексикасы туралы Қазақ диалектологтары Ш.Сарыбаев, О.Нақысбеков талдауларының ішінде диалектілік тіркестердің мынадай ерекшеліктерін көрсетеді:

➤ Говордағы көптеген сөз тіркестерінің құрамында әдеби тілде жоқ сөздер кездеседі. Ол сөздердің өзді-өзінің тіркесуі арқылы да, әдеби тілдегі белгілі сөздермен тіркесуі арқылы да бұрын белгісіз сөз тіркестері жасалған.

Мысалы: *Күсәнә қылу* – сықақ ету, *зыбан ұру* – әлек салу.

➤ Сөздердің мағыналық жағына байланысты құрамындағы сөздер әдеби тілде бар, бірақ олар әдеби тілде бір-бірімен тіркесіп айтылмайды.

Мысалы: *жан созу* – жанталасу, *дыбысты адам* – атақты адам.

➤ Говордағы тіркестердің енді бір тобы әдеби тілде еркін тіркес болса, ал говорда синтаксистік түйдек түрінде тұрақты тіркес болып келеді.

Мысалы: *шетіне шығу* – асып туған, *жүзі жапырылу* – жүзі шыдамау.

➤ Говорлардағы бірқатар тіркестердің әдеби тілдегі баламаларымен салыстырғанда құрамы ықшамдалып отырады.

Мысалы: *барымта ұстау* – барымта қылып ұстау, *міндет білу* – міндет деп білу.

Диалектілік фразеологизмдердің компоненттер құрылымы жалпылықтық және диалектілік сөздерден тұрады. Осылардың негізінде жасалатын тұрақты тіркестер диалектілік фразеологизмнің қорын құрайды. Диалектілік фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы көпшілікке бірдей түсінікті болмағандықтан, тұлғасы мен құрылымы кейде күрделі сөздерге, жай тіркестерге ұқсап тұрады. Мұндай жағдайда оларды ажы-

рату үшін тілдегі тұрақты тіркестерді фразеологизм деп тану үшін қойылатын талаптар сияқты алдымен олардың беретін мағыналарының бейнелілігіне және диалектілік фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығына, даяр қалпында қолданылатын ерекшеліктеріне назар аудару қажет.

Мысалы, шайдың түрі мен дайындалуына қатысты берілген диалектілік атаулар:

**бордақ шай** – *сүтсіз шай,*

**бордама шай, қайырылған шай** – *ұнды майға қуырып алған соң, үстіне қара шай құйылып дайындаған тағам.*

Әрине, бұларда ешбір бейнелілік жоқ, тек атау бар. Ал мына тіркестермен :

**Күн алу** – *рұхсат алу*

**Базар күні** – *демалыс күні*

**Сүт қозы** – *кенже туған қозы т.б.*

Және кәсіби лексикамен:

**боз жер** – *тың жер, бау арық, желке арық* (арықтың түрлері) салыстырғанда:

**Құйрық суын үзбеу** – *арықтамау*

**Жиде қағып шығу** – *тоңып шығу*

**Тірсек сөз** – *қыңыр сөз*

**Ақ үйлі болып кету** – *азып-тозып кету*

**Сезім қыдырту** – *ұнату, көңілі ауу*

**Қалпақ кию** – *кінәлі болу*

**Битке пышақ суыру** – *болысмыз нәрсеге ашулану т.б.*

диалектілік фразеологизмдерге бейнелілік және құбылысқа қатысты адресанттың өзіндік көзқарасы, оқиғаны сипаттау барысындағы эмоционалдық пен экспрессивтілік тән.

Әдеби тілдегі фразеологизмдер сияқты диалектілік тұрақты тіркестердің тақырыптық-семантикалық топтары ұқсас. Тілдік дерек-

тер ретінде жинастырылған, сөздіктерде тіркелеген фразеологизмдер адам, оның тұрмыс тіршілігін, өмір сүру ерекшеліктеріндегі салт-дәстүр, психикалық жай-күйін және басқа ұлттардан ерекшелендіретін менталдық болмысын көрсетеді.

Жалпы диалектілік фразеологизмдер тілде өмір сүре беретін құбылыс. Алайда олардың әдеби тілге енуі, тұрақталып қалуы қиын. Жазушылар, қаламгерлер әдетте көркем шығармада, мәселен, кейіпкер тілінде белгілі бір стильдік мақсатпен ғана қолданады. Онда да ауызекі сөйлеу стилінің аясында жергілікті тіл ерекшелігі ретінде көрінеді. Шығармада бастан аяқ диалектілік лексика мен тіркестердің орын алуы көркем дүниенің тілі шұрайлы екен деуге келмейтін, керісінше автордың кемшілігі ретінде танылады. Диалектілік тіркестердің кейде бұқаралық ақпарт құралдарында да жиі кездесетіндігі байқалады. Алайда әдеби тіл нормасы қашанда тіл тазалығын жоғары қояды.

## 6 ТАРАУ

### Әлемнің фразеологиялық бейнесіндегі ұлттық ерекшеліктер

---

Қазақ этносының әлем туралы: дүниенің төрт бұрышы, дүниенің тұтқасын ұстау, сегіз киыр шартарап, түпсіз дүние т.б. түсініктер қалыптасқан. Адамдардың өмір бойы қоршаған орта, тұрмыс-тіршілігі, күн-көріс мәдениеті, яғни дүние туралы жинаған білімі мен тәжірибесі оның танымында әлем суреті ретінде көрінеді. Әлем суреті тұлғаның барлық өмірлік ұстанымына әсер етеді: адамның шындық болмысқа қатысын анықтайды, мінез-құлық, жүріс-тұрысын қалыпқа салады, бүкіл құндылықтар жүйесінің қалыптасуына ықпал етеді, жеке тұлғаның өзін-өзі меңгеру тәсілдерін орнықтырады.

Әлем суреті – жалпы философиялық мағынада адамның бүкіл әлем туралы, әлемді тану туралы меңгерген білімдер жиынтығы. Индивидтің өмірлік әрекеттерінде әлемді өзіндік қабылдау жолдары туралы ой қорытуы қазіргі ғылымда семиотикалық, мәдениеттану, лингвистикалық және лингвомәдени талдауларды қажет етеді.

Әр халықтың қабылдау, ойлау, мінез-құлық, эмоция жүйесі әр түрлі. Когнитивтік категориялар адамның ойлау жүйесімен бірге жаратылмайды. Олар тек тіл арқылы адамның түрлі мәдениетке бейімделуінен қалыптаса бастайды. Мысалы, өмір сүру, күн көру тәжірибесі төрттүлік малға байланысты болса, когнитивтік білім сол негізде жинақтала бастайды. Сондықтан да, антропологиялық мәдениетті жақтаушылар адамдардың мәдени танымына қарай тілде ғана когнитивтік категориялар өмір сүретінін айтады.

Әр халықтың ұлттық ерекшеліктерін талдау басқалармен тек салыстыра талдау арқылы білуге болады. Әр этностың өз ұлттық бейнесі болатындықтан, әр этномәдени ортақтық тілдік ортаның ерекшелігін көрсетеді. Тілдік орта (тілдің өмір сүру ортасы) терминіне Э.Сепир географиялық және әлеуметтік факторларды (дін, мораль, қоғамның саяси ұйымдасу формалары, өнер) жатқызады [Сепир Э., 1993, 270-274].

Тіл алдымен қатынас құралы және адамдардың тіршілік ету ортасы болғандықтан, әлемнің тілдік суретін адамдардың өзара қатысымдық мақсаттарына қарай, дүниеге көзқарасын, қарым-қатынас өрістерін және

сөйлеу әрекеттерін жанды сөйлеу тіліне негізделген мәтінсіз, көркем әдебиетсіз, түрлі стильдегі ақпараттарсыз зерттеу мүмкін емес.

Әлемнің фразеологиялық бейнесінде ақиқат болмыстың тек қана рационалды ақпараттар ғана емес, эмоционалдыққа ие ақпараттар да болады. Бұлай болуы заңды да. Фразеологизмдерде бағалауыштық сипат басым. Фразеологизмдер құбылыстар мен заттардың әрекеті мен жағдайын ғана емес халық рухын, менталитетін, әлемді танудағы тарихи-мәдени тәжірибелерін бейнелі түрде сипаттайды. Бұл әлемнің фразеологиялық бейнесінің тілдік жүйедегі лексикалық, грамматикалық компоненттерге қарағанда ерекшелігі.

Әлемнің фразеологиялық бейнесі әр тілде әр түрлі үзіктермен сипатталады. Тілдік көріністегі дүниенің кез келген құбылысы, әрекеті фразеологиялық тіркестерге айнала бермейді.

Жалпы адамзаттық символдармен қатар, әлемді танудың идиоэтникалық айырмашылықтарын көрсететін әр халықтың ұлттық ерекшелікке ие символдары кездеседі. Халық танымында лингвомәдени символдар іріктеле келе, ақпараттық мәнге ие болады. Бұлар этномәдени бірліктегі маңызды жағдаяттарда халық психологиясымен, оның тұрмыс қалпымен, мәдениетімен, көпғасырлық дәстүрлерімен орайлас келіп отырады.

Әр халықтың әлеуметтік тұрмыс тіршілігі мен өмір сүру дағдылары және жеке индивидтердің бүкіл болмысы тілде көрініс табады. Қоғамдық білімдердің ғылыми парадигмалары ортаны танып білудегі адамның іс әрекетін ең басты орынға қоюы тілді зерттеудің антропоцентрлік, адамдық факторды әлемнің тілдегі көрінісіне қатысы арқылы талдау жүзеге асырылады. Демек фразеологизмдердің тақырыптық-семантикалық топтары тек адамдардың іс әрекеттеріне байланысты жүйеленеді.

### **6.1. Фразеологизмдердің тақырыптық-семантикалық топтары, тірек сөздер**

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің пайда болуына алдымен оның тұрмыс тіршілігі әсер етеді. Әр ұлттың өзіне тән өмір сүру, тіршілік ету, рухани құндылықтарына қарай қызмет ететін сөздері тұрақты тіркес құрамында да кездеседі. Бірақ барлық сөздер фразеологизмге ұйытқы, тірек сөз болмайды. Фразеологизмдердің құрылым-құрылысында,

мәселен, қазақтардың төрт түлік малға негізделген күн көру, өмір сүру қағидалары, салт-дәстүріне көбінесе тек ұлттық мәдени тіршілігіне қатысты суреттерден (фрейм, сценарийлер) хабар беретін лексемалар ұйытқы болады. Фразеологизмдердің жасалу жолдары адамдардың күнделікті көріп жүрген жағдаяттары (ситуация) мен құбылыстарға байланысты. Тұрақты тіркестің құрамындағы барлық сөздер емес, тек бір жеке сөздің тірек немесе ұйытқы болуы адамдардың ең назар аударған дағдылы іс-әрекетіне қатысты сөз ғана тіліне оралады.

### **Қазақ тіліндегі соматизмдердің фразеологизм жасаудағы қызметі**

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын тірек сөздердің ішінде ең көбі адамның дене мүшелерінің атаулары – соматизмдер. Бұл тек қазақ тілінде ғана емес, жалпы тіл-тілде кездесетін ортақ ерекшелік. Демек адамдар өзінің іс-әрекетінде неғұрлым жете танып білген заттар мен құбылыстардың қасиетін ұзақ уақыт бойы бақылай жүріп, солардың ерекшеліктерінен жинақтаған өмірлік тәжірибелеріне сүйеніп түрлі қорытындылар жасау дағдысын меңгереді. Осыдан пайда болған, салыстырулар, ұқсата отырып жаңа ұғым туғызу, өзі білетін ежелгі атауға тағы да басқа мағына үстеу, оны тілдік қатысым әрекетінде ауыспалы мағынада жеткізу сияқты қатынас құралының қызметіне косымша бейнелілік туғызады.

Бұл ретте адамдардың өз-болмыс табиғи жаратылысы дене мүшелері атауларының фразеологизм жасаудағы ұйытқы немесе тірек сөз болуындағы қызметі ерекше. Бұл, әрине, кездейсоқ емес. Өйткені адам жансызға жан бітіретін саналы тіршілік иесі ретінде алдымен өзіне таныс, дене мүшелерінің әбден үйреншікті дағдылы құбылысқа айналған қызметі мен қасиеттері ауыспалы косымша мағынаға ие болады. Олардың ішінде фразеологизмдер жасауда *көз, жүрек, қол, бас, ауыз, бет, қан, иш, тіл* лексемалары басты орында. Бұлардың барлығы көзге көрінетін сыртқы бөлшектер. Ал көзге көрінбейтін ішкі ағзалар да фразеологизм жасауға қабілетті. Жалпы соматикалық процестердің /дене мүшелерінің жай-күйі, динамикалық сипаты т.б./ барлығы тірек сөз бола бермейді. Қазақ тілінің он томдық түсіндірмелі сөздігінде бұлардың әрқайсысы Ә.Болғанбаевтың есебімен жүзден бес жүзге дейін фразеологизмдерді жасауға ұйытқы болған. Және мынадай қызық деректерді келтіреді:

📖 Саны жағынан болсын, фразеологизмдердің байлығы жағынан да анатомиялық атаулардың ішіндегі ең байы – **бас мүшелері** екендігі белгілі болды. Бас мүшелеріне қатысты тұрақты тіркестер бүкіл дене мүшелеріне қатысты фразеологизмдердің **45 пайызын** қамтитындығын айқындадық. Фразеологизмдердің саны жағынан екінші орында ішкі мүшелері алады. Бұлар анатомиялық атауларға қатысты фразеологизмдердің **бестен біріне** жуығын қамтиды. Сөз саны жағынан да, тұрақты тіркестердің көлемі жағынан болсын, ең шағыны **қол мүшелері** екендігі анықталды. [Болғанбаев, 1989, 121 б.].

Қазақ тіліндегі соматикалық фразеологизмдердің тақырыптық топтары әр алуан болып келеді. Бұл жөнінде соматикалық фразеологизмдерді төмендегідей топтастырылады:

➤ Әлеуметтік өмір мен қоғамдық қарым-қатынасқа байланысты: *қолы ұзын, беттің арын бес төгу, шаш ал десе бас алу, тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кету.*

➤ Адамдардың жеке өз басына және қарым-қатынасына байланысты: *мұрнын көкке көтеру, бүйрегі бұру, қол ұшын жалғау, төбесі көкке жеткендей /қуану/.*

➤ Салт-дәстүр, әдет ғұрып, наным-сенімге байланысты: *мойнына бұршақ салу, бой жасау, шыбын жаны көзіне көріну.*

➤ Халық медицинасына байланысты: *көз тию, мұрттай ұшу, басының сақинасы ұстау.*

➤ Адамның психикалық, физиологиялық т.б жай күйіне қатысты: *қабырғасы қайысу, жігері құм болу, құлағының құрышы қану, жылы қабақ таныту, .*

➤ Халықтық өлшемге қатысты: *көз ұшынан көріну, көзді ашып жұмғаниша, қас пен көздің арасында, арқаны кеңге салу, қарыс табан.*

➤ Табиғи қажеттіліктерді өтеуге қатысты: *ақ ауыз қылу, ас ауыз тию, аузына су тамызу, жүрегі қараю, қарны ашу, аш өзегіне түсу.*

➤ Алғыс-қарғыс және тілек мәнді: *тілің кесілгір, жағына жылан жұмыртқалағыр, жағың түскенше жаманшылық көрме, құдай қолыңа қуат берсін, көзайым болу.*

Соматикалық фразеологизмдердің семантикалық топтары есім және етістік мәндегі тіркестерден құралған.



## Тірек сөз – төрт түлік мал атаулары және үй хайуандары

Қазақтардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті төрт түлік, мал шаруашылығына қарай қалыптасқан. Ішсе тамақ, кесе киім болған төрт түліктің кез келген ұлттың күн көрісіндегі алатын орны ерекше. Ал оның тұрақты тіркестер жасаудағы белсенділігі, әсіресе, қазақ тіліндегі фразеологизмдерден анық көрінеді. Қазақ фразеологизмдерінің қоры ұлттың рухани құндылығы ретінде ерекшеленеді.

Төрт түлік атаулары – қой, жылқы, сиыр, түйенің фразеологиялық деректер арасында ең жиі әрі өнімді жұмсалатыны – қой малы. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) қозы сөзі ұйытқы болған 8 тіркес, қой сөзімен 25 фразеологиялық тіркес келтірілген.

**ҚОЙ** малы ірі қарадай емес, көптігімен, жұмсайтын қажеттілігіне ыңғайлығымен бағаланған. *Асау тайдай* дейтін сияқты *асау қойдай* деген тіркес жоқ. Қайда айдаса жүре беретін жуастығы мен момындығы адамның іс-әрекеті мен мінез құлқын сипаттауға негіз болған. Мысалы:

*жуастығы қойдай  
қойдан қоңыр  
жылқыдан торы, қойдай қоңыр  
қой мінез қой аузынан шөп алмас  
қой үстіне бозторғай жұмыртақпаған кез*

сияқты бейнеліліктің иесі. «Тұсақ қой түстен кейін маңырайды» деген мақалда да момындықтың сипаты бар.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер жылқыға қатысты атаулардың барлығын жан-жақты қамтиды. Ең көбі жиі қолданыстағы АТ, ЖЫЛҚЫ лексемаларына қатысты тұрақты тіркестер тобы. Түрлеріне байланысты айтылатын тіркестердің мағыналық, тақырыптық тобы әр алуан.

Қазақ тілінде **ЖЫЛҚЫ/АТ** сөзінен туынды сөздер, жүздеген фразеологизмдер, мақал-мәтелдер жасалған. Олардың дискурстық ерекшелігіне назар аударсақ, аталған ұғымдардың концептуалдануынан ұлттың мәдени өмірі, тұрмыс тіршілігі, ұлттық мінез-құлқы, сал-дәстүрі сияқты құндылықтар жүйесі қалыптасқандығын лингвоаксиологиялық талдаулар арқылы көз жеткіземіз.

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) жылқы – 5, ал ат сөзіне қатысты 90-ға жуық фразеологизм тіркелген.

«Түйе – салтанат, жылқы – мақтан, сиыр – қанағат, қой – қазына» деп бағалаған. Жылқы – мақтан болатын себебі, оны желден жаралған, ат үстінің желі бар деп дәріптейді. Ер жігіттің желдей ескен жүйрік атымен санатқа қосылуының өзі бір мәртебе. «Жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңейді» деген мақал да бекер айтылмаған.

Жылқы адамдардың тұрмысын жеңілдететін көлік әрі жұмыс күшіне лайық, дүние жүзінің ешбір тағамына айырбастамайтын еті мен қазы-қартасы, қымызы қазақ ұлтының мәдени өмірінің бөлшегіне айналған. Жалпы қазақ ұлты жылқына аса қастерлеген. Өйткені дүниеге қазақ ұлты өзін-өзі әйгілей алған болса, онда атақ осы жылқыға байланысты. Себебі, аңшылық, саятшылық, салт-дәстүрмен астарланған спорттық ойын түрлері (ыз куу, теңге алу, ат жарыс оның түрлері т.б.) және жігіттің жеті қазынасының бірі болуы, ат сынына қатысты сөздер мен, жасалған тіркестер, қамшыға қатысты айтылатын танымдық ойлар мен фразеологизмдер, тіпті адам – жылқы мінезді деген тұжырым т.с. ерекшеліктер жылқы малының төңірегіне топтасқан.

*Ат жалын тартып міну*

*Ат ер қанаты*

*Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше*

*Бес биенің сабасындай*

Тұрақты тіркестер мен фразеологизмдердегі мәдени ақпаратта қазақтың жықыға деген құрметі мен сүйсінуі, бағалауы, тіпті табынуы керемет. Ұлттың таным-түсінігіндегі ассоциацияға назар аударайық. Амандасса – *Ат-көлігің аман ба?* -деп сұрайды. Заттың көлеміне көңілі толмаса – *ат төбеліндей аз* деп қомсынады. Бір-бірімен танысып, табысса – *жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше*; Бірде жағымды, бірде жағымсыз мінездерін сыйпаттаса – *жылқы мінезді*; Бейтаныс адамның сырын тек жақындары ғана білсе – *аттың сыры иесіне мәлім*; Өсектесе – *ағаш атқа мінгізеді*; Ренжіп, қатты ашуланса – *ат құйрығын кесіседі*; Қатынаспай, көріспей қалса – *ат ізін салмады*; Бірге өссе – *құлын-тайдай тебісіп өскен*; Олжалы болса – *қанжығасы майланды*; *ат басындай алтын*; Кінәлі болса – *ат-шапан айып береді*; Күнде көріп жүрген

кісінің кім екеніне көзі жетпесе – *адам аласы – ішінде, жылқы аласы – сыртында*; Отбасылық өмірдің берекесі – *атың жақсы болса – бір бақыт, қатының жақсы болса – мың бақыт*; *Атың жақсы болса – бұл дүниенің пырағы, әйелің жақсы болса – үй-ішінің шырағы*; Ал *жігіттің де жігіті бар – азаматы бір бөлек, жүйріктің де //жылқының да // жылқысы бар// жүйрігі бар – қазанаты бір бөлек* жігіт тек азамат деген атқа лайық болсын дегені. Туыстар татулығы – *ағайын тату болса , ат көп, абысын тату болса ас көп*; Әйелдің толықтығы – *бес биенің сабасындай*; Мұндай мысалдардың көптігі тілдік деректер арқылы қазақ мәдениеті мен құндылықтар аясының тақырыптық, семантикалық өрістерінің жан-жақты әрі мазмұнды екендігін айғақтайды.

Қазақ тілінде ұйытқы сөз, тек АТ компонентімен жасалған мақал-мәтелдердің статистикасы санауды қажет ететін тіл байлығы. Мысалы, тек ат лексемасына қатысты ұғымдардың өзі тура және ауыспалы мағынасымен қоса жүзден астам.

Ауылы аралас, қойы қоралас, төскейде малы, төсекте басы бірге қырғыз бен қазақтың жылқы малына қатысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдері кейбір лексикалық, фонетикалық өзгешеліктер болмаса, мазмұны жағынан жақын, ұқсас. Ер жету, жігіт болы мағынасында **АТ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНУ//АТ ЖАЛЫН ТАРГУУ** **Чоноюу, эр жетүү, бойго жетүү**; **АТ ҚАРА ТІЛ БОЛҒАНДА** – ерте көктемде шыққан отқа жылқының аузы іліккен кез **//АТ ҚАРА ТИЛ БОЛҒОНДО //Жай келип, жылқы көккө тойгондо; АТҚА МІНЕР//АТКАМИНЕР** – екі тілде де пысық, белсенді адам. **АТ ТОКУР//АТ ҰСТАР** – дүниеге ұл бала келді.

**АТ ЖАЛЫНА КАЗАН АСУУ.** Жол жүрүп бара жатқанда ала жүргөн азы -гынан ат үстүндө тамактануу, өзөк жалгоо. Қазақ фразеологизмдерінің қорында бұл тіркес кездеспеді.

Жалпы жылқы мен қой атауларының тірек сөз болған фразеологизмдерінің мағынасы көбінесе жағымды мағынада қалыптасқан.

Ал **ТҮЙЕ** жұмыс күші және азық көзі болса да және сандық жағынан әр аймақта әр түрлі, әр қазақтың отбасына бір-бір түйеден болмағандығын ескерсек сол ортаның тілдегі суреті жұтаң екендігі байқалады.

*Сөзі түйеден түскендей*

*Түйе үстінен сирақ үйтіп*

*Көрмес түйені көрмес  
Түйе бойына сеніп құр қалыпты  
Ақ түйенің қарны жарылғандай  
Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресін*

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) 20 шақты фразеологизм тіркелген.

**СИЫР** малы да солай, алайда әр қазақтың шаңырағында сиыр болмаса күн көріс мүлде қиын. Соған қарамастан бұл түліктің фразеологизм жасаудағы үлесі өте төмен. Сиыр сөзі ұйытқы болған фразеологизмдер некен-саяқ. Бұл мысалдар төрт түлік малдың адамдар күн көрісінде соншалықты маңызына қарамастан, тірлік болмысына қаншалықты қатысына қарай енші алған.

Бірен-саран, мысалы:

*Сиыр сипағанда білмейді.  
Сиырдың тіліндей  
Сиырға жабу жапқандай  
Сиыр бүйрегіндей бытырау*

Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде (1977) 10 шақты тіркес бар.

Қазақ және монғол тілдеріндегі фразеологизмдерге салыстырмалы зерттеу жүргізген Г. Сағидолдақызы: «**сиыр бүйректену**» қазақ үшін **ынтымақсыздықты, береке-бірліктің жоқтығын білдірсе**, монғол үшін сиырдың бүйрегіндей (**үхрийн бөөр шиг**) болу – **арадан қыл өтпес тату болу** деген сөз. ... **Сиыр бүйректену** дегенде қазақ «сиыр бүйрегіннің бунақтала бөлшектеніп тұратын сыртқы түрін» маңызды деп тауып, «**ынтымақсыз**», «**береке-бірлігі жоқ**» ағайын туманың ара қатынастарындағы «жайсыз сызаттар ізін» бейнелеуге белгі етіп алған болса, монғолдар «сиыр бүйрегіндегі сызаттарға қарамастан, оның «бір бүтін орган» екендігіне айырықша мән беріп, «**арадан қыл өтпес тату**» мағынасын беретін **үхрийн бөөр шиг** туынды атауын жасауда бірінші орынға қойған болуы керек» дейді [2003, 206 б.].

Мал атауларының ішінде **ЕШКІ** де жағымсыз мағынадағы тіркестердің иесі:

*ешкі көздену – алара, тікірейіп қарау  
ит қуған ешкідей – қорқу, зәресі ұшу  
ит көрген ешкі көзденіп- үрейленіп, үртііп қалу*

*ешкіні құйрығы көкке, түйені құйрығы жерге жету – мүмкін емес нәрсе*

*ешкінің асығындай – көзге қораш көрінетін кішкентай ғана ешкі болсын теке болсын, балаларға сүт болсын – не болса сол болсын пайдасы тисе болды деген мағынада;*

Сөз ретінде айта кету керек, бергін келе төрт түлік малдан басқа тұрмыс жағдайлардың ішінде *ит, мысық, тауық* сияқты үй жануарларының да аттары фразеологизмдер компоненттерінің құрамында бар. Бұлар тіркестердің тірек сөздері ретінде белгілі бір орны бар. Бірақ көбінесе барлығы жағымсыз мағынадағы фразеологизмдер.

**ИТ\*** – қазақтар мәдениетінде жеті қазынаның бірі. Адамдар өмірінде ит серік, дос ретінде құрметтеледі. Аңыз бойынша Адам жұмақтан қуылып жерге түскен соң, тіршілік ету үшін мал ұстайды. Мал мен үй жайың күзетуге, әрі аңға барғанда сенімді серік етуге итті алғаш рет қолға үйретеді. Және ғылымда иттің екі миллионға жуық иісті ажырататындығы туралы дерек бар. Бұл хайуанаттың осыншалықты пайдалы қасиеттеріне карамастан қазақ тіліндегі ит сөзі ұйытқы болған фразеологизмдердің біре-саран болмаса (ит көйлек, ит басына іркіт төгілу, ит жүгіртіп құс салу, т.б.) барлығы жағымсыз мәнде қалыптасқан. Мысалы:

*Ит байласа тұрғысыз  
Ит жанды  
Ит кемірген асықтай  
Иттей қылу  
Ит терісін басына қаптау  
Ит етінен жек көру  
Ит қорлық көру /көрсету/  
Итін шығару  
Иттің құлы итақай  
Ит тиген күшіктей т.б.*

«Қазақ тілінде ит семасымен байланысты І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігі, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі мен көркем

\* Қазақ тілінде **ит** лексемасына қатысты қорғалған кандидаттық диссертация бар. Қараңыз: С.Бектемірова. «Қазақ тіліндегі киноморфизмдер» (2005)

шығармалардан жиналған, сонымен бірге сөздіктерде берілмеген жеті жүзге жуық тілдік бірліктерді жинастырсақ, солардың ішіндегі ең ауқымдысы – фразеологизмдер» деп көрсетеді С.Бектемірова [2004, 71 б.].

**МЫСЫҚ** туралы айтпас бұрын алдымен аңыз еске түседі. Ертеде Адам ата мен Хауа ана жұмақтан қуылып жерге түскенде үй жануарлары бірінен соң бірі келіп, өз көмектерін ұсынып, бірге тұру туралы адамдардан келісімін сұрайды. Алдымен ат келеді: мінсең көлігің боламын, ауыр жұмыстарыңды істеп беремін, бірге тұрайық дейді. Содан сиыр келеді: саусаң сүтім бар, жесең етім мен майым бар, бірге тұрайық дейді. Енді қой келеді, бірге тұрайық, жүнімнен киім киесің, етімді жейсің. Соңынан ит келеді. Малдарың мен үйінді күзетемін, аңға бірге шығамын, кел, бірге тұрайық дейді. Аңыз бойынша адамдарға иттен кейін келіп, үйінде тышқан аулаймын, баланды құйрығыммен ойнатып алдандырамын, бірге тұрайық дейді. Бірақ мен қай кезде келемін, кетемін өзім білемін деп өз шартын қойған содан «кошка, которая гуляет сама по себе» деген сөз қалған деседі. Мысық туралы аңыз, әңгімелер көп болғанымен, қазақ тілінде ең аз фразеологизмдер осы хайуанатқа қатысты жасалған.

Мысалы:

*Мысық тілеу – ниеті жаман адам*

*Мысық табан – байқатпай, сездірмей жүру*

*Ит пен мысықтай – өш, араз*

**ТАУЫҚ, ҮЙРЕК, ҚАЗ** көшпелі тіршілікте болмаған, кейін отырықшы кезде ғана қолға ұстаған. Үй құстарын өсіру қазақ мәдениетінде кейіннен қалыптасқан шаруашылықтың түрі. Татар, башқұрт тілдерінде тауық, үйрек, қаз фразеологизмдерге ұйытқы сөз ретінде көптеген тіркестерді құрайды. Бір қызығы «тауық» сөзінің түркі тілдеріндегі коннотациясы көбінесе жағымсыз реңкте фразеологиялық тіркестер мен мақал-мәтелдерде кездеседі.

Қазақ тілінде:

*тауықтың миындай* – ақылы аз

*суға түскен тауықтай* – бейшара, аянышты хал

*соқыр тауыққа бәрі жем/бидай/* – білмеген адамға бәрі бірдей

Татар тілінде:

*Тавык йөрәк* – қорқақ

*Тавык баш* – ақылсыз, тауықтың миындай

*Тавык тәшәна тары керә, ашамаса тагы керә* – дәмету

Қазақ тілінде «үйрек ұшып, қаз қонған» – молшылық, «қаздай қалқу» -еркін жүру т.б. сияқты бірен-саран ғана тіркестер бар.

### **Аспан денелері ұйытқы болған фразеологизмдер**

Адамдар үшін қоршаған ортаның бірі – құпиясы мол аспан әлемі. Сансыз жұлдыздарды қазақтар аспан шырақтары деп бейнелі атаған. Аспан сырын білуге ұмтылған көшпелі қазақтар өздерінің тұрмыс-тіршілігі үшін космоним ерекшеліктерін ауа райын болжауға, жер тараптарын білуге, уақытты белгілеуге пайдаланды. Олардың мұндай халықтық танымдары қазақ тілінде жеке лексикалық бірліктер атауынан және фразеологизмдер, мақал-мәтелдерден көрініс тапты. Қазақ тілі сөз байлығының тағы бір қабаты осы аспан денелерінің атаулары мен соған қатысты туған тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелдерден тұрады.

Мәселен, жеке жұлдыздар атауы Темірқазық, Сүмбіле, Жеті қарақшы, Ақбозат, Үркер т.б. космонимдер ұйытқы болған аңыз-әңгімелер халық арасына кең тараған.

Ал халықтық космонимдерге байланысты *ай қорғалау, ай қараңғысы, туар айдың жаңасы, туар ай, күн ұзарту, күн қайыру, күн теңелу, күн тоқырау, темірқазық жасану* т.б. тұрақты тіркестерде ұлттың таным түсінігі жатыр.

**Ай қорғалау** – айдың толуы мен кему сәтін бейнелейтін тіркес. Ал арғы түбіндегі аңыз бойынша Күн ме Ай екеуі де сұлу қыз болған. Ай өзінің сұлулығын айтып мақтанғанда Күн қызғаныштан Айдың бетін тырнап алып, дақ түсірген. Содан бастап айдың бетінде дақ қалған деседі. Күнге жақындаған сәтте Ай қорғалап, бетін жасырады, кемиді. Ал Күннен алыстағанда керісінше мақтанып, бетін жасырмай түгел көрсетеді-мыс. Осы аңыз негізінде **бетін айдай қылу**, қарғыс мәндегі **бетін айдай болғыр** деген тіркестер жасалған.

**Ай қараңғысы** – ай туғанға дейінгі түн мезгілі. **Ай тастай қараңғы, көзге түрткісіз** деген мағыналас тіркестер бар.

**Туар айдың жаңасы** немесе **айдың жаңасы** – жаңа айдың алғашқы күндері.

**Күн ұзару** – күндізгі жарық мезгілінің көбейіп, ұзара бастауы.

**Күннің теңелуі** – желтоқсан айының соңғы аптасында (22 күні) күн мен түннің бірдей уақыт, яғни әрқайсының 12 сағаттан болып теңелуі айтады.

**Темірқазық жастану** – басын қауіп қатерге тігу деген мағынада.

Қу толағай бастанбай,  
*Темірқазық жастанбай*  
Ерлердің ісі бтер ме?

Аспан денелеріне қатысты жасалған фразеологизмдерді талдағанда әрқайсының астарында халықтық, ұғым, түсінікке негізделген және сан ғасырлар бойы әбден тексерілген өмір сүру, күн көру тәжірибелерінің негізінде пайда болған еркін тіркестерден ауыспалы мағынаға көшіп, тұрақтала келе, фразеологизмдер аталғанына назар аудару керек.

## 6.2 Түркі фразеологиясының мәселелері

Ғасырлар тоғысында әлем назары батыстан шығысқа бағытталған кезде «түркі әлемі» деген тіркестің мағыналық қолданысының саяси-мәдени ақпары мен астары бұрынғыдан да тереңдеп, тарихи аренада өзіндік болмысын жан-жақты таныта бастады.

Өткен XX ғасырдың соңғы он жылы түркі дүниесінің рухани түгенделуінің басталуымен ерекшеленді. Қазақстан мемлекетінің егемендік алуы және Орта Азиядағы басқа да түркі тектес халықтардың – өзбек пен түркімен, тәжік және қырғыздардың дербес мемлекет болуы, сондай-ақ, башқұрт, татар, саха т.б. ұлттық сана биігіне ұмтылуы түркі халықтарының көне тарихына қатысты мәдени құндылықтарды қайтадан зерделеуге мәжбүр етті.

1993 ж. 12 шілдеде Алматыда «Түріксой» – түркі халықтарының өнері мен мәдениетін дамытуға ықпал жасайтын халықаралық ұйым құрылғаны бері де отыз жылға таяп қалды. Түркі тектес халықтар мемлекеті мүше болған (Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Түрікменстан, Татарстан, Башқортостан және Солтүстік Кипр Түрік мемлекеттері) ұйым мәдени байланыс саласында бірлесе, бір



мүддеде «түбі бір түркі әлемін» тұтастыру үшін жұмыла іске кіріскен еді.

Халықаралық ұйымның негізгі мақсаты мен міндеттерін туралы айтылған деректерге назар аударсақ, онда күні бүгінге дейін атқарылған игі істердің тіл мәселесіне соқпай кететін тұстары некен-саяқ екенін байқауға болады.

Мәселен, жүргізіліп келе жатқан іс-шараларды саралап көрсек, «Түріксойдың» негізгі мақсатына орай:

- ✓ түркі тілдес мемлекеттердің және халықтар мен қауымдардың мәдениет пен өнер саласындағы мәдениетін дамыту;
- ✓ түркі әлемінің мәдени құндылықтарын тану, зерттеу, сақтау және толықтыру, оларды әлемдік кеңістікте насихаттау;
- ✓ тарихи, саяси және географиялық жағдай салдарынан әлсіреген байланысты дамыту;
- ✓ ортақ мәдени кеңістік қалыптастыру; түркі әлемінің ортақ мәдени құндылықтарын, тарихи, мәдени ескерткіштерін анықтау және жүйелеу;
- ✓ түркі халықтарының ұлттық мәдениеттерінің дамуына ықпал ету, олардың тума, табиғи ерекшеліктерін сақтау;
- ✓ түбі бір түркі тілдерін жақындастыру;
- ✓ тұтас тілдік орта қалыптастыру, ортақ әліпби жасау, латын графикасына көшу мәселелерін қолға алу;
- ✓ гуманитарлық салада әлемдік интеграциялық үдерістерді ескере отырып, түркі тілдері мен мәдениетінің қуат-күшін жасөспірімдерге тәрбие беру ісін де көрсету;
- ✓ түркі тілдес мемлекеттердің мәдениеті мен өнері жөнінде халықаралық ақпарат орталығын құру, т.б.

Жоғарыда біз санамалап көрсеткен атқарылып жатқан шаралар астарында түркі тілдес халықтардың бір кездегі ортақ менталдық кеңістіктен өріс алып тараған ұлттық ерекшеліктерінің қалыптасқандығы байқалады. Сол ерекшеліктерге талдау жүргізгенде түркі әлемі бейнесінің концептуалдану жүйесін кім қалай қалыптастырды деген мәселе бой көтереді. Әсіресе, тарихи, саяси және географиялық жағдай салдарынан әлсіреген байланысты дамыту арқылы түбі бір түркі тілдерін жақындастыру

және тұтас тілдік орта қалыптастыру, ортақ әліпби жасау сияқты мәселелердің уақыт өткен сайын қажеттігі айқындалып келеді.

«Түркі әлемі» тіркесінің тілдік репрезентациясы ары қарай тілтанымдық мәселелердің көптеген сауалдарын алға тартады. Себебі «түбі бір түркілердің» о баста бастау алған мәдени бұлақ көздерінен таралаған өзендер «түркі әлемі» дейтін алып мұхитқа ұласты. Әлемдік өркениеттен өзіндік орнын алып, енді осы ХХІ ғасыр «түркілер ғасыры» деген атқа лайық игі істерді игеруге ден қойды.

Кез келген ұлттың өткен өмірі мен басынан кешкен түрлі оқиғалары оның тілі арқылы өрнектеліп, кейінгі ұрпақтар жадында тек тілі арқылы сақталады. Демек бір тіл – бір ұлт деген аксиомалық қағида қай кезде болса да ұлт тарихы – тіл тарихы деген сабақтастыққа әкеледі.

М. Хайдеггер тілді «домом бытия» деп атаған: «Сущность человека покоится в его языке. И поэтому чтоб понять природу языка, нужно понять природу человека и его мир» [Хайдеггер, 1993, с. 101]. Адам болмысы мен оның әлемі қатынас тілі арқылы ғана ұлт тіршілігінен хабар береді.

«Әлемнің ұлттық бейнесі» сол халыққа ғана тән түсінік категорияларынан тұратын тұрақты бейнелерге – образдарға байланысты қалыптасады. Ол халық дүниетанымы мен болмыс қағидасын құрайды. Түркілік біртұтас дүниетанымды қалыптастырған әрекеттерді, жағдаяттарды кеңістік пен уақыт бедерінен іздеу керек. *Түркі әлемінің тілдік бейнесі* деген ұғым қазіргі таңда түркі тектес халықтар ғалымдарының ортақ зерттеу нысанына айналып келеді.

Өз беттерімен бөлініп өмір сүрмеген түркі халықтарының этникалық топ ретінде күн көрісіндегі ортақ дәстүр, ортақ мәдениет, ортақ тіл мен менталдық тарихи-мәдени тұтастықты қалыптастырды. Ал мұның ең жоғары көрінісі түркітану ғылымының қайнар көзі, бастауы Махмуд Қашғаридің «Диуани лұғат – ит түрк» еңбегі екендігін білеміз.

**Түркі фразеологиясының мәселелерін** сөз еткенде ортақ түркі мәдениетінің рухани құндылықтарының бір саласы тұрақты тіркестер – фразеологизмдердің түркітанудағы кешегі дамуы мен қалыптасуы, бүгінгі зерттеу бағыттары және болашақтағы жағдайы туралы айтылуы тиіс.

Ең бастысы түркі тілдес халықтардың когнитивтік білім қоры бір-бірін толықтырып отырады. Олай дейтін себебіміз ортақ құндылықтар дүниесі,

стеоретип дағдылар мен мәдени өмір салты және дін ортақтығы о бастағы бір тұтас менталдық кеңістікке негізделген. Ал осы тұтастықтың келбеті тілдің кумулятивтік қасиеті арқылы жинақталып, сақталып «өткен күнде белгі бар» екендігін айғақтайды. Бұл ретте түркі фразеологиясы мен паремиологиясының мәдениеттанымдық интерпретациясын ерекше айтуға болады.

Кез келген ұлт өкілі өз тілін, тіл байлығын мақтаныш етеді. Дүниедегі зат, құбылыс, іс-әрекет белгілі бір аталыммен тілдік қатынасқа қызмет етеді. Тіпті атаусыз қалған ұғым да сирек кездеседі. Бұл ретте түркі тілдес халықтар тілінің сөздік қоры мен сөздік құрамы ұлттың рухани құндылығы ретінде ерекшеленеді

Әдетте тіл-тілдегі фразеологиялық қор ұлт өмірінің айнасы іспеттес. Мұнда халықтың бүкіл өмір-тіршілігі, салты мен дәстүрі, құндылықтар жүйесі көрінеді.

**Жалпы түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестер туралы** алғашқы ғылыми пікір С.Н. Муратовтың «Устойчивые словосочетания в тюркском языке». (М., 1961) еңбегінен басталады. Бұған дейін В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (СПб., 1899), Л.Будаговтың («Сравнительный словарь турецко-татарских наречий») (СПб., 1869) еңбектерінде қазақ тілінен жиналған мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер тобы кездеседі.

Түркі фразеологиясы – өзбек, қырғыз, башқұрт, әзірбайжан, чуваш зерттеулерінің дені қазақ тіл біліміндегі фразеологияның қалыптасуы мен дамуына ұқсас болғанымен, жекелеген кейбір түркі тілдерінде, мәселен, хакас, түркімен т.б. жүйелі ғылыми нысанға айналмаған деген пікірлер бар. Дегенмен де кез келген түркі тілдес халықтардың тіл біліміндегі фразеологиялық зерттеулердің ғылыми нәтижелері түркітанудың ортақ табысы деуге болды.

Түркітануда фразеологизм туралы алғашқы ғылыми ізденістер ХХ ғасырдың 40 жылдарынан кейін басталды. Қазақ тіл білімінде фразеологияның зерттелуі І.Кеңесбаев атымен байланысты болса да, Кеңестік кездегі барлық түркі тілдеріндегі фразеология ғылымының көш бастауы осы есімге қатысты десек артық айтпағанымыз.

Түркі тілдері фразеологиясының зерттелу тарихының хронологиясын талдағанда өткен ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталғаны

байқалады. Түркі деген жалпы атаудың аясындағы тілдердің фразеологиялық зерттеулері жан-жақты, әрі бүгінге дейін маңызын жоймаған іргелі ғылыми еңбектер тізімі бар. Мәселен, қазақ фразеологиясы – І.Кеңесбаев, әзірбайжан – Г.А.Байрамов, өзбек – Ш.Рахматуллаев, түркімен – Л.Бабаев, қарашай-балқар – З.К.Жарашуева, башқұрт – З.Ураксин, ұйғыр – Ч.Сайфуллин, қырғыз – Ж.Осмонова, түрік – Л.Н.Долганов, құмық – К.Х.Даибова, чуваш – М.Ф.Чернов, саха – Н.С.Григорьев т.б. тілдердің фразеологиясын зерттеген ғалымдардың еңбектерінде түркі фразеологиясының алғашқы теориялық ұстанымдары сараланды. Сондай-ақ, кейінгі жаңа ғылыми бағытта қарастырылған фразеологиялық зерттеулердің бастау көзі болды.

Түркі тілдес әр ұлттың осы аталған ғалымдарының алдында ең бастысы өз тілдеріндегі тұрақты тіркестердің тақырыптық классификациясын жасау, мағыналық топтарын жүйелеу және грамматикалық ерекшеліктерін саралау сияқты құрылымдық семантикалық негізді айқындау басты міндет болды.

Түркі тілдес халықтардың жалпы қолданыс аумағында ортақ мағынада немесе аздаған өзгешеліктермен кездесетін фразеологизмдердің түрлерін пайызға салып айту, әрине, қиын. Өйткені ортақ түркі фразеологизмдерінің ерекшеліктері туралы да жүйелі әңгіменің шеті енді көрінді.

Қ.С.Қалыбаеваның «Салыстырмалы түркі фразеологиясы» (2009) атты монографиясында қыпшақ тобындағы татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ, құмық тілдерінің материалдары бойынша түркі фразеологизмдеріне алғаш рет талдау жүргізіледі. Аталған тілдердің фразеологизмдері тақырыптық, семантикалық жағынан салыстырыла зерттелген. Бұл мәселе бұған дейін түркітануда да, фразеологияда да арнайы зерттеу нысаны болмаған. Оның үстіне түркі тілдерінің туыстығына қарай топтастырулар бойынша Батыс хун тілдеріндегі бұлғар, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, Шығыс хун тілдеріндегі ұйғыр-оғыз, қырғыз-қыпшақ тілдеріндегі лексика-семантикалық және грамматикалық зерттеулер түркі фразеологиясына дендеп ене алмай жатыр. Дегенмен де тілдік фактілер айғақтайтын тіркес мағыналарының қалыптасу уәжінің түп төркіні жалпы алыс түркілік қабатқа кететіні рас.

Мәселен, қазақ тіліндегі фразеологизмдерді қазіргі түркі тілдеріндегі және «Көне түркі тілі сөздігіндегі» мысалдармен семантикалық салыстырулар фразеологизмнің лексикалық құрамы мен құрылымының

ұқсастығын байқатады. Қазақ тіліндегі фразеологизм компоненттерінің басқа түркі тілдерінде де еш тұлғалық өзгеріссіз кездесетіндері біршама. Және компоненттер қосындысынан туатын ұқсас фразеологиялық жиынтық мағына басқа да түркі тілдерінде сол күйінде кездесетіндігін көреміз.

Мысалы: тез, жылдам мағынасында – *көзді ашып жұмғанша* – қазақ; *гез ачгъынча* – құмық; *козь ашып юмгаша* – ногай; *куз очиб юмангча* – өзбек; т.б.

Түркі тілдес халықтар арасында қай кезде де өз ұлтының тілі арқылы ғана түсінісу күні бүгінге дейін ешбір қиындықсыз жүзеге асырылып келеді. Ортақ фразеологизмдердің қолданыс аумағының көптігі де осының айғағы. Мысалы:

Іштен шыққан шұбар жылан (*қазақта*)

Ичтен чыккан ийри жылан (*қыргызда*)

Қойдан қоңыр (*қазақта*)

Қойдон қоңур (*қыргызда*)

Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше (*қазақта*)

Адам сүйлөшкөнчө, жылкы кашынышканча (*қыргызда*)

Ынсан сорааша-сорааша,

Хайван ысгаша-ысгаша (*түрікменде*)

Insan konusa

Науван koklasa koklasa (*түрікте*)

Түркітануда түркі тілдес халықтардың осындай ортақ мақал-мәтелдері туралы, сондай-ақ ортақ тұрақты тіркестері туралы айтылатын әңгіме әлі ғылыми ойдың негізіне айналмай келеді.

Ал тіркес құрамындағы кейбір жекелеген компоненттер этимологиясы арқылы ұлт тіліндегі бүтіндей бір фразеологизмнің мағынасына қатысты және нақты алғанда мағынасы күңгірт сөздердің түп төркінін анықтау туыстас түркі сөздеріне келіп тіреледі. Мәселен, тіл-тілдің фразеологизмдері құрамында кездесетін мағынасы көмескі, түсініксіз сөздер көптеп кездеседі. Солардың мағынасын ашу үшін әдетте монғол, араб-парсы, түркі тілдеріне жүгінеміз. Қазақ тілінде де түсініксіз сөз төркінін осы тілдерге байланыстыра іздейміз.

Мысалы, алдыңғы тарауда талданған «**Құлаққа ұрған танадай**», «**делебе болған ...**» тіркестердің жасалу ерекшеліктерін қараңыз.

Бұдан шығатын қорытынды туыстас тілдердегі фразеологизмдерінің құрамындағы мағынасы күнгірттенген компоненттердің этимологиясы түркі тілдерінің бір сілемдерінен көрініс беретіні анық жайт.

Түркі тілдеріндегі фразеологизмдердің тақырыптық-семантикалық топтары да ұқсас болатыны белгілі жай. Өйткені ұқсас салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы. Ал фразеологизмдер арқылы ұлттың тұтас менталдық келбеті көрінеді. Бұл ретте түркі тілдеріндегі тұрақты тіркестердің түрлі мағыналық-тақырыптық топтарының жасалуына ұйытқы сөздер болып көбінесе соматикалық атаулар жұмсалады. Фразеологизмдердің о баста еркін тіркес болып, түрлі ситуацияларда ауыспалы мағынада жұмсала келе, тұрақтылық сипат алуы арқылы тақырыптық-семантикалық топтарды құрайды. **Қай тілдегі фразеологизмдердің мағыналық ерекшеліктеріне үңілсек, алдымен көзге түсетіні тілдегі адамдық фактордың жан-жақты қамтылуы.** Адамның жағымды-жағымсыз сезім әрекеттері, сөйлеу дағдысы, жеке басының қасиеттері, қоғамдағы әлеуметтік жағдай т.б. ерте кезден-ак тілдегі бейнелі тіркестер арқылы жеткізілген.

Мысалы, біреуге бағыныштылықты білдіретін *аузына қарау – қазақ; аузына карау – башқұрт; аузга бағ – көне түркі тілі* т.с. тілдік фактілер жеткілікті. Мұндай мағынасы мен, құрылымы бірдей тіркестермен қоса, кейде тұлғалық жағы ұқсас болғанымен, мағыналық сәйессіздіктер де кездеседі. Сондықтан тұрақты тіркестердің қалыптасу заңдылықтарын диахрониялық тұрғыда туыс тілдер арасында салыстыра зерттеудің ғылыми маңызы зор.

Мәселен, ертедегі жазба мұрағаттар мәтіндеріндегі тұрақты тіркестердің шығу, қалыптасу тарихы осындай мақсатпен арнайы қарастырылса, туыс тілдердің фразеологиясына айтарлықтай үлес қосылған болар еді.

Түркі тілдеріне ортақ жазба ескерткіштердегі тұрақты тіркестерді саралай келе, фразеологизмдердің белгілеріне сай келетін, яғни даяр қалпында жұмсалуы, тіркес тынақтылығы, мағына тұтастығы сақталған тіркестер кездесетінін тілдік фактілер дәлелдейді. Ал фразеологизмдердің түрлері туралы айтсақ, онда ескерткіштер тілінде идиомалық тіркестерден гөрі фразеологиялық бірліктер мен фразеологиялық тізбектер молынан ұшырасады. Әсіресе, екі компоненттен тұратын фразеологиялық тізбектер жиі кездеседі. Сірә, идиом сипатындағы тіркестер тілдердің бергі даму сатысында қалыптасқан болу керек.

Ал мағыналары жақын, тіпті бірдей тіркестердің молдығы алдымен, тіркес құрамында соматикалық атаулардың кездесуіне байланысты. Түркі тілдерінде, әсіресе, қыпшақ тобындағы тілдерде бұл ерекшелік қатты байқалады. Қ.Қалыбаева: «Қыпшақ тобы тілдерінде соматикалық фразеологизмдердегі негізгі айырмашылықтар негізінен дене мүшелері атауларының семантикалық даму нәтижесіндегі өзгерістерімен байланысты болып келеді. (саусақ, бармақ; мұрын, танау; желке, иық; аяқ, бұт). – дейді [2009, 162 б.]

Айта кететін бір жайт, туыстас түркі тілдеріне мағынасы ортақ соматизмді фразеологизмдер тек екі компонентті фразеологиялық тізбектерді құрайды.

Түркі фразеологиясының қазіргі даму бағытын біз қазақ тіліндегі фразеологизмдердің бүгінгі таңдағы зерттеу үлгілеріне қарай тұжырым жасаймыз. Өйткені бұрынғы классикалық құрылымдық-семантикалық үлгіден соң, 80-жылдардан былай қарай фразеология саласын зерттеудің жана парадигмалары пайда бола бастады.

Бұл – тіл-тілдегі фразеологиялық материалдардың қатысым әрекетіндегі функционалдық ерекшеліктері, сөйленіс пен мәтін түзудегі тұтастығы, фразеологизмдердегі фреймдер мен схемалар, тіл арқылы мәдениеттанудағы лингвомәдениеремалар қызметі, фразеологизмдердің ұлт менталдығымен астасқан ұлттық мәдени ерекшеліктерді танытатын қызметі және фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипаты. Аталған ерекшеліктер фразеологизмдерді зерттеудің түрлі ғылыми бағыты ретінде семантикалық және прагматикалық аспектіде кеңінен қарастырыла бастады. Фразеологиядағы бұл үрдіс ұлттық сананың өсуіне қарай ең алдымен ұлт тілі арқылы ұттың өзін өзі қайта тану процесінің жандануына себепші болды, әрі фразеологизмдерді ғылыми нысан ретінде бұрынғы зерттеу әдісінен басқа тәсілдерді пайдалануға ізденіс туғызды.

Бұрынғы кеңестік дәуірде ортақ орыс тілінен соң өзара қоян-қолтық өмір сүрген түркі тілдерінің тіл білімі саласындағы жеткен жетістіктері сол орыс тілі арқылы бір-біріне таралатын. Бұл бір жағынан тиімді болғандықтан, мәселен, фразеология саласында кім не жазды, қандай ғылыми ізденістер бар деген сұрақтардың жауабы қиын емес еді.

Қазір жағдай өзгерді, яғни түркілердің өз жеріндегі тәуелсіздігі ұлттың рухани мәдени құндылықтарын *менің ұлтымдікі* деген психологияға жеңдірді. Славян фразеологиясының жетістіктерін қадағалай отырып,

түркі тіл біліміндегі зерттеулердегі фразеология саласын ортақтастыру қажет. Орыс фразеологиясындағы теориялық мағлұматтар бұрын кеңестік ұлт тілдеріне «*формасы ұлттық, мазмұны социалистік*» деп біркелкі пішіліп, кигізілетін. Енді фразеологизмдерді зерделеудің жаңа антропоцентрилік парадигмалары сол ұлт тілінің сөйлеу әрекетінде көрінетін және ұлттық меналитетке негізделген прагматиканы, ұлттық концептілерді жан-жақты, толық талдауға жол ашты.

### 6.3 Жаһандану және түркі фразеологиясы

Түркілер де ұлы халықтардың бірі. Қазіргі күннің деңгейімен қарасак түркілер дүниенің кез келген бұрышына шашырап тарап кеткен және ежелден келе жатқан аңызға бергісіз көне тарихы бар, мәдениеті мен әдебиеті өркениетке ерте ілінген және жеке этностар болып қалыптасқан. Бұрынғы кеңестік кезде түркі халықтары өзінің саны бойынша славяндардан кейінгі орынды алған екен. Алайда қазіргі ТМД аумағын мекендеген түркілердің бір де біреуінің «тілдері өз дәрежесінде ұлтаралық қарым- қатынас құралының функциясын атқара алмады» [Нұрмаханов, 1998, 3].

Кеңестік кезде де, бүгінгі таңда да түркі тілдерінің біразы ұлттың титулын айқындап отырса да, мәселен, ноғай, қарайым, гагауз, қырым татарларының тілдері қолданыстан көрінбей апатты жағдайдың алдында тұр.

Осылардың қатарында Сібір аймағының түркілерінің, мысалы, тува, хакас, алтай тілдері соншалықты дамып бара жатқан жоқ.

Ал чуваш пен якут тілі түркі тілдерінің ішінде өзінің лексикалық, грамматикалық, дыбыстық ерекшеліктерімен оқшау тұрған тілдер. Осы екі ұлттан басқалары бір бірімен сөйлескенде ешбір аудармашысыз түсінісе алады. Демек көне түркілік қабаттан алыс кетпей, бірін бірі тануға мүмкіндігі бар бүгінгі түркілердің дәл мына жаһандану жағдайында өзге ағылшын тілінің аясында немесе басқа роман және славян тілдерінің көлеңкесінде көрінбей қалудың алдын алу шарасы болар ма екен деген көкейдегі сауал кешегі көк түріктердің ұрпақтарын мазалауы тиіс. Түркі тілдерінің фонетикасы, грамматикалық құрылысы мен лексикалық құрамы жекелеген зерттеу еңбектерінде сөз болып, айтылып келеді. Осы қазақ тілінің аясында да бірталай салыстырмалы



жұмыстар жазылып қорғалып жатыр. Біздің ойымызша, бұл жетістіктер жаһандану әлемінде мұхитқа тамған тамшыдай екені аян. Өйткені бұл зерттеулердің теориялық негіздерін былай қойғанда қолданбалы сипатының практикалық нәтижелері қазақ немесе басқа түркі тілдерінің ешбіріне пайда әкеле қойған жоқ. Басқалар түгіл өзіміздің қазақ тіл білімінің ғылыми сұранысына айналмады.

Бұл проблема тек біздің ғана Қазақстандағы түркі тілдері мәселелері бойынша ғана емес, жақын шетел ТМД, алыс шетел Түркия дейік, ешбір мемлекетте шешімін таппай отыр. Қайта Кеңес өкіметі кезінде көрші түркілердің (ол кезде көрші түркілер деген ұғым сыртқа шықпайтын) нені зерттеп, нені жазып жатқандарынан хабардар болушы еді. Кеңес аумағына тарайтын «Советская Тюркология» журналы шығып тұратын. Бұл журнал беттерінде көрнекті түрколог ғалымдардың мақалалары жарық көретін. Өлдебір жаңа шыққан соны зерттеу, жаңа кітаптарға пікір білдіріліп, ғылыми қауымға таныстырылатын. Ал мұндай игіліктер ортақ ғылыми табыстар ретінде бағаланып, әр түркі тілдестердің идеяларымен жанданып, жекелеген ғылыми ізденістермен толықтырылатын. Соның нәтижесінде көптеген зерттеу еңбектерінің теориялық әдіснамалық негізіне арқау болып және ғылыми дәйектемелердің дереккөздеріне айналды.

Түркі тілдестердің ішінде тәуелсіздік алған қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжіктер өз тілдерін мемлекеттік дәрежеге жеткізіп, алды жазу графикасын кириллден алып, қайта латын әліпбиіне ауыстырып та үлгерді. Бұл әрекеттердің барлығы ұлт тарихында ең бір күрделі және аса қажетті кезеңнен өтуі деп бағаланатыны анық.

Осы тұста бұрынғы Кеңестік кездің «орыстық» ықпалының азайғаны, «өз аузына қолы жектен» түркілердің ендігі бытыраңқылығы, басы бірікпей жүргендігі бүгінгі күн тұрғысынан заман ағымы деп кейде ақтауға болатындығы, кейде түркі дүниесінің тұтас болуының күні жеткендігін айғайлап айтатын шақ туды.

Түркі тілдерінің сөздік қорындағы ортақ лексика олардың өмір сүру тәсілдеріндегі ұқсастық, этнос тарихындағы мәдени ремалардың лингвистикалық іздері мен әдебиетіміздегі ортақ сюжеттер түркі халықтарына өткендегісін түгендеуді міндет етеді.

Солардың бірі – кез келген түркі халықтарының өткен өмірінен хабардар ететін, тіршілік тынысындағы ұлттық ерекшеліктерін дәл айқындап

көрсетіп, халық жадында сақталған тілдік фактілермен баяндап беретін сол ұлттың тілінің көркем дүниесі – фразеологизмдер. Себебі тіл-тілде сақталған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер арқылы күллі түркі жұртының ойлау жүйесі мен ұлтқа тән феномендік қасиеттер айырықша көрінеді.

Түркі тілдерінің фразеологиясы бүгінде зерттеу нысаны жан жақты, ғылыми нәтижелеріндегі өзара тілдік сабақтастық пен іргелестік о бастан-ақ антропоцентрлік қағидатқа негізделген. Себебі бір ұлт- бір тіл. Олай болса, олардың өзге ұлттардан айырмашылықтарын тек тілінде сақталған бейнелі тіркестердің этномазмұнын этнолингвистикалық және линвомәдени зерттеулер ғана тайға таңба басқандай етіп көз алдымыға әкеледі. Бұл ретте зерттеушілер түркі фразеологиясының құрамындағы жеке тілдер фразеологизмдерінің қалыптасу тарихынан әркез ортақтастық пен генеологиялық сәйкестікті дәлелдейді.

Мәселен, башқұрт фразеологы З.Г.Ураксин: «Отсутствие письменных источников, отражающих различные периоды истории башкирского языка, затрудняет как хронологизацию появления фразеологизмов, так и анализ семантических и структурных преобразований. В то же время наличие соответствий в определенной части фразеологии некоторых тюркских и монгольских языков позволяет относить их возникновение к эпохе алтайской общности и считать этот пласт наиболее древним в составе фразеологии современного башкирского языка» [1975, с. 154] деп жазады.

Көне жазба ескерткіштердегі тұрақты тіркестер қатарынан фразеологизмдерді бөліп, даралап қарастыру, сондай-ақ, олардың өзіндік белгілері арқылы тану зерттеушілер үшін құм ішінен алтын іздеумен бірдей. Және зерттеудің әдіс-тәсілдерін саралау да тиянақты ғылыми тұжырымды қажет етеді.

XIV ғ. жазба ескерткіштері негізінде орта түркі лексикасын зерттеген М.Сабыр сол кездің ескерткіштеріне тән фразеологизмдерді зерттеу тарихи фразеологияның нысаны болу керек деп есептейді. «Тарихи фразеологияның басты зерттеу нысаны ежелгі түркі тілінде жазылған жазба жәдігерліктегі тұрақты тіркестер болу керек. Осы деректер диахрондық тұрғыдан зерттеле келіп, қазақ ауыз әдебиеті, қазақ жазба әдеби тілі, туыстас түркі тілдері материалдарымен салыстыра зерделенуі қажет-ақ. Бұл зерттеулер салыстырмалы-тарихи, семантикалық-диахро

ниялық әдістерге негізделеді» [2004, 191]. Шынында түркі тілдеріндегі фразеологизмдерді теориялық әрі қолданбалы мақсатта диахрондық зерттеудің біз үшін аса қажетті тұсы ортақ түркілік тіркестердің даму, қалыптасу процесі ғана емес, жалпы фразеология ғылымының түркілік негізін салу. Сірә, түркі тіл білімінің қазіргі зерттеу бағыттарының бірі – осы болу керек.

Бүгінде қазақ фразеологиясындағы жаңа тұрпаттағы зерттеулер бұрынғы кеңестік кездегі зерттеу арналарынан әлдеқайда асып түстіп, лингвомәдениетанымдық, этнолингвистикалық, антропоцентрлік және лингвоконцептологиялық бағытта құнды ғылыми деректермен толығуда. Ал татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, түркімен, түрік т.б. түркі тілдеріндегі фразеологияға қатысты айту қиын. Оның себебі түркі тілдестер арасында қазір болып жатқан әдеби-мәдени байланыс ішінде тек ортақ тілдік зерттеулер ғана жоқ, керісінше әркім оңаша отау қалпында қалып отыр. Бұл -қазіргі күннің шындығы. Түркілердің рухани-мәдени келбетін көрсететін тілдегі фразеологизмдердің ортақ проблемалары туралы айту үшін де алдымен нақты мақсат болу керек. Қазір әлем түркілері тарих беттерінде қалайда із қалдыру үшін жаһанданудың бүгінгі мен болашағына тек ұлт тілінің тегеруінді болмысымен ғана қалқан жасай алады. Жаһандану заманы әр ұлттың өз жоғын түгендеу ғана емес, жеңімпаз тілдер екпінінің салдарынан барыңнан айырылмай.

Тарих ХХІ ғасырдан түркілердің жаңа даму ғасырын күтеді. Олай болса, түркілердің ежелден келе жатқан мәдени мұралары фразеологизмдерді салыстырмалы-тарихи диахрондық сипатта зерттеуді қолға алу басты мақсат.

Түркі халықтарының сөйлеу мәдениетінде айырықша орын алатын фразеологиялық, паремиологиялық тіркестер – тілдік қордың ерекше байлығы. Тұрақты тіркестерде сақталған этномәдени мазмұн арқылы әр ұлттың әлемді қабылдау мен түсінігі туралы ақпаратты аламыз. Бұл ретте, аялық білім ғана (фоновое знание) ұлттарды бір-бірінен бөліп, ерекше етіп көрсететін тіл байлығы. Осы рухани байлықтың коды – тіл-тілде сақталған тарихи-элеуметтік сипаттағы тұрақты тіркестер. Жалпы фразеологиядағы түркілік келбет ортақтық пен ұқсастық негізінде толық анықталды деп айту қиын. Бірен-саран салыстырмалы қорғалып жатқан ғылыми жұмыстар ғана назар аудартады.

Түбі бір түркі тілдерін жақындастыру үшін ғылыми жұмыстардың

қолданбалы жағының маңызын арттыру қажет. Осы уақытқа дейінгі фразеологиялық сөздіктердің дені орыс-қырғыз, орыс-саха, орыс-қазақ т.б. сияқты екі тілді сөздіктердің басылып шығуы, әрине, артықтық етпейді.

Мәселен, «Якут-орыс және қазақ-орыс тілдерінде көпмағыналы фразеологизмдердің сөздігі» [Прокопьева С.М., Смагулова Г.Н. и др. 2019] авторлық бірлестікте Якутскіде жарық көрді. Сөздікте саха және қазақ тілдеріндегі көпмағыналы 500-ге жуық фразеологиялық бірліктер бар. Әрине, бұл жалпы түркологияда жаңалық ретінде танылды.

Дегенмен түркі тілдерінің екі тілде салыстырмалы фразеологиялық сөздіктері жүйелі түрде баспадан шығып жатса, түркі халықтарының ұлттық мәдениетінің тілдегі сақталған ақпараттық мәніне қарай, күн көріс, тіршілік ету майданындағы ортақ табиғи ерекшеліктерімізбен өзге жұртқа мәдениаралық коммуникацияда тұтастықпен танылып жүреміз. Бұл – түркі халықтарының ортақ мүддесі.

Сөз соңында айтарымыз: түркі әлемінің фразеологиялық бейнесін тұтастықта алып зерттеу парадигмаларын жүйелеу үшін оның ғылыми концепциясын айқындау қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе екендігі.

#### **6.4 Түркі тілдері фразеологизмдерінің лингвомәдени ерекшеліктері**

Салыстырмалы түркі фразеологиясын зерттеген Қ.Қалыбаева: «Қоғам өміріндегі экстра және интралингвистикалық факторлардың нәтижесінде фразеологизмдер сол кезеңдегі орын алған тілдік қарым-қатынастың, мәдени, тарихи лингвистикалық ақпараттарын өз бойына сіңіріп, белгілі дәрежеде сақтап қалады. Сөйтіп, тарихтағы қоғамға өзгеріс әкелетін өтпелі кезеңдер тілдің фразеологиялық қорының қалыптасуында өз ізін ерекше қалдырады.

Мысалы, татар және башқұрт халқының бастан кешкен тарихи оқиғаларға қатысты **Мамай заманында «во времена Мамаю», қырым сиреулэй, дарыны коро тотоу «жержать порох сухим», Әндрей қазынасы, Әндрей әбете, әби патша заманында «при царе горохе»** секілді фразеологизмдер тариха кезеңдердің тілдегі көрінісі» дейді. [Қалыбаева, 2009, 62 б.].

Негізінде Мамай түмен басы, Алтын Орданың талантты және жігерлі,

саясаткері болған жылдары орыс княздықтарының алауыздықтарын пайдаланып, оларды көп шапқыншылыққа ұшырытқаны тарихтан мәлім. 1370 жылдары Алтын Орданың билеушісіне айналды. Орыс фразеологиясында бұл есім мен оған қатысты оқиғалар **«Как Мамай прошел»** – *полнейший беспорядок, опустошение, разгром* деген мағынада тұрақты тіркеске айналған.

Қазақ фольклорында «Едігенің шөбересі Мамай батыр өлгенде анасы Қараулек «Өлдің, Мамай, қор болдың!» дейтін жоқтауында:

Артыңда қалған жас бала  
Қашан сендей болады?!  
Қырық ұл туса бір күнде,  
Орның қалай толады?! – деген өлең жолдары қалған екен.

Алтын Орда ханы болған тарихи тұлға ретінде Мамай есімі қазақ тіліндегі тарихи фразеологизмдерде кездеседі. Мысалы, халқымызда: **«Өлдің Мамай, қор болдың»**, **«Өлдің, Мамай — өштің, Мамай»** деген тіркестер «ешнәрсеге жарамсыз, қажетсіз, қадірі жоқ» деген мағынада қазір де жиі қолданыста бар.

Сондай-ақ, кейбір қазақ мақал-мәтелдерінің шығу тарихы кезінде алтынордалықтардың билік құрған кезеңдеріне байланысты. **«Нар мойыны Бердібекте кесілді»**, **«Біздің ел Тоқтамысты жамандағанын да қоймайды, көрсе бас ұрып тоңқайғанын да қоймайды»** деген тіркестер сол кезеңдердің тілдік дерегі іспеттес. [4. [www.centrasia.ru/newsA.php?st=1311933480](http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1311933480)]. Сөйтіп, халық қай кезде болса да, бастан кешкен оқиғаларын әркез бейнелі сөзбен түйіндеп, тұрақты айтылымға жеткізіп отырған.

Тілдік қолданыста болған мәдени лексикалық бірліктер де түркілердің тіршілік тынысындағы ортақтықты көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінде *торсык* – су, кымыз, сұйық зат құюға арналған ыдыс. *Турсык* – татар, *турһык* – башқұрт, *турсик* – өзбек, *торсук* – кыргыз тілдерінде. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсык байлатпас» мақалы қазақ және татар тілдерінде бар.

*Саба* – лексемасы да қазақ, кыргыз, башқұрт, татар, ойрат, тува тілдеріне ортақ ыдыс атауы. «Сабасына қарай піспегі, сақалына қарай іс-

кегі» (қазақ), «Ялғыз бияден саба тулмас» (татар) мақалдарда сақталған. Бұлардың қатарында «қапшық, дорба» сөздері кездеседі. Ал басқа да зат, бұйымдар салатын атаулар, мысалы, **киле, чуман, котыйчык, тубал** татар, башқұрт тілдерінде бұлардың көбінесе ағаштан, ағаш қабығынан жасалатын сауыт түрлері деп түсіндіріледі. [Мөгьтәсімова, 2005, 61-62].

Саятшылық, аңшылық, яғни ит жүгіртіп, құс салу – түркі халықтарына жат емес. Алайда қазақтың ежелден келе жатқан ата кәсібі десесек артық айтпағандығымыз. Аңшылық пен саятшылық күн көріс мақсатында туындап, уақыт өте келе бұл өнерге ұласты.

Мәселен, бүркіт жасына қатысты атаулардың семантикалық, этимологиялық ерекшеліктерін тек қазақ тілі түгендей алады: 1-жас Балапан, 2-Тірнек, 3-Тас түлек, 4-Ана; 5-Қана; 6-Көк түбіт, 7-Қам түлек, 8-Жана, 9-Май түбіт, 10-Барқын, 11-Баршын, 12-Шөгел деген бүркіт атауларын тек құсбегілер ажыратады.

*Құс төресі – бидайық, Ит төресі – құмайық, Бүркіт қартайса – тышқаншы т.б.* деген мақалдар саятшылық пен аңшылық мәдениетінен қалған мақалдар. «Қырғауыл (фазан)» құсын қазақтар күні бүгінге дейін көп аулайды. Әдемілігіне қарай «қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен» деп ертегілерде тақпақтаған. Ал татар тіліндегі «Қызым баласы – кыргавыл баласы, үз итеп торған анасы, Улым баласы – узәгем баласы, ят итеп торған анасы» мақалдың «Қызым баласы – кыргавыл баласы» деген бірінші тағанын фразеологиялық сөздікте сұлу мағынасында [Осмонова **Ж.**, 2001:109] бар. Алайда толық түрі қазақ және қырғыз тілдерінде ұшырасады. Жалпы мақал мағынасына үңілсек, онда қазақтардағы «жиен ел болмайды» деп, қыздың баласын әзілдеп, алыстатыны және «жиенге» қатысты басқа да мақалдар тізбегіндегі айтылатын ойдан ұлттық ерекшелік байқалады.

Этникалық мәдениет – ұлттық мәдениеттің ең ежелгі қабаты, бастапқы базисі. Осы қабаттағы салт пен дәстүрлерде түркілер мәдениетінің ортақтығы мен ұқсастығының көрінісі жақсы сақталған.

Түркі тілдестердің мәдени салтында қызға қатысты ырым-тыйымдар жиі кездеседі. **«Қыз абруе кыл өстенде, кылдан төшсә – юл өстенде»; Қыз – курччакка, малай колынчакка тартыр»; «кызның кемлеге кемәеннән күренә»; «Қызым (ұлым), сиңа әйтәм, киленем, син тыңла -татар; «Кизим, сенга айтаман, келиним сен ешит»; Қизи**

**борнинг нози бор» – өзбек; «Гызым, сана айдян, гелиним сен ешит»; «Гызы барың, нәзи бар» – туркмен.**

Бұл, әрине, мұсылмандық менталитеттің ортақтығынан туған тіркестер деуге болады.

Түркі халықтарының арасында ертерек отырықшы болған түркі тілдестер мәдениеті олардың тіршілік ету формасына тәуелді болған. Мәселен, татар және башқұрт тілдерінде омарташылық кәсібінің ежелден ерте дамығандығы байқалады. Зерттеушілер омарташылықты тіпті X –XII ғасырлардан қалыптасқан деген пікірді айтады. [<http://www.dissercat.com/content/leksika-pchelovodstva-tatarskogo-literaturnogo-yazyka>].

Мысалы, **«бал авыз», «бал әчемәс, кыз картаймас», «бал, бал диюдән (дию белән) авызда тат булмас», «бал балчык ашата», «бал да май эчендә йөзу», «бал кортының балы бар, балға хәтле назы бар», «бао татлы, балдан бала татлы», «бал татлы дип, бармак чәйнәп булмый (чәйнәмиләр)», «бал тоткан бармак ялый, май тоткан кашык ялый», «бал чебение, яхшы сүз адәмне ияләштерер», «балга каныккан чебен кебек сырыша» т.б.** [Татарча русча идиомалар сүзлеге, 2001, 35-36].

Түркі тілдері фразеологизмдерінің лингвомәдени ерекшеліктеріне үлгі ретінде қыпшақ тобындағы қазақ және татар тілдеріндегі тұрақты тіркестерді талдаймыз.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ және татар тілдерінің бүгінгі қолданыс аумағы ұлттар болашағына өте қатысты. Қазіргі жаһандану кезінде өз ұлт тілінде сөйлейтіндердің ана тілінің ертеңі үшін қаншалықты қызмет етіп жүргендігін айтпасақ та түсінікті. Өйткені өз тілінің бүкіл сөздік қорындағы небір тұрақты тіркестер ауызекі және жазба тілінде пайдаланылмаса, күн сайын түрленіп жарыққа шықпаса сол тілді тұтынушылардың сөйлеу мәдениетіне үлкен сын. Мәселен, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді барынша қолдану, айтылар ойды асыл сөздермен мәнерлеп жеткізу мәдениетін екі қазақтың бірі меңгерген деп айтуға болмайды. Бұл бүгінгі жастар тілінде тіпті анық байқалады. Біздіңше, татар тілінде де осы картина байқалады. Сондықтан да әр ұлттың мәдени өмірінен із қалдырған тілдік бірліктердің әсіресе, фразеологизмдердің мәдени коннотациясы өте құнды деректер ретінде лингвокультурологияның аспектісі болды.

Түркі тілдестердің рухани-мәдени келбетін көрсететін тілдегі фразеологизмдердің ортақ проблемалары туралы айтып, талқылау кімге болса да, мейлі татар, мейлі қазақ үшін ғылыми танымдық маңызы зор мәселе. Өйткені бұлардың мәдени мұрасы өткен дәуірлерден келе жатқан әрі түркілік, әрі мұсылмандық болғандықтан, бүгінгі күні де өз рухани байланысын үзбеген халық.

«Этнические корни татар исходят от древних тюрков. Еще в VI веке до возвышение тюрков среди других племен, т.е. еще до распространения слова «тюрк» как общегео этнонима, племена, говорившие тюркских языках, широко распространились по всей Евразии» деп жазады М.З. Закиев (1998, 623). Бір тұтас географиялық кеңістікте өмір сүрген екі ұлттың ортақ дүниетанымын айғақтайтын дереккөздер фразеологизмдер.

Демек, татар және қазақ тілдеріндегі бай фразеологиялық материалдар бір ғана ғасырдың жемісі емес. Мәселен, көне дәуірлерден басталатын татарлар мен қазақтардың мәдени өмірінің тарихы, бүгінде тілдің кумулятивтік қасиетінің арқасында олардың тілде көрініс тапқан лингвомәдени ерекшеліктері ұлт айнасы ретінде көрінеді.

Этнос тарихындағы мәдени ремалардың лингвистикалық іздері, екі тілдегі ортақ лексика, материалдық және рухани мәдениетіндегі ұқсастық аңыздар мен мифтердегі ортақ сюжеттер татар мен қазақтың ұқсас жақтарын салыстырмалы түрде талдауға негіз болады.

Лингвомәдени ремалар – ұлттық ерекшеліктерді дәл айқындап көрсететін халық жадында сақталған тілдік фактілер. Тілдегі феномендер – фразеологизмдер арқылы ортақ түркілік әлем суретінің концептуалдану ерекшеліктерін талдауға болады.

Қазақ және татар фразеологиясының бүгінгі лингвистикалық парадигмаларының басты өзегі антропоцентрилік бағыттағы зерттеу.

Татар және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдерді салыстырғанда ең басты ерекшеліктер деп мыналарды атауға болады:

◇ Екі тілдегі фразеологизмдердің компоненттері мен мағынасы бір, бірақ фонетикалық өзгешеліктері бар.

- Үлемнән оят көчле – өлімнен ұят күшті.
- Таныған жирдә бұй сыйлы, танымаған жирдә тұн сыйлы;
- сөенче алу – сүйінші алу.
- Серкәсе су кутәрми – сіркесі су көтермеу;



- һәркемнеке үзенә ай күренә күзенә – әркімдікі өзіне , ай көрінер көзіне

- ут алырга килгән; көз ачып йомганчы [Гаффарова, Татарча-русча идиомалар сүзлеге. 2006.]

Бұл о бастан-ақ этникалық байланысы бір татар мен қазақтардың тілдік болмысындағы дүниені тану, бағалау арқылы көрінетін менталдық ерекшеліктер жалпы түркілік ой-сананың жемісі деуге болады. Мұндай мысалдардың екі тілде де көп кездесуі «кім кімнен алды» деген риторикалық сұрақ емес.

◇ Екі тілде де фразеологизм компоненттері мен айтылуы бірдей болғанымен, мәселен қазақ тілінде мүлде басқа фразеологиялық мағынасы бар тіркестер. Мысалы:

- **авыр аяклы** – (букв. С тяжелой ногой) приносящий несчастье, горе; невезучий; приносящий неудачу (о человеке, после посещения которого, по суеверным представлениям, случается какое-л. несчастье) [Татарча-русча идиомалар сүзлеге, 2006:13].

Ал қазақ тілінде **ауыр аяқты** // **аяғы ауыр** – қазақ тілінде екіқабат әйел туралы тіркес. Бұл тіркестің жасалуының мотивациясына екіқабат әйелдің жай, ақырын жүрісі. Қазақтарда татар тіліндегі ситуацияға орай «аяғы жаман» тіркесі қолданылады.

Сол сияқты татар тіліндегі **алдыңнан артың яхшы** тіркесінің мағынасы – скатертью дорога; вот тебе бог; вот тебе порог; деп түсіндіріледі.

Ал қазақ тілінде бұл тіркес өмірде қанша жасасаң да артыңда жақсы із қалсын, ел есінде сақталатын іс қалсын деген тілек мағынасында жұмсалады.

**Ағаш атқа атландыру** татарларда – обвести вокруг пальца; посадить в галошу; Қазақ тілінде **ағаш атқа мінгізу**: біреу туралы сөз қылу, өсек-аяңға іліктіру, масқара ету мағынасында. Бұрын қазақ қоғамында елге ерсі, моральдық қалыпқа сыймайтын өрескел іс істегенде, мәселен, измена, әйелдің екі бетіне қара май жағып, атқа отырғызып ауыл арасында алып жүрген. Содан кейін де «қара бет» тіркесі қалған.

Татар және қазақ тілінде **ут алырга килгән** (букв. Как за огоньком забежал) забежал на минуточку тіркесі, біздіңше, екі ұлттың о баста

көшпелі өмірге қатысын білдіреді. Үйде от сөніп қалғанда, көршіден барып, оттың тамызығын алу әдеті болған. Содан барып, қазақта **«отқа кеткен қатынның отыз ауыз сөзі бар»** деген тіркес *кешігу* мағынасында, «от алуға келгендей» **асығыс жүру** деген мағынада қолданылады.

Бірақ татар тіліндегі «кулы кыска» – не в состоянии навредить деп түсініктеме берілген [Татарча русча идиомалар сүзлеге, 2006, 110]. Қазақ тілінде кедей, мүмкіндігі жоқ адам туралы.

Дегенмен де мұндай құрылымы бірдей, тұлғалық жағы ұқсас болғанымен, мағыналық сәйессіздіктер де жиі кездеседі. Сондықтан тұрақты тіркестердің қалыптасу заңдылықтарын диахрониялық тұрғыда туыс тілдер арасында салыстыра зерттеудің ғылыми маңызы зор.

◇ Татар тілінде ауыспалы мағынада қолданылған тіркес қазақ тілінде тек тура мағынада қолданылады. **Баишка бүрек кию** – (*букв.одеть на голову шапку*) *возмужать, завоевать авторитет*.

◇ Екі тілде де фразеологизм мағынасы ұқсас, тіпті бірдей деп айтуға болады, бірақ екі тілдің бірінде бір компоненті басқа лексикалық вариантпен беріледі.

Мысалы:

• татарша – **авызы пешу; ауызы кую** – екі тілде де ауыспалы мағынасы абайсызда бірнәрсеге ұрынып қалу, соған өкіну; *обжечься, попасть впро-сак*.

• **авызынан кылын тартып карау – жібін тартып көру**

• **көгәрчән сөте гена юк – құстың гана сүті жоқ**

• **йөз суын түгү- бетінің арын бес төгу**

◇ Екі тілде де фразеологиялық мағынасы бір, бірақ басқа лексикалық бірліктермен жасалады.

Мысалы:

• **сайлаган сазга, очарган тазга – таңдаган тазга жолыгады.**

• **Чиртсәң кан чыгар – бетінен қаны тамған.**

• **Туйганнан соң бал да ачы – тойганн соң тоқтының еті топырақ татыр**

• **күзе шар булды – көзі шарасынан шықты**

Татар тіліндегі кейбір діни фразеологизмдердің қазақ тілінде баламасы кездеспейді – *хөрәсән ялкавы* – (где были религиозные секты, проповедовавшие философию бездеятельности как благо) лодырь из лодырей; бездельник из бездельников;

• *Кырыгына бер иман* – (букв.одна совесть на сорок человек) ненадежные люди.

Ал *Татар акылы төштен соң*- татарин задним умом крепок. қазақ тілінде *жаманның ақылы түстен кейін кірер; қызымның кызы – кыргавыл*; т.б. адамның жеке қасиеттерін бейнелейтін тіркестер татар тіліндегі фразеологизмдердің ерекше бейнелілігін сипатайды.

Қазақ қонақжайлылығы – базалық концептілердің бірі. Бұл туралы мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер өте көп. Екі тілде бұл концептіге қатысты жасалған фразеологизмдер мағынасы көбінесе ұқсас болып келеді. Мысалы:

• *конаклы – өйгә кот куна- қонақ келген үйге құт келер; кунак килсә, ит пеишә, ит пеишәсә, бит пеишә.*

• *Қунак – хужаның ишәги, кунак булсаң, тыйнақ бул.*- деген тіркестер *жаман үйдің қонағы билейді* фразеологизміне балама айтылған.

Қазақ мақал-мәтелдері, фразеологизмдерінде «тарақан» сөзі мүлде кездеспейді. Татарларда *Кара таракан булу* – оказаться третьим лишним;

Татарлар қазақтарға қарағанда ертерек отырықшы болғандықтан, жерді игеру, пайдалану мәдениетіне қарай, егін, көкөніс, құс шаруашылығына қатысты жасалған тұрақты тіркестер жиі кездеседі. Мұндағы ұйытқы сөздер сұлы, шалқан, үйрек, қаз т.б.;

Мысалы: *солы чәчсәң суга чәч; пеишкен шалкам; үрдәк биргән қаз алыр, һич бирмәгән не алыр? Ал чебешне көз саныйлар; ыплят по осени считают үрдәк очыру – пустить утку*, біздіңше, бұл фразеологизмдер татар тіліне орыс тілінен калькаланған болу керек.

Татар, башқұрт тілдерінде қазақ тіліне қарағанда тауық, қаз, үйрек

атаулары ұйытқы болған тіркестер көп. Қ.Қалыбаеваның көрстеуі бойынша:

*Моны эт те белә, тавык та белә – мұны тауық біледі, ит те біледі*

*Тавык атлап чыгарлык – жақын жер*

*Тавык мие эчкен – мисыз, ақылсыз адам деген мағынада*

*Каз биреп үрдәк алу – орынсыз айырбас жасау, ақылсыздық*  
[Қалыбаева, 2009:278]

◇ Татар тіліндегі: **Чыраена қарама, ыраена кара; я уңа, я туңа; тырышкан табар, таишка кадак кадар** – аллитерациялық және ассонанстық дыбыстық қайталаулармен кездесетін фразеологизмдерді қазақ тіліне еш өзгеріссіз қолдануға әбден болады. Жалпы татар тілінде де, қазақ тілінде де мұндай фразеологизмдер өте көп кездеседі.

### 6.5 Фразеологизмдерді аударудағы екі мәдениет диалогы

Қазіргі уақытта, жаһандану және интеграция жағдайында, халықаралық байланыстардың кеңейіп, ақпарат алмасуына орай, мәтіндерді бір тілден екінші тілге аудару үрдісі ғалымдардың назарындағы үлкен мәселе. Заманауи аударматану мәдениаралық қатысым жағдайында іске асып, жаңа антропоөзектілік парадигма шеңберінде даму үстінде. Аудармада тіл мен мәдениет, тіл мен ойлау, мәтіндегі әлемнің тілдік бейнесі тоғысады. Бұл ретте аударма тілдер мен мәдениеттердің өзара әрекеттесу феномені ретінде үш негізгі деңгейлерге сәйкес бағаланады: тіл – әлем – мәтін.

Адамзат екінші мыңжылдықты артқа тастап, үшінші мыңжылдыққа аяқ басқанда түрлі ел, халық, ұлт бір-бірімен өзара байланыстылық және бір-біріне өзара ықпалдастық жолын нығайтуға ден қойды. Бұл үдеріс барлық елдің қоғамдық өмірін түгел қамтыды десе болғандай. Өйткені дәл бүгінгі таңда ұлттар арасында, әсіресе, әлеуметтік топтар мен мемлекеттік институттар, қоғамдық қозғалыстар және жеке-леген мәдениет қайраткерлері арасындағы мәдени қарым-қатынас барынша тереңдеп, жан-жақты өркендеп келеді. Халықтар арасындағы мәдени қарым-қатынастың өркендеуі ұлттық ерекшелікті көрсететін ұлт мәдениетін насихаттаудан басталады. Бұл – елді танытудың рухани құралының ең бастысы.

Ұлттар мәдениетінің өзара әрекеттестігі қашан да төл мәдениеттің

тасада қалмай, мәдени құндылықтар бар болмысымен тұтас көрініс табуы керек. Кез келген мәдени контактілер ұлттар алдымен бір-бірін мойындаудан, өзара құрметтен тұрады.

Әр ұлттың тұрмыс-тіршілігінде қалыптасқан дәстүрлер, қоғамдағы ұлттық әдеп т.б. толып жатқан өзгешеліктер алдымен тілінен көрініс табады. Кез келген тілде өзіндік «әлем суреті» ежелден қалыптасқан. Аудармаға қатысты қиындық осы тұста байқалады.

Жалпы этномәдени ақпаратты, әсіресе ұлттық құндылықтарды жеткізуде көркем аударма кезінде аудармашы айтарлықтай кедіргілерге ұшырайды.

Аударма үдерісінде пайда болатын қиындықтарды белгілеу үшін «лингвостникалық кедергі» ұғымы қолданылады. Себебі аудармашы екі семиосфераның, яғни «өзім» мен «өзгенің» тоғысқан жерінде, екі тіл мен екі ұлттың арасында дәнекер болады. Сондықтан, әрбір шет тілді мәтін аудармашы үшін лакуналық болып келуі аудармашыдан лингвистикалық аялық (фондық) білімін және әлем бейнесін толық жеткізуді талап етеді. Мұны әсіресе, этномәдени бірліктерді аударуда байқауға болады [Смағұлова, Керимова, 260].

Аударма кезінде басқа тілде концептіге сай келетін сөзбе-сөз эквиваленті болмаса, онда ұлттық мәдени концепт туралы айтуға тура келеді. Бұл жөнінде В.П. Нерознак: «Безэквивалентная лексика, или то, что обычно называют «непереводимое в переводе» и есть тот лексикон, на материале которого и следует составлять списки фундаментальных национально-культурных концептов»(1998, с. 85) дегеніндей, аударуға келмейтін аялық білімді қажет ететін тіркестер тізімі, шын мәнінде, іргелі ұлттық мәдени концептілерден тұрады.

Сөздік құрамның негізгі қоры ретінде саналатын әр ұлттың тек өз тіліне ғана тән сөздері мен тіркестері болады. Әдетте лексикалық қабаттарды жіктегенде мұндай сөздер этнографиялық лексиканы қамтуы мүмкін немесе аялық білімді жеткізетін фондық лексика, сонымен қатар тілдік лакундар деп аталатын ерекшеліктер де бар. Қалай десек те, аталған сөздер ұлттың өзіндік бітім болмысынан шығатын номинатив, яғни ұлттық болмыс лексикасы. Әрбір ұлттың тіліндегі мұндай лексика сол ұлттың тұрмыс-тіршілігі мен күн көріс салты, менталдық ерекшеліктеріне байланысты ұғымдарды атауы болып қалыптасады. Ол ұғымдар ұлттық нышан ретінде тек жеке лексика ғана емес, тіркесті сөздерден де көрініс табады.

Аударма әдебиеттер тілінің лингвистикалық ерекшеліктерін анық байқататын тұс осы ұлттық болмыс сөздерінің берілуі. Жалпыхалықтық және арнаулы лексикалардың екі тілді сөздіктердегі аудармалары көп жүкті жеңілдеткенімен ұлттық болмыс лексикасы тәржімашылар үшін енді ұлт мәдениетінің қалың қатпарларын танып білуді қажет етеді. «Сөздік біткен жерде аударма басталады» деген нақыл тегін айтылма-са керекті. Ендігі жерде аударма мәтінінде ұлт тілінің табиғи қалпын сақтау үшін ұлттық мәдени деректері бар сөздер мен тіркестердің ішкі мағынасына назар аударып, әрі стильдік-көркемдік құралдарын сақтай отырып, екінші тілде еркін түсінігін жасау міндеті, әрине, оңай шаруа емес.

Ұлттар арасындағы мәдени байланысты қалыптастыруға ықпал ететін көркем әдебиет аудармаларының басты ерекшеліктері болып саналатын тұрақты тіркестерді аудару мәселесі ұлттық мәдени концептілерге келіп тіреледі. Бұл ретте аударма мәселелерінің ішінде айырықша назар аударатын тұс – **фразеологизмдердің аударма әдебиетте берілуі**.

Демек ұлттық нышан астарында берілетін қазақ тілінің фразеологиялық қорын, паремиологиялық үлгілерін, ұлттық өлшем ретінде қалыптасқан теңеулерін, бейне-символдарын, коннотациялық ұғымды сөздерін аударма әдебиетте беру қандай жолдармен, әдіс-тәсілдермен жүзеге асырылады деген сауал туындайды.

Аударманың, әсіресе көркем аударманың, күрделі тұсының бірі – ол тарихи-мәдени ақпаратты жеткізу, белгілі біз сөз, тіркестің астарлы ақпаратын адекватты түрде ашып беру, оның мағынасын жоғалтпау.

Мысалы, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан алынған үзіндінің сәтсіз аударма үлгісін қарастырайық: *«... он жеті жасар Әбілқайырды азулы тілектестері Дешті Қыпшаққа хан етіп ақ кигізге көтерді. Бақ құсы басына қонып, ақ түйенің қарны жарылды»*.

М. Симашконың тәржімалауында жоғарыдағы үзінді былай беріледі: *«Семнадцати лет от роду был поднят на белой кошме Абулхаир, в знак правозглашения его ханом. Птица счастья опустилась на его голову и в жертву был принесен белый верблюд»*.

Әрине, сөзбе-сөз аудару «ақ түйенің қарны жарылды» тіркестің мағынасын және аударма мәтінінің мәдени коннотациясын бұрмалайды. Осындай маңызды тарихи-мәдени ақпараттың сәтсіз аударылуы аудармашының фондық білімінің жоқтығына дәлел. **Ақ түйенің қарны**

*жарылды* – *молшылыққа, қуанышқа, жақсылыққа, үлкен тойға кенелді* деген мағынада қолданылатын дағдылы тұрақты тіркес, метафоралық мәні бар, ұлттық дүниетанымның бір көрінісі. Ал орыс тіліндегі аударма мазмұныны жақсылық, қуаныш емес, құрбандық шалу мағынасына қарай аударылған. [Смағұлова, Керимова, 262]. Бұл – коммуникативті сәтсіздіктердің айқын көрінісі.

Коммуникативті сәтсіздіктер себептеріне тілде қолдануын реттейтін лексика-фразеологиялық шектеуліктерді жатқызуға болады. Осындай ақаулықтар тіл бірліктері мағынасын адекватты түрде түсінбегендіктен, мысалы, жалған эквиваленті білмегендіктен туындайды. Коммуникативтік сәтсіздіктер тек қана қатысым кодын (тілді) білмегендіктен емес (лингвистикалық сәтсіздіктер), сонымен қатар, тілден тыс білімдердің болмауынан (семиотикалық сәтсіздіктер) пайда болады. Әдетте, жиі кездесетін семиотикалық ахуалдарға өзге мәдениетке тән символдар мен салт-дәстүрлерін түсінбеу, оларды адекватты түрде қабылдау жатады. Осындай коммуникативтік сәтсіздіктерге ұшырау айтарлықтай мәдениаралық қақтығысты тудырады [Смағұлова, Керимова, 2019, 260].

Аудармашының коммуникативтік және лингвистикалық құзыреті мәдениаралық қатысым үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын аударманың сапасын бағалайды.

Қазақ тілінде оқитын оқырман үшін аударманың неғұрлым өз тіліне бейім, сәйкестеніп тұруы үлкен шеберлікті қажет етеді. Мысалы:

- Савельич те менің істегенімді істеді, ал күзетшілер *жерден жеті қоян тапқандай* бізді айдап кете барды. (106 б.).
- Савельич последовал по моему примеру, и караульные повели нас *с торжеством*. (с. 311).

Мысалдар А.С.Пушкиннің «Капитанская дочь» шығармасының Ө.Тәжібаев аудармасынан алынды. Қазақ ұғымына «с торжеством» – «салтанатпен» дегеннен гөрі осы ұғымға жақындау ерекше қуанышты білдіретін «жерден жеті қоян тапқандай» фразеологизмі тонның ішкі бауындай етене жақын әрі эмоционалды-экспрессивті.

Қазақ фразеологизмдерінің аударуға келмейтін, баламасын табу қиын, ұғымда жоқ метафоралы түрлері кейде көркем әдебиет аудармаларында мүлдем түсіріліп қалатын кездері болады.

Мәселен, М.Әуезовтың «Абай жолында» көзіміз түскен кейбір тұрақты тіркестер орысша нұсқада кездеспейді. Олар: **«мүрдем кету», «абыройын төгу», «қыл мойынға тақалу», «қайрап салу», «тұмсығы тасқатию», «шоқтығы асып тұру», «басын тауға да тасқа соғу», «қолымен от көсеу», «қырына алу», «ұзында өші, қысқада кегі»** т.б. толып жатқан сөз мәйегі. Сірә, бұл тіркестерге сай балама фразеологизмдердің жоқтығы немесе сөзбе-сөз аударуға болмайтын жағдайлар аталған фразеологизмдерді «ысырып қоюға» мәжбүр еткен. (аудармашы Л.Соболев). Бұл арада аудармашы стратегиясына әлеуметтік-мәдени ықпал пәлендей әсер етті дей алмаймыз. Жоғарыдағы бейнелі тіркестерге «аударма тілінің қысқалығы» қол байлау болғанға ұқсайды. «Проблема непереводимости в языке – это прежде всего проблема несводимости культурных идиом, а не онтических картин мира» деген пікір еске түседі [Телия В.Н., 1996, 226].

«Абай жолының» орысша нұсқасының өн бойында мұндай олқылықтар жетіп артылады. Ал еркін аударма нәтижесінде қазақ тіліндегі біраз фразеологизмдердің оқушы үшін де, ұлт тілі үшін де «бағы жанған» түрлері бар. Жоқтан гөрі барға қанағат тұтуға тура келеді.

Мысалы:

- *кәрі құлақты – уши много слыхали*
- *қанын ішіне тартып – бледный и разъяренный*
- *ақ түйені қарны жарылды – у белого верблюда брюха распоролось*
- *ауыл итінің құйрығы қайқы – в своем ауле хвост у собаки крючком*
- *шаш ал десе, бас алған – дерзость и наглость*
- *қас-қабағына қарап құрақ ұшу – чутко следить за малейшей переменой в настроении*
- *көзіне көк шыбын үймелету – обсели зеленые мухи, глаза залетили т.б.*

Түпнұсқадағы ұлттық сөздің бояуы қандай шамада қалғанын оқушы өзі-ақ аңғарады. Бұл арада калькаланған және тіркестер мағынасын берумен шектелген. Кейде калькалаудың кесірінен ой мүлдем түсініксіз болып қалады. Мысалы, Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі «Бізде дұрыс айтады ...ағасы бардың жағасы бар» (164) мақалдың



аудармасы: «Унас говорят вполне справедливо: у кого есть брат, у того и воротник» (151) (аудармашы М.Балыкин).

Қазақ мәдениетінің бір ерекшелігі туысқандық қарым-қатынас – ұлт ерекшелігінің ең маңызды қасиеттерінің бірі. Ал туыстық атауларға түркі тілдерінің ішінегі ең бай тіл қазақ тілі. Мақалдың мазмұны кімнің алдында ағасы тұрған болса, ақылшысы, көмекшісі, қорғаушысы бар деген мағынада айтылады. Аударманың сәтсіздігінен басқа мәдениеттегі оқушы үшін «воротник» сөзі нендей түсінікті ассоциациялауы мүмкін?

Негізінде түпнұсқада бар фазеологиялық тіркес сол шығарма үшін орасан тілдік-көркемдік-стильдік қызметті атқарумен қатар, ұлттық мәдениеттен дерек беретін мәдени ақпар көздері. Кез келген ұлттық мәдени лексика мен фразеологиялық тіркестерде сол ұлттың мәдени өмірі жатыр. Сондықтан мүмкіндікке қарай, еркін аударма ондай ақпарларды қамтуы тиіс.

Мысалы:

- Бүгін мынау Абай тап *бір ет асым жапа-жалғыз өзі сөйледі.* (27 б.).
- Вот хотя бы этот Абай, говорит один без умолку. *Целый котел мясо успел свариться,* пока он тут болтал. (с. 28).
- Сонымен, енді *бір шай қайнатым ішінде* айтқанындай отыз құр ат кедей үйлерінің босаға-босағасына кеп байланып қалды. (193).
- *И не успел бы вскипеть чай,* как в аулах уже были привязаны к юртам тридцать самых лучших коней из табуна. (188).

*Бір ет асым уақыт, бір шай қайнатым, сүт пісірімдей* т.б. уақыт өлшеміне негізделген тіркестер қазақи ойлау, қазақи болмыс үшін пәлендей түсініксіз емес.

Уақыт, кеңістік, өлшем ұғымдары қазақ мәдениетінде ежелден өзіндік ұлттық қабылдау ерекшеліктерімен түсіндіріліп келген. Секунд, минут, сағат сияқты дәлдікпен есепке алынбаған уақыт бедері әлем суретін танудағы қазақ ұлтының кеңістік пен өлшем туралы ұғымдарының да тек қазақ менталитетіне тән болмыс түрлерін танытады. Шындап келгенде қазақты дүниедегі басқа елден ажырататын да осындай болмысы мен тіршілігі дейміз.

Түпнұсқада (1 мысалда) небары он бір компонент бар. Ал аудармасында ой екі сөйлемге бөлінген, он сегіз компонентпен түсіндіріледі.

Басқа тілдегі оқушы үшін бірінші сөйлеммен-ақ қалдыруға болатын еді. Мұндағы мәселе кейіпкердің сөйлеген уақытын түсіндіруге екінші сөйлемдегі баламасыз тіркес – аударуға келмей тұрған *бір ет асым* тіркесі. Сондықтан *Целый котел мясо успел свариться* болып еркін аударылған. Аудармашы екінші сөйлемдегі фразеологизмдегі ойды беру арқылы ғана бейнелілікті сақтап отыр. Ал түпнұсқадағы фразеологизмдерді сөзбе-сөз аударғанда компонент құрамында соншалықты өзгерістер бола қоймайды.

Мысалы:

- Кеткенінде *қанаты қайырылып* қалған елің бар еді. (42).
- Когда ты уходил, народ твой остался с *надломленным крыльями*. (44).
- *Ақ түйенің қарны жарылды*. Жігітектің жылаған жасын құдай иді. Көз жасымды тыятын арысым қайтты. (29).
- *У белого верблюда брюхо распоролось!* Сам аллах сжалился над жигитеками! Вернулся, говорит, заступник, который высушит мои слезы. (29).

Мұндағы фразеологизмдердің сандық құрамы дәлме-дәл аударылған. Алайда аялық білімнің жеткіліксіздігінен «ақ түйенің қарны жарылу»: «пир на весь мир», «молочные реки», «киселные берега», «из рога избылия» деген орыс тіліндегі баламаларының бірі алыну керек еді. Қазақтың күн көрісінде ақ түйе қолдағы малдарының ішінде бастысы және тұрмысының жақсы екендігінің белгісі деп есептелген. Ш.Уәлиханов жазады: «...раньше, когда кто-либо из близких людей отправлялся в опасный поход или дальнейшее путешествие, или когда долго ждали наследника, родственники клялись принести в жертву белого верблюда при счастливом исходе» (Валиханов Ч.Ч., 1996, 477). Академик А.Кайдар «Это объясняется тем, что верблюд белой масти у казахов символизировал собою нечто святое, сакральное. И, естественно, приношение именно белого верблюда, с другой стороны, доставляло большой запас провизии, который хватил бы для угощения массы народа, т.е. устроить пир на весь мир. Таковы мотивы образования фразеологизма» [Кайдар А., 2003, 26].

Аудармашының кейде ұлттық болмыс лексикасын қосымша түсіндіргені оқушы үшін өте қолайлы.

Мысалы:

- Кербез дұрыс айтқан екен, бір күні Майраның да айттырған күйеуі *ұрын келінті*. (478 б.)
- Кербез была права, однажды приехал и жених Майры *«урын»* – украдкой, тайно – как называют обычно люди этот обычай (510 б.).

Мысалдар Ғ.Мүсіреповтың «Атақты әнші Майра» әңгімесінің аудармасынан алынды. Аудармашының ана тілінде еркін жүзіп сөйлейтін және ұлттық менталдықтан хабары мол екендігін әңгімені бастан аяқ оқып отырғанда-ақ байқалады.

Аудармамен шұғылданатын кәсіби тәржімашылар *координативті қостілділік* – екі тілді де тең дәрежеде білетіндер болу керек. Біздіңше, түпнұсқадан алшақ тепе-тең сәйкестігі аз, нәрсіз аудармалар *субординативті қостілділіктен* – тек ана тілін ғана жақсы білетін аудармашылардан туады. Сондықтан аудармашы координативті қостілділікті меңгергенде ғана екі мәдениеттің қатар жарыса жүргендігімен үйлесім табады. Әсіресе, ұлттық болмыс лексикаларына қатысты тұрақты тіркестер мағынасын аударуға келмейтін тұста, мәтіндегі сөйлемдерді тастап кетуден гөрі, фонологиялық ерекшеліктерін толық сақтап, жалпы түсінігін беріп отырса оқушы білімі де толығып отырады.

Аударма мәтіндерінің лингвистикалық ерекшеліктері жоғарыда талданған тек ұлттық болмыс лексикасының сипаттарымен анықталмайтындығы белгілі. Аударма тіліне қатысты лингвомәдениеттанымдық проблемалар күні бүгінге дейін қағыс қалып келеді. Біздіңше, бұл мәселе тек әдебиетшілер ғана илейтін терінің пұшпағы емес, көбінесе тілшілермен иық тірестіре қарастыруды қажет етеді. Өйткені көркем шығарманың түрі де мазмұны да сайып келгенде тіл – сөз арқылы ғана танылады, қаңқасы қаланып өнер деген әлемге жолдама алады. Олай болса, сол әлемнің көркем суреті тілдік қандай бояулармен салынды, реңкі қандай, ұлттық нышан, ұлттық нақыштары қалай аударылып әрленген десек, тағы да сол ұлт тілінің құзіретіне сүйенеді.

Қазақ мәдениетін танытатын әдеби аударма шығармаларының сапалы деңгейі ұлттардың мәдениарлық қарым қатынасын сөз жоқ жаңа деңгейге көтереді. Қазіргі таңдағы мәдени қатысымда басқа ұлттың мәдени құндылығын қабылдап бағалаушылар үшін аударма ерекше

мәртебеге ие. Өйткені екі мәдениеттің «диалогы» жеткізіледі. «При такой диалогической встрече двух культур они не сливаются и не смешиваются, каждая сохраняет свое единство и открытую целостность, но они взаимно обогащаются» [Бахтин М.М.,1986, 355]. Олай болса, фразеологизмдерді аударудағы екі мәдениет диалогы өзге ұлттардың этноменталдық ерекшеліктерін білуге, түсінуге мүмкіндік береді.

## Қорытынды

XXI ғасырдың алғашқы ширегіне жақындап келеміз. «Тіліндегісін түрінде, түріндегісін тілінде» өрнектеген қазақтың бүгінгі сөйлеу мәдениеті фразеологизмдерге де қатысты. Әдеби тілдің мәйегі саналатын тұрақты тіркестердің лингвопрагматикалық әлеуеті тілді тұтынушының сан түрлі дискурстық сипатынан көрінеді. Фразеологизмдерді сөйлеу мен жазуда дұрыс қолданатындардың тілдік танымында фреймдік үлгіде нақтылы ақпараттар жинақталады. Айтушының фразеологизмдердегі ақпараттың мағыналық бөліктерін жақсы білуі оның лингвомәдени мәртебесін анықтайды. Фразеологизмдерді пайдаланған кездегі айтушының лингвопрагматикалық әлеуеті – қайда, қашан, кімге, неге байланысты, қандай коммуникативтік ниетпен ойын мәнерлі жеткізуі маңызды нәрсе. Әйтпесе, «бес биенің сабасындай» тіркесін ер адамдарға да қатысты етіп айта салуы мүмкін. Бұл тіркестің мағынасын білу үшін лингвомәдени түсінік қалыптасуы керек.

Когнитивтік фразеологияның фреймдік талдаулары лингвомәдени ақпараттардағы мағыналық бөліктерді түсіндіреді. Кез келген адамда тұрақты тіркестерді қолдану барысында лингвистикалық интуиция көмекке келе бермейді. Оның себебі: фразеологизм мағынасынан мүлдем бейхабар болуы – тілдік танымда жағдаят ізінің, әсерінің сақталмауынан. Құбылыс, зат, іс-әрекеттер туралы тәжірибелік білім қорының жеткіліксіздігі, әсіресе, сол тілде сөйлеушінің фразеологиялық қорының жұтаңдығын көрсетеді.

Фразеологизмдер халықтың ғасырлар бойы жасаған тіл қазынасының алтын қабаттарының бірінен саналады. Фразеологизмдер – ауызекі және әдеби тілдің еншісіндегі қолданыс аясы жан-жақты әрі стильдік-эмоционалдық әсері жоғары тіркестер.

Тіл мәдениетінің бастауы – фразеологизмдер. Әрбір қазақ үшін – тіл мәдениетін меңгеру міндеттерінің бірі – дұрыс сөйлеу, образды сөйлеу дағдысын қалыптастырудағы тұрақты тіркестердің рөлі ерекше. Бұл ретте фразеологизмдер белгілі бір тілдік мұқтаждықты өтейді.

Қазақ тілінің сөз байлығы жеке сөздер ғана емес, бейнелі, ауыспалы мағынада қолданылатын тұрақты тіркестердің молдығымен ерекшеленеді. Қазақ фразеологиясының қорын құрайтын фразеологизмдердің семантикалық топтары қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың

қасиетін сипаттау, адамның көңіл күйін эмоционалды-экспрессивті бағалауымен құнды. Мұны білгісі келген қауымның қажет кезінде үңіліп оқи қоятын сөздіктері тапшы.

Фразеологиялық сөздіктер туралы сөз етсек, қазақ фразеографиясында ауыз тұшытарлық дүние аз. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977ж. шыққан) тіркелген фразеологизмдердің саны он бір мыңдай. Алайда қазақ тілінің бүкіл фразеологиялық қоры осы шамада деуге болмайды. Бұл сөздік тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркітануда алғаш рет шыққандықтан, тіліміздегі барлық тұрақты тіркестер түгел жинастырылмаған. Бұл, әрине, аз уақыттың шаруасы емес, фразеологиялық тіркестерді жинау, сұрыптау ең қиын әрі ұзақ уақытты қажет ететін әлеуметтік маңызы бар үлкен іс.

«Мағыналас фразеологизмдер» сөздігі [Смағұлова, 2002,2010] екі рет басылып шыққан. Сөздіктің ерекшелігі тұрақты тіркестер алдымен жалпы ұғым бойынша алынған жеке лексемадан лингвокреативтік фразеологиялық мағынаға бағытталған синоним тіркестер ғана қамтылған. Олар фраза-семантикалық топ ретінде 14 тақырыпқа бөлініп, жалпы ұғымның түрлі түсініктері нақтыланатын 3 500 ден астам тіркес тіркелген.

Өркениет заманындағы технологиялық мәдениеттің әсері ретінде тілдік ортада фразеологизмдер сияқты сөз асылдарының қолдану аясы тарылып, көпшілікке ғасырлар қойнауынан ата-бабаның рухани мұрасы болып жеткен өрнекті сөздеріміз жазба мәдениеттің қаттауында қалып барады. Фразеологизмдер сияқты тіл байлығын ұштап, тереңдету, байыту процестері тілімізде жүріп жатыр. Дегенмен де, қазақ мәдениетінің ендігі бір бет алысы – сөз қадірін жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбие арқылы сіңіру, қолданыс ауқымын кеңейту. Сондай-ақ, тіл мәдениетін арттыруда маңызды тілдік факторды көздің қарашағындай сақтап, келесі ұрпаққа жеткізу адамзат парызы.

Кітапты толықтырып, өңдеу барысында алға қойған мақсатымыз қазақ фразеологиясының лингвистикалық парадигмаларын жан-жақты, тұтас әрі кешенді көрсету еді. Қазақ фразеологиясының ғылыми парадигмаларын сүзіп шығу ашық теңізге шығумен бірдей. Біздің жұмысымызға арқау болған дүние: басы бұлақтар мен өзендерден бастау алған, теңізге құятын ғылыми бағыт арналардың қалпы мен жайын бағамдау, саралау, таразылау, талдау, таныстыру. Ендігі сөз – ғылыми ортаның төрелігінде.

## ӘДЕБИЕТ

- Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат 1997.
- Авакова Р.А. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 150 б.
- Анчиков И.Е. Идиоматика и семантика (заметки, представленные А.Мейе, 1927) // Вопросы языкознания 1992, № 5.
- Алефиренко Н.Ф. Слово – Сознание – культура. – М., 2006. – 367 с.
- Алефиренко Н.Ф. Фразеология и когнитивистика в аспекте лингвистического постмодернизма. – Белгород, 2008. – 150 с.
- Алефиренко Н.Ф., Л. Золотых. Фразеологический словарь. Культурно познавательное пространство русской идиоматики. – М.: 2008. – 470 с.
- Апресян Ю.Д. О работах И.Е. Анчикова по идиоматике // Вопросы языкознания 1989, № 6.
- Әбдірахманова Ж. Қазақ тіліндегі окказионал фразеологизмдер. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы. 2008.
- Бабалықов Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. – Алматы: Қайнар, 1983. – 308 б.
- Базылхан Б. Монғол-қазақ толь. – Уланбатор-Өлгий, 1984. – 691 б.
- Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Аспекты теории фразеологии. – М.: Знак, 2008. – 656 с.
- Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1986. – 444 с.
- Бектемірова С. Қазақ тіліндегі кинологиялық атаулар мен бейнелер. – Алматы, 2004. – 120 б.
- Болғанбаев Ә. Анатомиялық атауларға байланысты фразеологизмдер. //Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 175 б.
- Валиханов Ч.Ч. Полное собр. соч. 1 т. – Алматы: Наука, 1996. – 431 с.
- Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996.
- Верещагин Е.М., Костомаров В.Б. Лингвострановедческая теория слова. – Москва, 1980.
- Виноградов В.В. Русский язык (грамматическое учение о слове). – М.: Наука, 1972. – 614 с.
- Виноградов В.В. Избранные труды. История русского литературного языка. – М., 1978.

- Гак В.Г. К проблеме семантической синтагматики. //Проблемы структурной лингвистики. – М., 1972.
- Гвоздарев Ю.А. Современный русский язык. Лекикология и фразеология. – Ростов на Дону, 2008. – 349 с.
- Гердер И.Г. Идеи к философии истории человека. – М., 1977.
- Гинатуллин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц на материале наименования птиц. (Автореферат диссертации кандидата филологических наук) – Алматы, 1973.
- Гольдберг В.Г. Лексика современного английского языка в свете лингвистических парадигм: методы исследования. – Тамбов, 2003.
- Гумбольдт В.фон. Язык и философия культуры. – М., 1985. – 323 с
- Ғызыхан А. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 349 б.
- Диброва Е.И. Вариантность фразеологических единиц в современном русском языке. – Р на Дону, 1979. – 191 с.
- Елікбаев Н. Ұлттық психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.
- Жанпейсов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Наука, 1989. – 283 с.
- Жанұзақ Т., Рысбергген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: “Азия”, 2004. – 192 б.
- Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк Пресс, 2007. – 524 б.
- Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. – М.: Высшая школа, 1982. – 125 с.
- Жуков В.П., А.В. Жуков. Русская фразеология. – М.: Высшая школа, 2006. – 408с.
- Жуков А.В. Очерки по фразеологической семантике. – Великий Новгород, 2008. – 159 с.
- Жұмабекова А. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы, 2000. – 183 б.
- Закиев М.З. Төркі татар этногенезы. – Казан, 1998. – 624 б.
- Золотых Л.Г. Когнитивно дискурсивные основы фразеологической семантики: монография. – Астрахань, 2007.
- Зусман В.Г. Концепт в культурологическом аспекте. //Межкультурная коммуникация: учеб.пособие. – Нижний Новгород, 2001.
- Кайдар А.Т. Тысяча метких и образных выражений. – Астана: «Билге», 2003. – 368 с.



- Кайдаров А.Т. Образно-фоновая основа устойчивых выражении, связанных со скатоводством в казахском языке. Известия АН. КазССР. Серия филологическая. – Алматы, 1989.
- Канапин А., Яндарев А. Расцвет культуры казахского народа. – Алматы: «Казахстан», 1977. – 236 с.
- Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепт, дискурс. – Волгоград, 2002.
- Карасик В.И., Красавский Н.А., Слышкин Г.Г. Лингвокультурная концептология. Уч. Пособие к спецкурсу. – Волгоград, 2009. – 114с
- Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 1987.
- Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977.
- Киклевич А. Притяжение языка. Т 1. Семантика. Лингвистика текста. Коммуникативная лингвистика. – Olstyn, 2007. – 411 с.
- Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1997
- Красных В. В. Человек. Сознание. Коммуникация. Научная монография. – М., 1998.
- Кронгауз М.А. Семантика. – М.: Академия, 2005. – 352 с.
- Кубрякова Е.С Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. – М., 1991
- Кубрякова Е.С., Демьянков В.Г., и др. Краткий словарь когнитивных терминов. – М., 1996.
- Кунин А.В. Механизм окказиональной фразеологической номинации и проблема оценки // Русский язык в школе. – 1980. – № 8. – С. 51-55.
- Кайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 150 б.
- Кайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 559 б.
- Кайдар Ә. Қазақ қандай халық. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 649 б.
- Қалыбаева Қ.С. Салыстырмалы түркі фразеологиясы. – Алматы, 2009. – 404 б.
- Қарасаев Х.Миң түркүм суроого миң түркүм жооп. Бишкек, 1998.
- Лубенская С.И. Большой русско английский словарь. – М., 2004.
- Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
- Маслова В.А. Лингвокультурология. – М., 2001.
- Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. – М., 2007. – 294 с.

- Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы, 2005. – 240 б.
- Мелерович А.М. Образная основа и внутренняя форма фразеологических единиц. //Лексические и грамматические компоненты в семантике языкового знака. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1983.
- Метафора в языке и тексте. – М.: Наука, 1988. – 169 с.
- Мокиенко В.М. Образы русской речи. – Л., 1986. – 462 с.
- Мокиенко В.М. Когнитивное и адогнитивное во фразеологии. //Идиоматика и познание. – Белгород, 2008. – 360 с.
- Мөгътәсимова Г.Р. Татар халық мәкальләренен лексикасы. – Қазан, 2005. – 190 б.
- Лакофф Дж., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем. – М., 2007. – 253 с.
- Нерознак В.П. От концепта к слову: к проблеме филологического концептуализма //Вопросы филологии и методика преподавания иностранных языков. – Омск: Изд во Омск.гос.пед ун та, 1998. – С. 80-85.
- Нұрмаханов А. Түркі фразеологиясы. – Алматы, 1998. – 270 б.
- Осмонова Ж., Конкобаев К., Жапаров Ш. Кьргыз тилинин фразеологиялык сөздүгү. – Бишкек: КТМУ, 2001. – 519 б.
- Попова З.Д., Стернин И.А. – М.: АСТ Восток-Запад, 2007. – 304 с.
- Потебня А.А. Мысль и язык. – М., 1989.
- Прокопьева С.М., Смагулова Г.Н., и др. Якутско-русский и казахско-русский словарь многозначных фразеологических единиц. – Якутск: Изд. дом Алаас, 2019. – 144 с.
- Сабыр М. Ортагүркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы. (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы, 2004. – 315 б.
- Савицкий В.М. Основы общей теории идиоматики. – М., 2006.
- Сағидолдақызы Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны. – Алматы: Ғылым, 2003. – 246 б.
- Сәтенова С. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 183 б.
- Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Алматы, 2008. – 728 б.
- Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 656 с.
- Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 242 б.

- Смағұлова Г.Н., Айтжанова Г.Д. Фразеологиялық калькалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 121 б.
- Смағұлова Г. Түркі фразеологиясының мәселелері. //Екінші халықаралық түркология конгресі. Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. 1 Бөлім. – Түркістан, 2006. – 479 б.
- Смағұлова Г. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 177 б.
- Смағұлова Г., Керимова С. Аударма - мәдениаралық қатысымның басты көрсеткіші // ҚазҰУ Хабаршысы, Қазақстан. – Алматы, 2019. Филология сериясы №2 (174). – 256-265 б.
- Солнцев В.М. Язык как системно структурное образование. – М.: Наука, 1971. – 294 с.
- Софронова И.Н. Художественный текст как культурно-смысловое пространство. Язык и культура. – М., 1993.
- Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры: Опыт исследования. – М.: Языки русской культуры, 1997.
- Сулейменова Э.Д., Смағұлова Ж.С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. /Под общ.ред. Э.Д.Сулейменовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 344 с.
- Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 614.
- Сыздық Р.Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. – Алматы: Арыс, 2009. – 269 б.
- Сырлыбаева Г. Қарсы мәнді фразеологизмдердің парадигмалары. Филол. ғыл.канд. дисс. – Алматы, 2006.
- Татарча русча идиомалар сүзлеге. – Казань, 2006. – 230с.
- Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 284 с.
- Темірбеков С. Культурологические аспекты национального характера казахов. // Культура Казахстана традиции, реальность, поиски. – Алматы, 1998.
- Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии (язык и этнос). – Л., 1983.
- Толстой Н.И. Язык и народная культура: очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М., 1995.

- Тілеукабылұлы Өтейбойдақ Шипагерлік баян. – Алматы, 1996. – 463 б.
- Уәлиев Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1993.
- Уәли Нұргелді. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 336 б.
- Ураксин З.Г. Фразеология башкирского языка. – М., 1975. – 191 с.
- Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания. //Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1999. С. 300-351.
- Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық мәдени деректері. Филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2002. – 120 б.
- Хайдеггер М. Время и бытие : ст. и выступления / М. Хайдеггер. – М.: Республика, 1993. – 447с. – (Мыслители XX века).
- Халид Қ. Тауарих хамса. (Бес тарих). – Алматы, 1992. – 304 б.
- Хасанов Ғ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы, 2009. – 485 б.
- Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1965.

### **Мысалдар алынған әдебиет:**

- Ауезов М. Путь Абая т.1. (пер.Л.Соболева). – Алматы: Жазушы, 1988. – 335 с.
- Әуезов М. Шығармалар. 1-6 т. –Алматы, 1979-1980.
- Бөкей О. Таңдамалы, 1 т. – Алматы, 1994.
- Жұмаділов Қ. Дарабоз. – Алматы, 1994.
- Есенберлин І. Көлеңкемен қорғай жүр. – Алматы, 1970.
- Есенберлин І. Қаһар. – Алматы, 1976.
- Ертегілер жинағы. 2-3 т. – Алматы, 1988.
- Исабеков Д. Шығармалар. 1-2 т. – Алматы, 1993.
- Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы, 1981.
- Кекілбаев Ә. Махаббат мұнарасы. – Алматы, 2005.
- Мағауин М. Кертөлғау. – Алматы, 2006.
- Мұқаев Б. Дүние кезек. – Алматы, 1997.
- Мүсірепов Ғ. Таңдамалы. 1-3 т. – Алматы. 1980.
- Нұржекеев Б. Жау жағадан алғанда. – Алматы, 1990.
- Нұрмағамбетов Т. Таңдамалы. 1-2 т. – Алматы, 2006.

Пушкин А. Капитанская дочка (пер. А.Тажимаева). – Алматы, 1973.  
– 146 с.

Сокпакбаев Б. Путешествие в детство (пер. М.Балыкина). – Алматы:  
Жазушы, 1990. – 477 с.

Торайғыров С. Өлеңдер. 1 том. 1967.

Хан Кене. – Алматы, 1993.

### **Газеттер:**

«Жас алаш»

«Қазақ әдебиеті»

«Ана тілі»

«Егемен Қазақстан»

**Филология ғылымдарының докторы, профессор  
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының  
өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері**

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы 1950 жылы 01 мамыр айында Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылында дүниеге келген.

1957–1967 жылдары Кеген орта мектебінің оқушысы.

1964 ж. Қазақстан комсомол ұйымының мүшесі.

1965–1967 жылдары Кеген орта мектебінің комсомол комитетінің хатшысы.

1968 жылы Кеген аудандық кітапханасында кітапханашы.

1968–1973 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті.

1973 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін үздік дипломмен бітірді.

1976–1977 жылдары Алматы қаласы №12 қазақ орта мектебінде аға пионер вожатый.

1978–1989 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеті сырттай бөлімінің методисі.

1989–1990 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының ассистенті

1990 жылы Алматы қалалық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары.

1990–1993 әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ тілі кафедрасының оқытушысы.

1993 ж. «Қазақ тіліндегі вариант фразеологизмдер» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Мамандық шифрі – 10.02.02 – қазақ тілі. Ғылыми жетекшісі: ҚазССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Ә.Т.Қайдар.

1994–1995 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасында доцент.

1995 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімі бойынша тіл білімі мамандығы бойынша доцент.

1995–1998 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің сырттай бөлімінің деканы

1995–1999 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

1996 ж. «Гуманитарлық білімдерді жаңарту» бағдарламасы бойынша Сорос қоры грантының иегері.

1999 ж. «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Мамандық шифрі – 10.02.02 – қазақ тілі. Ғылыми кеңесшісі: ҚазССР Ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Ө.Т.Қайдар

1999–2008 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы қазақ және түркі тілдері бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі бойынша диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары

2001 ж. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары аттестациялық комиссия төралқасының шешімімен тіл білімі мамандығы бойынша профессор.

2001 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасында профессор.

2002–2005 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі.

2006 ж. «Орта Азия мемлекеттерінің Латын әліпбиіне көшу тәжірибесін ғылыми зерттеу» мемлекеттік бағдарламасы конкурсының жеңімпазы.

2007 ж. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі «Жоғарғы оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері.

2008–2010 ж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы қазақ және түркі тілдері бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі.

2009–2018 гг. ҚХР Минзу университетінде тіл біліміндегі жаңа бағыттар және қазақ фразеологиясы пәндерінен дәріс оқыды.

2010 ж. ҚР БжҒМ ҒК «2010-2012 ж.ж. ғылымға елеулі үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған Мемлекеттік стипендия иегері».

2010 ж. Райымбек ауданының құрметті азаматы.

2010 ж. А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» медалінің иегері.

2011 ж. ҚХР Пекин қ. Минзу университетінің құрметті профессоры.

2011 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлігі. Серия МК № 001675.

2012 ж. ҚР БжҒМ Ғылым комитетінің 2012–2014 ж. ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурсының жеке тұлға ретінде жеңімпазы.

2018 ж. Қазақ қыздар педагогикалық университеті жанындағы қазақ тілі мен әдебиеті және филология мамандықтары бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңестің мүшесі.

2019 ж. Қазақ қыздар ұлттық педагогикалық университеті жанындағы қазақ

тілі мен әдебиеті және филология бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары.

**Профессор Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының ғылыми зерттеу саласы:** қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, лингвомәдениеттану және мәтін лингвистикасы. 300 жүзден астам ғылыми мақалалар мен әдістемелік еңбектердің, оқу құралдары мен оқулық, монографиялардың авторы. **Басты ғылыми басылымдары:** «Фразеологизмдердің варианттылығы» (оқу құралы). (1996), «Қазақ тілі. Фразеологизмдер арқылы елтану» (оқу құралы) (1997), (серіктес автор), «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» (монография) (1998), «Мәтін лингвистикасы», (2002), «Фразеологиялық калькалар» (оқу құралы) (2005) (серіктес автор), «Парсы және қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің жүйесі» (оқу құралы) (2006) (серіктес автор), «Көркем мәтін лингвистикасы» (оқулық) (2007), «Шешендік сөздердің дискурсы» (оқу құралы) (2008, 2012, серіктес автор), «Тіл білімінің тарландары» (2009), «Фразеологизмдердің семантикалық категориялары» (оқу құралы) (2009, 2017). «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» (монография) (2010). Лексикографиялық еңбектері: «Мағыналас фразеологизмдер сөздігі» (2002, 2010), «Түсіндірме сөздік Түр-түс атаулары мен реңктері» (2016, серіктес автор), Шет тілден енген жаңа сөздер ( 2018, серіктес автор). Якутско-русский и казахско-русский словарь многозначных фразеологических единиц (-Якутск, 2019. Соавтор),

Профессор Г.Н.Смағұлова көптеген халықаралық және республикалық конференцияларға үзбей қатысып жүретін белсенді ғалым. Польша, Франция, Түркия, Қытай, Греция, Испания, Қырғыз республикасы, Киев, Белгород, Мәскеу, Великий-Новгород, Магнитогорск, Р-на Дону, Қазан, Омбы университеттерінде тіл білімінің мәселеріне арналған халықаралық жиындарда қазақ халқының этно-мәдени-менталдық ерекшеліктеріне қатысты тілдік бірліктерді саралап, қазіргі ғылыми парадигмалардың ұстанымына сай баяндама жасады.

Ұстаз ғалым ғылыми кадрларды даярлау ісіне де үзбей ат салысып келеді. Әсіресе, өзі зерттеу нысаны етіп алған фразеология саласында өзіндік ғылыми мектебін қалыптастырды. Осы уақытқа дейін 25 ғылым кандидатын, 2 ғылым докторын, 3 PhD (философия докторын) дайындады. Сапалы білім мен тәрбие алған шәкірттерінің барлығы еліміздің айтулы жоғары оқу орындарында сабақ беріп жүр.

Профессор Смағұлова Г.Н. осы күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде профессор. Кәсіби маман дайындауда өз шеберлігі мен білімін жан-жақты, әрі терең жетілдіру - ұстаз ғалымның басты қағидасы.